


Мақсұтхан АҚЫШ

А Ж ЖҮ
А Р М А Ж



ББК 84

А.

АҚЫШ Мақсұтхан

А – Аққу арман. Алматы.

ISBN

Жазушы жаңа шығармасында ұлттық құрылымға (этногенез) үңіле отырып, қазақ халқының төл шежіресі негізінде, байырғы ру-тайпалардың шығу тегін зерделеп, туған жер-су атауларының шығу тарихына барлау жасаған. Кітапта ғылыми негіздегі дерек-дәлелдер және елге белгілі ақын-жазушылардың, ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің ой-толғамдары орынымен келтірілген.

Кітаптың тілі көркем, шұрайлы.

ББК 84

ISBN

М. АҚЫШ

Мақсұтхан Тирмизиұлы АҚЫШТЕГІ

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы кентінде 1948 жылдың 19 ақпанында жарық дүние есігін ашқан. Осы жердің мектебін 1967 жылы тәмәмдап, сол жылы Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, аталмыш оқу орнын 1971 жылы бітіріп шыққан. Керней ауылындағы мектептерде 50 жыл шамасында ұстаздық қызметте. Өлекетанушы-қаламгер. Діни-ислами ілім-білімге ден қойған. Мәскеу, Астана, Алматы, Түркістан қалаларынан білім-ілімі тәжірибе алмасып қайтқан. Көне жәдігерлерді зердесіне тоқып, оларды зерттеп білуге күштар. Жер аралау, тауға шығу, төл тарихты түгендеу оның сүйікті іс-әрекеті. Жергілікті «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, аудандық Бұқар жырауға арналған «Заман-ай» этно-фольклорлық, поэтико-саздық ансамбілінің көркемдік жетекшісі болған. Музей құндылықтарын құру мәселесінде қыруар күш-жігерін, ғылым-білімін жұмсаған Бүкіл Одақтық Педагогикалық Ғылым Академиясының өткізген «Физика сабақтары – 88» ғылыми – әдістемелік Фестиальына қатынасқан. Республикалық «Мастер – класс» журналының 2009 жылғы №8(44), №9(45), 2011 жылғы №1(61), №2(62), №4(64)... сандарында және басқа да түрлі деңгейдегі басылымдарда статьялары жарық көрген.

«Бейіндік оқыту-әдістемелік, психолого-педагогикалық проблеманың бірі» (облыстық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2006), «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» (облыстық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2007), «Аймақтық білім беру сапасын арттырудың қазіргі білім беру технологиялары» (республикалық ғылыми-практикалық конференция,

Қарағанды 2008) кітаптарында ұстаз еңбектері жарық көрген. «Физика в школе» (6. 87), «Воспитание школьников» (3. 89) атты Одақтық журналдарда, «Учитель Казахстана», «Орталық Қазақстан», «Сарыарқа» газеттеріне статьялары шыққан.

Сабақ үрдісінде заманауи технологиялық-техникалық құралдарды, көрнекілік материалдарды қолдану, зертханалық жұмыстарды жүргізудегі тәжірибесі, шеберлік-шыңдалу сабақтары аудан, обылыс, республика физика мұғалімдерінің семинарларында, конференцияларында, педагогикалық оқуларында таратылған. Ұстаздың оқушылары физика пәнінен аудандық, облыстық олимпиаданың жүлдегерлері. Көптеген шәкірттері физика пәні мұғалімі мамандығын сәтті игерген.

«Жырлап өтем өлкемді өзім туған» атты халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атында өткен жыр мүшәйраның Доскей Әлімбайұлы атындағы жүлде иегері (17.05.2007). Журналист, сатирик ақын Матай Айнабеков атындағы қаламгерлер байқауына қатысып (19.11.2010), поэзия жанырындағы ерекше қабілеті мен ой мазмұндылығы үшін І орын алған. «Алтын қалам – 2016» Республикалық әдеби байқауына қатысып, поэзия жанры бойынша III-і нәтижеге қол жеткізген. «Құс жолы», «Бақыт құсы», «Кернейдің әулие бұлағы», «Аққу қаздар қайтқанда», «Аққу акеркем – аққу әуенім», «Ақындар – ақ періштелер аспандағы», «Аймағанбет қажы және оның заманы» т.б. шығармалардың авторы.

Көркем өлеңнің тууы да жаратылыс құбылыстарына тән. Сондай бір ғажап миятты мезет, шабыттың шалқары шалқыған таңғы шақта, ғайыптан түйсік түрткен сәулелі сезімдердің әдемі кескін түзіп, ой-кербезге айналуы – ақын шеберлігінің айғағы. Ә дегеннен-ақ әрбір өлеңі көңілдің күйіндей қабылданғанмен арғы түпкірінде ықылымдық сырлармен, тылсым дүниемен астарласып жататынын

аңғарасың. Таразының бір басына нәзік лирика, екіншісіне өмірдің дүрмегі мен пәлсапалық қисыны тең тартылғандай, жүрек тебіренісіңе әсемдік әлемін әкеледі.

Қорта айтқанда, автордың кітаптары ел, жер, тарлан тарих, айтулы адамдар мәселелерін қамтиды. Елін, жерін сүйеге, патриот болуға, салауатты өмір сүруге, қазақы асқақ болмысқа, биік адамгершілік қасиеттерге оқырмандарын тәлімдейді, тәрбиелейді. Сондай-ақ, шығармалары таудай талапқа жүгініп, бармақтай баққа ұмтылуға, асыл арманға жету жолдарын келешек ұрпаққа аманаттайды.

Жылдарға созылған педагогтық, шығармашылық, қажырлы еңбегі ескеріліп, Білім және Ғылым министірлігінің, облыстық білім беру департаментінің, аудандық-ауылдық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталған. Солардың біреуін ғана мысал ретінде келтіріп кетейін: ««Почетная грамота» – Оргкомитет XXV областных педагогических чтений награждает Акишева М.Т. за педагогическое творчество и новаторские подходы к организации учебно – воспитательного процесса. В. Каменский. Караганда 1991.» «Аудан ардақтылары» (2008 жыл), «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» кітаптарында М.Т.Ақыштегінің есімі ұлықталған (2017 жыл). «Бұқардан бүгінге дейін» атты антологиялық жинақтан М.Т.Ақыштегінің өлеңдер топтамасы өз орнын тапқан (2018 жыл).

Қазақстан журналистер Одағының, республикалық Педагогикалық қоғамның, Қарағанды облысының оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Аға мұғалім» атағының иегері (1989 ж.)

ТОЛҚЫНЫН КӨҢІЛ ЖЕТКІЗЕ АЛҒАН ӨЛЕҢМЕН

Ақыш Мақсұтханның жаңа «Аққу арман» шығармасына оның өмір турасындағы, туған жер мен келер ұрпақ туралы әңгіме-өлеңдері, пайымдары мен ой-толғамдары енген. Қарапайым мектеп мұғалімі өзінің жүрек тебіренісін өлең сөзбен өрнектеп, жастарды шыншыл да әділ болуына, мұсылмандық қағидасынан алшақтамай, ұлттық болмыс-бітімімізді тұғыр етіп, дұрыс жол таңдауға үндейді. Сол жолда ілгері-кейінді ғұмыр кешкен ғұламалардан қалған пайымдарды оқушылар назарына жаңа қалыпта ұсынады, ашық пікірталасқа шақырады. Өзінің алға қойған мақсатына жету жолында риторикалық сұрау салуды сәтімен пайдалана білген. Дайын жауапқа дайын сұрақты місе тұтпай үлкен сұрақты іздейді. Сұрақ көп те, жауап аз. Кітап ойлы, тілі шұрайлы, зерде-санаға қонымды. Қиналған кездегі жан күйзелісі, жүрек сыздап, бауыр езіліп, бас ауыр тартып жатқан уақытта да уайымға салынбай, өзін-өзі сергек ұстап, ой қуатын жегіп, жоғары адами көзқарасынан жаңылмай, жанына серік еткен жыр дестесін қымыздай сапырып, ішкі толғанысы мен көңіл толқуын өлең-сөзбен өрнектейді. Шамырқанып қара сөзбен баяндайды, қара сөзбен жырлайды.

Өлең-сөздері терең мәнді де кең мағыналы, оқырман қауымға сан-салалы ой салып, рухани нәр беріп, намысты оятып, ақ пен қараны ажыратып, адами ұғымнан мақұрым қалмай, көзді бадырайта ашып қарап, оның мен солыңды бағдарлауға шақырады. Ұлтжандылық сезімді оятып, туған ұлтының қадір-қасиетін ұғынып, ұлттық бояудан, үрдісіміз бен ата-бабадан ұрпаққа ғасырлар тізбегінен мирас болып келе жатқан ізгі қасиеттерімізді һәм қастерлеуге шақырады.

Туған жер, Отан ана, сұлу табиғат туралы... жазған өлеңдері де көкірекке ән әуенін әкеледі, қанды ысытады,

намысты жани түседі. Әсерлі де әсем, табиғаты сұлу, тарихтың тар жол тайғақ кешуін сақтап жатқан тау шыңдары, көлеңкелі орманы мен жанға жылу беріп, көңілді сергітер сазды бояуға малынған көз жауын алардай келбетті туып-өскен аймағын асқан шабытпен, аса бір терең тебіреніспен толғайды.

«Өмір жоқ қой, өмір жоқ қой мәңгілік, өте шығар өзегінді талдырып» деп ақын Сырбай Мәуленов жырлағандай, адам баласы мынау жарық дүниенің аз күндік қонағы екені рас. Осынау еңбектен жазушының Семізбұғы тауынан бастап Қу, Қарқаралы, Бұғылы, Тағылы, Алатау, Қаратау, Қазығұрт, Балқантау, Баянтау, Қызылтау, Сарытау, Далба тауларын аралап, өр Алтайдан ару Атырауға дейін ел, жер тарихына қатысты деректің баршасын айналымға қосуға асыққанын көреміз.

Жазушы шығармаларында қазақтың әсем табиғаты мен ел азаматтарын өзара тығыз байланыста қарастыра отырып, олардың ұлттық, бірегей болмыстарын оқырманына көркем тілмен жеткізе алған. Қазақтың бұлақтай мөлдір, қайындай сымбатты, аққудай пәк, сандуғаштай өнерлі, жылқы мінезді, даладай дархан тінін ақындық қуатымен кестелей алған.

Болат ҚАЛИ,
ақын,
ҚР АША құрметті академигі.

I БӨЛІМ

ПЕНДЕШІЛІК

*Аққу арман, сен қандайсың?
Арайлап атқан таңдайсың!
Аққу қаздар сондайсыңдар,*

Махаббат көлін таңдайсыңдар!

*Махаббат көлінде бақ-дәулет бар,
Көл төңірегінде сән-салтанат бар.
Сән-салтанатты, бақ-дәулетті елде,
Өрелі өсиет, ұрнақтарға аманат бар.*

*Тарихи ақ керуенді жолға салып,
Қырдан қыр асып кете береміз,
Талай ақ таңдарды қарсы алып,
Аққу армандарға жете береміз.*

*Аққу арман – даналыққа талпыныс,
Аққу арман – кеудеңдегі кең тыныс.
Кісіні жеткізбейтін шексіздіктегі,
Биіктерге, тау-шыңдарға ұмтылыс.*

*Бабаларымыз асқар тау болса,
Мен аласа гана төбе болармын.
Қазақ еліме, шұрайлы жеріме,
Жан-тәніммен адал қалармын.*

Бисмиллаһир-рахманир-рахим. Құдіреті күшті Алланың атымен бастаймын. Дүниедегі барлық мадақ – марапат атаулы бір Аллаға ғана лайық.

Біз күнәһар адамдармыз, біліп, білмей істеген. Істеген күнәміз үшін тәуба етсек Алла тағала тәубемізді қабыл етеді. Құран Кәрімде: «Ол құлдарының тәубесін қабыл етеді де күнәлерін кешіреді» деген. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с.: «Барлық адам баласы қателесуші, қателесушілердің жақсылары тәубе етушілер» деген. Кезінде Мұса ғ.с. пайғамбар заманында қатты жұт болған екен. Жетпіс мың халық Мұса ғ.с. үйіне келіп: «Иә, Мұса, сен Алланың

елшісің ғой, Аллаға дұға қыл, жаңбыр жаусын, жаңбыр сұрашы» деген екен. Сонда Мұса ғ.с. қолын жайып: «Ей, Алла, бізге жаңбыр бер, шөлге қалдырма, рахым қыл» деп дұға жасайды. Дұға жасап біткен еді, күн болса одан сайын ыси бастады. Мұса ғ.с.-ның жүрегінде бір күдік пайда болып: «Ей, Алла, біз сенен сұрадық сен бізге бермедің ғой» деді. Сонда Алладан аян келіп былай деді: «Ей, Мұса ғ.с. , сендердің араларыңда бір күнәһар бар, қырық жыл күнә қылған, сол адам шықсын, сонда ғана жаунын-шашынды нөсерлетіп жауғызамын» деді. Мұса ғ.с.: «Ей, Алла, менің жасым келіп қалды, дауысым мына адамдардың бәріне жетпейді» деді. Алла тағала айтты: «Ей, Мұса ғ.с., сен айт, жеткізу бізден» деді. Сонда Мұса ғ.с. жетпіс мың халыққа бұрылып тұрып: «Ей, қырық жыл күнәһар қылған адам, кәне шық, сенің кесіріңнен Алла бізге жаңбыр бермей тұр. Шықсаң ғана жауын-шашынды нөсерлетіп жауғызарың, ал шықпасаң жауын жаумайды» деп айтқанында Алланың қалауымен бүкіл халық естіген екен. Сондай халықтың арасынан кім шығар дейсің. Араларынан ешкім шықпады. Сонда бір кісі жан-жағына қарап тұрып істеген күнәлері есіне түсіп: «Е, мен екем ғой қырық жыл бойы күнә қылған, қазір шықсам мына халықтың алдында ұятқа қалам, шықпасам жауын-шашын жаумай, тіпті қиын болады ғой» деп не істерін білмей, еш шара таба алмаған соң бетін шапанымен жауып қолын жайып дұға еткен: «Ей, Аллаһым, қырық жыл күнә қылдым, ал енді тәубе еттім, істеген күнәлерімді кешіре көр» деп шынайы тәубе жасап, жылап, дұғасын жасап бітпей жатып жауын-шашын нөсерлеп жауған екен. Сонда елдің бәрі қуанып, мәз болған екен. Мұса ғ.с.: «Ей, Алла, сен бізге жаңбыр бердің, бірақ арамыздан күнәһар адам шықпады ғой» деп сұрады. Алла айтты: «Ей, Мұса ғ.с. , ол адам күнә қылса да, міне, енді шынайы тәубе етті, мен оның күнәсін кешірдім» деді. Сонда Мұса ғ.с.: «Ей, Алла күнә қылып, кейін тәубе етіп, күнәсі

кешірілген адамды айтшы, мен ол адамды көргім келеді» деді. Алла айтты: «Ей, Мұса ғ.с., ол адам қырық жыл күнә қылғанда мен оны ешкімнің алдында ұятқа қалдырған жоқпын. Ал енді маған тәубе етіп, кешірім сұрағанда оны мен неге айтып ұятқа қалдырамын» деп ол адамды айтпаған екен. Алланың рахымын қараңызшы, өзінің пенделеріне Құранда Аллаһ тағала былай дейді: «Ей, иман келтіргендер, барлықтарың Аллаһ тағалаға шынайы тәубе етіндер, шын мәнінде сендер құтқарушысыңдар». Сондықтан да, Аллаһ тағалаға шынайы тәубе етейік, құрметті мұсылман бауырлар.

«Мужалис-руми» деген кітапта Али ибн Абиталтанға Пайғамбар с.ғ.с. айтты: Адам ғ.с. жаратылмастан төрт жыл бұрын ғарыштың маңайында мына сөз жазылған еді «шын мәнінде мен кешірушімін, сондай тәубе еткен және иман келтірген және де ізгілік амал қылғандарға» делінген. Әрі Анас ибн Маликтен Пайғамбарымыз с.ғ.с. айтты- «Аллаһ тағала былай деді: Ей, адам баласы, шын мәнінде сен маған жалбарынсаң, менен үміт етіп, кешірім сұрасаң мен сенің істеген күнәлеріңді кешіремін, ол маған еш нәрсе емес. Ей, адам баласы, егер сенің қателерің, күнәлерің жердің өлшеміндей болып, маған серік қоспастан қойған осы есігімді де жауып қоймаңызшы» дейді. Сонда имам: «Ей, сендерге дауа жоқ» деп қолын бір сілтеп шығып кетеді. Имамға Аллаһ жазып Аллаһтың киелі жері болған «Байтуллоһил харам қағбаны зиярат қылады. Зиярат етіп, тәуеп етіп жүргенде, қағбаның пердесіне бір кісі асылып алған, еңіреп жылап тұр: Ей, Тәңірім, жаратушым күнәлерімді кешір. Өзіңнің сүйетін пенделердің қатарына қоса гөр, мені сүйетін пенделердің қатарына қос» деп жалынып жатыр екен. Бұл сөзді естіп имам тоқтап қалып: «Қандай керемет адам, Аллаға жалынып жылап жатыр, не деген тақуа, таза жүрек» деп тындап тұрып қараса, әлгі таныс, жай ғана қасына барса баяғы қарақшы адам. «Е» деп

біледі. «Бұл кісі еш бір болмағанда Алланың бір есігін ашып қойыпты, Аллаһ тағала өзінің рахметімен, өзінің ұлылығы, мейірімімен қалған есігін ашып тастаған екен» деген екен. Аллаһ тағала рахымды, мейірімді есіктерін жауып тастамаңыз, Аллаһ тағаладан кешірім сұрап, мешітке келіп, тәубе етіп, бір сұрақтарыңыз болса, намаз үйренем десеңіз тек қана Имамдардан, олардың көмекшілерінен сұрасаңыздар өте жақсы болмақ! Аллаһ тағала бәрімізді тура жолға салып, одан адастырмай, күнәлерімізді кешірсін. Жалбарынып кешірім сұрасаң мен өзімнің кешірімділігіммен сені кешіремін» деді. Басқа бір хадисте: «Қайсы бір адам Аллаһ тағаладан кешірім сұрауды көп қаласа, Аллаһ тағала ол адамды барлық таршылықтан шығатын орын жасайды, барлық қиыншылықтан құтылуды жасайды және ойламаған жерден ризықтандырады» деді. Кім қателесіп шатаспайды, кім күнә қылмайды дейсіз, Аллаһ тағалаға тәубе етсек өте жақсы болмақ. Қазақтың мақалы бар емес пе «Адасқанның айыбы жоқ, үйірін тауып қосылса» деген. Қателіктер жасап кейін тәубе етсе, ол адамды өсектеп, кезінде осындай жаман істер жасаған, енді тәубесіне келіп қалыпты ғой деген сөздерден аулақ болайық. Хикая кітаптарда мына бір мәтінді келтірген. Кезінде бір үлкен ғұлама ғалым Ахмат ибн Ханбали деген имам болған. Күндердің күнінде имам мешітке кіріп келсе әйгілі қарақшы намаз оқып тұр екен. Жақтыртпайды. Мына жағынан, екінші жағынан келіп түртіп «Ей, адам! Мына намазың не? Жасаған ісің ұлық күн болса, адам тонап, адам өлтірсең, ал мына жағынан келіп намаз оқығаның қалай?» дейді. Сонда әйгілі кісі: «Ей, ұлы имам! Мен Алланың бүкіл рахмет есігін, барлық жақсы есіктерін жауып тастағанмын, тек қана осы есігім бар, Аллаға деген бас иіп намаз оқимын...

Жаратқан қолдап, ақ батама қабылдық болсын!

*Уа, Жаратқан, жарылқа,
Бақ-дәулетті аумас қыл,
Көңілдерді кір шалмас қыл!
Жарылқағанмен жалғас қыл,
Ала ауыздыларды қалыс қыл,
Қарғыс атаулыдан алыс қыл!
Бар ниеттерің ақ болсын,
Бейнеттерің жоқ болсын,
Армандарыңды асқақ қыл!
Өкпелеріңді шаң-тозаң қаппасын,
Алла жұмақтың есігін жаппасын,
Жердің жүзінде гүлдер қаптасын!
Әумин!
Шаңырағың жанға толып,
Қора-жайың малға толып,
Ғұмырың ұзағынан болып,
Аузыңда тістер қалмасын.
Үйлеріңе аз қыдыр дарып,
Бастарыңа бақыт қонып,
Қалалынан жеген қазыдан,
Сақал-мұрттар майлансын.
Бар шөбере-шөпшек жаныңда,
Шаттықта жүгіріп, ойнасын.
Сенен тараған ұрпақтың,
Ешбір қайғысы болмасын.
Ой-өрісіңіз иірімді болсын,
Адамдар мейірімді болсын.
Айтқандарым қабыл боп,
Періштелерім әумин десін!*

Әумин!

II БӨЛІМ

СӘЛЕМ САЛУ

«Мінез-құлқыңның мінәйім, сыпайы болуын қалаймысың? Қаласаң, жетімдерге мейірімділік жаса, олардың басынан сипа, өзің ішетін тағамыңнан бөліс. Сонда ғана мінезің жұмсарып, мейірбан боласың.»

МҰХАММЕД пайғамбарымыздың хадисінен

*Қазақтың қайыспас рухын ту етіп,
Бақ-дәулеттің базарында болайық.
Қазақ елінің тәуелсіздігін тәу етіп,
Жаратқанның назарында болайық.*

Мұхаммед Пайғамбарға Алланың игілігі мен сәлемі жаусын.

Құран кітабы жөнінде сөз қозғау, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) турасында ой толғау маған оңай дүние емес. Дегенмен де, Құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбеті болған соң, Мұхаммед Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арнап сөз өрбітуді жөн көрдім.

Қазақ жұртын, қазақтың сары даласын артқа тастап, белден бел, елден ел астым. Қара теңізді, Түркия мен Сирияны басып өтіп, мыңдаған шақырым жолды артқа тастап, Сауд Арабиясының жеріне де жеттім. Одан әрі қарай сапарымды жалғастырып, Араб түбегіне табанымды тіредім. Арабтың құмды сахарасы және Араб әулеттері. Бұл із соқпақтары өткен шақ еншісінде, мың жарым жылдан арғы уақыт ұзынында бұлыңғыр тартып жатыр. Үнді мұхиты, Қызыл теңіз, асқар таулар, төбе-қыраттар, шөлейтті шөлді өлкелер... Тарихшылардың есебі бойынша Мұхаммед

571 жылдың 29-тамызында Араб түбегінде, Мекке қаласында, Қағыбаға таяу тұста дүние есігін ашқан.

500-700 жылдар аралығындағы Арабтардың жері мен елін елес елегімнен өткізіп өтейін. Күндізгі мезет. Құм үсті адам төзгісіз, аптап ыстық. Түнгі кез. Ғарыш кеңістігіндегі толықсыған айға қарап, жымыңдай жарқыраған сан жетпес жұлдыз шоғырлары. Күн ұзағы ыстықтаған, түн қараңғысы жаураған жұрт. Атқа мінген арабтар, түйе жетектеген бәдеуилер тыным таппайды, шаруалары шаш етекпен. Тамақтан тарыққан, судан шөліккен, күндізгі жүрістен қажыған көш- керуен. Шөліккенге зәмзәм суы, ашыққанға қара нан, қажығанға жайлы орын табылып жатса таптырмайтын байлық осы. Ал рухани азыққа, рухани байлыққа не жетсін? Олжа оңайлықпен қолға түспейді. Нәпақанды адал еңбегімен тапсаң игі. Қатыгез қарақшыларға тап болған бейкүнә керуеншілердің күні қараң. Адамдарға қауіп қайдан дерің бар ма? Қауіп судан да, оттан да, жерден де, көктен де адамға кезігуі әбден мүмкін. Кейбір қауіп-қатерлер адамдардың жат қылықтарынан туындайтыны мәлім. Адалынан жүріп-тұру қауіпсіздік кепілі. Адам Құдайдан қорқуы керек. Қалың елге кісінің қарғысы, һақтың кәрі тимесін деп тілеймін. «Іштен шыққан жау жаман» дегендей бәрінен де өз ортаңнан шыққан дұшпан қауіпті. Сол себептен, адамдарды дұрыс жолдан тайдырмайтын, шамшырақ шуақты «Құран» кітабы қажет. Ислам жолын жамағатқа ұғындыратын толық адам керек. Ол адам-Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.). Арабтың Құрайыш тайпасынан шыққан Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) барлық адамзатқа жіберілген Алла тағаланың елшісі. «Мұхаммед» деген сөздің түп нұсқасы «көкте де, жерде де мақтаулы, мадақтаулы адам» дегенге саяды. Мұхаммедтің әкесі Әбділда, анасы Әмина. Әбділда да, Әмина да текті ата ұрпақтары. Тектілік толық адами жоғары қасиеттердің бірі. Адамдар бойындағы тектілік ұзақ ғұмырнама сүрлеулерінде

қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа қан мен рух арқылы беріліп келе жатқан игілікті қасиет.

Мынадай әпсана ойыма тақыл-тақыл түсе береді.

...Бұл уақиға күн көзінің ерекше жарқыраған сәті, тал түсте болған. Халима күйеуімен бірге шатыр ішінде, ал Мұхаммед пен сүт інісі екеуі қозыларға көз қырларын сала, үй маңында ойнап жүреді. Ойда жоқта балалардың қасына ақ киімді екі ақсақал келеді. Біреуінің қолында аппақ қар толтырылған алтын табақ. Жаббар Алланың құдіретімен, періштелер Мұхаммедті жерге шалқасынан жатқызып, оның кеудесін ашып, жұдырықтай жүрегін орнынан суырып алып, ондағы иненің жасуындай ғана күнә дағын алып тастап, бүкіл денесін аппақ қармен тазартқаннан соң, олар әп сәтте көзден ғайып болады. (Мұхаммедтің анасының жүрегі де дәл осы сәтте сыздап ауырған көрінеді.) Шошынған Мұхаммедтің сүт інісі айғайға басып, шатыр ішіне жүгіре кіріп, болған жайтты ата -анасына баян етеді. Шыр-пыр болған, зәресі зәр түбіне кеткен Халима мен күйеуі шатырдан жүгірісе шығып, беті ақ қағаздай болып кеткен, үрей күші билеген, бірақ дене құрылымы дін аман Мұхаммедті көреді. Олар Аллаға тәубе- шүкіршіліктерін айтады. Халиманың қойған сауалына, Мұхаммед те, сүт інісінің айтқанындай, дәлме дәл, бір қалыпқа құйып қойғандай ғып, бірдей мәтінде жауап қайырады. Осы көріністен зәрезап болған Халима мен оның күйеуі Мұхаммедті Меккедегі анасына жеделдете жеткізеді. Осы таң-тамаша уақиптан кейін, Мұхаммедтің тал бойынан пайғамбарлық ұлық қасиеттер көрініс бере бастайды.

Әр адамның сенім-нанымы болғаны абзал. Адам хайуаннан осы сенім- нанымы арқылы ерекшеленеді, кісілік кейпін сақтайды. Қазақ халқы ерте уақыттан-ақ исламдық пәк дінді ұстанады. «Ислам» сөзі арабшада «бейбітшілік» деген мағынада беріледі. Мұсылмандардың негізгі ұстанымдары Құран кітабы мен Мұхаммед Пайғамбардың

(с.ғ.с.) адамдарға өнеге етіп қалдырған іс- амалдары. Құран Кәрім мұсылмандардың ерекше қадір тұтып, қастерлейтін қасиетті кітабы. «Құран» сөзі арабтың «оқу» деген сөзінен шыққан. Алла тағаланың сөзі жазылған бұл қастерлі кітапты мұсылмандар «Құран Кәрім» («Шапағатты Құран»), «Китәбу – л – лаһи» («Алланың кітабы»), «Зікір хакім» («Даналықты еске алу») т.б. деп атайды. Алла тағала Мұхаммед Пайғамбарға (с.ғ.с.) қасиетті мәтіндерді біртіндеп түсіріп отырған. Пайғамбарымыз Алланың сөзін алдымен Меккеде, одан соң Мәдинада Жәбірейіл періште арқылы естіп, өз қауымына таратқан. Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тірі кезінде Алла тағаланың сөзі еш жерге жазылмай, ауызша айтылған. Осыман халиф заманында Зәид ибн Сәбит көмекшілерімен біріге отырып, Құранды кітап қылып, қаз қалпында, еш өзгеріссіз, жазып шығарған. Құран сөздері, шариғат заңдары және Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері еш уақытта да өзгермейтін, ескірмейтін, мәңгілік ұлы ілім. Ислам дінінің ешбір тат алмас, бөтен сөз шалмас қағидаттары барлық ғылымның мызғымас негізі, алтын дінгегі. Яғни, ғылымның атасы, ғылымның ғылымы «Құран Кәрім» кітабы. Ал ислам дінінің негізін салушы және де оны бүкіл дүние жүзіне таратушы-Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.). Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ислам дінін бүкіл әлемге тарата отырып, барша адамзаттың өмірге деген көзқарасын, жалпы санасын өзгерте отырып жаңғыртты. Адамдарға толымды рухани азық пен ләззат берді.

«Жаратқаным жар бола гөр» деп, арман қанатымды қағып, өткен шақ әлеміне жата қонып, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) сәлем салып, сауын айтайын:

– Дүниеде ең қымбат не?

– Дүниеде ең қымбат-өмір. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Өмірді шексіз бағалау және сүю ләзім. Өмір күрестерден тұрады. Күресе білу-өмір сүре білу. Адамды

былай қойғанда, тірі атаулының бәрі-бәрі өмір сүруге күштар. Адам үшін өмірден қымбат еш нәрсе жоқ. Өзіне өзі қол салған адам кәпірге айналады, оған арналып намаз шығарылмайды.

– Әлемде не асқақ?

– Әлемде ең асқақ нәрсе-биік арман. Аңсаған арманға жақындаған сайын ол алыстай береді. Бір арманға жетсең екінші арманның ұшқыны көрініс береді, мен мұндалайды, өзіне шақырады. Арманың биіктеген сайын, өзің де ірілене түсесің, абырой-сыйың, құрмет-мерейің, атақ-даңқың жоғарылай береді. «Армансыз адам -қанатсыз құспен тең» дейді халық даналығы.

– Не өлмейді?

– Үміт өлмейді. Иненің жасуындай ғана үміттің өзі де адамды алға сүйрелейді. Қозғалмасаң төмен қарай құлдилайсың, құрдымға кетуің әбден мүмкін. Құрдымға кеткен пенде адамдық қасиеттерден жұрдай болады. Алға ұмтылған жан әрдайым ұтыста жүрері хақ. Үкілі үміттің оты сөнбесін. «Үмітсіз-шайтан» деген сөз әлімсақтан-ақ ел-жұртқа мәлім. Шайтанның арбауынан адамдарды Алла Тағала өзі ғана сақтасын.

– Рух деген не?

– Рух-көзге көрінбейтін, уысқа ілінбейтін, сағым сынды таңғажайып әлемнің бір сипаты. Рух рухани күш-қуатпенен өлшенеді. Намыстың көк туын нар ұстанып, рухынды шыңдай отырып, адами ұлық қасиеттеріңді үнемі шынықтырып жүруің абзал. Рух Құран құдыретімен асқақтайды.

– Отан деген не?

– Отан деген туып-өскен өлкең. Отан деген өзіңнің ел-жұртың. Отаныңды анаңдай қастерлеуің керек. «Отан үшін жан пида» деген сөз жадында жатталсын. Отанын сатқан-опасыз. Опасыз-пәтуасыз. Опасыз, пәтуасыздан қайран жоқ.

– «Отан –ана» дегенді қалай түсінсек екен.

– Ананды Меккеге үш мәрте ақалап апарып келсең де оның ақ сүтін ақтай алмайсың. Ана ең мейірбан, ең ардақты жан. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз шыңырауына бойлап көріңіз, оның нарқын ойлап көріңіз. Ана сәбиін қалай сүйсе, Отанын да дәл солай жақсы көреді. Сондықтан да «Отан-Ана» сөздерін егіз шаранадай әлпештеп, бөліп- жармай, қосарландырып айтады.

– Бақыт жөнінде не айтасыз?

– Бақыт-өте кең мағыналы ұғым. Бақыт турасында түсінік әр адамның өзіне ғана тән пайым-нарқымен анықталады. Мен пайғамбарлық деңгейден айтсам-бақыт дегенім Алланың ақ жолымен имандылықтың негіздерін сақтай отырып, адалынан жүріп-тұру. Іс-шаруада ақадал болу: қалал тамақтану, қарымды еңбектену, ұлттық салт-дәстүрді сақтау... Өмір-өзенде Алланың ақ жолымен жүрсең еш уақытта адаспайсың. Дөптеген мақсатты жеріңе жеткеніңнің өзі де зор бақыт...

– Сұрақтарыма жауап бергеніңізге шексіз рахметімді айтамын!

– Сауаптан болсын, шырақ!

– Рахмет!

– Бақытты бол! Бүкіл адамзат бақыттың ақ бесігіне бөленсін!

– Рахмет!..

Ақ арманның ақ құсы мені өткен шақтан бүгінгі күнге қайырадан алып келгендей. Жайшылықта адамның жандүниесін біліп түсіну, ұғыну, бағалау оңай шаруа емес. Кісінің мінез-құлқын, адами қасиетін, негізінде, оның басына қиындықтар түскенде ерекше сезінуге, түйсінуге, көруге болады. «Адамның адамдығы басына іс түскенде байқалады» дейді халық даналығы. Адамның басына қиындық қай уақытта түседі? Қай кезде адам баласы қиналады? Неден кісі қамығады? Қандай сәттерде өзгенің

көмегін қажеттенеді? Ыстыққа пісу- өзегіңнің өртенуі. Суыққа ұрыну-аязды күні жапан жүзде жалғызсырау. Аштыққа ұшырау-бір үзім қара нанға зар болу. Сусынсыз күйзелу-шөлігудің азабы. Қуғын сойқаны-қалың жау қарасынан қамығу. Соғыс сұрапылы-қан майданында өмір үшін жан берісіп, жан алысу. Мұндай қатыгездік қылықтар қаулағанда, келеңсіз жағдайлар шырмағанда қасыңдағы кісінің кім екендігін, дос па, дұшпан ба, айна- қатесіз, бет-бейнесін ашып, шын мәнінде оны танып білесің.

Кезінде қиындықтарды, Алланың талай сынақтарын басынан өткерген адамдардың бірі және де бірегейі- Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.). Сол себептен, көптеген соғыстардың куәгері, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жөніндегі сөзімді әрі қарай жалғастырайын. Шарифат заңы бойынша мұсылмандар жағынан соғыс қимылдары мына жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

1. Алланың хақын қорғау үшін;
2. Мұсылмандарға қарсы соғыс ашқан жауларға қарсы;
3. Келісімшартты бұзғандарға қарсы.

...Мәдина шаһары үшін болған «Бәдір жорығында» мұсылмандар өздерінен үш есе көп мүшіріктерге (күпірліктегілер) табандылық танытқанымен, бұл ұрыста жаулар жағы жеңіске жетті. Осы қан төгісте 70-ке тарта сахаба шейіт болды. Пайғамбарымыздың басы жарылып, ерні жырылып, тістері сынды...

...Екі жылдан соң он мың әскерімен мүшіріктер Мәдинаға қайтадан шабуыл жасады. Осы жолғы «Хандақ соғысында» мүшіріктер қаланы ала алмады...

...Худайбия келісімшартына қол қойылғаннан кейін адамдар арасында түсіністік пен ынтымақтастық көрініс берді. Араб елдерінде Ислам дінін қабылдаушылар саны артқан үстіне арта түсті. Худайбия келісімшартына қол

қойылған соң екі жыл өткеннен кейін мүшiрiктер уәделерiнде тұрмай, өзара түсiнiстiк келiсiмiн бұзды...

...Қан төгiссiз Меккенi мүшiрiктерден азат ету үшiн Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қалың қолымен қалаға жасырын кiрдi. Мекке халқы қару кезенбей, қан төгiссiз, Мұхаммед пайғамбардың жағына шықты. Сол күнi Хазiретi Бiләлдiң көркем дауысымен азан шақырылып, қала жамиғаты бесiн намазына мешiтке қарай ағылды. Намаздан соң Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккенiң халқын жинатып, оларға деген мейiрiм-шапағатын төгiп, өзге дiндегiлерге кешiрiм жасайтынын жария еттi. Сонан кейiн жұрттан Қағыбаның iшi-сыртын тазартуды өтiндi. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көп Құдайларға сенетiн меккелiктердiң бұдан былай бiр Аллаға ғана сыйынуларына жол ашып бердi...

III БӨЛІМ

ШЫНАЙЫ МҰСЫЛМАН

Шынайы мұсылман - өзгеге қолымен де, тiлiмен де зиян тигiзбеген адам!

МҰХАММЕД пайғамбарымыздың хадисiнен

*Пайғамбарымызға салауат,
Өркендер өмiрiмiз ғаламат.
Киелi Құран кiтабындағы,
Алла сөзi бәрiмiзге аманат.*

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бекерден бекер айтылмаса керек. Сондықтан да мақтау, мадақтау бiр Аллаға ғана лайық десек те, Пайғамбарымыз Мұхаммедтiң (с.ғ.с.) бойына Жаратушымыздың сый еткен, асқақ қасиеттерiн атап өткенiм жөн шығар деп өзiмше топшыладым. Бүкiл әлем халықтарының рухани көшбасшысы. Алла сөзi мен мұсылмандық қағидаттарды

адамдарға көркем үнімен, байсалды кейіпте жеткізуші. Ақ жүректі, жұмсақ мінезді, аса мейірбан. Адал және шыншыл. Сенімді және әділ. Барлық адаммен тіл табыса білетін, көпшіл. Жалпы тіршілік атаулыға жаны ашитын. Өмір атаулыға құштар. Адамзатқа Алланың ақ жолын көрсетуші. Болашақта ислам діні адамзаттың «Алтын ғасырының» мызғымас тұғыры болатындығын пайымдаушы. «Алтын ғасыр» заманында әлем халықтарының дені мұсылмандық жолға түсетіндігіне кәміл сенуші. Адамзат санасын жаңғыртушы, ерекше ғұмыр иесі, Құдайдың қалаулы құлы-Мұхаммед Пайғамбар! Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осыншама айтулы, асыл да жарқын қасиеттерін күндей жарқыратып, түрлі -түсті, исламдық бояу-болмысқа қанық, көркем кино түсіріп, кинотеатрлар мен ғаламторға шығарса, бүкіл адамзат рухани байи түсіп, асқарлы рух ләззатына бөлене берер еді деп, мына шумақтарымды ұсынамын:

*Әріптерден сөздерді құраймын,
Уақыттың дөңгелегін бұраймын.
Қасиетті кітапты зер сала оқып,
Бір Құдайдан таунық сұраймын.
Ғаламмен тұтасқан сезімім,
Найзағай жарқылы сөзімнің.
Дәуірлер жолына қарайлап,
Ұғамын қалтымды өзімнің.
Аспандағы жұлдыздарға қарайын,
Ерте тұрып көрейінші таң арайын.
Ой жинақтап, шашымды тарайын,
Халық арасында жүруге жарайын.
Қаншама асқар тау асқаннан,
Адамға сөз келмес аспаннан.
Ынта мен жігерің жоқ болса,
Не пайда ақынды тосқаннан.*

*Пайгамбарлардың барлығы ақын,
Адам атаулының жүрегіне жақын.
Жаратқанның пендесі болған соң,
Тануға күш саламын, әлем хақын.
Хадисте-ежелден келген ғұрпымыз,
Сүннетте-атадан жеткен салтымыз.
Айнымай, аппақ қазға ұқсап қалған,
Асқақ пейілді, қазақ деген затымыз.
Ұлық халқымның киесі,
Ұлан гайыр далама тиесі,
Дүниеде себепсіз іс жоқ,
Әр нәрсенің бар ғой иесі.
Ғақ он сегіз мың ғаламның иесі.
Әр жанға бұйырар өзінің еншісі.
Бес күндік осы жалған дүниеде,
Бар, кенішті қопаратын кеншісі.
Он сегіз мың ғалам Ғақ қолында.
Жамизаттың болашағы өз қолында.
Тәрбиеліден жетеді екен тектілік,
Жүрейікші, Алланың ақ жолында.
Ай мен Күннің рамазан айында тұтылғаны,
Көптеген адамдардың өмірінің жұтылғаны.
Имансыздықтан, надандықтан шығатыны,
Адамның Жаратқанның алдында ұтылғаны.
Ай мен Күн рамазан айында тұтылмасын,
Көптеген адамдардың өмірі жұтылмасын.
Адам имансыздық, надандықтан арылып,
А, Құдай, жақсылар жаманнан ұтылмасын.
Қазақтың қайыспас рухын ту етіп,
Бақ-әулеттің базарында болайық.
Қазақ елінің тәуелсіздігін тәу етіп,
Жаратқанның назарында болайық.
Пайгамбарымызға салауат,
Өркендер өміріміз ғаламат.*

*Киелі Құран кітабындағы,
Алла сөзі бәрімізге аманат.
Бақ-дәулетті заман болсын,
Ел-жұртымыз аман болсын!
Тербетілген жыр-дастаным,
Самал желді, тәмам болсын!*

Адамзаттың ардақтысы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) баға жетпес ақыл иесі, жібектей жұмсақ, сүттей ақ, судай мөлдір мінез-құлқы, таудай заңғар данышпандығы мен теңіздей терең ақылдылығы он төрт ғасыр бойы үмбетін өзіне тәнті етіп келеді. Оның сәт сайын саны артқан үмбеті пайғамбарлық өнегелі өмір жолын, мінез-құлқын «қасиетті сүннет» деп ұстануда. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жақсылыққа бастайтын темірқазық іспеттес әрбір сүннетін ұстану арқылы жұрт оған деген сүйіспеншіліктерін іс жүзінде дәлелдеуде.

Жарық жалғанда жамиғат үшін жанға жағымды, жүрекке ең ыстық, ең қымбатты есім, әрине, Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.). Бұл есім балалық шақтағы қамсыздық пен шаттықтың, жасөспірім жылдарындағы үміт пен сенімнің, есейген тұстағы тұрақтылық пен парасаттылықтың мызғымас дәнекері. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) адамгершілік бейнесі мен ғибратты ғұмыры, ізгілікті іздері, адамзатқа деген мейірім -шуағы, кіршіксіз таза пейілі мен қайырымдылық қасиеті қанына сіңген, ерекше адам ретінде, өмір бойы қол созып ұмтылатын асқарлы шың қалпында адамдар санасының түпкірінде мәңгілікке сақтала береді. Жарқын болашағымыз кәміл! Шапағатшы Аллаға шүкір делік, арда қазағым, жайсаң халқым, жалпы адамзат!

IV БӨЛІМ

БАҚЫТ ДЕГЕН ОТЫ ӨШПЕГЕН ОТБАСЫ

Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-кұлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді.

Әл Фараби

*Хадисте-ежелден келген ғұрпымыз,
Сүннетте-атадан жеткен салтымыз.
Айнымай, аппақ қазға ұқсап қалған,
Асқақ пейілді, қазақ деген затымыз.*

Қазақ қазақ болғалы, қазақ өз алдына дербес халақ болғаннан бергі тарихи, жалпы шындық ғұмырнамасында небір нәубетке тап болған күндерді, айларды, жылдарды, ғасырларды басынан қасқая өткеріп, жан кештілігімен мың өліп, мың бір тіріліп, аман-сау қалған. Қазақ айтады: «Жақсылық пен жамандық қатар жүреді» деп. Жақсылықтың ең зоры баянды тәуелсіздік, әр қазақтың, барлық адамзаттың басына келіп қонған бақыт. Қазақтың бақытты сәт аз болған жоқ. Бұған барша қазақ болып тәубемізді айтамыз, Жаббар Аллаға шүкіршілік етеміз. Дегенмен Қазақ Атаның басынан небір қиын-қыстаулы кез де жерімізді де, елімізді де айналып өтпеген. Жақсылықтан да, жамандықтан да сабақ алған халықпыз. Сабақ алып қана қоймай, зобалаң иірімде адаспай, ең дұрыс жолды анықтап, мың күрмеу сұрақтарды тарқатып, шеше білген жасампаз да дана халықпыз. Өткенсіз бүгінгі күн жоқ. Бүгінсіз ертеңгі

жарқын болашақ күн жоқ. Қазақтың терең тарихына үңілу біздерге парыз. Қазақтың терең тарихына үңіліп, бүгінгімізді, тәуелсіздігімізді баянды етуге әрбір қазақтың күш жұмсауы парыз. Бүгін күш жұмсай отырып, келер ұрпақтардың текті де тегеурінді боларын бағдарлауымыз, тағы да біздерге, пайымды да пәрменді парыз. Кейбір адамды жеңіл өмір, жақсылық атаулы рабайсыз еркелетіп, жаман жолға түсіріп жіберуі әбден ықтимал. Қиындық кез келген адамды қинайды, терең ойға түсіреді. Терең ойдан парасатты өмірге құштарлық туындайды. Біздердің ең қымбатымыз-ол өмір. Өмірден қымбат ештеме де жоқ. Өмір үшін күресу өзін адаммын деп санайтындардың бәріне де ұлық парыз. Өткен ықылым замандарды саралап даралау қисапсыз қиын болғандықтан ұзақ уақыт жұмсап, тыңғылықты да шаршап-шалдықпай ғылыми негізде, небір ғажайып әдіс-тәсілдермен, сонымен қатар, жан-жақты бағыттарда зерттеулерді, зердесі ояу адамдардан қажет қылады. Біздердің орта дәрежеде ғана білетініміз бергі тарих-дерек қана. Мысалы, арғыдан: «Мық дәуірі», «Сақ-Үйсін, Ғұн-Уыз замандары», «Түрік дәуірі», «Қыпшақ-қимақ дәуірі, «Қазақ хандығы дәуірлері», «Ақтабан шұбырынды, алқакол сұлама»...; бергіден: «Ақ қашып, қызыл қуған мезет», «Отыз екі-отыз үштердің елді аштықпен еңіреткені», «Отыз жетінің өкініші», «Отан соғысының оты», «Ұрымтал желтоқсанның үрейлі желі», «Қазақ тілінің қазалы тірілігі», «Мәңгүрттің күңіренген меңіреу күні»... Осынау бұлдыраған бұлыңғыр тарихта қанша адамның тәлкекті тағыдыры, тәубелі тебіренісі, өмір мен өлім аласындағы арпалысы жатыр десенізші? Қайран дүние-ай, қайран қазағым-ай, жұмыр басыңнан не дәуір, не дәурен өтпеді? Қанша адам жарқын, жалған дүниеден күйінішпен, қоғамға деген ренішпен кетті? Жері үшін, елі үшін неше адам, соқа басына бірақ рет берілетін, ең қымбат дүниесі, өмірін құбандыққа тікті екен?

«Арғынның негізгі бөлігін құраған Мейрам балалары Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек руларының одағы «Абылай аспас Сарыбел» деп аталғаны сондықтан. «Абылай хан екі сөзінің бірінде айтып отырады екен, осы Бес Мейрамның баласы деген ел пайғамбар мен шадияр тумады десеңдер, адамның бұлбұлы мен дүлдүлі түгел туған ел. Батыры көп, жаудан қорықпайды, шетінен шешен туады да даудан қорықпайды. Қара құрттай құжынаған қаракесегі бағы бар. «Ә» десе, «мә» деп едірейген қуандығы бар, оның өмірінше үзілмейтін жуандығы бар. Жылым құртша жегенін білдірмей жеп қоятын сүйіндігі бар. «Бес Мейрамның баласын қамшы бер де дауға қой» деп Абылай айтқан екен деседі.

Бақыттымын деп айту күпірлік. Бақытқа жету-шексіз жол. Шексіздік еш уақытта да жеткізбейді. Сонда да бақытқа қол созып, оған ұмтыла беру керек. Бақыт деген-адам санасында туындайтын ұлы мұрат, аңсаған арман. Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Қанатсыз құс болу-өлгені. Адамның арманының болмауы, тірі жан ғана болғаны, немесе оның тірідей өлгені. Бақыт адамның ойлау деңгейі мен сана тереңдігіне байланысты үлкен дүние. Басқаша айтқанда, менің ойымша, бақыт дегенім бір қайғы мен екінші қайғының арасындағы санаулы уақыттар тізбегі. Үлкен қайғыға душар болсаң, кешегі қайғылы деп жүрген күнің бақытты болып байқалады. Немесе, қуаныш қанатында бір бақыттан екінші бақытқа, екінші бақыттан үшінші бақытқа, жалпы, бақыттан бақытқа жету. Дегенмен, Илья Эренбург өзін жер бетіндегі ең бақытсыз адам сезінген. Ал әлемде Эренбургтей атақты жазушы жоқ. Сондықтан да, шын мәнінде, «Бақыт құсы» адамның басына мәңгілікке қонбайтын болғаны ғой! Басқаша топшыласақ: бақыт деген-оты өшпеген отбасы. Отбасы-кіші мемлекет. Ол мықты болса, мемлекетіміз те мерейлі болады. Отан-отбасынан басталады. Отбасы бақытты болса, Отанымыз да

нұрлы болады. Отанымыздың нұрлы болғаны, жарқын болашақтың кепілі. Мемлектіміздің мерейлі болғаны, Жаратқаннан мейірімнің жер мен елге төгілгені. Мейірім нұрының жер шарына құйылғаны, адамзаттың басына «бақыт құсының» мәңгілікке қонғаны...

Адамзат жер бетінде пайда болғаннан бастап, осы бүгінгі күнге дейінгі уақытта 100 миллиардқа тарта адам өз пешенесіне жазылған жарық дүниенің думандары мен қасіреттеріне куәлік жасап, қызықтарына қуанып, шыжықтарына күйініп, асарын асап, жасарын жасап, өмірдің тәттілігін біліп, өлімнің ащылығын сезініп, қайтып оралмас, ұшы-қиыры жоқ ұзақ сапарға аттанып кетті...

Ү БӨЛІМ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚ АТАНУЫ

*Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.»*

Абай.

Қазақ тарихына, мәдениетіне, оның ішінде шежіреге қатысты еңбектер жазған зиялылар-Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Әлихан Бөкейханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, т.б.

Ежелгі және ортағасырлардағы қазақ халқының құралу тарихын жалпылама кезеңдерге бөлсек, төмендегідей болып шығады:

1. арғытүріктер дәуірі (прототүріктер). Бұл б.з.д. II мыңжылдықтан VI ғасырдың ортасына дейінгі уақыт;
2. түркілік кезең (түрік Дулулардың, Телелер одағының, Сіренда бірлестігінің және қағанаттар құрылымындағы рулық-тайпалық бірлестіктердің өмір

сүрген уақыты). VI ғасырдың орта шенінен IX ғасырдың орталарына дейін;

3. арғы қазақтар (протоқазақтар) кезеңі (Қыпшақ, Найман, Дулат, Алшын, Керей, Қаңылы, Қоңырат, Жалайыр, Арғу т.б. тарихи этнонимдердің елге кеңінен таралуы). IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейін;

4. Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңі (Түргеш Алаш шор ұлысы-Үш сан Алаш мыңы-Алты сан Алаш-Он сан Алаш). XIII ғасырдың ортасынан XV ғасырдың соңына дейін;

5. Қазақ қауымдастығының қалыптасуы (Қазақты құрған қырықтан астам тайпаның «Он сан Алаш» төңірегіне бас біріктіруі). XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін.

Қазіргі біздің пайдаланып жүрген шежірелеріміз Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде, дәлірек айтар болсақ, XVI ғасырда Қасым ханның қасқа жолы» аталатын құқықтық-мәдени әмбебап реформаны жүзеге асыру барысында қосымша өзгерістер енгізіп, нақтыланған қазақ шежірелері ежелгі қытай жылнамаларымен салыстыра қарастыру, тарихымыз үшін аса маңызды кейбір тарихи тұлғаларды анықтауға мүмкіндіктер береді.

Қазақ хандығының дербес мемлекет есебінде құрылуы қазақ тарихында әйгілі Әз Жәнібек пен Керей, Жәнібектің кеңесшісі Асан Қайғы (Қасен хан) сынды тау тұлғалардың есімдерімен тығыз байланысты. Бұл XV ғ. II ширегінде орын алған саяси, этноәлеуметтік тарихи оқиғаларға орайлас. Асан Қайғы қазақтың ханы болған. Сарыарқаны кәуір алады деп, моламды кәуірдің атының астында қалдырмаймын деп малды үш жыл ту сақтап, Жиделі Байсынға ауып кеткен. «Орта жүзге Арғын аға» деп, Арғыннан датқа сайлап, оған Найманнан орынбасар тағайындаған. Тарихты зердесіне тоқыған қариялар 1643

жылдың шамасында қалмақ дәуірлеп көтерілді деседі. 1600 жылдары, жаугершілік заманында, Сарадырдан Жарылғап (Жажан) 3-4 жылға жоқ болып кетеді де, сәті түскен кезде елге бір соғып, ашыққан отбасыларға жылқы үлестіретін көрінеді.

1700 жылдары Ирандағы жер астындағы «Көгалтас» медіресінде Сарғалдақтан шыққан мына кісілер-Тоқболат, Әділ, Бармақ-жеті жыл оқыған. 1720 жылдары Ұлы жүз жұттан, жаудан қашып, босып, әрі жұтқа, әр жауға ұшырап, қалғандары Арқаға келіп тоқтаған. Олардан бұрын бұл Арқаға он екі Қазылық ой Түндікте Найман, Қанжығалы, Бәсентиын балалары қонған. Жұттан, жаудан жаяулатып бастарын алып қашқан жұрт шұбырған соқпақты шұбырындысы аппақ сүрлеу болып қалады екен. Табандары таз кісінің басындай жылтырап қалған соң «Ақтабан шұбырынды» деп ат қойған. «Алқақол» деп ат қойған себебі, жұрт жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Бөтен, бөгде, жат ұрылар ұрлап алып, сойып жеп қояды деп, қоңды малдарды ұйықтарында орталарына алып, күзетіп жатады екен.

Қазақ-қалмақ соғысында әр рудан, Арқа алқаптарында ерлік үлгілерін көрсеткен айтулы батыр бабалардың бірқатары:

1. Қаракесектен: Көкбөрі Керней, Бекболат...
2. Қаржастан: Қалқаман, Баян, Допаяқ, Кешубай...
3. Айдаболдан: Олжабай, Сәулебай, Жасыбай...

ҮІ БӨЛІМ

ӨТКЕН ҚАЙТЫП ОРАЛМАЙДЫ

*Қаншама асқар тау асқаннан,
Адамға сөз келмес аспаннан.
Ынта мен жігерің жоқ болса,
Не пайда ақынды тосқаннан.*

Бісміллә-һір-Рәхмәһір-Раһим! Аса қамқор, ерекше мейірімді Алла Тағалланың атымен бастаймын!

1967 жылы Семізбұғының орта мектебін бітірген соң Қарағанды қаласына институтқа түсуге жол тарттық. Әкем Термизи мені аманаттап, Қарағанды қаласындағы інісі Уайданың үйіне әкеліп салды. Уайда ағатайым мені Қарағандының политехникалық институтына алып барып, аталмыш оқу орнын көрсетті. Зәулім ғимараттан қаймығып, ағатайыма мұнда оқымаймын дедім. Ақылдаса келе, келесі күні құжаттарымды КарПИ-дің физика-математика факультетіне тапсырдық. Абырой болғанда, емтихандарды жақсы тапсырып, осы оқу орнына түсіп кеттім. «Физикаға түскеніңше әдебиетке түспедің бе? Еркін тақырыпта, ұлы Абайды көркем суреттепсің, шығарманды өте жақсы жазыпсың, бес алыпсың» деп кейіннен Қаратаева мен Құсайынова деген институт мұғалімдерінің (физиктер) айтқандары менің есімде сақталып қалды. «Біздің әулеттің, қалың қазақтың атын шыңға сүйрейсің, саған мен сенемін...» деген Уайда ағатайымның ой-толғамын, маған арналған өмірлік тілек-аманатын еш уақытта ұмытқан емеспін. Үйіне келген сайын ағатайым сақалды басымен, жүгіріп шығып, ылғи да бауырына басып, қуана қарсы алатын. Келмей қалсам іздеп отыратын. Қайтыс боларында жанында болмадым-ау деп өкінемін, о кісінің маған көп айтары болғанын іштей сезінемін. Уайда ағатайым мен үшін

асқан ақылгөйім, өмірлік жол сілтеушім болды. Ақашев Уайда Айманұлы-инженер, КСРО-ның озық қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Ақжар ауылының тумасы (1919-2002) болады.

Бұрынғы аудан орталығы Ульяновскіде «Сарыарқа-90» деген атаумен үлкен той болып жатты. Ығы-жығы халақ, қазақтың киіз үйлері тігілген, неше түрлі жарыстар, қызықты ойын-сауықтар өтуде. Үміткер ауылының киіз үйінің есігінен басымды сұғып қарап едім, іші лық толы адам екен, қақ төрде отырған Әмірханов Шопанай ақсақал зор дауыспен: «кел мұнда қажының ұрпағы, менің оң жағымнан отыр» деп маған орын нұсқады. Киіз үйде отырған барша жұрттың көзінше айтқаны: «Ата-бабаларың кезінде елге сыйлы, қадір-қасиетті тұлғалар болған. Аймағанбет бабаң қажы екенін сен білесің бе? Жеңіл машина жалдап маған кел, «Шымылдықжалға» барайық, аруақтардың жатқан зираттарын көрсетейін, оларға дұға бағыштайық, аталар жайлауын аралатйын, өзінді сан қилы әңгімелерге қарық қылайын...». Әмірханов Шопанай-партия-кеңес қызметкері, Бұқар жыраудың 325 жылдық тойының өтуіне мұрындық болған, Ұлы Отан соғысына қатысқан, Құрметті азамат, Үлгі ауылының тумасы (1923-1993) болады.

Керней аймағының өте беделді азаматы, Әкішұлы Екпінтайдың көңілін сұрауға үйіне бардым. Ассалаумағалейкум деп жайлап есікті ашып, баппен бөлмесіне кірсем, ағай төсек тартып, шалқасынан сұлық жатыр екен. Қос қолдап сәлемімді ұсынып едім, отыр дегендей ишарат білдіріп, жанындағы орындықты меңзеді. Сол отырғаннан кеткенімше оң қолымды босатпай, ұстап жатып: «Мақсұтхан, мен сені бүгін келеді деп күтіп жатыр едім. Сен жай ғана адам емессің, ел үшін, қазақ үшін туған азаматсың. Тектілік тұрпатыңа сүйсініп, өзіңе әңгіме айтып жүруші едім, міне төсек тартып жатып қалдым. Жан

жолдасым мен жиенім Назымның ауырғаны да менің жаныма қатты батады. Осы өңірдегі елдің шежіресімен қатар Алтынторыдан шыққан жеті Әулиені халыққа жазып бер. Келіп қал-жағыдайымды білгеніңе рахмет, мақсатыңа жете бер...» деп әлсіз дауыспен аманаттап, менімен қимастықпен қоштасты. Екі аптадан соң ағай дүниеден өтіп кетті. Қабает Екпінтай Әкішұлы-ауылдың үздік математигі, озық механизатор, еңбек ардагері, дінтанушы, өте әділ адам, Алғабас ауылының тумасы (1936-2009) болады.

Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінің тумасы, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, ауданның, облыстың дамуына зор үлес қосқан, ел-жұртына сыйлы болған-Серік Кәрібайұлы Ағыбаев орта бойлы, кең жауырынды, жүзі жарқын, сөзге шебер, өте кішіпейіл, адамгершілігі зор, үлкенді аға, кішіні іні ретінде құрметтейтін, ішкі мәдениеті бай, жұмысқа ұқыпты, шынайы досқа адал жан еді. Бірде, 1980 жылдары, Ульяновканың (қазіргі Ботақара кенті) көшесімен келе жатып, «Мақсұтхан, Серік Кәрібайұлының кабинетіне келіп кет» деген дауыс саңқ-саңқ етіп, бірнеше мәрте қайталанды. Мұндайды ғұмырымда естімеппін. Аңтаң кейіпте, мелшиіп тұрып қалдым. Есімді жиып, өз-өзіме келіп, Секеңнің кабинетіне жеттім.

– Ассалаумағаликум, Серик Карибаевич!

– Оғаликумассалам!

– Секе, мені шақырттыңыз ба?

– Кел, Мақсұтхан, төрлет!

– Жай шақырдыңыз ба?

– Газеттен өлеңдеріңді оқыдым. Өте жақсы жазыпсың.

Жаза бер, Мақсұтхан.

– Менің мұнда жүргенімді қайдан білдіңіз?

– Мен сен туралы бәрін де білемін, – деп жымия әзідеп қойды.

Биылғы жылы (2009), сәуір айында, Посевной ағамның жетпіс жылдық тойында Секеңмен кездестім. Ол былай

болды: «Бәйтерек» дәмханасының дәлізінде көп адамдар арасында тұр едім, есікті ашып, ішке қарай беттеген Секең маған қарай, мен о кісіге қарай жүгіре басысып, о Секе, о Мақсұтхан десіп, айқара-айқара кеп, сағынышпен құшақтастық. Орындыққа отырып мал-жанның амандық-саулығын сұрастық, бір-бірімізге деген аңсау ықыластарымызды білдірдік. Секең аудан орталығынан Қарағанды қаласына көшіп кеткенін айтып, ел жақты сағынатынын, менің ата-бабаларымды өте қатты сыйлайтынын, әңгіме, өлең-жырларымды оқып жүретінін тебірене айтты, жалпы еңбегіме жоғары баға берді. Мұндай жайтты күтпеген жағдайда, аң-таң күйімде Посевной Арынұлына: – Тоқтаңыз да тыңдаңыз, аға, Секең маған кереметтейін баға беріп жатыр. Ертең естімедім-ау деп, өкініште қалмаңыз», – дедім асқақ толғанып.

Бірінші столдан кейін Майдан Майбасұлы, Шарапат Қауденұлдарымен әңгімелесіп тұр едік, Секең мені қайырадан өзіне шақыртып алды. Екі аралық жарасып қоя берсін.

– Қағаз-қалам тауып әкел, қаладағы мекен-жайымды, телефон номерімді жазып ал. Қала ішіндегі үйдің орналасу схемасын өзім сызып берейін, сонда оны оп-оңай тауып аласың. Бізге дереу жет, қонақ боласың, саған айтар көп әңгімелерім бар.

– Сіздерге дайындап жүрген сыйлығым бар еді, соны алып, жазғы демалысқа шыққан соң, тездетіп жетемін, аға.

– Байқа, кешікпей тез кел, Мақсұтхан мырза, – деп мені құшағына алып, кеудесіне тартып, бетін бетіме тигізіп қатты-қатты, қайыра-қайыра қысты.

Бірер аптадан соң халқына қамқор аға қайтыс болды.

Серік Кәрібайұлы-партия-кеңес қызыметкері, Бұқаржырау ауданының Құрметті азаматы, Ботақара кетінің тумасы (1939-2009) болады.

Бақыбаева Мәпіш Әмішқызы-ұстаз, батыр ана, менің анам, Қандыкөл ауылының тумасы (1924-1997). Анам қайтыс боларынан үш күн бұрын Әсимаға былай депті: «Мәтәйға айтарым бар, маған келіп кетсін...» Өкінішке орай, шешемнің бұл соңғы тілегі орындалмай қалды. Қарындасым анамның аманатына қиянат жасағандай ма, қалай...

Қадырхан Ысқақов (1944-1994)-медицина ғылымының докторы, профессор. Семізбұғы кентінің тумасы. 1951-1961 жылдары Семізбұғы орта мектебінде оқыған. 1961-1967 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтында білім алған. Алғашқы еңбек жолы кәсіби аурулар және еңбек гигиенасы қазақ институтында невропотолог дәрігері қызыметінен басталған. 1969 жылы сұрыптау бойынша өтіп, Қарағанды мемлекеттік медицина институтының аспирантурасына қабылданған. Аспирантурадан кейін Орталық ғылыми-зерттеу зертханасының кіші ғылыми қызыметкері болған. 1973 жылы «Некоторые клинико-функциональные особенности кардиологического синдрома при вибрационной болезни у горнорабочих» атты кандидаттық диссертациясын қорғап, госпитальдық терапия кафедрасының ассистенті қызыметінде табысты еңбек етті. Қадырхан Мұхамедияұлы байқау бойынша Қазақ ғылыми-зерттеу институтының кардиологиясына қан тамырларындағы тапшылық бөлімінің аға ғылыми қызыметкері болып, 1981 жылы осы бөлімнің меңгерушісі қызметіне тағайындалған. Осы қызыметінде медицина саласына көптеген тың жаңалықтар енгізіп, ойлап тапқыштығы үшін бірнеше куәліктер алған, 100-ден астам ғылыми еңбектерін жариялаған, бірнеше медицина ғылымының кандидаттарын дайындаған. 1993 жылы «Разработка новых методов ограничения зоны некроза и профилактики реперфузионных осложнений при остром инфаркте миокарда» тақырыбында докторлық

диссертациясын қорғаған. Медицина саласындағы еңбегі үшін «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған...

ҮШ БӨЛІМ **АЛТЫНТОРЫМ – АЛТЫН САНДЫҒЫМ**

Алтынторым-алтын сандығым!

Мұса Шорманов.

*Шыққаным Шыңғыстағы бір биік тау,
Жақсы екен тауға шығып тағыдыр сынау.*

Шәкәрім.

*Қаның болған соң өр қазақтан,
Қорқнадың сен отты тозақтан.
Елдіктің көк туын асқақтатып,
Дана сөз айттың терең жақтан.*

*Қаймықнадың ақтан да, қарадан,
Қилы замандар өтті жыл арадан.
Хан алдында қасқырып тұрсаң да,
Имендің ақ жаулықты әр анадан.*

*Ұрпақтарың бар, арман қуған,
Ел-жұртынан адалынан туган.
Ата-баба мирасына құмартып,
Жыр-өлеңдерін, гүл гып буган.*

*Бабаның он бір тілегін білемін,
Тілектің сөзін құлағымға ілемін.
Отандық борышты орындауға,
Жыраулардың оқуына келемін.*

*Айтарға мың бір тілегім бар, ақ,
Қонсын халқымның басына бақ.
Ата-бабалар рухы желеп-жебеп,
Қолдай көр Жаббар Аллам, Ғақ.*

Экономикалық, саяси және рухани тәуелсіздікке ие болғанымызға 20 жыл. Рухани тәуелсіздікке мәдени-әлеуметтік көзқарастарымыз, оның ішінде, адам құқығына, тілге, ділге және дінге деген көзқарастарымыз ерекше орын алатындығы айқын. Біздерге ата-бабаларымыздың аманат еткен жері ұлан-байтақ, ғасырлар сүрлеулерінде бір шетінен екінші шетіне көше жүріп, бас сауғаладық. Осы жерді, мемлекетті ішкі-сыртқы жаулардан қорғау, елдігімізді сақтап қалу біздің абройлы да асқақ борышымыз. Жердің тұтастығы, елдің тұтастығы баянды тәуелсіздіктің кепілі, жарқын болашаққа деген үкілі үміт. Үлкен қазақ жеріндегі кішкентай Төрткөл ауылы жөнінде, сол ауылдағы Алпысбай жөнінде әңгімелеп беру сәті түсіп тұр. Мемлекет адамдардан құралады. Отбасы титімдей мемлекет. Ауыл-алтын бесік. Көптеген ақын-жазушылар, ғұлама-даналар ауылдан шыққан, кең даладан шабыттанған, бүкіл әлемге атақтары жайылған.

Төрткіл дүниенің төрт бұрышын түгел билеп, әлемді аузына қаратқан түркі тектес бұрнағы елдің түп атасы-ғұндар кейін көптеген ұлттардың құрамына еніп, мемлекеттерінің өсіп-өркендеуіне негіз болғаны тарихқа мәлім. Айдынды көлдер, айбынды таулар, шалқыған дариялар мен сарқыраған өзендер-ғұндардың ат тұяғы жеткен жердің бәрінде түрікіше аталып, біразы біздің заманымызға келіп жеткен. Бұқар жырау ауданындағы Үміткер ауылы бөлімшесінің тарихи атауы «Төрткөл». «Төрткөл» атауы қайдан шыққан? Мүмкін ықылым замандарда осы маңайда көктемде құс ұшып келіп, жазда балапандарын өсіретін төрт көл болған шығар. Төрт көлдің

шүйгін шөпті төңірегін мал жайлап, ата-бабаларымыз салиқалы ғұмыр кешкен болар. «Осыдан жүз жыл бұрындары маңайдағы бұлақтардың суы мол, өзендері ағынды, көлдері толысты, таулары бұлтты болып еді» деп әлдеқайда ертеректе дүниеден өтіп кеткен аталарымыз сөз ететігүн. Қазіргі уақытта өзен-көл сулары бірталай ортайып, айтарлықтай ластанған. Қартайған таулар шөккендей болып, бұлттарға бейқам қарайды. Жауын-шашын мөлшері азайғанға ұқсайды. Дегенмен де, Төрткөл ауылының тұрғындары түтіндерін түтетіп, малдарын өргізіп, бала-шағаларының жағыдайын жақсартып, бірінің алды, бірінің арты болып, өз мүмкіндіктерінше, ел-жұрт қатарлы өмір сүріп жатыр. Әкесінің алпыс жасында дүние есігін ашқан Алпысбай Жұмаділдәұлы да осы ауылда шаңырақ көтеріп, отбасын құрып, бала өсірген ардақты азамат. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін Алпысбай қыз баласы Жұпармен бірлесіп «Айбар» атты шаруа қожалығын құрып, елі үшін табысты еңбек етуде. Қазақ пен қазақ амандасқанда ең алдымен «мал-жан аман ба?» деп сұрайды. Мал-бірінші. Жан-екінші. Мұның мән-мағынасы «мал аман болса, жан да аман» дегенге келіп саяды. Мал болса дастарқанымыз мол болады. Ас адамның арқауы. Мұхаммед пайғамбарымыздың ғ.с. хадисінде: «Қой бағындар, өйткені береке сонда» немесе «Нанды қадірлеңдер!» деген даналық сөздер бар. Қазақ қой өсірген, нанды қадыр тұтқан, ата текті құрмет тұтқан дана да көреген халық. Береке бар жерде мереке бар. Нан бар жерде ән бар. Ата-тектерімізде халқымыздың салт-дәстүрінің тарихи сана-фәлсафасы жатыр. Дастарқанымыз мол болса, жан-тәніміз саулықта боларына шүбә келтірмеймін. Жан-тәніміз таза болса, рухымыз мықты болады. Жан-тән тазалығы да, рух беріктігі де Құран Кәрімнен, Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінен адам санасына дариды, оның парасаттылығы артады. Хадис-Ислам дінінде Құран Кәрімнен кейінгі екінші орында

тұрған қасиетті сөздер жиынтығы. Жан-тәніміз саулықта болса, иманымыз кәміл болса, ғұмырымыз ұзағынан болары хақ, яғни, ұрпақтарымызбен мың жасаймыз. Қазақ халықының ғұмырнамасы шежіремен тарқатылып, өзіне тән заңдылықпен ширатылады, ұрпақтар жалғастығымен кеңінен тарамдалып, ұлтымыздың сандық көрсеткіші де, сапалық деңгейі де артқан үстіне арта түседі. Отанымыздың ең басты байлығы адам. Адам потенциалына еш баға жетпейді. Адам потенциалында өсу мен өркендеудің, діл мен діннің қағидаттары жатыр. Пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с.: «мұсылмандар, өскен үстіне өсіп, көбейе беріңдер» немесе «Перзенттеріңді құрметтеумен бірге: мінез-құлқын жақсы тәрбиелеуге күш салыңдар.» деп ұрпақтарға өсиет сөз қалдырған. Малымыз да, жанымыз да, ел-жұртымыз да өсіп-өніп, аман-саулықта болсын!

Қандай да болсын, ұлы болсын, кішік болсын ұлттың өзін-өзі тануы, өзіне тән айтуға келісті байлығы: әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі-ділі және аса мол рухани қазынасы-діні. Өткен алмағайып замандарда осы мәселелерге тиым салынып келгені бүгінгі күнде бәрімізге белгілі. Халықтың байырғы тарихына, әйгілі тұлғаларға деген салқын көзқарас тамырына еліміз егемендік алғанға дейін үздіксіз балта шабылып келді. Тарихымыз, тіліміз, ғұрпымыз, рухани қазыналарымыз төңірегінде «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ғылыми жұмыстар жан-жақты және ауқымды түрде жүргізіле бастады.

Қазақ тарихында осындай «жабулы қазан жабулы» күйінде қалған саланың біріне шежіре тарқату жатады. Қазақ арасында ежелден жалғасқан үлгісі бар шежіре дәстүрінен кеңестік өкімет өкілдері неліктен қорыққандығы әлі күнге дейін беймәлім. Тарихтың бір тармағы шежіре тамырына балта шауып, мүлдем жоқ етіп жібере жаздады дей аламын, себебі қазіргі жастарымыздың көбі екі туып, бір қалғандарды былай қойғанда, өз әке-шешесінің туған-

туыстарын да толығымен біліп жатқан жоқ. Кеңестік құйтырқы саясат әкеге баланы, шешеге қызды қарсы қойып тәрбиеледі емес пе?

Әрине, шежіре тарқату қазақ үшін үрдісті іс, бауырмалдыққа тәрбиелеу тетігі. Бұл-мәдениетті, өз билігі өзіндегі біз сияқты елдің тарихи орын алар бір тармағы. Шежіре тек бізде ғана емес, көптеген елдерде, Шығыс мемлекеттері ғана емес, Албания, Англия, Франция сияқты бірқатар еуропалық елдерде көптеген том болып жинақталып, тіптен үстемелеп толықтырылып, кітап болып жарыққа шығып жатыр.

Қазақ арасында шежірені көбінесе ауызша айту үлгісі басым дамыған десек те, кезінде халқымыздың ардақты, ғұлама ойшылдарының жазбаша қалдырып кеткен шежірелері бар. Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири жылнамалары, Ш. Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», М.Шорманұлының, А.Ниязовтың, Ә.Бөжейұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері-өз кезінің қазыналары.

Қазақ тарихында неше бір орақ ауыз, от тілді шежіре-шешендер, қара қылды қақ жарған, аты аңызға айналған адамдар көптеп саналған. Сондай білімдар, сөзге шешен адамдарды осы уақытта да ел арасынан іздеп табуға болады. Осындай мың тарам тарихты білетін, діни көзқарасы қарымды азаматтардың қатарында төрткөлдік Алпысбай да бар. Әлемге аты мәлім бабамыз Әл-Фараби «Тарихты білмей өткенді түсіну, бүгінгі күнді ұғыну және болашақты болжау мүмкін емес» деп бұдан мың жыл бұрын жазған екен. Бұл пікір тура бүгін айтылғандай айқын да өте дәл. Төл тарихымызды тереңірек түсінуге тырысайық, үлкен-кіші ағайын. Адам мен адам арасында, ру мен ру арасында, ұлт пен ұлт арасында дау-жанжал тудырмайық. Осы орайда Жаббар Алла былай деген екен: «Егер екі одақ бір-біріне қиянат жасамаса, мен солардың үшіншісімін. Егер бір-

біріне қиянат жасаса, олардың ортасынан шығып кетемін». Қарапайым адам ретінде айтарым: құрметті туысқандар, өзара түсіністікте болайық, бірліктің байрақты туын еш уақытта да жықпайық!

Алпысбайдың алпыс алты жас ғұмырында көргені де, сол асқарлы алпысында санасына түйгені де, жастарға берер тағылымдық қазынасы да, ел-жұртына сый етер рухани рауаны да мол. Керней ауылына байланысты «Орталық Қазақстан» газетінде 2011 жылғы қыркүйектің 6 жұлдызында жарық көрген мақаламдағы Алпысбайға және басқа да азаматтарға байланысты айтылған намысқа тиетін, арды қозғайтын артық сөздерім болса, ол үшін олардан өтіне отырып кешірім сұраймын. Алпысбай тарих тереңінде де, әдебиет әлемінде де өте құнды, санаға қонымды ой-толғамдарды теңіздей толқындата алады, ұтқыр да мәнді әңгімелері тыңдар адамды тамсандырмай қоймайды. Алпысбайдың Алтынторы атамызға орайластырып айтқан екі әңгімесін оқырмандар назарына ұсынуды жөн көріп отырмын.

Далба тауы төңірегінде ақын айтыстырып, балуан белдестіріп, ат шаптырып үлкен ас береді. Осыдан үш жыл бұрын айдай сұлу Алтын деген қызға сайдың жарқыраған ақ тасындай жігіттің төресі үйленеді. Жігіттің құлын кезінен баптап өсірген торы тұлпары бәйгіге жаратылады. Сол ас кезінде аламан жарыста торы ат топ жарып, бас бәйгіні жігіттің қанжығасына байлатады. Алтынның да ай-күні толып, маңдайы жарқыраған, жанторсықтай топифан ұл туады. Бұл тамаша жаңалық ел арасына тез тарап, ақсақалдар алқасы бір ауыздан ас кезінде туған ер баланың есімін Алтынторы қояды.

Алтынторыдан сегіз әулие шыққаны көпшілікке мәлім. Олардың жетеуінің аты ел аузында, сегізіншісінің есімі беймәлім. Халық жадынан өшпей келе жатқан аңыз-әңгіме бойынша, есімі беймәлім әулиені Меккеден мұсылман

періштелері көкке көтеріп әкеткен. Меккеде қалып қойған оның асатаяғын қазақтан қажылыққа барғандар алып келіп, ерте уақыттарда Баянауыл ауылында тұрған әулие жұрағаттарына табыс еткен.

Енді Алпысбайдың ата шежіресіне қысқаша тоқталып өтейін.

Анайдан: Нияз, Мырзағұл, Құдайғұл, Құл, Жәдігер. Алпысбай балаларының жеті атасы: Анай, Құл, Шүрекбай, Байқұтты, Жүмеке, Жұмаділда, Апысбай. Алпысбайдан: Қадыролла, Мөлдір, Ерлан, Мәдениет, Жұпар, Ратбек, Аида, Бауыржан.

Қадыролладан: Айтолқын, Серікболсын, Бексұлтан.

Мөлдірден: Арайлым, Қуаныш, Ғибрат.

Ерланнан: Назар, Толғанай, Темірлан, Алтынбек.

Мәдениеттен: Бекарыс, Айғаным, Мейрамбек, Жанарыс.

Жұпардан: Қуаныш, Айбар, Әлмерек.

Ратбектен: Фариза.

Аидадан: Әнел.

Айтолқыннан Алпысбай шөбересі Мирас туады.

Құл атаның байырғы қыстауы осы күнгі Алабас елді мекені маңында. Қойеке, Жүмеке, Мақан аталар сол Алабас жеріне жерленген.

Қазақтың даласын ашаршылық жайлаған отызыншы жылдары Алпысбайдың әкесі Жұмаділданың шапағаты ел-жұртына тиіп, көптеген адам өлім аузынан аман қалған. Жұмаділда ақсақал Төрткөл бөлімшесін басқарып, халықтың күн көрісін жақсартуға елдегі беделді азаматтармен қатар атсалысқан. Жұмаділда атамыз бен Қатша анамыз немістің жетім қызы Ілияны (Лиданы) бауырларына басып, өз балаларынан кем ұстамай ер жеткізіп, жұрт қатарына қосқан. Сол Жұмаділда Кеңестер Одағы тұсында «дінге берілген адам» деп айыпталып, Қарқаралы қапасында алты ай қасірет тартып, түрмеден жабысқан дерттен 1949 жылы дүние салған.

Жетімдерді жебей жүру Алпысбай отбасына Жұмаділдадай ел ардақтысынан дарыған. Алпысбай мен Хадишаның отбасы да әке-шешелерінен жетім қалған балаларды асырап алып, оларға өнегелі де өрелі тәрбие беріп, ер жеткізген. Қараусыз қалған балаларға жасалған қарымды қамқорлықтары үшін, ата-аналық ауыр да жауапты міндеттерді абыроймен атқарғандары үшін облыстық радио мен теледидар, республикалық газет пен журналдар арқылы тәлім-тәрбиелік маңызы зор мақалалар жариялаған, сонымен қатар, Сара Алпысбайқызы Назарбаева басқарып отырған «Бөбек» қоры Алпысбай мен Хадишаны мақтау қағазымен марапаттаған. Осы күндері Төрткөл ауылы төңірегіне сыйлы Алпысбай мен Хадиша тоғыз баласы, он тоғыз немересі мен бір шөбересінің қызықтарын көріп отырған бақытты жандар.

Алпысбай ағаның Керней туралы келтірген мынандай дерегі бар: «Қаржас руынан шыққан Тілеке-Тілеміс бабамыздан тараған тарихта Керней-Шекшек батыр болған деп ата-бабаларымыз, ақ жаулықты аналарымыз айтып отыратын.

1933 жылдары 2 миллион қазақ аштан қырылды, олардың көбі қара жерге көмусіз қалды. 1937 жылдары бетке ұстар талай-талай боздақтарымызға нақақтан нақақ жала жабылып, кейін олар оққа ұшты. Алмағайып, тарыққан замандарда қандастарымыз жан сауғалап, өмірлерін сақтап қалу мақсатында қыр асып, жат елдерді қорған етті. Қандай қиын-қыстау кезеңдерді бастарынан өткерсе де бабаларымыз қазақы ұлық болмысты, ұлттық озық сананы тастай қатып, берік сақтап қалды.

Өзіңнің қара қазағыңа, қара шаңырағыңа, қара қазаныңа ештеме де, еш уақытта жетпейді. Ең бірінші, қазақ қазаққа қадірлі, сонан соң барып өзге ұлт өкілдеріне қадірлі. Бұл тұжырымды кез келген адам біле бермейді, оны жат елде жүрген, бөтен ұлт өкілімен ертеректе неке құрған, өмірдің

ашы-тұшысын дәмдеп көрген жан ғана шынайы түрде түсініп, барынша ұғынып, іштей қамығады, қан жылайды, еліне деген сағыныш мұңы ерекше байқалады, өз туған халқын аңсайды.

*О жарандар, жарандар,
Маған қарай бір қараңдар!
Айтарыма құлақ қойып,
Дидарласуға бір жараңдар!
Аспан кеңістігінде жүйткіген,
Жетті мереке күн қылмыңдап,
Күздің сұлулығына тамсанып,
Тұрды өнерпаздар жымыңдап.
Қазақтың ұлан-байтақ даласы,
Көмірі тау, Қарағанды қаласы.
Бұқар жырау бабаны сағынып,
Алаңға келді қазақтың баласы.
Ұқсағандай боп нар алыпқа,
Өзім түскендеймін қалыпқа.
Бұқар жырау тұр қасқайып,
Тіл қатқандай топ халыққа.
Алтынторым-алтын сандығым,
Қазағым, мызғымас хандығың.
Барыс бейнелі, жылқы мінезді,
Жарасады өзіңе бар паңдығың.
Қаның болған соң өр қазақтан,
Қорықпадың отты тозақтан.
Елдіктің көк туын асқақтатып,
Дана сөз айттың терең жақтан.
Қаймықпадың ақтан да, қарадан,
Қилы замандар өтті жыл арадан.
Хан алдында қасқыып тұрсаң да,
Имендің ақ жаулықты әр анадан.
Ұрпақтарың бар, арман қуған,*

*Ел-жұртынан адалынан туған.
Ата-баба мирасына құмартып,
Жыр-өлеңдерін, гүл гып бұған.
Бабаның он бір тілегін білемін,
Тілектің сөзін құлағыма ілемін.
Отандық борышты орындауға,
Жыраулардың оқуына келемін.
Айтарға мың бір тілегім бар, ақ,
Қонсын халқымның басына бақ.
Ата-бабалар рухы желеп-жебеп,
Қолдай көр Жаббар Аллам, хақ.
Тегін білген адам текті,
Тексіз түсінбейді-ау түкті.
Текті азамат болсаң сен,
Ел үшін көтерерсің жүкті.
Бұқар ата биікке самғап, кетіп тұр,
Адамдарға қарап жырын төгіп тұр!
Өткен сол ғасырлардан жолданған,
Сәуегейлік сөзі бәрімізге жетіп тұр!*

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда жер жаңа» дейді екен бұрынғылар. «Құлақ естігенді көз көреді». Осындай аталы сөздер шындыққа айналуда. Бүгінгі күні Қазақстан бүкіл дүние жүзіне танылып, алпауыт мемлекеттермен иығын тең ұстап, абройы мен беделін арттырып, халықаралық ұйымдарды басқару құқығына да ие болды. Бұған тәубемізді айтамыз. Бұрынғы коммунистік партияның солақай саясатының салдарынан көптеген адамдар ата-тегінің, өзінің кім екенін білмейтіндей, беймәлімдік бос бауыр жағыдайына да жетті деп есептеуге болады. Өткенін білмегеннің ертеңі бұлынғыр. Ықылым замандардағы ата-бабаларымызды білу аруақтарға құрмет, өзімізге міндет, келешек ұрпақтарға ата-аналық аманат. Сол себептен,

тарлан тарихтың бір тарауы, шежіре мәселесіне аса көңіл бөлгенді жөн санаймын.

Он атаны білмек керек: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, көрежат, туажат.

Қаржастың шөпшегіне дейінгі генеология:

Құлеке-Ойым: Жанат, Жаулыбай, Сақау; Телі: Әлімбет, Анай; Тілеу: Есенқұл, Елшібек.

Бегім-Сатылған: Тілеуімбет, Жансары, Таңат, Қоныс, Мәмбет.

Ерім-Алтынторы: Мәмбетәлі, Жолымбет, Келімбет, Бегімбет, Атық.

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?

Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.

Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,

Сырласалық, бермен қайт, –

деп Абай һәкім айтқан емес пе?!

Бүгінде Бұқар жырау ауылында 62, Шалқарда 59, Семізбұғыда 27 үй түтін түтетіп отыр. Әкімшілік тұрғындарының шамамен 30 пайызын жастар құрайды. Жалпы халық саны 648 адам. Ауыл төңірегіндегі 40-тан астам шаруа қожалығы бар, оның ішінде бесеуі аңыздарға дән сеуіп, жайлауларында мал өрбітеді. Осынау төңіректе Алтынторы руы шоғырланған.

Сөз өнерін пір тұтқан көшпелі қазақта көмейінен жыр құйылған жыраулар бұқара халыққа ықпал жасап, жұрт алдында зор беделге ие болған. Жыраулар хандардың жанында кеңесші қызыметін атқарды, батырларды дәріптеді, қаза тапқан белгілі тұлғаларға жоқтау арнады. Тіршілік, өмір жайлы фәлсафалық ойларды толғап, табиғаттың тылсым құбылыстарын адамдарға түсіндірді. Жыраулар хандар мен сұлтандардың кей әрекеттерін мақұлдап, дәріптеді, ал кей қылықтарын мейлінше жеріне жеткізе сынады. Тосын оқиғаға байланысты кеңес берді, шешуші жорыққа шығарда қазақ халқына ақ бата берді.

XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген Доспамбет, Марғасқа, Жиенбет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар т.б. жыраулардың өлеңдерінен сол замандағы қазақ халықының салт-санасын, ой-өрісін, арман-мақсатын, жалпы болмысын айқын аңғарамыз.

Семізбұғы тауында Түсіпов Таяқбай ағаммен кездескенде туындаған тау самалындай тоқымды ой-толғаныстарым әңгіме жазуға түрткі болды. Таяқбай ақсақал кезінде бабалар рухын жаңғырту, қазақы болмысты сақтап қалу мақсатында, табанды тілек-талаптарды үкімет алдына қоя білген айтулы ел азаматы. Мәдени-тарихи мәселелер түйінін тарқату жолдарын алға тартып, жергілікті атқа мінерлерден бастап, сонау Мәскеуде отырған, Кеңес Одағының президенті Михайл Сергеевич Горбачевтің өзіне бірақ шықты. Ақсақал басшы қызметкерлерден тақыл-тақыл жауап-хаттар алып тұрды, Бұқар жырауды елге танытуға бағытталған қызмет түрлерін осы уақытқа дейін тоқтатқан емес. Бұқар жырау жөнінде кітап жазып жүрген кезінде Әтжар сынды жазушылар Таяқбай ақсақалдың үйіне екі ай шамасында тұрып, онымен кеңесіп, оқиғалар желісін алып отырған. Жаяу-жалпылап жүріп, сөз білер қариялардан тірнектеп дерек теріп, материал жинастырып, қазақ өзін-өзі таныса екен деген ниетпен, Таяқбай ақсақалмен тілдескен соң, осы әңгімемді жазуға кірістім. Мақсат-мұратым, алты Алашты ру-руға бөліп-жару емес, рулық тәлім-тәрбиенің көсемдігін көрсете отырып, бүтіндей қазақтың бет-бейнесін, сан қилы өнерін адамзат алдында айғақтау, қазақы асқақ адамгершіліктің озық қасиеттерін балауса жастардың бойларына дарыту, төл салт-дәстүрлеріміздің маржанын ұрпақтар санасына жаңғырта дамыта беру, елімізде нағыз ұлттық патриоттарды кешенді тәрбиелеу.

Қазыналы-шежірелі бар қария,

*Көлкіп жатқан мол дария.
Салт-дәстүрді жүр сақтап,
Көне көзі, бірегейі сол қария.
Бұл қарияның есімі Таяқбай,
Тасқынды шежіре, тілге бай.
Текті қариялар азайып қалып,
Қалмайық айтып әттеген-ай!*

Арғыннан: бәйбішесінен: Мейрамсопы. Тоқалы
Момыннан: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы. Тоқалы:
Тәнбісопы

Мейрамсопыдан: бәйбішесі: Қуандық, Сүйіндік,
Бегендік, Шегендік. Тоқалы Қарқабаттан: Болатқожа,
Шұбыртпалы. Жалықпас. Тоқалынан: Қаржас.

Қаржастың бәйбішесінен: Құлықе, Бегім. Ойым, Телеу.
Өтен-Баян. Жаңқа- Таттыбай. Нияз, Қозған. Екінші әйелден:
Алтынторы, Сатылған. Үшінші әйелден: Әлімбет, Анай.
Әлімбеттен: Ақша, Байболат, Бабас, Базар.

Алтынторыдан: Артық, Мәмбетелі, Жолымбет,
Келінбет, Келменбет.

Мәмбетәліден: Азна, Жандос. Жандостан: Тасболат,
Жанқара, Кешубай, Бошан. Тасболаттан: Кедей. Кедейден:
Өтебай, Шәкәір, Дүйсен, Баянды, Баяш. Өтебай:
бәйбішесінен: Ноқай, Мінәсіп, Тыныбек, Тінәлі, Клей.
Тоқалынан: Мадай, Бапақ, Сапақ. Тоқалынан: Өмірбек,
Қаржау. Мінәсіптен: Қонақбай, Әмірхан... Қонақбайдан:
Мұқыш. Әмірханнан: Шопанай. Иманбайдан: Сайран.
Мұқыштан: Бота. Шопанайдан: Төлеу, Ерсін. Сайраннан:
Мұхамеджан... Тыныбектен: Есентай. Есентайдан:
бәйбішесінен: Мұқыш, Жәнәбіл. Тоқалынан: Мекен, Забан,
Абаш, Мұбаш. Мұқыштан: Қасен, Басара, Бопан. Қасеннен:
Қайкен, Берік, Құрықбай. Қайкеннен: Мирас. Беріктен:
Әсет, Асхат, Ғабит. Басарадан: Талғат, Серік. Талғаттан:
Айгүл. Серіктен: Айдос, Жандос. Бопаннан: Мәдениет,

Мақай, Мекеш, Серік, Серікхан. Мәдениеттен: Қайрат. Мекештен: Қанат. Серіктен: Ринат. Жәнәбілден: Дінмұаммед, Шайбан. Тінәліден: Балта, Сүлеймен. Балтадан: Мақат. Мақаттан: Қалдыбай, Бақтияр. Қалдыбайдан: Қазбек, Жәнібек. Қазбектен: Ерлан. Жәнібектен: Ержан. Бақтиярдан: Бибітай, Ғалымтай. Сүлейменнен: Аушаһман. Аушаһманнан: Зинеакпар. Зинакпардан: Зинеден, Зейнолла. Зинеден: Сайлау. Сайлаудан: Қабыкен, Қайыр, Асқар, Баулыбай, Аманкелді, Асхат.

Шәкірден: Анақ, Жанак, Жанасып. Анақтан: Малыбай, Бөстекбай. Малыбайдан: Шержан. Шержаннан: Тәмәндар, Ермұқан, Жармұқан, Айтым. Тәмәндардан: Рымтай, Кәрімтай, Қорабай, Жүсіп, Жұмабай, Өрікбай. Рымтайдан: Сағат, Сәбит, Хамит, Төлеубай, Ергелді. Сағаттан: Куча. Кәрімтайдан: Ғалы, Қайрат, Қайсар. Қорабайдан: Аяз, Нүркен, Нұрлан, Наурызбай, Ерлан. Жүсіптен: Ержан. Жұмабайдан: Бота, Дидар. Өрікбайдан: Сағынай. Ермұқаннан: Бисенбай, Жайлаубай, Аман. Бисенбайдан: Саят, Сырым, Самат, Айдар, Дәурен. Сырымнан: Мақсат. Жайлаубайдан: Ардақ, Жарқын, Алмас, Асхат. Аманнан: Руслан, Рүстем, Дидар. Бөстекбайдан: Жекен, Жәркей. Жекеннен: Айдархан. Айдарханнан: Рахметолла. Рахметолладан: Балқият, Қинаят, Амангелді, Аманжүсіп, Амантай. Жәркейден: Қанапия. Қанапиядан: Әбдікәрім, Әділбек, Тұяқ. Әбдікәрімнен: Шоқан, Айдос. Әділбектен: Мәди. Тұяқтан: Қуан...

Жанақтан: Жандыбай. Жандыбайдан: Мақаш, Түсіп, Бидайық. Мақаштан: Кәкім, Шертібай. Кәкімнен: Мұрат, Төлеутай. Мұраттан: Торғай, Сансызбай. Төлеутайдан: Торбай, Қуаныш. Торбайдан: Дәурен, Нұрислам. Қуаныштан: Диас. Шертібайдан: Сартай, Серік. Сартайдан: Ерғаш, Микон, Асан. Түсіптен: Боқай. Боқайдан: Белгібай,

Атағозы. Белгібайдан: Арман, Аман, Ерлан, Досан.
Бидайықтан: Тәнкіс.

Жанасыптан: Толыбай. Толыбайдан: Қорлыбай.
Қорлыбайдан: Ибәділда, Хамар, Асқар. Асқардан: Әділхан,
Патылхан. Патылханнан: Қамзе, Қаппас, Қабдолла, Қамбар.
Қамзеден: Олжас. Қабдолладан: Арман, Талғат... Хамардан:
Сейілхан, Қабыкен. Сейілханнан: Махмет. Қабыекнен:
Елеукен.

Баяштан: Шаяш. Шаяштан: Сармантай, Ахмет, Үсен,
Қаржаубай. Самантайдан: Кәкен, Кәбіш. Кәкеннен: Әбу.
Әбуден: Сапар, Қапар, Сәбит, Сәкен, Талғат, Дат, Сауран.
Сапардан: Аян. Қапардан: Медет... Сәбиттен: Жако.
Сәкеннен: Сағи. Талғаттан: Ерден, Арғын. Саураннан:
Нұрсұлтан... Кәбіштен: Зап. Заптан: Теміржан, Бақтыбай,
Нұрболат, Мейрам. Ахметтен: Қасым, Қасен. Қасымнан:
Балташ, Төлеш, Мақсұм, Қинаят. Қинаяттан: Болат, Марат,
Қайрат, Әйбат, Қайролла.

Жанқарадан: Жәнібек. Жәнібектен: Дербісәлі.
Дербісәліден: Аралбай, Бұғыбай, Марал. Аралбайдан:
Жанкөт, Мәмбет. Жанкөттен: Қажекей, Божақай, Шәйті,
Көккөз, Жолды, Шыныбек. Мәметтен: Қосшықұл.
Қосшықұлдан: Сопақ. Сопақтан: Қайролла, Рахметолла,
Рзатай. Қайролладан: Нәскен... Жолдыдан: Молдаш,
Шаймақ, Жамаш, Сабыр. Молдаштан: Мақыш, Қапсаттар.
Қапсаттардан: Байжан, Саржан, Сержан. Байжаннан:
Тайжан, Ақжол. Саржаннан: Қайсар. Шыныбектен:
Сыпатай, Смағұл, Мырза, Мырзатай, Әужан. Сыпатайдан:
Рапығатбек. Рапығатбектен: Ардабай, Қалиасқар.
Қалиасқардан: Ақжан. Мырзадан: Ғалым. Ғалымнан:
Әдіғали. Әбдіғалиден: Олжас. Олжастан: Мағжан.

Жолымбеттен: Қойсары, Қалқаман, Ырысымбет, Назар.
Қойсарыдан: Әлібек, Әйбек, Манабай, Шындәулет.
Шындәулеттен: Айту, Байту, Малту, Жанту. Айтудан:
Нұралы, Құтпанай, Күжір, Сарт, Қожабай, Кемел. Айтудан:

Нұралы. Нұралыдан: Жұман. Жұманнан: Жұмабай. Жұмабайдан: Мақұлбай, Тентекбай. Мақұлбайдан: Бүркітбай, Өмірсал, Мүрсал. Бүркітбайдан: Қадиролла. Мүрсалдан: Тезекбай, Бекіш, Кәкіш, Майдан. Бекіштен: Мәнәп, Ақап, Ысқақ, Ердос, Ерхат. Кәкіштен: Қабдолла, Асылхан, Шарапат, Ерхан, Райхан. Майданнан: Әубәкір, Ерболат, Нұрболат, Нұртас. Тентекбайдан: Мұқаш. Мұқаштан: Әген. Құтпанайдан: Шортанбай, Боташ. Шортанбайдан: Қоңырбай, Шүкей, Бақыбай, Бейсенбай. Қоңырбайдан: Кәрімжан. Кәрімжаннан: Қаршыға, Тәтіш, Сайлау. Шүкейден: Ауқали, Бисенбай. Бисенбайдан: Құрмаш, Мақыш, Қатыш, Құрмаш. Бақыбайдан: Әміш, Ниязбек. Ниязбектен: Санақбай, Қонақбай. Қонақбайдан: Қайрат, Қайырбек, Қазбек. Боташтан: Алданғор. Алданғордан: Мұсабай, Сәрсенбай, Бисенбай. Мұсабайдан: Кәмәш, Нүркен, Ғабиден. Күжірден: Теңізбай, Иман. Иманнан: Досекей. Досекейден: Тәшімбек. Тәшімбектен: Жексенбек. Жексенбектен: Мұса, Иса, Серікбай. Мұсадан: Алпыс, Айдос, Жандос. Алпыстан: Мемлекет, Мұхамедәли... Исадан: Әлібек. Серікбайдан: Жетпісбай. Теңізбайдан: Бұжыға, Бақай, Бекқожа. Бекқожадан: Есенғали, Құрманғали. Құрманғалиден: Аманжол. Сарттан:Ізбас. Избастан. Нұрылда. Нұрылдадан: Қали, Қайшыбай. Кемелден: Әбілдә, Кәрімдос, Қабай, Өтеулі, Өтебай, Бәйділдә. Әбілдәдан: Қажен, Төлеутай. Қаженнен: Хамит, Қамбар. Төлеутайдан: Сағынтай. Сағынтайдан: Нұртай, Ертай, Қазтай, Қапай. Кәрімдостан: Тұрсынхан. Қабайдан: Жақыпбек, Ақыш, Әкіш. Жақыпбектен: Құрмаш. Құрмаштан: Жармұхамед, Болат. Ақыштан: Жетпісбай. Жетпісбайдан: Сағындық. Әкіштен: Екпінтай, Амангелді. Екпінтайдан: Ерсін, Назар. Назардан: Рауан. Өтеуліден: Түсіп, Төлепберген, Аяпберген. Төлепбергеннен: Шәйкен. Шәйкеннен: Есенжол, Аманжол, Айтқожа, Байқожа, Амангелді, Жангелді. Есенжолдан: Ербол. Аманжолдан:

Әсет, Нұрым, Бейбіт. Айтқожадан: Еркебұлан, Бозғұлан, Ерғұлан. Байғожадан: Дархан, Бауыржан. Амангелдіден: Асылхан, Әділхан. Бәйділдәдан: Жүнісбек, Бек. Бектен: Дәнішпан, Егеубай. Дәнүшпаннан: Дастан. Егеубайдан: Үрістем.

...Алтынторы-Сатылған-Әлімбет-Анай. Алтынторыдан: Артық, Әмбетәлі, Жолымбет. Мәмбетәліден: Азына, Кешубай, Бошан, Өтебай, Телеу, Деріпсәлі. Жолымбеттен: Қойсары, Қалқаман, Рысымбет, Назар. Қойсарыдан: Шындәулет, Манабай. Шындәулеттен: Байту, Айту, Жанту, Малту. Малтудан: Байқоңыр, Жанқоңыр, Телқоңыр, Сарбас. Сарбастан: Құлқара, Құлмырза, Өзден, Байтемір. Өзденнен: Түсіп, Асқар, Зиын. Асқардан: Мекен. Мекеннен: Жақсылық. Жақсылықтан: Әмірхан. Түсіптен: Шәмен, Шәкір. Шәменнен: Жарылғасын, Рамазан, Мейрам. Жарылғасыннан: Жанат, Амангелді. Рамазаннан: Ерлан. Ерланнан: Нұрдәулет. Мейрамнан: Нұрсұлтан, Нұрлан. Шәкірден: Таяқбай, Қанат, Қабдолла. Таяқбайдан: Мадияр. Қанаттан: Данияр, Айдар. Даниярдан: Әмір. Қабдолладан: Бақтияр. Бақтиярдан: Алдияр. Құлқарадан: Ысқақ. Ысқақтан: Ақыбек. Ақыбектен: Қадылбек, Әділбек, Болат, Қайырбек, Ақымбек. Қадылбектен: Әділ, Ардақ, Арғын, Дулат. Қайырбектен: Нұрлыбек, Айдын. Құлмырзадан: Бөжік. Бөжіктен: Бейсек. Бейсектен: Таяш. Таяштан: Мақсұт.

...Байтемірден: Мұқтар, Райымбек. Шегініс. Бұл екі кісі Айдабол руының атақты батырлары. Бешерден-Жүніс деген батырлармен жекпе-жекке шыққан. Қара күш-қуат пен айла-тәсіл сайысында Мұхтар мен Райымбек жеңіске жеткен деген дерек халық жадында осы уақытқа дейін сақталған. Асқардан: Мекен. Мекеннен: Жақсылық.

...Бошаннан: Саңқай, Саршан, Айтқожа, Бекқожа, Қараша. Саңқайдан: Армия. Саршаннан: Шағыр.

Айтқожадан: Салман. Бекқожадан: Тыныштық, Дәуіт.
Қарашадан: Шайкен, Бекен.

...Келдібектен: Нұржан, Баязит, Уәйра. Нұржаннан:
Жағыппар, Саламан.

...Керімнен: Қасен, Құсайын. Қасеннен: Әди, Шәріп,
Қабылаш, Қантай, Майдан. Қантайдан: Бейбіт, Еркін, Аман.
Бейбіттен: Мақсат, Нұрлан. Аманнан: Темірлан.

Жоғарыда көрсетілген Алтынторыдан бері қарай бес ата
көлемінде деректер болмай отыр. Үйткені, шежіре
білетіндей ақсақалдар дүниеден өтіп кеткен. Енді, бүгінгі
ұрпақтарының кейінгі аталары туралы мынаны айтамын:
Қосшығұлдан: Дүйкен, Дүйсенбай. Құмағанбеттен:
Шалғынбай. Асқардан: Тәуекел, Қали. Салпауыздан:
Сатжан. Асмағанбеттен: Садық, Төлеш, Айт. Дүйкеннен:
Саркен. Саркеннен: Мейрам, Бедел, Болат, Галдама.
Шалғынбайдан: Нүркен. Нүркеннен: Ордабай, Көшербай,
Марат, Сапар. Сапардан: Диас. Қалидан: Төлеутай.
Шалғынбайдан: Дүзелбай. Дүзелбайдан: Байсовет, Еламан,
Жәкен, Мереке. Садықтан: Сайлау. Сайлаудан: Қайыр.
Қайырдан: Нұрсұлтан. Төлештен: Сайкен, Мақсұт.
Сайкеннен: Төлеген, Ануар, Данияр, Әлібек. Мақсұттан:
Азамат, Нұрболат.

Жолымбеттен: Қойсары, Қалқаман, Рысымбет, Назар.
Рысымбеттен: Дәуім. Дәуімнен: Байжігіт. Байжігіттен:
Байзақ. Байзақтан: Сейталы, Сейтпек. Сейталыдан: Смайыл,
Мұзайыл, Төкен. Сейітпектен: Олжатай. Олжатайдан:
Бейсен. Бейсеннен: Серік, Доси, Беку. Смайылдан: Тайлақ,
Жаңбыш. Төкеннен: Мақсұт, Мәмбет, Бекет.

Оңаша ойға түссең, таудың басы,
Дүниенің тусылмас тамашасы, – деп
Шәкерім қажы айтқан.

Кейбір адамның бойында экстрасенсорлық қабылдау, өз
ойы мен сезімдерін басқа адамға сезім мүшелері мен
физикалық ортаның қатынасынсыз жеткізу, болашақты

болжай білгіштік, түс көру тәрізді табиғаты әлі де анықталмаған, дұрыс бағыттағы аса күшті сезімдік қабілеттер болатындығын қазіргі ғалымдар растап отыр. Олардың пайымдауынша, әрбір материалды тірі ағзаның бойында оның сыртқы табиғи физикалық денесінен аумайтын, яғни оған өте ұқсас, материалды емес, екінші пішіні болады екен. Сондай-ақ, әрбір тірі ағза өз денесінен үнемі жан-жаққа ультракүлгін түсті сәуле шашыратып тұрады. Осы тәрізді, әлі де сыры ашылмаған құбылыстарды ғылыми тілде асталды экстериоризация дейді.

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады дейді һәкім Абай. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Үшқоңыр, Шамалған, Ұзынағаш өңірлерінде туып-өскен. Әбіш ата мен Әлжан апаның перзент сүюге зар болып, Райымбек баба бейтіне зиярат ете барғаны, онда апамыздың түс көргені, түсінде «дүниеге сұлтан келеді» деп аян берілгені бізге мәлім. Интеллектісі жоғары, білімге құштар, жаңалық-жақсылыққа қатты үйір, әзіл-қалжыңға бейім, сымбатына көркі жарасқан Нұрсұлтанға төңірегіндегі қыздардың бәрі де ғашық болғанға ұқсайды. Нұрсұлтан Назарбаев текті тұқымнан, тәрбиелі ортадан шыққан ұлы тұлға. Қазақстан президенті Медине қаласына іссапармен барғанда үш айдан бері көктен тамшы тамбай, құрғақшылық болып жатқан уақытпен сәйкес келіпті. Елбасы ұшақтан түсіп, қасиетті шаһарға табаны тигізген сәтте, аспанды қара бұлт басып, жаңбыр жауа жөнеліпті. Мұның себебін таңқала сұрағандарға сол жақтағы дін ғұламаларының бірі «Бір елдің патшасы келді» депті. Сәлден соң ихрам киген Елбасымызды көргенде, «Бұл-Қазақстанның патшасы. Оның бойында жеті әулиенің күші бар» деген екен.

Шынымен бұлар адамды елең еткізер ардақты есімдер еді.

Қазақ халқы сөз қадірін білген. Сондықтан да ұлыс тағдырында шешуші мәнге ие болған, атағы асқан хандарын өз-Жәнібек, Еңсегей бойлы ер Есім, Салқым Жәңгір, өз-Тәуке деп әспеттеген. Біреуінің даналығына басымдық берсе, екіншісінің жау жүрек батырлығына бас ұрған. Өзі батыр, өзі ақын-жырауды Қарға бойлы Қазтуған, жүрегінің түгі бар сұлтанды Көкжал Барақ деп сипаттаған. Жау қамалдарды бұзған қаһармандарын Көкбөрі Керней, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Мүйізді Өтеген, Шанышқылы Бердіқожа, Жаужүрек Жарылғап, Ақжолтай Ағыбай деген қайталанбайтын, өр есімдермен өрнектеген. Сол сияқты, болмысы бөлек билерін Шаншар абыз, Үйсін Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Алшын Әйтеке би, Қудауысты Құттыбай атандырды. Өйткені, жаугершілік замандарда, төрт құбыласы тұтасқан елде батыр мол, жер дауы, жесір дауы арылмаған жұртта би көп. Көмекей әулие-Бұқаржырау өз тұсындағы тұғырлы тұлғалар жайлы былай жырлайды:

*Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаздауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек –
Орманнан көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.*

Яғни, басқа би-батырларға қарағанда бұлардың жолы да, жөні де бөлек екендігін айтады. Қара орман қазақтың, Орта жүзінің, Алынтөрі руынан шыққан, мына сынды, жеті әулие, тарихта сахнасында өшпестей етіп өз іздерін қалдырған: Бұқаржырау, Тырнақ әулие, Қойман ата, Жұпар ана, Көшербай әулие, Бесімбай әулие, Зура ана.

Қазақтың Көмекей әулиесі – Бұқаржырау. Алтынтөрі руынан шыққан қазақ халқының көрнекті өкілдерінің бірі

Бұқаржырау Қалқаманұлы туралы ел жадында мынандай деректер сақталған. Бұқар бала кезінде көп жылға дейін сақау болып жүріпті. Бір күні Қалқаман батыр көрші ауылға тойға баруға қамданып жатқанда, «мен де барайын» деп жанына Бұқар келеді. Қалқаман баласына «бармай-ақ қой» дейді. Көпшілік «Қалқаманның сақауын қараңдар» деген сынай көрсетер деп ойлайды ол. Бұқарға Қалқаман батыр «Одан да малыңды бағып, жайыңмен жүре бер» депті. Содан бір күні Бұқар малдың соңында жүре-жүре әбден шаршап, бір бұтаның түбіне жантайып, сол бойда ұйықтап кетіпті. Ұйықтап жатқанда ол мынандай түс көреді: қос жанарынан мейірімділік шапағы төгілген, иман жүзді, ақ сақалды, ақ ниетті, ақ пейілді, ақ тілекті, сұңғақ бойлы, ақ сәлделі, ақ шапанды, оң қолында ташпик, сөздерінен даналықтың дәні төгілген, ақбоз ат мінген аққұба шал келіп, су жорғасынан жерге жайлап түсіпті де: «Оян балам, аузыңды аш!» депті. Сол сәтте балғын баланың аузына «періште кейіптегі шал» түкіріп жіберіпті. Сол-ақ екен, сақау балаға тіл бітіп, жатқан жерінен атып тұрып, көмейі бүлк-бүлк етіп, кеудесі аузына тығылып, зарлы заманның әуені бойын билеп, қанат біткендей болып, құс тәрізді күйге түсіп, ауылға қарай «ұша» жөнеліпті. Мұны байқап қалған кейуана «Бұқар сөйледі! Бұқар сөйледі! Бұқар сөйледі, сөйлегенде өлеңдетіп сөйледі!» деп кең далаға жар салып, мазасы кетіп, ерсілі-қарсылы тағатсызданып жүрген Қалқаман батырға келіп, сүйінші сұрапты. Қалқаман батырдың қуанышы қойнына сыймай, таңасып тұрған тұлпарды, күмістелген ер-тұрманы, қару-жарағымен қоса-қабат, ақ кимешекті анаға сыйға тартыпты. Қалқаман батыр Бұқардың қолынан жетектеп, аяқтарын жай басып, ақ шаңыраққа қарай беттерін түзепті. Осы уақыттан бастап, Бұқаржыраудың жүрегіне бақыт құсы қонып, бойына әулиелік қасиет дарыпты дейді көпті көрген көнекөз қариялар.

Абылай жиырма жасында хан болып ақ киізге көтерілген соң, Бұқар жырауды өзінің бас ақылшы дәрежесіне көтеріп, оң жағынан орын ұсыныпты. Абылайхан ылғида Бұқаржыраудың ақыл-кеңестерін тыңдап жүрген. Бұқаржырау өз пікірін батыл айтып отырған:

*Әй, Абылай, Абылай!
Жеті жасымда сені көріп едім.
Он үш жасымда екі көріп едім.
Үйсін түйесін баққан құл едің,
Сабалақ атпен жүр едің.
Сен жиырма жасқа келгенде,
Ақ сұңқар құс болып түледің.
Қыдыр келді қасыңа,
Бақыт қонды басыңа.*

Бір күні Абылайхан Бұқар жыраудың әулиелігін сынамақ болады.

– Әй, Бұқаржырау, осы Бөгенбай батыр қайда екен, білесің бе? – деп сұрапты. Сол кезде Бұқар жырау былай сөйлепті:

*Қаздауысты бұл Қазыбек,
Керейден шықты Жәнібек.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай.
Міне, міне, жаңа гана,
Дүниеден өтті Бөгенбай!*

Дәл осы сәтте хан ордасына үш кісі кіріп келіп «Бөгенбай қайтыс болды!» деп хабар келтіріпті. Мұны естігенде Абылайхан Бұқаржыраудың әулиелігіне таң-

тамаша қалыпты. Осы уақиғадан бастап Бұқаржырау көмекей әулие атанды.

Бұқаржырау тоқсан үш жасында сырқаттанып жатып, Алтынторы әулеттерін жинайды.

– Мен дүниеден көшуге бет бұрдым. Менің мұңдасым да, сырласым да Абылайхан келеді. Бірнеше жерден керме тартындар.

Қарауыл қырдан төңіректі көзімен бақылап отырғанда, Керегетастың күнгеі тұсынан үш аттының қарасы көрінеді. Жастар жедел қимылға кірісіп, жеті жерден керме құрып, жеті-жетіден жұп құрысып, өзара арқан тартысып, тұра-тұра қалысады. Үш аттының біреуі Абылайхан екен. Абылайханның Кербестісі бес бөгетті бұзып-жарып, алтыншы ала арқанды кере-мере адуындап, езуіндегі болат ауыздығын күтірлете шайнап, артқы қос аяғымен жерді тіреп, алдыңғы екі аяғымен аспанды тарпып, оскырына тулай кісінеп барып, әрең дегенде, тұлпардың төрелігін танытқандай болып, кілт тоқтай қалады.

Сонау заманның салты бойынша, төрт-бес жігіт ұжымдасып Абылайханды ат үстінен түсіріп, көк шөпке төселген ақ киізге қондырып, одан соң оны жерден тік көтеріп алады. Ақ текеметтегі Абылайханды Бұқаржыраудың киіз үйіне сол қалпы кіргізіп, қақ төрге отырғызады. Сол мезетте Бұқар жырау: «Абылайханым, келдің бе? Мал-жан, ел-жұрт есен-сау ма? Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман болады. Қазақтың ұлан-байтақ жері бақ-дәулетке толады... Қайран қазағым, хан Абылайым хош бол, хош бол, хош бол!» деп Ұлы қазақ халқының жарқын болашағын Абылайхандай ел азаматтарына тапсырғандай кейіп танытып, бата-өсиетін бағыштап, кешу-ғафу алысып, паң даланың көмекей жырауы, осынау жарық та кең дүниемен қимастықпен қоштасып, өмірден озған екен. Абылайхан Бұқаржыраудың денесін ақ киізге орап, Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жеткізіп,

сонда оны арулап жерлеу рәсімін ортаға салады. Бұл тілекті ақсақалдар алқасы құптамайды. Рубасылар өзара келісіп, киелі Далба тауының етегіне Бұқаржыраудай тау тұлғаны жерлеуді жөн көргендігін, қазақ атаулының құлағы жетер, ұшқан құстың қанаты талар, ен даладағы халыққа хабардар етіпті. Бұқаржырау өз ғұмырында қазақтың жеті ханына кеңесші-ақылшы болған.

Жеті әулиенің енді бірі – Тырнақ әулие (Тырнақ ана). Артықтың тұқымы. Боз бала шағында Жидебай Ерейментауға барып, Тырнақ есімді сұлу қызға ғашық болып, ақыры оны өзіне ертіп, еліне алып қайтады. Елге келген соң қыздың кереметтейін әулиелік қасиеттері көзге көрінеді. Болатын түрлі уақиғаларды айна-қатесіз, дәлме-дәл болжап айтады екен.

*Мұсылмандықтың үлгісі,
Имандылық пен шаригат.
Үгітімді ұқ, ұрпақтарым,
Бұзылмасын ару табиғат!
Су атасы-Сүлеймен,
Күресемін дүлеймен.
Су апатынан Алла сақтасын,
Мен тілдестім бүтін әлеммен.
Ғаламат гасырлардан аман қалған,
Тарығып тоналғаннан, қанағаннан.
Айнала құм үйілген, бұйра таудан,
Тірілер, қашып барады талағаннан.*

Тағы бірі – Қойман ата. Қойман ата көріпкелдік, бақсылық қасиеттерімен халыққа танымал болған, еліне әділ қазылық айтып, жұрттың құрметіне бөленген.

*Қойаншық ауруын басты,
Білімділігімен елден асты.*

*Қойман ата зікір салғанда,
Дерт деген ағзадан қашты.
Қойман ата болды көріпкел,
Бақсылық қасиетін көрді ел.
Мәселе түйінін шешкің келсе,
Қойман ата ақылын алып кел!
Аппақ болады тап-таза қар,
Қоймандай ата қазақта бар.
Өмір сүрейік пәк жүрекпен,
Заман тумасын Әулиеге зар.*

Тағы бір ана әулие – Жұпар ана. Жұпар ана-Бұқаржырау Қалқаманұлының қызы. Асқан ақыл-парасаттылығымен еліне үлгі-өнеге көрсетіп, болжампаздық қасиетімен халқына қадірлі болған әз ана.

*Жұпардайын анам бар,
Жұпар иісті далам бар.
Бойымда қазақы санам бар,
Ел ақыл сұраған данам бар.
Ғақ жаратқан құп көріп, сый еткен,
Әулиелік адам басына қонады екен.
Алланың жазуы жерге жеткен сәтте,
Аспанда бақ жұлдызы жанады екен.
Жұпардай әз анамыз Әулие болмаса,
Арқада астана боларын қайдан білді?
Бәйтерекке самұрық жұмыртқаларын,
Анамыз көріпкел болғандықтан білді!*

Ендігі әңгіме Көшербай әулие жөнінде. Көшербай әулие Шорманның ауылына жиі келіп-кетіп жүреді екен. Бір жеті бойына қатты боран соғып, Зынданың жылқысы Ертіс жаққа ығыпты. Сөз арасында айта кету керек, Зында (Шаһзында) Исаұлы (1863-1935)-Шорман бидің немересі.

Көп жылдар ата қонысы Ақкелінде болыс болған. Өзінің еті тірі, пысықтығы арқасында әкесі Мұсадан қалған байлықты шашып-төкпей, асқан ұқыптылықпен меңгеріп, дәулетті тұрған. Жылқышылардан хабар болмай қойыпты. Зында ызаға булығып, мазасы кетіп, түтеген боранды түні сыртқа шыққан соң: «Көшербай әулие қазір келіп қалар»-деп ойлайды. Мұны бұл арадан қырық шақырым қашықтықта, үйінде дем алып жатқан Көшербай әулие сезіп қояды. Шырт ұйқыда жатқан баласына: «тез түрегел, шақырып жатыр» депті. Бойын үрей билеген кемпірі: «осы қараңғы түннің дүлей боранында қайда бармақсындар!?» дейді. Көшербай әулие мен баласы қос жүрдекке жедел қонып, Зынданың ауылын бетке ұстап, желе-жорта жөнеледі. Алдарынан қызыл түлкі пайда бола кетіп, жүрер жолды жарық етіп, аттарға дұрыс бағыт көрсетіп отырады. Әкелі-бала межелі жерге насыбай атым уақытта жетіп барады да, үйдің есігінен дыбыстайды. Зында жылқышылар келген екен ғой деп есікті ашса, үй жанынан Көшербай әулие мен оның баласын көреді. Бұл екеуіне Зынданың таңырқағаны сонша, ол қағып қойған қазық тәрізді қатып қалады. Зында өз-өзіне келісіменен: «Астапыралла, қайдан келдіңіздер?» депті. Көшербай әулие: «өзің жаңа ғана мені шақырдың ғой» дейді. Зында Көшербай әулиені айқара құшақтай алып: «Алтынторыдан шыққан жеті Әулие. Жансызға жан салмаса несіне Әулие?!» деген екен! Көшербай әулие үйрек, аққу, қасқыр кейіпіне көрінген-мыс.

Бесімбай әулиеден сөз өрбітсек ол кісі Назар тұқымы болады. Кезінде Меккеге барып қажы атанған. Қазіргі ауданның бас имамы Сұлтанғалидың атасы.

*Жамағатқа сыйлады нұр сезімін,
Көктем күн шашып сәуле лебін.
Мұсылмандық әр міндетін өтеп,
Көрсетті қажылық асқақ лебізін.*

*Әз Назар шешіле сөйлеп еді,
Еліне жақсылықты тілеп еді.
Осы аумалы-төкпелі заманға,
Бесімбай әулием не дер еді?
Ұжымдық еңбектің нәтижесі,
Қазаққа болар мереке дер еді.
Еліміз өнегелі ел болам десе,
Бірліктің түбі, береке дер еді.*

Тағы бір әулие анамыз – Зура ана (Дуана апа). Зура (Дуана апа)-Көшербай әулиенің немересі. Көшербай атасынан әулиелік қасиет қонған, айтқан болжам сөздері айна-қатесіз дәл келіп отырған. Бойында дуаналық қасиеттері болған.

*Зуылдаған осынау заман-ай,
Тоқтауды білмеген апам-ай.
Елдің ертеңін айтып кеткен,
Қайран қазақ, Зура анам-ай!
Қазақта дуаналар болып келген,
Тылысым дүниені сезініп білген.
Жаяу жүргенде аттыға жеткізбей,
Түсіндегін айтуға жүгіріп келген!
Түсіндегі көргені Тәңір берген аян,
Мұны мен әулиелік қасиетке саям.
Елі мен жұртын құлағыдар қылып,
Жоғарыдан кеп түскен хатты жаям.*

Есенбекұлы Байдырахман шежірелі шешен жөнінде бір ауыз сөз. Байдырахман шешен Шорман елінің сыйлы адамдарының бірі болған. Шорманның Зындасы және Сәдуақасы мен қатар Байдырахман Орта жүздің атынан үш жүздің кеңестеріне қатынасып, ой-пікір таласында зерделі тұжырымдар айтқан. Алтынторы-Мәмбетәлі-Жандос-

Бошан-Айтқожа-Келдібек-Есембек-Байдырахман-Шәрәпиден. Шәрәпиденді апасы Айшатай 1925 жылы Көкшетау, Қызылжар қалаларындағы жетім балалар үйіне тапсырғандығы туралы деректер бар. Байдырахман Есенбекұлы Шорман әулетінің жылқышыларын басқарған. Байдырахманды руаралық кеңес-жиындарға апарып отырған. Бірде, Құдайменде төренің жалғыз ұлы дүниеден көшеді. Жалғыздың қайтыс болғанына қиялданып, бірнеше күн жерлемей қайғырып, ол жатып алады. Төре тұқымы Шормандарға хабар жібереді: «Мына Құдайменде төрені көндіретін кісі бар ма екен?» дейді. Байдырахманды Құдайменді төренің үйіне алып келгенде ол былай депті:

*Құдайменде төресің,
Құдай ісіне көнесің.
Бір Алладан сызық келген күні,
Балаң түгіл өзің де ауырмай өлесің.*

Мұны естісімен Құдайменде төре жатқан жерінен ұшып түрегеліп: «Астапралла, мен мұсылмандық жолдан тайған екенмін. Жылдам баламды жерлеңдер» депті.

Байдырахман бірде Құдайменде төреге былай депті: «Құдай ісіне көнесің. Құдай бұйрығы жеткен бойда балаң түгілі өзің де ауырмай өлесің» Осынау сөзден кейін, уақыт бір жетінің күнінен түніне ауысқан тұста Құдайменде де бұл жарық дүниеден о дүниеге өтіпті.

Өтебайұлы Есентай жөнінде айтсақ ол кісі асқан байлығымен қалың ел арасында атағы шыққан. Ертемен жайылымға шығарылған қойлардың қорадағы кейінгі легі мен өріске ұзап кеткендерінің арасы жеті шықырымға созылып жатқан. Есентайдың екінші қасиеті қалмаққа қарсы соғыстағы мыңдаған қазақ сарбаздарын киім-кешекпен және азық-түлікпен қамтамасыз етуінде. Өтебай тұқымынан шыққан Есентайұлы Жәнәбіл білімдар тұлға

ретінде еліне белгілі. Бұл ғалымның тарихи құнды және қызықты әңгімелерін дүйім жұртпен қатар, сол кездегі Шорман әулеті де асқан ыждаһаттықпен тыңдаған.

Алтынторының есімдері халыққа мәшһүр, атақ-даңқтары асқақтаған тау-тұлғалары:

1.Әулиелер-Бұқар жырау, Тырнақ әулие, Қойман ата, Жұпар ана, Көшербай әлие, Бесімбай әулие, Зура ана.

2.Шешендер-Жанәбіл, Байдырахман, Елеу.

3.Батырлар- Қалқаман, Байту, Айту, Жанту, Кешубай.

4.Байлар-Өтебай, Есентай, Байзақ.

Ертеректе, Алтынторы руынан шыққан қажылар:

1. Зікірия Жанбайұлы (екі мәрте).

2. Бесімбай Мамытұлы.

3. Мақан Бесімбайұлы.

4. Жүніс Бесімбайұлы.

5. Зейдеабыл қажы.

6. Боқты Деріпсалыұлы (Бақтыбай қажы).

Осыдан кейін туған топырағыңды қалай айналмайсың?!

Қайран Семізбұғым сайрандаған,

Өмірің өтіп барады тайраңдаған.

Қолға қайла, күрек, шелек ұстап,

Есте, корунд теріп тауға барған.

Қайырмасы:

Қос Семіз мұнарланған,

Көруге естіген жан құмарланған.

Нанын жеп, суын ішіп,

Түрлі халықтардың мейірі қанған.

Семіздің малы сыймады-ау етегіне,

Жайылған, қой семірген бетегеңе.

Алпыс жыл дәурен сүрген қайран Семіз,

Әркімнің жетегінде кеткенің бе?

Қайырмасы:

*Қос Семіз мұнарланған,
Көруге естіген жан құмарланған.
Нанын жеп, суын ішіп,
Түрлі халықтардың мейірі қанған.
Қос Семіз басың биік, шөбің сұйық,
Балаларың ойнаушы еді болып киік.
Корундіңді талап – талап алғанда,
Төсекке жата алмадым ішім күйіп.
Қайырмасы:
Қос Семіз мұнарланған,
Көруге естіген жан құмарланған.
Нанын жеп, суын ішіп,
Түрлі халықтардың мейірі қанған.*

Қарақозыдан Айхантегі Серік Тілеубайұлы 1922 жылы 1 қаңтарда Баянауыл ауданы, Далба тауында дүниеге келген. 1940 жылы Семізбұғы кеншінде жер қазушы болып еңбек жолын бастаған. 1942 жылы наурыз айында әскерге шақырылған. 1942-1949 жылдары 2066-әскери бөлімі, Түркістан әскери округі атты полкында, №13 заставада бөлімі басшысы, №2 заставада старшина болды. Соғыстан кейін 1949-1950 жылдары Семізбұғы кеншінде еңбек еткен. 1951-1971 жылдар аралығында әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы, Семізбұғы кенттік кеңестің төрағасы, партия ұйымының хатшысы, кен бөлімінің бастығы қызыметтерін атқарған. 1971 жылдан «Красный Октябрь» №4 бөлімшесінің басқарушысы, 1974 жылдан Ульянов арнайы шаруашылық бірлестігінің құрылуына байланысты осы бірлестіктің №2 бөлімшесін зейнеткерлікке шыққанға дейін басқарған. Серік Тілеубайұлы қазақы жылқы мінезімен, әскери тәртіптілігімен халықтың жадында сақталып қалды. Үкімет тарапынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен және мақтау парақтарымен бірнеше мәрте марапатталған.

Қасенов Шәріп Ұлы Отан соғысы кезінде Семізбұғы кенішінде бас инженер қызметін атқарған. Кейінірек ол соғысқа алынып, сонда қаза тапты. Артынан Шәріптің туған жиені Машрапов Шәрәпиден Жанайдарұлы кеніштің директоры болып, өндірісті өркендетті. Кеніштің бас экономисі Сыздықов Ғазали болды.

XX ғасырдың орта шенінде ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, өркендету шарасында көптеген Алтынторы руының азаматтары өз үлестерін қосты. Мысалы: Бақыбаев Әміш пен Ниязбек, Мұқанов Әбікей мен Төлтай, Балтабаев Бақи, Смағұлов Бәйдек, Жаңағұлов Шірік, Уалиев Семби мен Кәмәли т.б. ауыл техникасының төмен дәрежеде дамыған жағыдайында, адал еңбекпен Қандыкөл колхозының төрт түлік малын мыңдаған басқа жеткізіп, бағып-қақты. Кейінгі толқын азаматтар Семізбұғы кенішімен көршілес совхоздарда ерен еңбектерімен ел-жұрт көзіне түсті, олар: Кұлмағанбетов Дүзелбай, Қасенов Қантай, Шәріпұлы Тұяқ, Мұқанов Мылтық, Қасенов Жарылғасын, Рыспаев Мұхамедия мен Бейсенбай, Қасенов Сағынтай Жұматайұлы, Жаңағұлов Ұлан т.б. Олар Отан қамбасына миллиондаған тонна алтын дән құюға өз үлестерін қосты.

Қасиетті Далба тауының етегінде жерленген, қазақ халқының көмекей әулиесі Бұқар жыраудың кесенесін тұрғызуда ерекше үлес қосқан азамат, Алтынторы руының өкілі Шопанай Әмірханов.

*Ғасырдан бел асып,
Тілдесем бе бабаммен?
Заман жайлы толғанып,
Үндесем бе бабаммен?
Хан деп басын имеген,
Жағынуды сүймеген.
Қара қылды қақ жарып,*

*Адалынан сөйлеген,
Үлгі алайын діңіңнен,
Мірдей өткір сөзіңнен.
Ел деп мұңын жоқтаған,
Ер деп ұлың ақтаған.
Жер деп байтақ еліне,
Аруақты ұран тастаған.
Үлгі алайын данадан,
Бұқардайын бабадан.
Үш жүз басын қоссын деп,
Жауын таптап бассын деп.
Кеңес құрған ханымен,
Елдің бағын ашсын деп.
Үлгі алайын бабамнан,
Сізден дана таба алман.*

Қойсары тұқымының перзенті Жаңағұлов Алтын Шәкірұлы (1927 – 2012) Семізбұғының орта мектебін, Қарағандының мұғалімдік училищесін, Алматының педагогикалық институтын, Мәскеудің мемлекеттік экономикалық университетін және оның аспирантурасын бітірген. Алтын Шәкірұлы Қарағандының жоғарғы оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарған, экономика теориясы мен практикасы бағыттарында сүбелі-сүбелі ғылыми еңбектер жазған, ғылым кандидаты, профессор.

Қойсары үмбетінен Түсіпова Мәрия Шәкірқызы 1945 жылы Семізбұғы кенішінде туған. 1966 жылы Қарағанды педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін тәмәмдаған. Өмір бойына Жаңақала мен Ақбел мектептерінде табысты еңбек етіп, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ұстаз» деген атаққа ие болған. Ұлттық мәдениетке аса мән беріп, халықтық педагогика негіздерінде жастарды тәрбиелеуге күш-қуатын аямаған.

Ұлы Отан соғысына қатынасқан азаматтар: Асқаров Тәуекел, Мақатов Бөкен, Асқаров Мекен, Асмағанбетов Садық, Асмағанбетов Төлеш, Сейталинов Төкен, Хасенов Жұматай, Божиков Жексенбай, Қасенов Әди, Уалиев Әбдікәрім, Хасенов Ахметжан, Тайтөлеу аға, Шибасев Ғалымтай, Қосшығұлов Жұмаш, Әмірханов Шопанай т.б. Осы уақытта осы адамдардың ұрпақтары жер-жерлерде екпінді еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

Елі үшін туған, ер мінезді қыз, семізбұғылық қарындасым, Керней орта мектебінің ұстазы Алтынай Мұратқызы Сүлейменоваға:

*Ғаламшарда қазақтар жүр,
Гүл теріп, алысқа ұмтылған.
Арман қаламыз Астана тұр,
Ғылым-біліммен қамтылған.
Гүл әлемдегі әсемнің әсемі,
Өсімдік атаулының көсемі.
Гүлдерден жұпар иіс келіп,
Гүл оюлы текемет төсемі.
Ақ гүл пәктіктің белгісі,
Көк гүл ерліктің белгісі.
Сары гүл берекелік түс,
Көп гүл елдіктің белгісі.
Гүлі құлпырар даламыз бар,
Гүл жайнаған баламыз бар.
Адам жолына гүл бітірген,
Ардақ тұтар бабамыз бар.
Нәзік гүлдерім құлпырыңдар,
Жыр шашудай шашылыңдар.
Сыйқырлы таңды мадақтап,
Жауқазындай ақ ашылыңдар.
Сарыарқам сары гүлді,
Қадіріңді қазағың білді.*

Қасиетіңді қастерлеп,
Гүліңді маңдайына ілді.
Гүл шоғын еліме сыйлаймын,
Ұрпақ болашағын ойлаймын.
Жан-дүниенің тілін ұғынып,
Гүлді бақытыма балаймын.
Жұлдыздар түнде жымыңдайды,
Қоштасар кез адамды да қинады.
Алтын күн самалында гүл билеп,
Серіғалидің құшағына да симады.
Қыз дегенім қырдың гүлі,
Қазақы ұлды тұтам үлгі.
Махаббаттың мөлдіріне,
Айтылар тілектерім ізгі.
Гүлдей жайнасын өміріміз,
Лауласын жүрек көміріміз.
Ел-жұртым өркендей өсіп,
Терең болсын тамырымыз.
Қара ниетті ақ гүл жеңсін,
Есіктен Қыдыр атам енсін.
Халқымның дәулеті тасып,
Гүлден жеміс-жидек өнсін.
Алтынай қарындасым гүл,
Осы айтқанымды ұғарсыз.
Сіз де жағымды істермен,
Гүл дәрежесіне шығарсыз.
Алтынай, ата салтын қорғаушы,
Алтынай, қазақ тілін қолдаушы,
Сарыарқадағы елі мен жұртына,
Дұғай-дұғай сәлемін жолдаушы.
Ақ ниеттің гүлі сыйлансын,
Қазақстанымыз жайнасын.
Отанның даңқы дараланып,
Адамгершілік күйі ойналсын!

Ерлік білекте емес, жүректе.

Халық даналығы.

РАУАНДЫ РУХ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ

1991 жылдың 16 желтоқсаны – қазақ ұлтының талай-талай ғасырлар бойы азаттықты аңсаған арманының ақиқатқа айналып, ширатылған шыдамының өтеуіндей болған күн!

1986 жылғы желтоқсан айының 16-18 жұлдызындағы өкпек жел мен үшін, мен қазақпын дегендер үшін өте ызғарлы, аязды болды. «Қазақ халқына тиіспеңдер, бүтіндей ұлтты жазғырмаңдар, бар халықты қапаста ұстай алмайсыңдар, қазаққа қазақ тілінде ойлау керек, сөйлеу керек, қаракеттену керек, мен қазақпын. Қазақстан тәуелсіз ел болуы керек. Қазақ мемлекетін қазақ басқару керек» дегенім үшін өзімді коммунистер партиясының ашық жиналысына салды, жауапқа тартты. Сол жалпы жиналыста мен жаққа шығып сөйлеуге, не орыс, не қазақ, бірде-бір адам жарамады ғой. Ал, мен болсам, өз пікірімнен таймадым, қасарысып бастапқы айтқандарымда тұрып қалдым. Партия қатарынан мені шығаратынын іштей сезіндім. Жиналыс соңында партбилетті стол үстіне лақтырып тастап, өз жөніме кете бардым. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін басым құрбан деп өзімше топшыладым. Тәуелсіздіктен қымбат, тәуелсіздіктен қастерлі, тәуелсіздіктен ардақты бұл жалған дүниеде көкірегі ояу, көзі ашық адам үшін не бар?! Жиналыстан соң мені қашан абақтыға жабуға алып кетеді деп күтіп жүрдім. Бірақ та қара қапастан аман қалдым, Алла маған оң қабақ танытты деп тәубе етем осы егеменді ел болған күндері. Жаратқанға мың да бір шүкіршілік қыламын.

Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі қызыл империяның құрсауында шынжыр боп шырмалған, бұғау боп күрмелген қазақ халқының ұлттық езгіге қарсы үздіксіз күресінің заңды жалғасы болып табылады.

Бабаларымыздың:

Еділді келіп алғаны,

Етекке қолды салғаны.

Жайықты келіп алғаны,

Жазаға қолды салғаны, –

дейтін зар заманнан басталған талайлы тағыдырының, арман-мақсатының, күрсінісі мен күңіренісінің бар болмысын танытатын қайсар өрлігінің жалғасы.

Тарих беттерін парақтасақ, қазақ халқы өзінің зобалаң ғұмырында талай-талай қанды қырғындарды, зорлық-зомбылықты көрді, көп қайғы-қасірет шекті.

Соңғы ғасырларда қазақ топырағында 200-ден астам ұлт-азаттық қозғалыстар болды. Соның бірі Алматы қаласындадағы жастар көтерілісі. Бұл көтерілістің себебін бір жақты қарап, бір ауыз сөзбен түсіндіру қиын. Ол күн қазақ халқы үшін ұлы күн, әрі қайғылы, әрі бақытты күн. Сол ызғарлы желтоқсаннан бері 24 жыл өтті. Қазақ еркіндігін байрақ еткелі 19 жыл. 1986 жылы, қақаған желтоқсанның 16 күні қазақтың тәуелсіздігін тұғырлы ту тұтып, 40 мың жас Алматының көшесінде «Менің Қазақстаным» әнін шырқап, тарихи шерлі де шешуші шеруге шықты. Желтоқсан оқиғасының құрбандары Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Ерболат Сыпатаевтардың қатарында жас өмірін жалау еткен қазақтың қайсар ұлы Қайрат Рысқұлбеков халқымыздың ұлттық қаһарманы ретінде өз есімін ел жадында мәңгілікке жазып кетті.

Мұндай намыс пен рух ұшқыны Қазақстанның басқа да қалалары мен ауылды мекендерінде қолдау тапты.

*Көне тарихым жатыр көкше тасында,
Осы заманғы бар ғаламның жадында.
Азаттық дейтін ұлық ұғымның,
Желтоқсан айы тұр ең басында.
Тәуелсіздік ата-бабаларымның ұраны,
Қиын уақытта бойына таққан тұмары.
Тәуелсіздігім түнектерді тесіп-жарып,
Желтоқсанды шарпып кеткен қыраны.
Отыз жетінші жыл барыс жылы,
Жетпіс алты, ол да барыс жылы.
Алла жақсылық шапағын төксін,
Екі мың он, бұл да барыс жылы.
Тәуелсіздік-қазақы берекенің бір басы,
Дәулетің мен беу сәулетіңнің тұнбасы.
Қазақстан сен бір елсің бүкіл әлемге,
Дара танылған таудай асқақ тұлғасы.
Халықтың жадында ер есімі жатталған,
Жас қазақты ұрып-соққандар датталған.
Тәуелсіздік жалауын ең алғаш көтерген,
Жастың батылдығы ел есінде сақталған.
Мереке бүгін, ұлы той,
Ата-бабаң рухы көксеген!
Азатты елдің ұл-қызы,
Теңескен төбең көкпенен!
Биіктесін бірліктің бәйтерегі,
Астана Қазақстанның жүрегі.
Асқақта, шарықта Отан даңқы,
Рауанды рух-тәуелсіздік тірегі!*

Өзденова Гүлмира Рамазанқызы, 1986 жылғы
Қарағандыда өткен студенттердің желтоқсан шеруіне

саналы түрде қатынасып, кеңестік-коммунистік отарлау саясатына қарсы тұрып, ұлттық рухы биік, намысы берік болғаны үшін қамауға алынып, туған-туыстарымен бірге қудаланды, оқуынан қуылды. Сол қиын-қыстау кездегі Ульянов ауданындағы Қандыкөл совхозының директоры, Рамазан Шалабековтың Гүлмираның әкесі Рамазан мен анасы Зекен Өзденоваға айтқаны: «Сендердің Гүлмираларың қазақтың нағыз батыр қызы. Қазір әулеттеріңді қуғындаса, кейін қадір тұтады, мойымандар! Қайта, осындай өжет балаларың болғанына қуаныңдар! Партия қудалайды, бюролайды да қояды, ал сендер болсаңдар, қазақтың көк байрағын жоғары ұстап, аяқтарыңды нық басып, жарқын болашаққа бет түзеп, тоқтаусыз жүре бересіңдер, мұраттарыңа жетесіңдер!»

Кернейден 2009 жылдың он бірінші шілдесі күні, тәңертеңгі сағат сегізде, Павлодар қаласын бетке алып, жеңіл автомашинамен ұзақ сапарға аттанып кеттік. Құлағыма домбыраның күбірі тақыл-тақыл естілгендей күй кешудемін. Үкілі қара домбырам бірде арайлы таң самалындағы жапырақтар боп сыбдырағандай, бірде аспандағы қыран құс боп қиқулағандай, бірде таудан құлай аққан бұлақ боп тулағандай, бірде мөлдір көл айдынындағы қос аққу боп сырласқандай, бірде Баянтаудағы Баян сұлу боп ән салғандай, бірде қан майданындағы бас батыр боп ұран тастағандай, бірде арғымақтан туған қазанаттың тұяқтары боп байтақ жерді дүбірлеткендей, бірде бабалардың аманаты әуен боп менің құлағыма келіп құйылғандай таң-тамашамын. Міне, Баянтау да, Ақбеттау да, Сабындыкөл де, Жасыбай көлі (Шойын көлі) де аялы алақанға салып қойғандай болып, көркемдік сипатымен көзге көрінді. Не деген сұлулық десеңізші, шіркін?! Асқан сұлулықты суреттеуге, сірә, менің сөзім де, дарыным да жетпес-ау деймін іштей толғанып өзіме өзім. Сөзбен айта алмағанды қазақтың үкілі домбырасы жеткізері айдан анық!

Міне қызық, ойламаған жерден, Екібастұз қаласынан үкілі домбырасын күмбірлеткен күйші жігіт, Қайрат, кездесе кетті. Үкілі домбырасын күйлеп, шертіп-шертіп жіберіп, бір қозғалып қойып, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Исатайлардай күйдің дүлділдерінен бастап, осы заманғы Секен Тұрысбек сынды күй керуенін алдымызға алып келді. Айтбасов Қайрат Хамитұлы (Қанжығалы руынан), 1982 жылы Павлодар облысы, Екібастұз ауданындағы Ақкөл ауылында туған. Павлодар саз колледжінде дәріс береді. Педагог. 2008 жылы Қарағанды қаласында өткен III республикалық Тәттімбет атындағы конкурстың бас жүлдегері-лауреат. Жетпістің арасынан үздік шыққан күйші. Бұл жарыс қорытындысында қазылар алқасының төрағасы былай деген екен: «Басқалары күйлерді тартты, ал Қайрат болса шертпе күйлерді асқан шеберлікпен, әсем орындады!»

Шиббаева Мүгүлсім Ғұбайдоллақызы, Шымкенттің әл-Фараби атындағы педагогика-мәдениет институтын 1984 жылы тәмәмдаған, мәдениет қайраткері, Семізбұғыда дүниеге келген. Бұқаржырау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқаруда. «Арман» бағдарламасына орайластырылған аудан ауылдарында заманауи, модульді (медиа, интернетті) кітапханалар мен мәдениет үйлерін көбейтуге бар күш-жігерін жұмсап, халықтың мәдени-рухани дамуына оңтайлы жағыдай жасауда. «Мемлекеттік тіл-мерейім» бағытында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырып, ауданда қазақ тілін өркендетуде өз үлесін қосуда.

Бұқар жырау аудандық «Жыржас қажы» орталық мешітінің бас имамы Шолақов Сұлтанғали Бектасұлы, аудан халқын мұсылмандық ілімге ынталандырып, жас-жеткіншектердің діни сауатын ашып, ұлттық тәлім-тәрбиеге негіздеп, аудан мектептерінде «Рухани» сабақтар жүргізуде.

Халқымызға біреулер айтып жүргендейтәуелсіздігіміз өздігінен келген жоқ. Оның бастауы тереңде. Осы жерде Жүнісбек батыр жөнінде айта кетсем деймін. Халық даналығы «Болатын ел бірін-бірі батыр дейді, болмайтын ел бірін-бірі қатын дейді».

Ж. Асқартегі былай дейді:

*Өтті ғасыр, өтті жылдар қарамай,
Солды терек, солды емен, қарағай.
Азаматтың парыз-жүгі ақталмас,
Көтермесек өткендерді даралай.*

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме қазақ? Жақсылардың ел-жұртына жасаған жақсылықтарын айтайын, олардың жүздері жарқырап, нұрлары тасысын!

Батыр батырлығын жасайды, жаужүрек болғандықтан. Қорқақ қорқақтығын жасайды, сужүрек болғандықтан. Батыр-халықтың қорғаны, адамның нары. Қорқақ-елдің соры, адамның қоры. Ел-жұрты үшін туған батырларымызды барынша бағалайық, құрмет тұтайық, еш уақытта ұмытпайық. Қорқақ болып туғандардан Алла сақтасын. Тарлан тарихты алдай алмайсың, әр кезде де ақиқат жеңіп шығады. Мұны білетін сәт боларма ма екен? Қазақта қысыр қызғаныш, аяқтан шалу, артқа тарту тәрізді жағымсыз қасиеттер оқтын-оқтын бой көрсетіп қалады. Қазақтың бірін-бірі көре алмаушылығы тыйылатын күн барма? Ата-бабаларымыз үш жүздің басын қалай қосып ұстаған? Татулыққа, білікке жеткізу де, жету де өз алдына бір адамның ерлігі іспетті. Бұл күндері екі қазақты татуластырып, бастарын біріктіре алмайтын жағдай, өкінішке орай, байқалып қалады. Қырық ру қазақпыз, татулықта, бірлікте өмір кешейік, ағайын! Өмір біреу, өкініш төртеу. Бес күндік мына дүниеде игі істерді ғана

атқарайық. Батырды батыр дейік, қорқақты қорқақ дейік. Жікке, руға бөлінбейік. Қалай десек те, бұл жарық дүниеде жақсы адамдар да, жаман адамдар да бар. Жақсы адам ел мен елді жарастырады. Бұл елдерге бақыт құсы келіп қонады. Жаман адам ел мен елді араздастырады. Бұл елдер қайғы-қасіретке душар болады. Рушылдықтан да, қазақшылдықтан биігірек көтеріліп, адамзаттық жоғарғы деңгейге ұмтылайық. Бүкіл әлем алдында бір қазақ, нар қазақ, дана қазақ болайық, құрметті қандастар! Қара жерге көмілген асыл тас түсін де, нарқын да еш уақытта жоғалпайды, жайнаған үстіне жайнай түседі, жарқыраған үстіне жарқырай береді. Асылды қара күйемен бояп татасаң да, ол қайырадан нұрланып көзге көрінеді. Батырдан айбындық желі еседі, ал ақыннан жүрек сәулесі төгіледі. Асылды қара жер астына мың жылға көміп тастасаң да, түбінде жарыққа шығады. Қазақстанның жер асты кенге қандай бай болса, жер үстіндегі адамдары да адамгершіліктің асыл қасиеттерінен кенде емес. Сондай асыл қасиеттердің бірі жерімізде, елімізде ерте дәуірлерде болып өткен, тарихи оқиғаларды, еш ұмытпай жадында ұстау, есінде сақтау. Бұл асыл қасиет иесінің бірі, Керней ауылының байырғы тұрғыны, Егеубай Бекұлы. Егеубай Бекұлы атадан атаға жалғасып келе жатқан сәлем хатты зерде қоймасына нығыздап дестелеген, білімдар азаматтардың бірі. Астарлап сөйлеудің де, мақтамен союдың да сәйгүлігі, тарихи нақтың тұлпары.

2011 жыл. 24 мамыр. Керней ауылы. Сағат 12. Егеубай Бекұлының үйі. Егеубай Бекұлы қазақ тарихын өте жақсы біледі. Қазақы нақты, сындарлы әңгіменің хас шебері. Атадан атаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауызша тарихты тарқатуға мәтіби, тасқа таңба қойғандай қылып қатырады. Кернейлердің Кернейтауда тұрғанын, Көкбөрі Кернейдің уланған жебеден қалай өлгенін Жүнісбек әкесінен естіген. Аталардан бүгінгі күнге жеткен

дастан: «Қалмақтармен болған шайқаста Көкбөрі Кернейге уланған жау жебесі тиеді. Көкбөрі Керней денесіне қадалған жебенің шыбығын қиратып, лақтырып жібереді де, әрі қарай соғыса береді. Жау жеңілгеннен кейін ғана жантәсілім етеді». Егеубай Көкбөрі Керней жөнінде ешбір әдебиетті оқыған емес, құлағы да естімейді, ал оның маған кернейлер туралы айтып берген әңгімелері, кеше ғана менің қолыма тиген Дау ұрпағы Садық Смағұловтың кітабында келтірілген деректермен дәлме-дәл. Егеубайдың айтқан сөз иірімдеріне, ой түйіндеріне таңырқай қарап, бар ынта-жігеріммен тыңдап отырдым.

Осы уақытқа дейін ел-жұрттың аузынан түспей жүрген батырлардың бірі Жүнісбек. Алынтөрі руынан былай тарайтын Жүнісбектің төрт атасы мына кісілер: Айту, Шындәулет, Кемел, Байділда. Жүнісбек пен Бек бір ата-анадан туған, ағалы-інілі. Жүнісбек батыр 1888 жылы туып, 1990 жылы 102 жасында Алғабас ауылында қайтыс болған. Жүнісбектің кіндігінен ұрпақ жоқ. Бектен екі ұл: Данышпан, Егеубай. Данышпаннан Дастан. Егеубайдан Рүстем. Егеубай Жүнісбек батырдың бауырында өскен, оның баласы есебінде.

Керней ауылына таяу жердегі кіші Топайда Жүнісбек Байділдаұлы дүниеге келген. Үш мың шамасында қойлары, ондаған сиырлары, үйір-үйір жылқылары бар Байділда өз заманының ауқатты адамдарының бірі болған. Байділда Жүнісбекті бетінен қақпай, ерке ұл қылып өсірген, ол ойын баласы болып ер жеткен. Жүнісбектің бойының ұзындығы кере екі құлаш шамасында, кең иықты, қақпақтай жауырынды, білек еттері балғадай жұмыр болған.

Жүнісбек қазақы жыр-дастандарды тыңдағанды ұнатқан. Той-томалақтарда, астарда, Қоянды жәрменкесінде балуандыққа түскен, көкпар тартқан, ат бәйгілеріне қатынасқан. Ат деген батырдың қанаты ғой! Атты сонау

жерден таныған, оның алар белесін білген. Жүнісбектің айырықша айтуға тұрарлық үш аты болған:

Кіші торы-алдыңғы аяқтары аяндаса артқы аяқтары жорғалайды, ал алдыңғы аяқтары жорғаласа, артқы аяқтары аяндайды, үстіндегі кісіні олай-бұлай теңселтпейді. Аттың үстінде келе жатып толық тостаған қымызды еш алаңсыз іше беруге әбден болады.

Үлкен торы-дұшпанды көрсе осқырынған, досты көрсе жуасыған, өте сезімтал жылқы. Бос, байлаусыз, еркін жүрген. Жүнісбектен өзге адамды жанына жуытпаған. Жауды өңгерерде аяқтарын бүгіп, Жүнісбектің ыңғайына қарай келе берген. Алыс жолға арындамаған.

Шегір көз шұбар, тас бүйрек тұлпар. Тас бүйрегі қатыңқы болғанда-шабан жүрісті, тас бүйрегі босағанда-пырақ тынысты. Бабында болғанда бәйгі алдын босатпаған. Бұйра бүйректері қызып, толығымен тынысы ашылғанда, созыла, көсіле шапқанда құйысқанын үзіп жіберетін болған. Шапқан сайын жылдамдығын үдете түскен. Мәре сызығынан соң ол атты тежеп тоқтату қиынға соққан.

1932 жылы аталарымыз Омбыға көшіп барған. Омбы қаласында «Қаржас ауылы» бар. Не шықса да өзіміздің қазақтан шығады. Сондай бір қазақ ел-жұртқа қоқан-лоқы көрсетіп, кәдімгі, өзі білетін қазақтарға маза бермейді. Бірде Омбыға Қажымұқан келіп, халыққа өнер көрсетеді. Қажымұқанға ел жаңағы бұзақы қазақты көрсетеді. Қажымұқан дайын арбаны нұсқап: «Мынаған он адам мініңдер, ал сен сотқар, мықты болсаң менің мойыныма мін» дейді. Арбаға отыз шақты адам мінеді. Жетектегі Қажымұқанның мойынына әлгі еңгезердей адам отырады. Қажымұқан мойнындағы малғұнның екі балтырының үстімен асыра, қос жетекке қыл шылбырды байлатып, арбаны сүйрей жөнеледі. Сотқардың балтырларына қыл шылбыр батып, ойбайға басып, жан даусын шығарады, қан-қақсап бақырады. Балуан мойнындағы малғұнды екі

қолымен көтеріп алып, анадай жерге лақтырып жіберіп: «Сенен де зор адамның барын біліп жүр. Көрінгенге күшінді көрсете берме. Олар да адам екенін ұмытпа. Күш емес, адамгершілік қасиет жоғары тұрсын» деген екен.

Кейінірек әлгі бұзақы Жүнісбектің үйіне келіп, ағаш кесуге балта сұрайды. Бұл үйде ұстара жүзді қайралған 3-4 балта іргеге сүйеулі тұратын көрінеді. Жүнісбек сотқарға: «Ала ғой» дейді. Ай жоқ, қой жоқ, сотқар балтаның біреуін ала салып, Жүнісбекке ұмтылады. Оның екі қолын жаралап, иық етін шауып жіберіп, сотқар үй есігін сыртынан күршектеп, бекітіп кетеді. Әрең дегенде есікті ашып, тәлтіректеп далаға шығады да, Жүнісбек қансырап, құлап түседі. Кейін елден барғандар жиылып: «Сотқардан кек аламыз.» деп оның үйінің алдына жиналады. Сонда Жүнісбек: «Оған тиіспеңдер, ел мен ел арасы ашылады. Не шықса да қазақтың өз ішінен шығады. Өзіміз кейінірек есептесе жатамыз» дейді. Бұл 1932 жылы болған оқиға.

Біздің аталарымыз оншақты үй кернейлерді Шилі өзенінің бойына 1640 жылдары өзі бас болып, көшіріп әкелген. Сол Кернейлер егін салуға, онан мол өнім алуға машықтанған екен. Көшіп келген кернейлер Шилі өзені ағарының сол жақ беткейінде, Сандықтастың теріскей баурайында егін және мал шаруашылықтарымен айналысқан. Жергілікті адамдарға жер жыртуды, егін салуды үйреткен. 1900 жылы топографтар осы төңірекке келіп, бұл жер қалай аталады дегенде, орысша білмейтін кісілер «Керней» деп жауап берген. Яғни, керней деген жердің атауы орыстар бұл төңірекке келмей тұрып-ақ, анағұрлым бұрынырақ болған.

– Егеубай, Кернейдің өзі жөнінде не білесің?

– Үлкендердің айтуы бойынша: Керней-айбынды батыр. Көкбөрі Кернейге садақтың жылан уы жағылған жебесі бір үлкен қазақ-қалмақ шайқасында тиеді. Көкбөрі Керней жебенің шыбығын сындырып тастап, соғыс аяқталғанша

қалмақтарды бірінен соң бірін аттарынан құлата береді». Көкбөрі Керней батыр не деген төзімді, жанкешті адам болған десенізші? Мұндай қасіретке төзу мүмкін емес тәрізді!

– Көкбөрі Керней тұсында Қаржастан шыққан қай батырлар соғысқан?

– Қойсары, Қалқаман, Қарағай т.б. батырлар. Тоқадан Қаратоқа батыр.

– Сол кездің айтыскерлерін білесің бе?

– Қаракесектен-Қараби, қаржастан-Айту.

Кемелден алты ағайынды тараған. Олардың егін салып жүрген құнарлы жерлерін орыстар күштеп тартып алған. Содан, амалсыздан қазақтар Ұялы, Қарақойтас ағаштарын паналаған. Ол жерлерден де аталарымыз қуғынға ұшыраған. Қорғанкөлден де Бабастарды орыстар Шідертіге дейін қуып тастаған. Одан кейін Бабастар Қызылтау төңірегінде тұрақтаған.

1903 жылы Керней ауылына белорус, украин, орыстар көшіп келе бастады. Олар негізінен Жоровтар, Степанюгалар, Левченколар, Черненколар т.б. Осы тұста Керней қарасуына Хорошовтар да орныққан. Патшалық Ресей министрі Столыпінның шалғайдағы жерлерді игеру саясаты негізінде, Керней төңірегіне екі жағдайдағы келімсектер жетті:

1. Патша жарлығымен 500 рубль ақшамен келген ауқаттылар.

2. Жұмыс күші ретінде келген кедей шаруалар.

1910 жылы казактар келіп, қазақтардың малдарын айдап әкеткен, құнарлы жерлерді орыстарға қарату мақсатында. Қазақтарға казактар құйтырқы қылықпенен: «Егін салуға жарамды, құнарлы жерді босатсаңдар, малдарыңды қайырып береміз» деген. Керней төңірегіндегі ағайындардың көбісі жуас болатын. Жүнісбек батырға еріп, орыс қыспағына қарсылық көрсетуге жұрт шыға қоймаған.

Дегенмен де, батылдық көрсетіп, кернейліктердің малын Жүнісбек, Кәбіш, Қасым т.б. қайырадан айдай жөнелген. Қуғыншыларды Жүнісбек батыр сойылымен бір-ақ ұрып құлата берген. Бұдан кейін орыстар қарулы әскер шақыртқан. Келген 9 казакты Жүнісбек батыр ұрып жығып, оларды тырдай жалаңаш шешіндіріп, үлкен торы аттың бауырына алып, Кернейдің ең ұзын көшесімен мал сияқты, қамшысымен қақпалап, айдап өткен. Орыстарға Жүнісбек: «казактарға тиісуді қойындар!» деген. Жасырын түрде орыстар Ақбелдегі дәу Полтаранинге: «Жүнісбекті өлтірсең біз саған екі ат, пар өгіз және соқа береміз» депті. Алып орыс қос саусағымен адамның маңдайынан бір шертіп жіберсе, ол кісі өліп қалады екен. Полтаранин уәделі күні Керней ауылындағы дүкенге келіп, Жүнісбекті орындықта күтіп отырады. Есікті ашып бір адам дүкенге кіреді. Дүкенші Полтаранинге ымдап, Жүнісбек батырды нұсқайды. «Мынауың Жүнісбек пе?» деп менсінбеген кейіп танытып, дөрекі дауыс көтереді. Дүкенші «Сол» деп ишарат білдіреді. Полтаранин Жүнісбекке: «Сен батырсың ғой? Сені саусағыммен емес жұдырығыммен маңдайыңнан ұрайын. Қазақ заңы бойынша бірінші кезекті маған бер. Шартқа келіссең мына орындыққа отыр» дейді. Жүнісбек орындыққа отырғаннан кейін, Полтаранин теке басындай жұдырығымен оның маңдайынан ұрады. Соққының қатты болғаны сонша, Жүнісбек есеңгірегенін білдірмеуге тырысып, зорға дегенде орындықтан әуірімдеп тұрады. Дәу орыстың мықтылығында гәп жоқ, ерен қара күш иесі екен. Жүнісбек Полтаранинге: «Ал енді сен сол қолыңмен желкеңді баса отыр. Мен оң қол жұдырығыммен жүрек тұсыңнан ұрамын» дейді. Уәденің аты уәде. Полтараниде шара жоқ. Келіседі. Жүнісбек Полтараниннің жүрек тұсынан ұрады. Полтаранин орындық-морындығымен анадай жерге, ес-түссіз ұшып түседі. Сұлап жатқан Полтаранинді дүкендегілер далаға көтеріп шығарып, әзер

дегенде жанын кіргізеді. Полтаранин жатқан жерінен тұрды деген соң Жүнісбек батыр сыртқа шығады.

Үлкен торы ат тізерлеп, төмендей қалады. Жүнісбек Полтаранинді үлкен торыға өңгеріп алып, Белағашқа қарай шаба жөнеледі. Мұның бәрін қызықтап көріп тұрған ел-жұрт аң-таң болысып, бір-біріне қарасты. Белағаш қырына Полтаранинді шығарып, құйрығын жалаңаштап, жеті өрім қамшысымен орыстың майлы жерінен үш тартып, «Алғабас қайдасың», деп үйіне қарай бірақ тартты. Полтараниннің жан айғайына байланысты, кейін бұл төбе «Ағай төбе» атанып кетті. Бұдан әрі Жүнісбек деген сөзді естіген орыстарды үрей билейтін болды. Жүнісбек Керней ауылының көшесінен тұлпарымен жүріп өткенде, далада тірі пенде болмайтын, қатын-бала, ер жеткендер, кемпір-шал, барлығы да, үйді-үйлеріне тығылатын. Қазақтарды мазалау осы оқиғадан кейін ғана тыйылды. Соңында Жүнісбек батыр мен Полтаранин батыр үзеңгілес дос болып кетіпті, бірін-бірі қатты сыйлапты. Полтаранин батырдың ұрпақтары осы уақытта да бар. Батырдың шыбын жаны, үзеңгілес батырдың шыбын жанында.

Ақ қашып, қызыл қуған, немесе, қызыл қашып, ақ қуған заманда ақ-боз атты, атақты Қысқаш батыр Жүнісбектің үйіне түседі. Қысқаш батыр үнемі бес қаруын асынып жүретін көрінеді. Кіреберіс дәлізге қару-жарақтарын қалдырып, үйге сәлем беріп, төрге отыра кетіпті. Үйде отырғандар: «Батыр аға, үйге қару-жарақсыз кірдіңіз ғой. Мұныңыз қалай?» деп сұрайды. Сонда Қысқаш батыр: «Жүнісбектей ерен батырдың үйінде отырған адам қорықсын ба?» деп қолма-қол жауап қатыпты. Батыр батырды алыстан таниды. Нағыз батыр батырға сенеді.

Жүнісбек батыр Аймағамбет қажыны, Дос Қырбасұлын, Жыржыс қажыны, Мәнжі Күржікейұлын, Жаяу Мұсаны, Мәшһүр Жүсіпті, Иманжүсіпті, Балуан Шолақты, Мәдиді, Қажымұқанды, Сәкен Сейфуллинді тағы да басқа толып

жатқан адамдарды біліп қана қоймай дастарқандас, дәмдес болған дейді, сағынышпен Жүнісбек батырдай әкесін сағыныш сезімімен есіне ала отырып Егеубай. Қазақстанның қай түпкіріне барсам дағы, ата тегімді айтқанда, Жүнісбектің баласы екенімді айтқанда, «Жүнісбек батыр! Жүнісбек батырды білеміз. Жүнісбектей батырдан туған бала осал болмайды. Батырдың тұяғы, жоғарылат, төр сенікі, жата қонып, қонақ бол» деп мәйек болып, құшақ жая қарсы алып, қадірменді мейманы қылады. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген даналық сөз осы екен ғой!

ҮШ БӨЛІМ

МҰҒАЛІМДІГІМ – МАҚТАНЫШЫМ!

**Өзіңді қарапайым жылы лебізіңмен сыйлата
білмесең, құр қаталдықтан түк те шықпайды**

А.Чехов.

Семізбұғы мектебі-төңірекке белгілі оқу орны болғанын. Семізбұғы мектебінде Семізбұғының өзінен өзге Қаныдыкөл, Шалқар, Ақөре, Ақжар, Үміткер, Мұрымтал т.б. ауылдардың көптеген баласы оқыған, білім мен тәрбие алған. Көптеген аға-апалармен сөйлесе қалсаң Семізбұғының мектебінде бір уақыттарда оқыған болып шығады. Олар Семізбұғының мектебін, мұғалімдерін, жұртын көз алдыға әкеліп, сағынышқа толы, қызығы мол әңгімені шұбырта жөнеледі. Қиын-қыстау уақыттардағы Семізбұғының кісіге тигізген шапағын ілтипатпен естеріне түсіреді, сол жастық шағына қайта оралғандай, бір жасап, мәз-мейрам болып қалады. Ертерек кезде Семізбұғы мектебінде мынандай ұстаздар қызмет еткен еді: Шағатай (кейін ғылым докторы), Рауия, Рахметолла, Орынтай, Үкібас, Роза, Миятай, Қайыржан, Қаден, Зәру, Теміржан, Бегайдар, Виктор, Күлпан, Айткен, Жақтай, Қинькен,

Сәуле, Жұмаш, Ғазиза т.б. Мен де бүгін мұғалімім Ерсін Жақыжанұлын көз алдыма елететіп, бұрынғы оқушылық шағыма қайта оралғандай күйге түсіп отырмын.

Ерсін Жақыжанұлы жасынан әр нәрсеге ден қойып, өздігінен оқып білуге деген құштарлығымен сыныптастарынан оқ атым алда жүретін. Көзінен от, кеудесінен намыс, ой-өрісінен биік рух шапағы шашылғандай әсер беретін.

Ерсін Жақыжанұлы жұмысына асқан жауапкершілікпен қарап, ұзақ жылғы мол тәжірибесін жас мамандарға үйретуден еш уақытта жалыққан емес. Ерсін мұғалімнің тәлімін алған көптеген азаматтар бүгінде қоғамымыздың әр саласында еңбек етсе, кейбір шәкірттері өзі тәрізді ұстаздық жолды таңдаған. Сондай шәкірттерінің бірі мен боламын.

Ерсін Жақыжанұлы әр уақытта ой-өрісімізді дамытудың, білімді барынша дұрыс меңгерудің жолын тауып, өз пәндеріне оқушыларды қызықтыратын. Біз, оқушылар, география мен тарих сабақтарын тағатсыздана, асыға күтіп кабинетте отыратынбыз.

Ерсін Жақыжанұлы Үлгі (1949 ж.), Ақжар (1952 ж.), Семізбұғының (1962 ж.) мектептерінде мұғалімдік және басшылық қызыметтерді абройлы атқарып, 1973 жылы Семізбұғы поселкілік атқару комитетінің төрағалығына сайланған.

Ерсін Жақыжанұлы білім беру саласындағы ерен еңбегі үшін «Қазақ ССР халық ағарту қызметінің үздігі» белгісімен, сондай-ақ, аудандық, облыстық, республикалық деңгейлердегі мақтау қағаздарымен марапатталған.

Алтынторы руынан: Тасболат, Бошан, Сарман, Сәтбай, Айса, Жақжан. Жақжаннан: Ерсін. Ерсіннен: Айкен, Болат, Қинаят, Талғат, Рымкеш, Аманкелді. Болаттан: Мұрат, Жанна, Мақсат. Талғаттан: Саят, Азамат, Жеңіс. Аманкелдіден: Арман, Дархан, Әсемгүл.

Ерсін ағай мен Күлпан апай алты баланы ер жеткізіп, мамандықтарын әперіп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, он үш немереі мен жиендерін сүйген бақытты жандар.

Ерсін Жақыжанұлы кәсібіне адал болып, «мұғалім» деген құрметті атқа дақ түсірмей, ақ жолынан таймай, өнегенің озық үлгілерін көрсетті. Ізгі мақсат ұстанған ұстаздың ісі, халқына сіңірген еңбегі шәкірттері мен әріптестеріне өнеге болып қалмақ. Асқақ армандарға қол созып, шәкірт жүрегіне жол тауып, төңірекке нұр шапағын төккен ұстазым иманды болсын!

Алла нәсіп етсе, келесі 2011 жылы пайғамбар жасына толып қалармын. 63 жылда жер-жерді аяғым жеткенше басып, адамдармен дидарластым, олардың әңгімелрін ден қоя тыңдадым, сан қилы өнерлерін қызықтап, парасаты толықсыған көріністерге тәнті болдым. Өзімді іздеп келушілер де, жер-жерге шақырып әкетушілер де осы өмірімде аз болмады. Бес күндік ғұмырыма, шын мәнінде, бір Аллаға шүкіршілік айтамын. Осындай қарбаласы бітпейтін уақытта мені қолына түсіремін деп, шаршап-шалдығуды білмей іздегендердің бірі Болат Ерсінұлы болатын. Кездесудің сәті бола қоймаған соң, телефонның арқасында менімен тілдесіп, сонау Қарағанды қаласынан өзімен бірге Сәдібеков Мұхамеджанды ерітіп, біздің үйге үшінші мәрте келіп отырған сыңайы бар. Бұл екі азаматты Сәуле екеуміз ыстық ықыласымызбен құшақ жая қарсы алдық. «Құтты қонақ қайырын ала келеді» дегендейін, осы сәтте сол Қарағандыдан қуанышты хабар да шаңырағымызға ұшып келіп жетті. Кіші келінім Аня тынышталып, тағатсыздана күтіп жүрген немереміз, Әлмедин Асылұлы жарық дүние есігін ашқантын.

Бұрындары Болатты білмейтін едім. Қайыра-қайыра, табанды түрде телефон шалған соң, «бұл қандай жігіт екен?» деген ой мені мазалай берді. Болатты көрген сәттен, оның қазақы тұрпаты, сөз саптауы маған ұнады. Неліктен мені іздегенін білмек болып, оған мынандай сауалдар қойдым:

-Мені көруге неге құшар болдың?

-Семізбұғы зиратындағы ата-бабаларымызға арнап дұға бағыштатуға барып едім, Таяқбай ағайдан сіз жөнінде жылы-жылы ой-толғамдарды естіп, өзіңізді бір көріп әңгімелесіп қайтуды ұйғардым.

-Сені қандай сұрақтар мазалайды?

-Жер-су, ел-жұрт, жалпы жергілікті тарих мәселелері.

-Кімнің баласысың?

-Ерсін Жақыжанұлының.

-Ертеректе атақ-даңқы облыс көлеміне жайылып тұрған тұста Семізбұғы мектебіндегі сүйікті ұстаздарымның бірі Ерсін Жақыжанұлы болатын. Ол мұғалімнен мектепте оқып жүрген кезімде география, тарих пәндерінен тәрбиелік мән-мағынасы зор, жан-жақты негізде білім алғанмын. Ұстазым тіл мәдениеті, ой өрбіту мәнері, балаға деген өзіне ғана тән көзқарасы, оқу мәселелеріне байланысты қатаң талабы, киім киісі, жүріс-тұрысына дейін алдындағы шәкірттеріне оң ықпалын тигізіп, оқушыларының жүрегінде өнегелі із қалдырғанын осы уақытқа дейін ыстық ықыласыммен есіме алып жүремін.

-Өзіңнің есінде мұғалімімнің қандай қасиеті ерекше жатталып қалды?

-Анам екеуінің біздер, балаларын өнер-білімнің қырсырына баулу тәсіл-айлалары. Әсіресе, әдеби-тарихи кітаптарға деген біздердің сүйіспеншілігімізді оята отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынаста, сан қилы еңбекте адал болуымызға тәрбиелеуі.

-Семізбұғыда жатқан аруақтарға барып, оларға арнайы дұға бағыштатқаның үшін мен таң-тамаша қалып отырмын! Осы заманда көптеген мосқал тартқан адамдардың өзі де ата-баба рухтарына дұға бағыштатқаны былай тұрсын, бұрындары дүниеден өтіп кеткен ата-аналырын жыл он екі ай ішінде бір рет те есіне алуға жарамайды, ал ертедегі ата-бабаларын еш уақытта да қаперлеріне ілмейді. Саған мен, Болат, «текті азамат» деген өз бағамды беремін! Атадан асып ұл туса, мен қуанамын, ал алдымда ата-бабасын, ел-жұртын танымайтын тірі жан жүрсе, қиналамын. Сен, Болат, бүгінгі мұғалімдердің төл мерекесі күні маған жарқын көңіл-күй сыйладың! Үлкен рахметімді айтамын!

Ал енді Болаттың тұңғышы, Ерсін мұғалімнің алғашқы көрген немересі, Мұрат жөнінде бірер сөз айтайын. Мұратты жеті жасынан бастап орта мектепті бітіргенінше атасы мен әжесі әлпештеп, ұлттық дәстүрде тәрбиелеген. Қазақы тәлім-тәрбиенің берген жемісі болар, ол өзінің жеті атасын, жалпы тарих пен әдебиетті бір адамдай меңгеріп, ұлттық салт-санаға айырықша көңіл бере жүріп өсіті. Мұрат Болатұлы 1983 жылы туған, 2005 жылы Қарағандының экономикалық университетін бітірген. Осы уақытта Қарағанды қаласының салық комитетінде қызметте.

Ерсін мұғалімнің ұрпақтары гүл жайнап, өсіп-өнуде. Барлық балалары өмірде өз орындарын тапқан.

Кәлейұлы Игілік Төлеутегі - текті тұлға!

*«Жолдастық, сұхбаттастық-бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.»*

Абай

Мінезім бар мінезіндей көктемнің,

*Қыстың мұз бөгеттерін сөккенмін.
Ұлық халқым үшін, Отаным үшін,
Еңбектеніп, талай терді төккенмін.*

*Адалдықтың төмендетпей тауын,
Адамдықтың ширатып жіп-бауын.
Жасық емеспін, өзімдік мінез бар,
Жақсыны айтам, сескентіп жауын.*

*Кәлей ата көненің көзі еді,
Қазақтың сәулелі сөзі еді.
Жүзінен ақ нұры төгілген,
Қазыналы қарттың өзі еді.*

*Кәлей атадан Игілік жалғыз,
Мұндайды сіз ескеріп қойыңыз.
Жақсы адамдарды еске алып,
Құдайға құлшылық етіп жүріңіз.*

*Игілік жастарға аға болған,
Бүтіл бауырға жаға болған.
Туған өлкесін гүлге бөлеп,
Өмір ағымына саға болған.*

*Игіліктен тараған он бір бала,
Меңгергендері мың төрт сала.
Дәрігер, ұстаз... бәрі де галым,
Ол мәліметті біледі бүкіл қала.*

*Жан емеспін от жалынын жұтқан,
Жасымнан адал аға жанын ұққам.
Талап тұлпарын жайдақтап мініп,
Қара ниет ойдың мыңын жыққам.*

*Салған жолдан, адаспай, аталарым,
Медет санап ақ тілек, ақ баталарын.
Ыстықта таңдай құрғап, иліккенде,
Топ тұлпар ізі балқытты тағаларын.*

*Қызықпадым басқаның атағына,
Кіріспедім, арсыздың шатағына.
Өлеңді өрдім аспанның биігінен,
Шаттана күнің нұрлы шапағына.*

*Ой бөле жүрдім ағаның көңіліне,
Шыдап бақтым тірілік тергеуіне,
Бес күндік осы жалған дүниеде,
Берілмедім қара ниеттің егеуіне.*

*Ізгіліктің жалғыз дәнін ексем де,
Алыс ұшып қияларға жетсем де.
Барша әлемді кезсем де, ағайын,
Қазақ Елім, бар жұмағым өзіңде!*

*Жазым кетіп, жеткені күзім еді,
Бақтарда пісіп тұрған жүзім еді.
Сезінемін бір күні беймәлімдеу,
Соңғы демім таусылып, үзіледі!*

*Жылтырап, жапалақтап, көлкілдеп,
Кең далама жауды қанша ақ қар?
Менің қос жанарымнан мөлтілдеп,
Жерге үзіліп түсті ақ моншақтар!*

*Ұрпақ сізден қалай үзер үміт,
Жылына тоқсан толғап, жүз егіліп?
Қасиетті қабіріңіздің басында,
Иіліп, тағызым етем тіземді бүгін!*

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданында, негізінен, бабас ата ұрпақтары тұратын, «Ақжар» ауылы бар. Төңіректі таулар мен төбелер қоршап тұрғандықтан, ауыл шұңғыл-шұңқырлы, өзен-жарлы жерде орын тепкен. Жазы мамыражай, жанға жайлы болса, қысы ақтүтек-боранды, азабы мол, қытымырлау болып келеді. Бұл жерде ақыл-парасатымен, еңбек сүйгіштігімен ел көзіне ілінген тұлғалар көптеп кезеседі. Өлкенің тұрғылықты халқының ерекше болмысы, жер бедері мен ауа-райы төңірек тұрғындарын мінезді де, бауырмал да, қайырымды да қылып тәрбиелегендей жүректе жағымды әсер қалдырады.

Ақжар ауылын қаққа жарып аққан Ақжар бұлағы атарабының шежірелі тарихы турасында, жалпы тұрған жер, өскен орта жайында әңгіме қозғала қалған жағдайда іс-әрекетіне халқы сүйінген қадау-қадау азаматтар хақында айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, қазақ «Азаматына қарап ауылын таны» демеуші ме еді? Жаратқанның рахымына мың да бір рахмет, қасиетті Ақжар топырағынан түлеп ұшып, елі мен жеріне қалтықсыз қызмет етудің ерек үлгісін көрсетіп, Отанының игілігін арттыруға титімдей болса да өз үлестерін қосып жүрген жасампаз жандар жетерлік. Менің әңгіме етпек тұлғам да сондай азаматтардың ортасынан табылатын марғасқаның бірегейі. Ол-білікті ұстаз, ел азаматы Кәлейұлы Игілік Төлеутегі.

Ақжарлықтардың адами тұрғыда қалыптасып дамуына қожа әулеттері оң ықпал тигізіп, олардың рухани және физикалық күш-жігерін еселей арттырып, дүние танымдарын кеңейте түскені айдан анық. Осы тұрғыдан алып қарағанда Апын қожа, (Жыржыс қажының әкесі, олардың 27 ата тегі осы күнде белгілі болып отыр), Жыржыс қажы, Абдрахман қожа, Ғазали қожа. Бұл мамыражай жаз іспетті, бақыт лебі ескендей, көтеріңкі көңіл-күйге адамды түсіргендей.

Ақжар тәрізді шағын ауыл зиялыларын да сонау репрессия жалдарында қуғын-сүргінге ұшыратты, адамдық асыл абройларын таптады, ар-намыстарын қорлады, «ит жеккенге» айдап жіберді. Жазықсыз қудаланған мына арыстар ауылдастар жадында мәңгілікке сақталып қалып қойды: Иманбаев Ибраим (атылды), Иманбаев Сары (Ибраемның інісі, атылды), Дүйсебаев Зейтін (ауыл мұғалімі, Қыдыртайдың әкесі, атылды), Әубәкіров Жетпісбай (Қасқатайдың әкесі, атылды), Оспанов Төкен (Танашев Құрметтің немере ағасы, атылды), Төлеубеков Мұхиден (Кеней ауылының дүкенде сатушы, атылды), Төлшімов Әубәкір (ауыл кеңсесінің хатшысы, Бақтыбай, Ертай, Қазтайлардың әкесі, 12 жылдан соң, 1948 жылдың күзінде Орал тауынан елге қайтып оралды), Айнабеков Сәбит («Ақжар» колхозын құрушылардың бірі және оны 1934 жылдан басқарушы, Мәтәйдің, Мыңкеннің әкесі, 12 жылдан соң, 1948 жылдың күзінде Орал тауынан елге қайтып оралды), Осылардың ішінен Кәкенов Сату ағамыз ғана сол сәтте үйінде болмай айдаудан аман қалған, өмір бойына ұстаздық етіп, бала оқытқан. Бұл қақаған қыс, қаһарлы жылдар сындарлы сипатын көз алдымызға әкеліп, сонау бір қиын-қыстау заманнан ызғар тауқыметін алдымызға тартып, ой-өрісімізді өксітеді, адам бойында аянышты, әттеген-ай сезімін туындатады.

Қайсы бір адамды, кез келген жанұяны, әр қилы қоғамдық құбылысты алсаңыз да қарама-қайшылыққа, теке-тіреске, ақ пен қараның аяусыз, қан кешті күресіне толы емес пе? Кез келген оқыс-табиғи құбылыс, формациялық-тарихи үлкен-кішілі, сан қилы шиеленістер әрбір адамға өзіндік, қайталанбас әсерін тигізеді, намысын қайрайды, оны қоршаған қоғамдық-сәси ортаға деген жеке көзқарасын қалыптастырып, адамды болаттай беріктейді немесе шыныдай шытынатып барып, жігерін құмдай қылып үгеді.

Тоқсан жасты бағындыған Кәлей атамның өнегелі тұрпатта қартайғанын өз көзіммен көріп, сырға тұнып тұрған мағыналы да мәнді сөздерін құлағыммен естідім. Жүзге аяқ басса да қайрат-жігері мұқалмаған, ақ сақалды қарияны бірінші көргенімде-ақ қазақы көркі мен һас батырға лайық тұлғасына сүйсініп, қайран қалғаным әлі де есімде. Әліпті таяқ деп танып білмесе де, кітап әлеміне бойламаса да ой-өрісі кең, шежіре-тарихты мүдіртпей, айна-қатесіз жатқа айтатын, білімдар да сан салалы атам, Ақжар ауылының ардақты да сыйлы ақсақалы болды. Ғұмыр жолын мәнді де, сәнді де өткізу, әдемі қартая білу қандай ғажап өнер десенізші? Кәлей атам бен Мәкен әжеміден (кейінгі әйелі Қайша апа) үш бала бұтақ жайған: екі ұл-Игілік пен Әнуар, бір қыз-Жібек.

Ақжар тәрізді шағын ауылдан, бабас руының титімдей ғана жұрнағынан еліне сыйлы, халқына адал көптеген азаматтар кең дүниеге қанаттарын қағып, түлеп ұшқан. Олардың дені кең-байтақ қазақ жерінің түпкір-түпкірінде табысты еңбек етуде, бақытты өмір кешуде-бірі қарапайым жұмыскер, бірі атақты дәргер, бірі білікті ұстаз болса, бірі айтулы ғалым деңгейін бағындырған зор тұлға. Міне, бұл, туған жердің жемісі, құнарлы ортаның өсімі, адами тәрбиенің түсімі.

Осындай айтулы азаматтардың бірегейі, төңірекке есімі мәшһүр тұлға, Кәлейұлы Игілік Төлеутегі. Игілік Ақжар ауылының төл перзенті, ол 1935 жылы шілде айының 10-ы жұлдызында туған. Балдырғандық-бал дәурен шағы, балаң жастық-арманға толы тұсы, ұстаздыққа арналған ұлағатты өмір өрнегі өзінің туған ауылында өтті.

Балалық шақ-кәмелетке толмаған балғын шақ. Психология ғылымы баланың туғаннан бастап, мектепке барғанға дейінгі кезеңін төрт шаққа бөліп қарастырады: 1) бөбектік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін); 2) сәбилік шақ (1 жастан 3 жасқа дейін); 3) мектеп жасына дейінгі кезең (3

жастан 7 жасқа дейін); 4) төменгі сынып жасындағы балалар (6-7, 10-11 жастағылар). Балалық шақтағы негізгі психологиялық белгілер-олардың қажеттіліктері мен мүдделері, онан туындайтын олардың іә-әрекеттерінің түрлері мен олардың қоршаған ортаға көзқарастары. Балалық шақ кезеңіндегі қоғамың әлеуметтік-экономикалық, этномәдени жағыдайының әсері баланың болашақта қабілетінің дамып, жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор әсер етеді.

«Отан отбасынан басталады!» дейді қазақ халқы. Ақжар ауылындағы айрандай ұйыған, ынтымағы жарасқан отбасында Игілік жарық дүние есігін ашты. Бөбек болды, шаңыраққа жас иіс әтірін әкелді. Сәби болды, төрт аяқтап жорғалады, қаз тұрды, тәй-тәй басты ата-анасын, әже-атасын қуанышқа бөледі. Бала болды, асыр салып ойнады. Сартау мектебінің құтты есігін ашып, «Ақжар», «Ана», «Отан» сөздерін дәптер мен тақтаға жазды, алғашқы мұғалімімен бірігіп тұңғыш рет кітап бетін парақтап, сауатын ашты.

Балдырған-сәби жасынан асқан (6-9 жастағы), ойын дамытуға, оқуға құлшынған, мінез-құлқының әдептілік, имандылық көріністері сүйсіндіретін бала. Балдырған кезінде баланың қызығушылығы, әсерленгіштігі артығырақ болады да, тәрбиені, білімді терең қабылдайды. Оқуға, ойнауға, ізденуге құмар болады, әдептілігі қалыптасады.

Бастауыш сыныптардан бастап Игіліктің оқуға деген айтарлықтай ынғайы байқала бастады, мұғалімнің айтқандарын бірден қағып алатын, зерек бала атанды. Мысал есептерге жүйріктеу еді, көбінесе оларды ауызша шығарып, дөп жауабын бірден-ақ сарт еткізетін. Ол кездегі ауыл балалары асық ойынына мән берді, оны қызыға ойнады, неғұлым көп асық ұтып алуды ойлады, «сақаларына» қорғасын ерітіп құйып, жарысқа барынша дайындалды. Игілік асығының санын жүзге жеткізіп,

ептілігін балаларға дәлелдеп жүрді. Игілік аяқ добын жақсы ойнады, сол футболдың кереметтейін жанкүйері еді. Бала кезінде ойынды жақсы ойнаса, ер жеткенде еңбекке епті келетінін өз бақылауымнан көріп жүрмін. «Ойын ойнаған азады, доп ойнаған тозады» дегенге мен онша қосыла қоймаймын, керісінше, былай айтар едім: «Ойын ойнаған озады, доп ойнаған білім қазынасын қазады.»...

Балаң жас-15 пен 18 жас аралығын ерте балаң жас кезеңі деп, ал 18 бен 23 жас аралығын кеш балаң жас кезеңі деп атайды. Бұл кезеңнің психологиялық маңыздылығы сананың дамуымен, өмірге деген кәсіби дайындықпен келудің шешімін табумен сипатталады. Балаң жас кезеңінде танымдық, кәсіби қызығушылықтар қалыптасып, еңбек етуге, болашақтың жоспарын құруға, қоғамдық өмірге араласуға белсенділігі артады. Балаң жас кезеңінде адамгершілік қасиеттің, тұрақты көзқарастың, азаматтық мінез-құлықтың қалыптасуы алабұртып, қиын өтеді.

Балаң жас шағында Игіліктің өмірге деген таным көзқарасы айқындала түсіп, физика ғылымына сүйіспеншілігі артып, техникаға айтарлықтай көңіл бөліп, болашақ кәсіби мамандыққа икемделе бастады. Техникалық, саяси, әдеби кітаптарды жүйелі түрде, өз қалауымен, беріле оқыды. Балаң жастықтың албырт тұсы Игілікті Қарағанды Педагогикалық институтының физика-математика факультетіне 1955 жылы алып келді де, білім тұңғышына түсіріп жіберді.

Институтта оқу орыс тілінде жүргізілуіне байланысты, ауылдан қазақ мектебін бітірген балаларға алғашқы жылдары оқуды игеру қиынға соқты. Қалай болғанда да оқудағы қиыншылықты жеңуге тырысып, намыстанып, қиналып жүріп, студенттер бір-біріне көмектесіп, оқуды балаң жастар жақсы игеріп кетті. Институтта бірге оқыған, ғылымның қиын да қызыққа толы жолын ұстанған жолдастыры Әлжанов Қайып, Игіліков Абдрахман,

Ермағамбетов Қанат, Жұмаділов Толман т.б. өмірлік қимас, адал достықты көздің қарашығындай қағидатта, бүкіл өмірлері бойына адал сақтап қалды!

Икәм жүрегі дархан, жан сарай кіршіксіз таза, кімге болса да достық, ізеттілік сезімімен қарайтын. Иституттың физика-математика факультетін жақсы деген бағамен аяқтап, «Туған ауылым қайдасың?» деп жол тартып еліне оралды.

Тағдырдың жазуымен Икәм Дариға апайдың Қарағанды қаласы төңірегіндегі үлкен Михайловкасында әкешесінің үйінде 5 жыл тұрып, олар бірін-бірі әбден білісіп-түсінісіп, екі жастың өзара сүйспеншіліктері үстемдік алып, дәм-тұздары жарасып, 1958 жылдың 25-ші шілдесінде жас отау үйін тұрғызды. Сол уақытта Икәм 20 жастағы сымбатты балаң жас, ал Дариға апай 16 жастағы талдырмаш келген сұлу қыз еді. Дариға апай өзге қыздардан өзіне ғана тән сымбатымен, инабаттылығымен және де әншілік өр өнерімен ерекшеленді. Икәм Дариға апайдың тамылжыта, нақышына келтіре орындаған «Әудемжер» және «Сұржекей қыз» әндерін сүйсіне тыңдап, әннің құдірет-қарымына қайран қалатын. Осы күндері Дариға апай алтын құрсақ, батыр ана, балалары мен немерелерінің қызығын көріп отырған бақытты жан.

Тұлға-әлеуметтік-қоғамдық тірілік жасау әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады. Тегі, құрылымы және нысаны жағынан даралық негізде болады. Тұлға қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастаржүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптсады. Тұлғалық көзқарас тұрғысы-педагогтың тәрбиеленушіге тұлға ретінде бірізді көзқарасы мен өзіндік саналы жауапкершілікті субъектіге тәрбиелік өзара қарым-қатынасы.

Туған жердің өркендеп өсуіне, ауыл жастарының білімі мен тәрбиесін шыңдауға, халықтың мәдени-әлеуметтік жағдайын жақсартуға Икам бар күш-жігерін жұмсап, аянбай еңбек етіп, ел-жұрттың алғысына бөленді. Сартау мектебінде физика мен математика пәндерінен сабақ беріп, кешкісін жұртшылыққа ауыл клубында көркем фильмдер көрсетті. Бос уақытында кітап, журнал оқып өзінің білімін үздіксіз көтеріп, орайы түскен сәттерде балық аулаумен айналысты, туған өлке табиғатымен етене жақындасты, ойға беріліп, қиял биіктеріне самғады.

Икам шын мәнінде бақытты адам бола алды, себебі: үй тұрғызды, оның ішін рух жылуына толтырып, қайырлы қоныс етті; бала сүйді, олардың қызықтарына кенеліп, шад-шадыман ғұмыр кешті; ағаш өсірді, олардың саясына ел-жұрттын сыйғызып, өмір бойына туған халқының қадірменді азаматы болып өтті.

Икамның ұзақ жылғы жемісті еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Қазақстанның Білім беру үздігі» атағы берілді, көптеген марапат қағаздарын алды. Ұстаздың көптеген шәкірттері үлкен-үлкен табыстарға жетіп, ғылымның түрлі-түрлі деңгейлердегі шыңдарын бағындырды. Икәм мен Дариға апайдың 11 баласы жоғары білім алып, алды ғылым докторы атағына жетсе, кейінгілері компьютерлік технологиялар жүйесін меңгеріп, ғылыми-техникалық бағдарламалар құрастыру дәрежесіне жетіп, байланыс құралдарының қыр-сырына үңілуде. Мысалы: Мейрам Қарағанды экономикалық университеті (білгір есепші), Берік Новосибир университетін (математик-бағдарламашы), Серік Томскінің техникалық университетін (жоғары санатты техник), Бораш Қарағанды университетін (химия ғылымының докторы) тәмамдаған...

Адамгершілігі мен парасат-пайымы, кемелдігі мен кемеңгерлігі, батылдығы мен байсалдылығы тал бойына жарасқан, көз алдында қылыш жалаңдаса да қаймықпайтын,

шындықты бүкпей айтып салатын өр мінезді азаматын қазақ халқы тектіге балаған. Кәлейұлы Игілік Төлеутегі - т е к т і т ұ л ғ а !

«Шындық шырағы дауыл соқса да өшпейді.

Ғ. Мұстафин

Қияға қанат қақтырған ұя және Баян Көкенұлы

*Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!*

Абай

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген сөздерді ұран қылған оқушыларымыздың жаңалыққа ұмтылуы-бүгінгі заман талабы.

Ботақара кентіндегі № 1 аудандық қазақ мектебі ұжымы 16-сәуір күні семинар өткізуді жоспарлапты. Оған «Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың ғылыми ізденіс белсенділігін арттыру-нәтижеге бағытталған білім беру жолы» деген тақырып беріліпті. Семинардың мақсаты-оқытудың жаңа әдістері арқылы оқушылардың таным қабілетін дамыту мүмкіндіктерін зерттеу, ғылым негіздерін игере отырып, алған білімдерін шығармашылық деңгейде пайдалана білуге баулу. Міндеті-педагогикалық технологияларды қолданудағы мектептің озық ұстаздарының іс-тәжірибелерін тарату. Ұстаздар мен оқушылардың шығармашылық іздемпаздығын қалыптастыру жоспарланыпты.

Аталмыш мектеп 1993 жылы ашылған. Бүгінгі күні мектепте 515 оқушы білім алады.

24 сыныпта 45 ұстаз білім береді. Одан басқа психолог, жастары кәметке толмаған балалармен жұмыс жасаушы инспектор, медбике, кітапханашы еңбек етеді.

Мектеп директоры Серік Балпанов білім беру ісінде ұзақ жылдар еңбек еткен жан. Қарамағындағы адамдарға талап қоя білетін, өнерде, түрлі жарыстарда ұжымымен бірге алдыңғы қатарда жүретін басшы. Физика пәнінің ұстазы, бүгінде Баян Көкенұлы Көкеновпен бірге физика пәнінен тест, есептер жинағын жазып, оны оқушылардың игілігіне ұсынған. Оқу ісінің меңгерушісі М. Джолдинова өткен жылы Республикалық ғылыми конференцияға қатысып, жаңа технологияны ұтымды пайдаланғаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталған. Мектеп ұстаздары Қалиасқар Шыныбектегі Бұқар жырау Қалқаманұлының мұрасын тұрақты түрде зерттеп, оқушыларға өзінің «Ботақара – киём, Бұқар жырау – иём» атты кітабын табыстаған. Мектептің ғылыми жұмыстар жөніндегі меңгерушісі Р. Бозаева облыстық, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, облыс әкімі сайысына қатысып, «Педагогикалық шабыт» номинациясын жеңіп алған ұстаз. Мектептің тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі Д. Қалдыбаев өзінің сан қырлы өнерімен көпшілік ризашылығына бөленіп жүр. И. Хамитов та өзін әр түрлі қырынан көрсетіп жүрген ұстаз. Қ. Шыныбектегі, Д. Қалдыбаев, И. Хамитовтардың «1931-1933 жылдардағы сталиндік репрессия құрбандары» жинағында ұстаздардың қаламынан шыққан, оқырмандарға ой салатын, тартымды мақалалары орын алды. Бастауыш сынып мұғалімі Д. Қуанбаева 2007 жылы аудан бойынша «Жыл мұғалімі» атағын жеңіп алған. М. Жуантаева ҚР Білім министірлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағына ие болған. Білім шаңырағы астында М. Көшенова, Б. Жанпейсова, Д. Оспанова, С. Мұқышева, Р. Шаушекова сынды тәжірибелі ұстаздар еңбек етіп жүр.

Мектеп ұжымы семинарға жан-жақты дайындалыпты. Ұстаздар түрлі технологияларды пайдаланып, ашық сабақтар өткізуді жоспарлапты. 7-і сыныпта орыс әдебиетінен А. Қабаева, 8-сыныпта тарих сабағынан «Ұлттық-демократиялық қозғалыстың өрлеуі»-Д. Қалдыбаев, 9-сыныпта «Салауаттану химия сабағында» М. Жуантаева, тарих сабағында 5-сыныпта «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы сауатсыздықты жою ісі мен өнер»-И. Хамитов, 2-сыныпта қазақ тілінен «Сан есім»-А. Райсова, 4-сыныпта экологиядан «Жер тағыдыры-ел тағыдыры» тақырыптарында-С. Әбілова тартымды сабақтар өткізді.

Д. Қалдыбаевтың өткізген сабағында балалар сабақтың басынан аяғына дейін компьютер арқылы сұрақтарға жауап берді, тест тапсырды. Сабақтың көрнекіліктері ретінде слайдтарды оқушылар назарына ұсынды. Дулат Қабылқайырұлы-ізденгіш ұстаз. Жұмыстан бос уақыттарында көптеген қалаларға сапар шегіп, тарихи мұраларын аралайтын, өзінің танымын молайтатынын білдік, ұстазбен сұқпаттасқан кезде фото деректер жинап, өзінің жеке мұрағатына орналастырады екен. Сабақ беру барысында Астана қаласы маңындағы репрессияға шұраған ақын-жазушылардың әйелдері қамалған Алжир лагерінен әкелген фотосуреттерін қолданды. Ең алғашқы қазақ басылымдары да сабақ аясында кеңінен қамтылды. Өтілген сабақ бойынша тест алынып, оқушылар тиісті балдарын алды. Сабақ соңында Мағжан Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңі оқылды.

Бір айта кетерлігі, балалардың барлығы сабаққа құлшыныспен қатысты, компьютерді жақсы меңгергенін көрсетті. Сабақтарды талдау үстінде ашық сабақ өткізген ұстаздардың атына жылы лебіздер мен жақсы тілектер айтылды. С. Әбілованың сабағы М. Жанғожинмен ерекше бағаға ие болды. Ұстаздардың сабақ өткізу сапасы

ұстаздардың тарапынан әр түрлі алманы ағаштың бұтағына ілуімен бағаланды.

Келесі бір әдемі сәт Д. Қалдыбаевтың арнауымен ашылды. Бұл күні мектеп ұстазы Баян Көкенұлы Көкеновтың 70 жасқа толуына орай концерттік бағдарлама құрылыпты. Ұстаздың балаға сіңіретін еңбегі ұшан-теңіз. Ұстазға, ұстаздың мейірімі мен ұлағатына тағзым жасалды осы күн. Жақсы тілек аудандық білім бөлімі бастығының орынбасары Әсем Төкенқызының тарапынан жолданды. Ол білім бөлімі атынан ұстаздың иығына шапан жапты. Үштөбе орта мектебінің директоры Бұланбай Қалиұлы да жақсы тілектерімен бірге шапан, шәй сервизі сыйлықтарын алып кліпті. Мақсұтхан Ақышев, Амангелді орта мектебінің директоры Сағат Зарлықұлы, зейнеткер-ұстаз Тілеукеш Дәлетжанова Баян Көкенұлының атына жақсы тілектерін айтты. Тілеукеш апайдың немересі Айдана күй тартып, ардагер ұстазға әжесі ақшалай марапат тапсырды. Бір шаңырақ астында қоныстанған балалардың музыка мектебі атынан Бақыт Тәтішева сөз алып, ұстазға сыйлық ұсынды. Ағаның жұбайы Күлкен апай мен баласы Сәле әдемі сәттерден жақсы әсерлермен аттанды.

Бұл күні оқушылар ғылыми жобалар қорғады. Ұстаздар Майтан Назымбекқызы мен Райхан Қанатқызы да шығармашылық жұмыстарын көрермен назарына ұсынды.

Баян Көкенұлы ұзақ жылдар бойы білім бөлімін басқарған.

Көкенов Баян Көкенұлы 1939 жылы Осакаров ауданы, Осакаровский совхозында дүниеге келген. Сол жерде сегіз жылдық мектепті бітіреді. 1956 жылы Қарағандыдағы №7 Жамбыл атындағы орта мектепті аяқтайды. 1956-58 жылдары ағасы Жақыпбеков Дүйсеннің қарамағында қой бағады. 1958-63 жылдары Алматы пединститутын физика және математика мамандығы бойынша тәмәмдайды. 1963 жылдан бастап Бұқар жырау ауданында еңбек жолын

бастайды. Екі рет оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық әдістемелік кабинетінің төрағасы, методист инспектор, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарады.

-Қазіргі таңда өмірлік жолдасым орыс тілінің маманы Балқаббаева Күлкен екеуіміз зейнеттеміз. Бірақ мен өзім осы кезде №1 қазақ орта мектебінде физика пәнінен дәріс беремін. Сәуле атты баламыз бірге тұрады. Екіншім Жанна Көкшетау қаласында заң қызыметкері болып істейді. Аян есімді бір немерем бар-деп, Баян аға әңгімесін бастады.

-Ұстаздық жолды таңдауға не әсер етті?

-Біріншіден, физика пәнінің ұстазы Күлпан Сылқымбекқызы, әкем мен шешем бұрынғы қиссалардың барлығын жатқа білуші еді. Әкем жас кезімнен өнер, ғылым тылсымын көкейіме құйды.

Екіншіден, институтқа барғанда бұрынғы министр Кенжалы Аймановтың сабақты жақсы түсіндіргендігі маған әсер етті.

Үшіншіден, ағамыз Әлкей Марғұлан, жеңгеміз Раушан Әбікейқызының берген тәрбиесінен көп тәлім алдым.

-Аға, атақты адамдармен істес болдыңыз ба?

-Әрине, болдым. Атай кесем, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, Мәлік Ғабдуллин, ауданның бірінші хатшысы Төреғожин Тұрсын, Шербакова Евдакия Петровна, Жақаева Орынбасар Шубайқызы, Бөкетов Евней Арыстанұлы, Першина Лидия Ивановна т.б.

-Үміт күтетін шәкірттеріңіз бар ма?

-Бар. Құдайға шүкірлік жетерлік.

-Өмірді қайта бастасаңыз қай мамандықты таңдар едіңіз?

-Балалардың арасында бірге жұмыс істесем, одан басқа бақыт жоқ дер едім.

-Тәтеймен алғаш қалай таныстыңыз?

-1959 жылы үздік студенттердің слеті болды. Сонда танысып, 1963 жылы қосылдық.

-Қазіргі өсіп келе жатқан келешек жастарға не тілер едіңіз?

-Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай 21 ғасырдың оқушылары білімді болу керек. Ол үшін ата-аналар тәрбие мәселесіне көңіл бөлсе жақсы болар еді. Сондықтан әр кісі өзінен бастау керек. Сабаққа деген ынта-жігері болса, үлкенді-үлкен, кішіні-кіші деп бағалай білуі қажет. Мұғалімдер үйретуден жалықпау керек-деген тілегімді білдіремін. Ел аман, жұрт тыныш болғай.

Қысқаша шежіреге көз жүгіртсек

...Айдаболдан: Аққозы, Жанқозы, Қарақозы, Кенжеқозы..., Бозқозы, Қошетер, Қожакелді, Тайкелтір..., Малғозы..., Толыбай...

Толыбайдан: Рысқұл, Олжабай батыр. Рысқұлдан Тақа. Тақадан: Сейсенбай, Бекқожа, Сейітбай.

Олжабай батырдан: Дулат, Марғұлан, Хақан, Әлкей.

Тоқадан: Сейсенбай, Бекқожа, Сейітбай. Сейсенбайдан Исабай. Бекқожадан Жақыпбек. Сейітбайдан Туыпқалған.

Исабайдан: Секен, Көкен, Сабыр, Бабыр.

Көкеннен: Баян, Тыйштық. Баяннан: Жанна, Сәуле. Жаннадан: Аян. Тыйштықтан: Арстан. Арстаннан: Есберген. Сабырдан: Қуандық. Қуандықтан: Ербол, Серік. Бабырдан: Амангелді, Сайлау, Қайрат, Жанат.

Жақыпбектен: Жаңбырбай, Бек, Дүйсен. Жаңбырбайдан: Сағындық, Сәкен, Абай. Дүйсеннен: Оразбай, Орал, Оразкелді, Сейітжан, Бақтыбай.

Туыпқалғаннан: Қозбақ, Серікбай, Кежетай. Қозбақтан: Марат, Аманжол.

Туған-туыстар

Баянның әкесі Көкен Исабайұлы 1900 жылы, анасы Рысты Есбергенқызы 1905 жылы туған. Рысты апай «Осакаровский» совхозында жұмыс атқарған. Жиырма жеті жыл бойы мал бағып, бірнеше дүркін Социалистік жарыстың жеңімпазы болған. Күш-қуатын аямай, халықпен бірге ауыр жұмыста жүріп, балаларына тәлім-тәрбиені өте жақсы берген. Ол кезде еркектердің көбі соғыста: әкесінің ағасы Секен, әкесі Көкен, әкесінің інілері Сабыр, Бабыр, туыстары Жаңбырбай, Бек т.б. Жеңелері Мәпия, Мақпуза, Балкен, Динаш, Нәзкен, Ұрқиялар совхозда еңбек етті. Таңнан кешке дейін Баян бесіктегі қарындасын тербетумен болды. Соғыстан Секен оралмады, оны туыстары осы уақытқа дейін іздеуде, бірақ еш хабар жоқ. Туған-туыстар шетінен еңбекқор, қолдары ашық, барын бөлісетін жандар болған. Бірін-бірі кереметтейін құрмет тұтып, өзара қатты сыйласатын. Көкен мен Рысты еңбек дегенде жанып тұратын. Әкесінің қолынан келмейтіні іс болған жоқ. Соғыстан кейін халықтың әл-ауқаты нашарлау, сол кезде бұл кісі бау-бақшамен айналысып, жемістің неше атасын өсіретін, оның ішінде: қызанақ, қияр, қырыққабық, күнбағыс, картоп, шие. Қол шалғымен шөп шапты, ат арбамен оны ауылға тасыды, маялап үйді. Көкен қайырма жолдарды тартып шөпті өндіре шапса, ал Баянның ағасы тік жол тартуға ғана шамасы келетін. Ауылдастар совхоздың малы мен мүлкіне өзінікіндей, аса жауапкершілікпен қараған. Баянның әкесі совхоздың бір сиырын жоғалтып алып, оның орнына інісі Сабыр өзінің сауып отырған жалғыз малын салып, ағасын жауапкершіліктен арашалап қалған. Ол кезде ағайындардың жандары жомарт, татулықтары жарасымды, имандылықтары жоғары еді.

Малды өсіріп семіртудің өзі өнер екен. Оны таза жерде ұстайтын, мезгіл-мезгіл жем-шөбін беретін (көгін, жұғымдысын). Ол заманда елде қол диірмен бар кез. Диірменмен жарма үгіп, малдарға уақытымен беретін.

Жылқыны далаға бір мезгіл аунатып, қырық күн оны баптап семіртеді. Соғымның еті әрдайым өте тәтті болатын. Қазы, қарта, жая, шұжықты реттеу Бяның шешесінің де үлесінде болатын. Майды, етті тұздау әдісі көршілерге үлгі еді. Тұз, бұрыш, жуаны салуда тұздаушының өзіндік сезімталдығы болуы шарт дейтін ол кісілер. Тұздың не аз, не көп болуы еттің дәмділігіне, оның астылығына тікелей әсер етеді. Қазыны ерекшелеп, ұнның ішінде сақтайтын. Майды қаңсытпайтын. Шошалада етті ұзақ уақытқа сақтайтын, өз қолымен жасаған кебеже болатын. Көкен ешкі, қой, сиыр және жылқыны өзі жалғыз емін-еркін бауыздап, соя беретін. Малды ерен таза, ұқыпты ұқсататын-мүшелейтін, оны іліп-іліп жерден жоғары сақтайтын. Тұздайтынын тұздайтын, қақтайтынын қақтайтын. Өгіздің терісін күбіге салып ашытатын. Бір аптадан соң теріні көлеңке тұсқа кептіріп, оны илеп, атқа керекті ер-тұрман, сауыт-саймандарды жасайтын. Баянға қайысты ұстатып, оны әкесі таспалап ұстарамен тілетін. Жүген, ноқта, тұсамыс, өре, шідер, сегіз таспа қамшы, өрнекті ертоқым, күшке берік қамыт-сайман т.б. құрастыратын. Шідерті бойында, Тута қорығында мүк деп аталатын шөп өседі. Сол мүктердің арасына аралар ұя салады. Бал арасының ыдысынан бал алу қиынның қиыны. Ұясына тиіссе олар адамға қара түнек бұлт тәрізді төнеді. Арналып жасалған киім арқылы аралардан қорғануға болады. Араның балын аларда киетін сондай ақ киім Көкенде болған. Әлі күнге дейін сол кезердегі табиғи таза балдың дәмі Бяның есінде сақталған. Осы уақытта Баян Көкенұлынның үйінде әкесінен қалған мынандай жәдігерлер сақталған: сүргі, мал соятын 1,5x1,5 м² тақтай. Қора-қопсы салу үшін Көкен жас талдан мата тоқыған. Оны үйдің, қораның төбесін жабуға қолданған. Балық аулауға арналған қобдиды (мордышка) да талдан тоқыған. Тауықтың балапандарын қырғилар қағып кете беретін. Сол қаныпезер қырғиларды асқан ептілікпен, құрық арқылы ол

қағып түсіретін. Бұл жерде қызыл шілік молынан өседі. Қыс айларында қояндардың жымына (іздері, сүрлеуі) тұзақ қоятын. Тұзаққа қоян бір ілінсе, ол одан шыға алмайды. Себебі қоян бір жаққа ғана тарта береді. Киіз үйдің айналасынан мынандай шөптерді жинайтын: қымыздық, мәймі-шешек, бүлдірген, қарақат, жуа (таудың, қыраттың), шәй-шөп т.б.

Баянның анасы Рысты іс тігудің нағыз шебері болатын. Ол кезде шалбарды жүн салып, қол ине-жіппен сыратын. Қой қырқу, жүн түту, оны бояу, ұршық иіру, сырмақ тебендеу, алаша тоқу, сабын жасау Рыстының өнері болатын. Анасының тоқыған алашасы, әкесінің тіккен жейдесі (безрукава) Баянның үйінде сақтаулы тұр.

Баянның әке-шешесінің, туған-туыстарының айтарлық қасиеттері: әділ, қарапайым, көпшіл. Келген адамдарды құшақ жая, дәмдерін алдына тартып, бар ықылас-көңілдерімен қарсы алған. Баянның әке-шешесі өзерінен кіші ағайындарына қолдарынан келген көмегін тигізіп, олардың жеке-жеке отау тігулеріне ықпал етті, бас-бастарына үй тұрғызып берді. Той, аза жүктерін, негізінен, осы кісілер көтерді. Мұндай кеңпейілділік Баянның әке-шешесіне Көкеннің анасы Өлмесекқызы Бәтимадан дарыған. Бәтима отыз жеті жасында жесір қалып Секен, Көкен, Бабыр, Сабыр және қыз балаларын үй қылып, аяғына қойған қажырлы әже болған.

Баян әкесімен бірге шөп шабысып, оны ат арбамен шабындықтан үйге тасысатын. Шөпке барып қайтар ұзақ жол бойына әке балаға шарифат айтып, дұға үйретіп отыратын. Кеңес үкіметі уақытында Алланы ауызға алуға ел-жұрт қорқатын. Көкен былай деп қайра-қайра айтып қоятын: «Алла бар. Оны жүрегінде сақта. Дінім Ислам, кітабым Құран, Алланың құлымын, Пайғамбардың үммәтімін.» Осы өмір жолында Көкен қиса-дастандарды жатқа жосытатын. Мынадай қисаларды Баян әке-шешесіне,

аға-бауырларына кешкісін, дем алған кезде оқып отыратын: «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Төстік» т.б. Бұл қисаларды Баянның анасы мен әжесі көздеріне жас алып тыңдайтын. Әкесінен ұғып алған әңгіме-аңыз-ертегілері: «Пайғамбар мен Әзірет Әлінің арасындағы хикая», «Олжабай батыр», «Бәйтеректегі Самырық құс» т.б. әліде Баянның жадында жаттаулы. Әке-шешенің, туған-туыстың өнегесі Баянның ой-өрісінің өсуіне, кішіпейілділік, іздемпаздық, еңбекқорлық қасиеттерінің дамуына оң ықпалын тигізді. Дойбы, тұзақ ойындары адамның сана-сезімін жетілдіретіндігі де жанұя тынысынан тыс қалған емес.

Табиғат – тамаша!

Желдің дыбысына, гуіліне және бағытына байланысты көп нәрсені аңғаруға болады. Баян Көкенұлы көлге, өзенге барып балық аулағанды ұнатады. Табиғатқа шыққанда оның көңіл-күйі ерекше болады. Балыққа барар жолда Баянның баласының зираты бар. Бұл бейітте көршілердің, қызметтес болған аруақтардың мәйіттері қойылған. Бұл аруақтарға дұға бағыштайды. Дұғаны аруақтарға жер-жерлеріне байланысты оқығанды қалайды. Қостанайлық ақын Ғафу Қайырбеков 1926 жылы туған. 2006 жылы оның туғанына 80 жыл толды. Ақынның: «Жоқ адамды айтып, дұға жасау да өнер» дегені Баянның санасында жатталып қалған. Ата-бабаларды, туған-туыстарды, жора-жолдастарды еске алып, оларға дұға бағыштап, ас бергенді дұрыс санайды.

1959 жылы студенттік ауылшаруашылық жұмыстарында Павлодардың Краснокутск ауданындағы, Спартак совхозының Октябрьский деген бөлімшесінде Баян шөп жинасқан. Қасында жолдасы Мұстафин Төленді. Кейін ол физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесіне жетті. 52 жасында дүниеден озды. КарГУ-дің алгебра

кафедрасының меңгерушісі қызыметін атқарған. Кушенова Мінайдың (№1 қазақ орта мектебінің математигі) туған ағасы. Баян мен Төленді жұмыстан бос кезінде Ертістің тармақтары, өзенге барып балық аулайтын, әңгіме дүкен құратын, асыл армандарға қанаттарын қаққандай әсерде болысатын. Екеуінің қармақтары бірдей, бір сәтте әне балық келе жатыр дейді Төленді, сонан соң кешікпей-ақ қармаққа шортан қабылатын. Баян аң-таң , ештеңе көрінбейтін. Соңғы кезде оның түсінгені, шортан жыртқыштардың қатарына жатады және үлкендерінің ішінен оның шүрегейі (шортанның кішісі) шығып қалады. Олардың жылдамдықтары едәуір, сондықтан шортан оларға таяғанда толқындар жүре бастайды.

Баян 1970 жылдары сырттай оқитын агрономдардың есеп-қисап жұмыстарын орындауларына қол ұшын беріп жүрді. Олардың есебі көбіне метеорологияға байланысты келеді-«Роза ветров»-деген есептеулер. Мұның маңызы белгілі аймақта неше күн ашық, қанша күн жаңбырлы, ауа ылғалдылығы, қысымы, жел бағытының өзгергіштігі қандай, жерді қалай жыртқан тиімді, қай уақытта егінді егу, оны ору сәттірек, сүрең жерлеге тыңайтқыштардың қандай түрлері қажеттірек, судың орташа мөлшері, қардың түсу қалыңдығы, температураның өзгеру қарқыны қаншалық? т.б. Шығыстан, оңтүстіктен, солтүстіктен, батыстан қандай пәрменмен, қанша уақыт жел еседі? Осы тәрізді сауалдар Бұқар жырау ауданының әр жерлерінде іс-сапармен жүргенінде Баянның жадында тармақталып тұратын.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан Баянның жақын аталас ағасы, оны тәлімдеуші ғалым-туысы. Академиктің «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана»-деген Баянға ескерткіш ретінде берілген кітабы бар. Бұл кітаптың мұқабасында Баянға арналған мынандай сөз бар: «Мынау өзің көріп жүрген Сарыарқа жерін зерттеудің нәтижесі.

Саған елді, жерді, тау-тасты жақсы үйреніп білуді үміт етемін. 1981 жыл.»

1969 жылы Баян Көкенұлы Ульянов аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызымет атқарған. Партия комитетінің бірінші хатшысы Төреғожин Тұрсын еді. Сол кезде «Қазақ энциклопедиясының» шығып жатқан кезі болатын. Темір жол бойында «Приятный» деген екі станция болып кеткен. Бұл қалай? Мұның маңында қандай қызықты қағалжу бар екен? Осы дуализмге байланысты ғылым Академиясына жауап беру үшін Баян Көкенұлына жауапты тапсырма берілген. Мұны зерттеу үшін ол совхоз «Пролетарскийге» барған. Тексерістің нәтижесі: «темір жолды салған кездегі басшысы Струков, жері жұпар иісті болғаннан соң «Приятный», ал маңындағы тауды «Синяя гора» деп атаған. Тау күндіз көк болып көрінеді, себебі таудағы шөптерге түскен күннің ақ сәуледен көк түс шағылады өзге түстер жұтылады (фотолюминесценция құбылысы)». Тексерістен кейін «Приятный» «Ащысуға» өзгертілді.

Дерек

Алтын киімді адам Қарқаралыдағы Қасым ауылынан табылды

Орталық Қазақстанның жер шоқтығы Қарқаралы өңіртұнып тұрған тарих. Осы өңірдегі бірнеше жылдан бері жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарының зерттеу қорытындысының өзінен том-том кітап жазып шығаруға болады. Күні кеше, яғни, сәрсенбінің сәтті күні Алматы қаласындағы Ә.Марғұлан атындағы археология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, қарқаралылық Арман Бейсенов бастаған археологтар көп жылғы зерттеу, қазба жұмыстарының нәтижесінде Орталық Қазақстан аймағынан табылған

тұңғыш алтын адамды қазып алды. Осынау керемет жаңалықпен баршаңыздан сүйінші сұраймыз.

Күні кеше ғана ашылған қорғаннан табылған алтын бұйымдарын көре отырып, сол дәуірдің керемет бір патшасы жерленген жер екіне көз жеткізуге болады.

Өйткені, экспедиция жетекшісі Арман Бейсеновтің айтуынша, бұл Орталық Қазақстан аймағынан табылған алтын адам деп айтуға толық негіз бар.

Себебі-қазба жұмыстары толық аяқталмаса да күні кешеге дейін 8 үлкен белдіктің әшекейі, одан кішірек 82 белдіктің әшекейі, 8 құйма арыстан белгісі Астанадағы Хан шатырының формасындай 20 құйма алтын, алтын 6 серіппе, бұдан басқа тұрған қабан, осындай жұқа металға ойылған Елтаңбамызда белгіленген пырақтардың көріністері, өте ұсақ алтын моншақтар, әр түрлі дөңгелек көлемдегі киімге жапсырылып тігілген алтын әшекейлер, қымбат тастардан істелген әр түрлі бояудағы моншақтар, жиырма шақты садақ жебелерінің қолдан құйылған ұштары кімді болсын таңғалдырары сөзсіз.

-Өлең-сөзге қалай ғашық болдыңыз Баян аға?

-Қорыта айтқанда, ең бірінші, әкемнің әңгімелері, ертегілері, қисалары, Азан шақыруы әсер етті ме деп ойлаймын. Әкейдің даусы Азан шақырғанда жанға жайлы, таңертең ерте, бір түрлі жағымды әсер етуші еді. Дұғаларды да өз бойында әндетіп, мақымына келтіре, жатқа оқитын. Екінші, Дүйсен ағам домбырасын шертіп, әнін келістіре шырқап отыратын. Ол елге жайлы, қолы ашық, жомарт азамат болды. Соғыстан оралған соң совхозда бас мал дәргері болды. Мен көбіне сол үйде Динаш есімді жеңгемде көп болатынмын. Ағам жайлауға, шопандарды аралағанда мені атқосшы ретінде алып жүретін. Шопандардың тұрақтары бір-бірінен 20-30 шақырым. Бәрін аралап шығуға 15-20 күн кетеді. Арбада келе жатқанда жол бойына ағам

өлең айтатын. Әжем, әкем, шешем, ағаларым мақал-мәтелдерді көптеп білуші еді.

Студент шағында Баян Дүйсен ағасымен бірге «Дальный» совхозында екі жыл қой баққан. Курстарының ішінде Баян ересек болатын. Отырыс, кеш, тойларда оны асаба сайлайтын. Баян ондайда сәттерде қысылып, көп ізденетін. Студенттік кезінде оған көмек көрсеткен Әлкей ағасы. Ғалымның бай кітапханасы бартын. Баян кітаптардың тозаңын қағып, шаңын сүртіп, бөлмені әсін-әлсін желдетіп, Әлкейдің тауып бер деген кітабын іздестіріп, оның қолжазбасын көшіретін. Той-томалақтарда айтатын сөздерді Әлкей Марғұлан тәлімдеді. Осы уақытта да оқымыстының айтқан мақал-мәтелдері, ойлы шумақтары, әзіл сөздері Баян Көкенұлының жадында сайрап тұр.

Сабыр Баянның әкесінің інісі, Жаңбырбай оның ағасы. Екеуі де өлең шығарған. Сабыр ағасының жыр-шумақтарын Баян Көкенұлы кей жерлерде насихаттап жүреді. Үлкен әжесі Өлмесекқызы Бәтиә қайтыс болғанда Сабыр былай толғаған:

*Хош, хош бол,
Хош ұлы Ана.
Артта қалған біздерге,
Болады енді кім пана?*

Баянның осындай ағалары елді туыстыққа, татулыққа, бірлікке, ағайындарды ақыл-тарасаттылыққа шақыратын. Асанқайғының аталы сөздерін, Едіге, Шоң билердің суырма жауаптарын жосылтатын. Осы кезде «Егемен Қазақстан» газеті, «Жұлдыз» журналын оқығанда ақындардың толғаулары Баян Көкенұлына ерекше әсе береді, толғандырады. Ағамызда мынандай қасиет бар: Жатар алдында бісіміләсін айтып, дұғасын оқыған соң,

ақындардың өлең-жырларын жаттап, азанда оны үш мәрте қайталайды.

Әрбір оқырманның деңгейіне қарай, өзінің сүйіп оқитын ақындары, жыраулары, жазушылары, тарихшылары болуы мүмкін. Баян Көкенұлы мына ақындардың өлеңдерін сүйсініп оқиды: Абай Құнанбаев, Ғафу Қайырбеков, Қадір Мырза Әлі, Марфуға Айтқожина, Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатайып, Сауытбек Абдрахманов, Жамбыл Жабаев, Ілияс Есенберлин, Шерхан Мұртаза, Баянғали Әлімжанов, Фариза Оңғарсынова, Дихан Әбілов, Кенкен Әзірбаев, Бейбіт Құсанбеков, Тоқтағұл Сатылғанов (Қырғыздың ақын-сазгері), Мақтымқұл (Түркіменнің халық ақыны) ...

-Мақсұтхан, сенің де өлеңдеріңді газеттен қиып алып, тақыл-тақыл оқып жүремін. Өлең сөзді жанымдай сүйемін, пір тұтамын!

-Келер ұрпаққа қандай тілектер айтасыз, Баян Көкенұлы?

-Балалардың шығармашылық шабыты он бір, он екі жаста ерекше болатын көрінеді. Мен, өз басым осындай тұжырымды екі ақынның еңбегінен кездестірдім-Ұлы Абайдың және Ғафу Қайырбековтың. Мырзатай Жолдасбековтың «Абайша сүйіп, Абайша күліп жүрміз бе?»-деген мақаласында айтылғандай:

1. Ұрпақтарды да Абай үлгісінде тәлімдеуіміз абзал.

2. Абай өсиет қылып, аманат етіп айтып кеткен ұлттығымызды ұлықтау, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әдептен озбау, өткенді игеру, ата-баба салт-дәстүрін бойға сіңіру, саналы сөзге тоқтау.

3. Өзімнің тәжірибемнен жастарға, оқушыларға айтайын дегенім бостан-бос уақыттарыңды өткізбеңдер. Кітаптарды оқып, оны санаға тоқу керек. Адам өзіне мақсат қоя білгені дұрыс. Соны орындауға өзіңді баулы. Ата-аналар балаларын

еңбекке жүйелі түрде дайындағаны бәріне абырой әпереді. Мұғалімдер көп ізденіп, сабақтарын түсінікті, озық тәжірибелерді қолдана отырып, заманға сай жабдықталған кабинеттерде өткізгендері оң нәтижеге жеткізеді.

IX БӨЛІМ

Ақтай сері

*Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.*

Абай

Дерек

Ақтай аға Бейсенбекұлы (Ахмедия) кезінде аудан төңірегіне ғана емес, көршілес аймаққа да танымал тұлға болды десек, асып айтқандық емес. Ол ксінің ұлттық болмысы-аңшылық пен әншілік, шежірешілік, ақындық, арғы-бергі ұлы адамдардың ұлық істерін жадына түю сынды қасиеттері қадірлі еткендей.

Ақаңмен жүздесу көптен ойда жүретінді. Қасиетті айдың бір сәтті күні орайы келді.

Ақжар ауылы-Бұқар жырау кесенесі орналасқан жерден таяқ тастам жер. Бұл жерді көмкерген адыр, төбелер Далба тауларына ұласады.

Кесенеге барар күре жолдың сол жақ қолтығында орналасқан Ақжар ауылы-бай, берекелі, сулы-нулы жер. Табиғат ажарын ашар-Қызылтау ауылдан қол созым жерде. Бар құпияны жасырып, мүлгіп тұрған қотыр Қызылтау мен

жоталар бұл жердің адамдарының да қатпарлы жандар екенін әйгілейтіндей.

Енді міне, ағамен әңгімелесіп отырмыз. Сауал көп, жауап та желілі. Жазарман әдетінше өмірбаяннан бастадық.

-Мен 1935 жылы Баянауылдың Жаңажол колхозы, «Қызылқоғам» артелінде дүниеге келіпін-деп, Ахаң әңгіме тиегін ағытты. Ол жақта Бүркітті деген тау, Құртты деген өзен жағалай қоныстанған ауыл болатын. Кішкенекөл, Ащыөзек, Берекет сары деген жер атаулары есте қалыпты. Сол жерде Мәшекеңнің (Мәшһүр Жүсіп) Фазыл деген ұлымен қоңсы болдық... Аңшы, саятшы. Сол жарықтықтың қасиеті шығар бізге де жүкқан.

Біз Айдабол ішінде өспеген Қожакелді атасынан тараймыз. Тайкелтір, Қошетермен бір туысатын.

Сол Әшім ағамыз әжептәуір кеңес қызыметін атқарған кісі. 1937 жылы қалжуыр байланып, біздің үйді паналап келеді. Құтты өзенінің тал-қамысына тығылады. Содан ағайындар Кішкенекөл маңынан ұра қазып сонда тығып қояды. Үш әріптің адамдары іздеп келіп, жер-жерді тіміскілеп, елді үркіткен соң, тығылған жерден шығып, «Іздеген Мақаштарың мен боламын»-деп өзі ұсталады.

Сол соңғы сапары екенін сезген болар, «Қоштасу» атты ән жазады. Мәдидің әніне келіңкірейтін. Сүйініш деген жалғыз ұлы болды. Бала-шағасын жер аударды. Менің әкем Бейсенбек сол жерде қойма меңгерушісі, бухгалтер, есепші сынды қызымет атқарды. Содан салпанқұлақтар: «Мына халық жауының тұқымы неге бірнеше қызымет атқарады»-деген соң, осы жаққа қоныс аударады. Мен онда төрттемін.

Жартас деген жерде қой фемасы болды. Сонда қойшы болды. 1942 жылы соғыстан жарадар болып келіп, 1943 жылдың күзгі салымында қайтыс болды. Төрт баламен анам жесір қалды. Мұхамедия, Ғайша есімді іні-қарындастарым бақилық болды.

-Аға, мектепті де осы жақтан оқыған боларсыз?

-Төртінші сыныпты 1-май колхозында нағашым Бекеннің қолында оқып бітірдім. 5-сыныпты Үлгіде Рәзия нағашы апамның үйінен оқыдым, 6-7 сыныпты №2 интернатта, 8-10 Семізбұғыда тәмәмдадым. Семізбұғыда Қашықов Шағатай марқұм (академик) директор болды. Сол мектеп сахнасына шығып ән салып жүрдім. Әттең, ұстаздарым болмады, өнерге жөн сілтер.

Шешесі Тәбәрік атты жездесіне тұрмысқа шығады Ақаңның. Оқуға баруға жағдайы болмай №33 шахтада комбайын жүргізеді. 1959 жылы Ғазиз атты татар дәргер жігіті «мына жұмысты таста, денсаулығыңа зиян»-деген кеңес береді. Ауылға келіп, әр түрлі жұмыстың басын шалып, орман шаруасына жұмысқа тұрды.

Шаруашылықта атақты К.Ботов механик болды. Ахаңның өнерін ерекше бағалап, үлкен отырыстарға дәмдес болуға үнемі шақыруды әдет қылады.

-Бір жылы мына іргеміздегі Жосалы шипажайына бара қалмаймын ба бір шаруамен. Онда Тапаев Әбсалам деген стахановшы директор болды. Кезінде Киров шахтасын басқарған.

-«О, інішек, жақсы келдің, қонақ келеді, қарсы аламыз, ал, ешқайда кетпейсің»,-болды алғашқы әңгімесі. Мен «ойбай, аға, мына әлеміштелген киіммен қалай»-деп азар да безер болдым. О кісілер қояр да қоймай су жаңа костюм-шалбар, көйлек, туфли кигізді. «Енді қатып кеттің»-деп қояды.

Сөйтсе, мұнда атақты Ақайдың Қасенінің немересі келмек екен. Ол кісілерді қарсы алып, аң аулау, ән айту сынды өнерімен тәнті қылсын деп Ақаңды қолқалаған. Үш-төрт күн қонақтарды күтіп, қоян атады, табиғатта қыдырады. Қонақтар да келеді.

Аңшылықтың, қонақжайлылықтың небір қызығын көрсетіп, риза қылады. Ақаңда домбыра, ән, жиналғандар мәз.

*Қызығы жастық,
Көңілде мастық.
Бай-кедейлік білінбей,
Көз көрсең күліп,
Тұрағын біліп,
Көп шаруаның біріндей...*

Кенет Ақаң домбырасын алып, шырқап қоя береді. Бала бүркіттің шаңқылындай ащы дауыс әлі де бабындамын деп тұрғандай. Мен риза болғаным соншалық:

-Пай,-деп қатты дауыстап жіберіппін. Ақаң біраз тыныстап алып: «Ой, жас күнімде мұнан ашық еді ғой дауысым»-деп күрсінгендей болды.

-Бұл әнді Жұмабек Мәненов атты досымнан үйренгем. Жаңа отырыста осы әнді шырқатпаймын ба?! Кенет Хасеннің немересі: «Тоқтат!-деп айқайламасы бар ма?! Тым-тырыс, үнсіздік. Кенет, әлгі:-Абайда мұндай болмаған, мынау халық жауы-Шәкәрімдікі. Оны сен неге айтасың? Осы кезде жарықтық Ботов нағыз қазақтан асқан кісі ғой.

-Абай да жас болған. Ол да қызға барған шығар. Адамға тән нәрсе оған да тән емес пе?!

Осы уәж тоқтау болғанымен, көңілім сәл жасып қалды.

-Сен бір ауылдың сәні екенсің-деп бата бергендей болды Ботов. Содан кейін оқ-дәрі т. б. мәселелерде қиындық болмады. Егер қып қойды. Әрі аң аулаймын, әрі орманшы. Жылына 20-30 түлкі терісін тапсырамын. Қарға, сауысқан ату науқаны болады, ауру таратпас үшін ғой.

Бір жылы Сәтбаев ауылында 4-5 қасқыр маза бермей жүр деген соң, сонда бардым. Мұқан атты кісінің үйіне түстім. Жақсы ат, түзу мылтық ер жолдасы дейді емес пе?! Соның екеуін қуып жүріп атып алдым. Жігіттер: «Өзің аттың, өзіңе байлайық»-деп еді. Мен «Мұқан ақсақал мен

Мақу ағамызға сөз беріп ем» деп сол кісілерге сыралғы еттім...

Біздің тағы бір жұмысымыз Жыржыс қажының мәңгілік мекеніне зиярат ету болатын. Ақжардың адыр-беткейін шаңдатып 7-8 шақырым жердегі сол ескі қорымға қарай ат басын бұрдық. Аға құран бағыштап, біз тәу еттік.

Сал-серілер суырып салма ақындығымен қатар, ән шығарып, оны өзі орындайтын жезтаңдай әншілігімен ерекшеленеді. Сал-серілердің әндері нәзік иірімдерімен, өлең ұйқасының шебер үйлесуімен ерекшеленеді.

*Тоз-тоз болып иілгеннен сынған артық,
Басқа келген әр пәледен тынған артық.
Жаманмен алтынды тақта отырғанша,
Жақсымен бірге отырған зындан артық.*

Сал-сері өнер атаулының шындарын бағындырған, халық құрмет тұтатын ұлық тұлға. Өзінің бет әлпетіне, дене бітіміне, физикалық мықтылығына, киім киісіне, жүріс-тұрысына, сөз саптауына, жырлау мәнеріне, өлең оқуына, ән шырқауына, күй тартуына, фәлсафалық ойлау тереңдігіне т.б. қасиеттеріне орайлы, ел-жұрттан ерекшеленіп тұратын, тарих сахнасынан ойып орын алған, тұтастай бір ұлттың көрнекті ұрпағы. Сал-серілердің жүрген жерлері ойын-сауық, той-думан. Сал-серілер ұлы даланың ұлық даналары. Сал-серілер рулар мен тайпалар арасын жалғастыратын алтын көпір. Сал-серілер жыйын-тойдың, ойын-сауықтың көркі. Сал-серілер білімдарлық пен қайраткерліктің, сұлулық пен мәдениеттіліктің, парасаттылық пен имандылықтың символы.

Сал-көбінесе жеке-дара жүріп, ел аралайды. Сал-өзі шешен, өзі ақын, өзі әнші, өзі күйші, өзі палуан, өзі көсем... Салдың алдынан шығып, әр ауылдың атқа мінерлері

алдынан шығып, ақ киізге құлатады, барынша әспеттеп, аса ілтипатпен күтіп алады. Сал өнердің неше атасымен тыңдармандарын тәнті етеді. Біржан сал Қожағұлұлы (1825-1897)-қазақтың атақты халық сазгері, әнші, ақын. Біржан өмір бойы салдық құрып, ел аралап, ән салып жүрген. Сондықтан да ол Біржан сал атанған. 1865 жылы Біржан Абаймен кездеседі. Бұл Біржанның әншілік, ақындық өнерінің ұштала түсуіне ықпал етеді. Біржан сал қазақтың әншілік өнерін жаңа сатыға жоғарлатты. «Ақтентек», «Алтын балық», «Айтбай», «Көкек» тәрізді әндері шоқтығы биік туындылар. Ол өзіне дарынды ақындарды, әншілерді, сазгерлерді тарта білді: Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай т.б.

Сері-өз бойына өнердің сан-алуан түрлерін меңгерген халқының еркесі. Сері өзімен бірге шешендерді, ақындарды, әншілерді, бишілерді, күйшілерді, палуандарды т.б. өнер майталмандарын ерте жүреді. Серілер жүрген жерде алтыбақан құрылып, «ақ сүйек» ойналып, ән шырқалып, түрлі өнердің көрігі қызады. Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1918)-ақын, әнші, аңшы. Ақан он алты жасынан домбыра тартып, өлең айтқан. Шілдехана, алтыбақан, ойын-тойлардан қалмаған. Оның сұңғақ бойы, кербез келбеті, қоңыр даусы елді қызықтырған. Қазақтардың білім-өнерден кенже қалғанына қынжылады. Ақан сері айналасына әнші, күйші, сазгер, палуандарды жинап, өнерлі топ болып ел аралаған. Оның шығармалары: «Желдірме», «Маң-маңкер», «Құлагер», «Адамның біліміне ақыл серік», «Заманға қарап» т.б. Балуан шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума Ақан серінің адал достары болған.

Таңсәріде

Түн ұйқым төрт бөлініп, өзіме өзім сыймай, 2009 жылы,
21 маусым күні, таңсәрімен таласып, Ақжардың қара

жолына қарай беттедім. Көк аспан бұлтсыз, айнадай тап-таза, жыпырлаған жұлдыздар. Көкжиектен таң шапағы арайлап, жердің беті бозара бастады. Уақыт келіп, шығыстан күн күлімдеп, нұрын айналаға шаша берді. Күннің нұрлы шапағы таңғы самалды туындатып, мамыражай тыныштықты тәтті ұйқысынан оятты.

Ағаштар құлпырып, жапырақтары таң самалынан тербеліп, өзара сыбырласа бастады. Жұпар гүл иісті ауа ойыма серпіліс, бойыма сергектік сыйлады, көлеңкелі көңілімді көтерді. Бұлақ суы сыңғырлап ағады, қос аққу қонған көл айдыны сұлу қыздың ер жігітке берген сәулелі сертіндей діріл қағып қояды. Күміс көмей бұлбұл мен саз-әуенді сандуғашқа сүйсіне еліктеп, төңіректегі құс атаулының барлығы жаңа күнге шаттанып, өз әндерін де шабыттана шырқауда. Менің төңірегімдегі тылсым табиғат құбылыстары өзара үндестік тауып, жасампаздықтың ұлық симфониясын асқақ орындау үстінде.

Кешікпей Қандыкөлге бара жатқан кран автомашинасы да келіп, Ақжардың бұрылысына лезде жетіп, көліктен түсіп қалдым. Мен түсісімен-ақ шет елдің жеңіл машинасы тоқтай қалды, қарасам, мен іздеп бара жатқан үйдің баласы, Абдулхакім! Міне керемет!

-О, аға, қайда барсасыз!?

-Ахмедия ағайдың үйіне.

-Отырыңыз. Мен сізді дөп сол үйдің есігінің алдынан түсіремін.

Көзді ашып-жұмғанша, көптеген дәргер-мұғалімдердің кіші Отаны, Ақжал ауылына келіп жеттік. Үй алдынан Ахмедия ағам мен Қапия апам, немерелерімен бірге екеумізді жылы шыраймен, асқан ілтипатпен қарсы алды. Таңертеңнен кешке дейінгі тыңдаған Ахмедия ағамның әсерлі әңгімелері, өрелі өлеңдері, әсем әндері мен кең дастархандағы Қапия апамның таба наны, сары майы, бал қымызы менің есімде ұзақ сақталмақ. Ақ жаулықты абзал

ананың қолынан шыққан қызыл бидайдың дәні-ай, уыз қымыздың дәмі-ай, шіркін! «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан», - деген қазақтың даналық сөзі осыдай шынайы парасат-ілттипаттан шықса керектін!

Ахмедия (Ақтай) 14.10.35 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызыл қоғам колхозында дүниеге келген. Ахмедияның әкесі Бейсенбек колхоздың есеп-қисабын жүргізген. Бейсенбектің ағасы Әдік кітапты көп оқиды екен. Бірде Әдікке Ахмедия маза бермейді, оқып отырған кітабына қайра-қайра жармаса береді. Әбден шыдамы таусылған Әдік Ахмедияның құйрығынан тартып жібереді де, былай дейді: «Тегін емес, мына баладан бірдеңе шығады, кейін Алла жазса көресіңдер...». Әдік ат баптаған, бүркіт салып, аң аулаған, әнді жақсы айтқан. Алматы қаласында Әдікке «халық жауы» деген лақап кінә тағылып, 1938 жылы оны атып тастаған. Ахмедия осы күнге дейін Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Ажар ауылында жанұясымен бірге тұрып жатыр.

Ахмедияның аталары жөнінде қысқаша мәлімет. Айдаболдың үшінші әйелінен туған балалар: Тәйгелтір, Қожагелді, Қошетер. Қожагелдіден: Айтқожа, Қожан. Айтқожадан: Ердес, Өтебай, Меңіс, Мырақай. Ердестен: Құнанбай, Бұланбай, Жаулыбай, Малдыбай, Итке, Қалқаман, Ақпан, Тоқпан, Қаракөз. Жаулыбайдан: Көзден, Талас, Жарас. Таластан: Жарылғап, Мұсатай. Мұсатайдан: Ілбісін, Әдік, Бейсенбек. Бейсенбектен: Ахмедия, Мұхамедия. Ахмедиядан: Қайырбек, Абдулхакім. Қайырбектен: Саян, Темірлан. Абдулхакімнен: Аян.

Ықылым замандардан бүгінгі күнге дейін Сарыарқа жазирасын қазақтар жайлаған. Егін-жайын өсірген, төрт түлігін өргізген, жыр-күйін өрбіткен, сөздің қадірін қастерлеген, алтын-күмістен түйін түйген. Қошетер деген зергер қыз балаларға арнап алтынмен аптап, күміспен күштеп әшекейлер соққан, кавказдатып өрнектеген, ер-

тұрман жасап, тоқым тіккен. Осынау ұлттық зергерлікті жалғастыра дамытқандар: Үпән, Қалманбет, Жарты, Төлеубек. Қояндыда осы кісілердің бұйымдары сұранысқа ерекше ие болған. Жәрменкеде Қалманбеттің күміс еріне тайлы бие береді екен.

Домбыра

1960 жылы Қалтайдың қызы Шәпен мен Ахмедия Қарағандыға барып домбыра сатып алады. Кернейден жаяу-жалпылап, жаңбырлы күні Ақжарға шаршап-шалдығып, әрең дегенде жетеді. Домбыра бір жыл бойына сөйлемей қояды. Ахмедия «бұған не болды?» деп ойлап жүреді. Сүйтсе, сол бір ақжауыннан домбыра әбден дымданып қалған екен. «Ардақ» әнін ағам Әдік тамылжыта шырқаушы еді-ау, шіркін!», - деген ой осы кезге дейін Ахмедияның жадында берік сақталған. Бүгінгі кеш ерекше, күн қызара дөңгеленіп батып барады. Ахмедияның көңілі домбыраға түсті, оның құлақ күйін келтіре бастады. Құлаққа Абайдың «Көзімнің қарасы» үнделгендей кейіпте Ахмедия, домбыра өзінен-өзі күмбірлей жөнелді, ән шарықтай берді, көрші-қолаң бұл қызыққа жиналып та қалды. Кейін Ахмедияның айтқан әндерін ел радио мен теледидардан естіп, көріп мәре-сәре болысты. Нағыз назды, әсем сазды әннің адамның сезіміне әсерін, оның құдіретін сөзбен айтып жеткізу, әсте, мүмкін емес-ау деп ойлаймын!

*Қос шекті домбыра күмбірлейді,
Домбыра құдіретін кім білмейді?
Адамдар шет елден келсе дағы,
Қолына домбыра алып үндейді!
Домбыра күмбірі керемет қой,
Ой-санаңды тербеп, тыңдайды.
Домбыра үні өзгені тебірентіп,*

*Әншінің өз даусын шыңдайды.
Қара домбыраны қолыңа алсаңшы,
Әуенді ұстап, шектерді тартсаңшы!
Домбыраның құлақ күйі келген сәт,
Аспандатып, қазақ әнін салсаңшы!*

1965 жылдары Аюлы ауылына Ахмедияның жолы түсіп, ат үстінен секіріп түсіп, үй ауласында жүрген қартпенен амандық-саулық сұрасады. Қарт: «Тәрбие көрген адам екенсің, түсің де таныс тәрізді, теледидардан өлең айтқан сен емессің бе?», дейді.

-Ия, менмін.

-Үйге кір, қадірменді қонақ қыламын, қой соямын.

-Жоқ ата, асығыспын.

-Болмайды, балам, үйге кір, төрлет, әндеріңді тыңдамай сені жібере алмаймын.

-Баратын үйлерім бар еді.

-Осы ауылда дос-жарандарың болса, қазір-ақ осы үйге шақыртып аламыз, әңгіме-дүкен құрамыз.

-Жарайды, ата, айтқаныңызға көндім.

Қой сойылды, ет желінді, әңгіме айтылды, ән шырқалды. Осы думаннан соң, үш жыл өткеннен кейін, Таңсәріде Ақжардағы үйдің жанында 60-70 қой-ешкі жатыр. «Япырм-ай, мынау не мал», - деп қайран қалады Ахмедия.

*Айналамда жайқалған көк шалғын,
Зуылдайды қолымдағы ақ шалғым.
Оң жағымнан бөке-бөке шөп түсіп,
Түс кезінде келеді бір аунап алғым.
Ен далада жатырмын ойға шомып,
Күн тұр шақырайып, күйіп-жанып.
Еңбектің өрт көрігінде қызған соң,
Бар денем қалыпты-ау жидіп-пісіп.
Пішен дайындау, қысқы малдың қамы,*

*Мезгілдердің ауысуы табиғаттың заңы.
Жылқы, сиыр, қой, ешкілерді өргізбесе,
Малсыз атарма екен, қазақтың ақ таңы?
Мал бағып өскен арда қазақпыз,
Жалпы жерге шаққанда азақпыз.
Шеттен келіп, пейілімізді сұраса,
Судан да мөлдір, сүттен де ақпыз.*

Апта өтіп, малдың иесі табылады. Адам тағатсызданып, «бұл кімнің малы екен?» деп ойлайды ғой. Жауынмен ығып келген сол малдың иесі, Ахмедия әншіні құдайы қонақ еткен, әнді жан-тәнімен сүйген мырзамыз, Аюлыдағы Шәкір ақсақал болып шықты. Мал ұры-қарының көзіне ілінсе түбімен жоқ қылар еді ғой, ал Ахмедия болса оларды күтіп-бақты. Міне, әннің күдірет-қасиетінің бір ғана көрінісі осы шығар деймін.

Жаңажолдың жолы

1967 жылы «Жаңажолға» жаңа ғана сатып алынған су жаңа москвичпен Әбдірахман қожа, Мәжкен молла, бала Шәймен және жүргізуші Ахмедия, төртеуі келіп жетті. Ауылда қонақ кәдесі жасалып, қызықты әңгімелер тарқатылды, бұрынғы өткен-кеткен ата-бабалар еске алынды, шариғат айтылды. Отырған қонақтарды қожаның ескі де, жаңа да әңгіме-дастандары өзіне баурап алды. Әбдірахман қожаның дене бітімі, түр-тұрпаты, сөйлеу мәнері, қазақы болмысы, адамға деген ыстық ілтипаты жиналған жамағатты тәнті етті. Қожаның діни, ғылыми білгірлігі Ахмедияның жүрегінде өшпестей із қалдырды, ол осы ғажайып адамды пір тұтты, іштей оған ұқсағысы келді, ислам діні жолына түбегейлі түсуіне ерекше ықпал етті.

Әңгіме-дастан, шариғат тыңдайық,

*Білім-тәлімімізді біздер шыңдайық.
Ислам қағидаттарына бой ұсынып,
Ғылым-тағылым жолын таңдайық.*

*Үлкен-кішіні өзіміз әспеттеп,
Жамағатқа жақсылық тілейік.
Аруақтарға құран бағыштап,
Киелі кітапты, жатқа білейік,*

Жалын атқан жастық шақ

Ертеңгісін, Жаңажолдан он бес шақырымдай қашықтықтағы кесенеге жолаушылар барып, Әбдрахман қожа аруақтарға арнап дұға бағыштап, Мәшһүр-Жүсіп және Ислам діні жөнінде шырақшы Пазылов Әсет Қажымұқанұлының уағыз-әңгімелері кереметтейін ыждахаттылықпен тыңдалды. Мәшһүр-Жүсіп кесіндегі шырақшысы, Әсеттің айтуы бойынша, Ислам дінін қазақ топырағына бесінші ғасырдан бастап-ақ арабтар жеткізе бастаған екен. Әбд Қанапия Масқаб есімді араб ел арасына мұсылмандық ұғымды тарату үшін-біріншіден, барлық аймаққа қожа-моллаларды жіберу; екіншіден, жер-жерлерге мешіттер салдыру; үшіншіден, жергілікті халық арасында жүректі еріксіз баурап алар, сай-сүйекке әсер ететіндей, дуалы дауыспен дұғаларды мақымдау, әсерлі сипатта діни түсінік-уағыздарды айту; төртіншіден, мешіттер жанынан медіресілер аштыру, алдымен ауқатты адамдардың балаларын, соңынан жалпы елді діни оқу-тәлімге ұйыту; бесіншіден, дене және рух тазалығына мән-мағана беріп, пәктік ниет-қасиеттерге адамдарды тәрбиелеу; алтыншыдан, Исламның парыздарын орындап отыруға, Құран қағидаларын құрметтеуді және пайғамбар хадистерін қадірлеуді жамағаттар жүрек-санасына жеткізе, тегеурінді тәрбиеге негіздей отырып адамға ұғындыру; жетіншіден,

діни ғылым-нанымды ұлтаралық дәрежедеге көтере қалыптастырып, адамзатты адамгершіліктің ұлық үлгілеріне жан-тәнімен беріле сену қағидаттарына икемдеп, адал еңбектенуге барша жамағатты тәрбиелеу. Құдай қайда?, ол қандай? деген сұрақтар адамда шайтанның азғыруынан болады. Құдай қайда екен? деген сұрақты адамзат өзіне мүлдем қоймауы керек. Жын-шайтанның жетегінде кетіп қалмайық, ағайын. Адамдарды Алла ондайдан сақтасын! Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіптер Құдайды жүрекпен таныған. Мәшһүр-Жүсіп Ислам дініндегі ерекше бір рухани күш-имандылықты адамдар бойына сіңіре білу керектігін үнемі қолдап отырған. Дініңе берік бол, мүсылман!

Қазақ халқының фәлсафасы сонау сақ дәуірінен, Күлтегін жазуларынан бастау алады. Расында да, әл-Фарабиді, Қорқыт атаны, Асан-Қайғыны, Қожа Ахмет Яссауиді, Бұқар жырауды, Абайды, Шәкәрімді, Мәшһүр-Жүсіпті т.б. ұлы тұлғаларды дүниеге әкелген қазақ жері мен елі рухани мұрағаттарға өте бай. Сол рухани байлықты бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, өзі де зор үлес қосқан Мәшһүр-Жүсіп. Алдымен адамды табиғаттың бөлшегі ретінде биологиялық, генетикалық жағынан зерттеу қажет екені белгілі. Ал, екіншіден, адам миы, оны құрайтын 150 миллиард шамасындағы нейрондық клеткалар жұмысын танып білуде әлі де белгісіз жайлардың бар екенін аңғартады. Осыған орай адамды психикалық әрекеттері жағынан зерттеу-қазіргі ғылымдардың басты мақсат-мұраты болып есептеледі. Үшіншіден, адам-қоғамның жемісі. Оның қалыптасуындағы еңбек пен тілдің мәнін ешкім жоққа шығара алмайды. Ал, төртіншіден, адам бүкіләлемдік ғарыштың бөлшегі ретінде кіші ғарыш саналады. Сондықтан болар әлемде, жұлдыздарда, ғаламшарларда, айда, өзімізді қоршаған жалпы табиғатта болып жатқан өзгерістер де адам ағзасына, оның көңіл-күйіне әсер етіп отырады. Бұл жағдайды Шығыстың, оның ішінде қазақтың

ойшылдары адамның тәні мен жанын біріктіретін Рух бүкіл
Әлемдік Рухпен байланысты екенін айтқан. Рухың биік
болсын, қазақ!

*Жақсы болып залым болса,
Залымдық бұрын атанар.
Жақсы болып әділ болса,
Жігіт бекзат атанар.*

Шынайы достық

Жаңажол сапарынан соң Ахмедия мен Шәйменнің арасындағы өзара ілтипат шынайы достыққа ұласып кетті. Мәшһүр-Жүсіп адамдар арасындағы достыққа ерекше мән-мағана берген. 1909 жылы жазған «Тарақтыда тары бар, дүниенің бәрі бар» деген еңбегінде: «Достық-аспандағы жарық жұлдыз, теңіздегі гауһар тас. Жұлдыз да, асыл тас та, кіршіксіз мөлдір. Бұл екеуін ешкім де, еш күдірет те кірлете алмайды. Достыққа кішкене сызат түсті дегенше Құдай ұрды дей бер. Егер шын дос табылса, мал-басыңды соның жолында құрбан ет»-дегендей, ұлағатты ой-пікір айтқан. Екі дос ат баптады, ит жүгіртті, кең далада «Көкемай» тәрізді әндерді нақышына келтіре шырқады, табиғатты тамашалады, қоршаған ортадан зор ләззат алды. 1968 жылы Малға қасқыр қайра-қайра шауып, ел-жұрттың мазасын тақыл-тақыл кетіре берді... Жүйрік ат, қыран құс, ұшқыр тазымен, әккі аңшылар қасқырды қуып берсін. Жаны қысылған қасқыр оңға да, солға да жалтарады, ордан орға, қиядан қияға секіріп, Қызылтауды бетке алып, бірақ тартсын. Ақыры, әдіс-шарасы азайып, әл-қуаты кеміп, қақпақ тастың ін тәрізді тұсына басын сұға-мұға барып, тоқтасын арлан қасқыр.

«Жеті қазынаның бірі» саналатын ит он екі мүшел жылдың бірі, жеті қазынаның бастысы. Жеті қазынаның

қатарында жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық та бар. Ит, яғни қолға үйретілген қасқыр бағзы заман аңшыларына мезолит дәуірінде серік болған. Жер жүзіне иттің 116 түрі тараған. Қазақта ерекшеленетіні төбет пен тазы. Аушы құстардың тегі: бүркіт (дала бүркіті, құм бүркіт, қыранқара), сұңқар (ителгі, лашын, ақ сұңқар, тұрымтай, күйкентай, бидайық, жағалтай), қаршыға (ақтұнжыр, көктұнжыр, сырғақ қаршыға, қара тарлан, ақыраптың ақ қабағы, тынар, жайлауыш).

Қуғыншылар үш адам еді: Шәймен, Ахмедия және оның ұлы-Абдулхакім. Олар арланды тірідей ұстауды ұйғарды. Қасқыр да жанталасып, тас астын үңгіп, әрі қарай кіріп барады, кіріп барады, тақыл-тақыл ырылдап қойсын. Қасқырдың арт жағынан бір адам қақпалауда, ал алдыңғы тұсынан екі адам аңға қарсы беттеп, сойылмен ор қазсын. Қазылған үңгіге Абдулхакім кіріп, қасқыр тұмсығын қамшы қайысымен шатпақтап, матап бусын. Ақыры, не керек, дәу қасқыр Ақжарға жеткізілді-ау. Жонның қасқыры жыртқыш екен, бала үстіндегі киім жалбырап, қолы жарақаттанып, қан болды. Шіркін-ай, қараторы бестінің, жиренқасқа дөненнің, қаракері құнанның шабысы-ай, сары-ала тазылардың, жуан мойын төбеттердің қабысы-ай! Жылқы тұқымын асылдандыруға Мәуліт Маненовтың ықпалы айтарлықтай жақсы болды, ал қазақтың тазысы мен төбетіне не жетсін? Алла екі аяқты арланнан да, төрт аяқты қасқырдан да адамзатты сақтасын!

Ахмедия кәсіби орман қоғаушы. Орманшы мамандығын Щучинскідегі оқу орнынан алған.

Саналы ғұмырын, негізінен, орман алқаптарын қорғаумен, ат үстінде өткізген. Мынандай ер-тұрманы өзіне сай болған: жүген, ноқта, шылбыр, қыл арқанмен қатар өмілдірік, үзеңгі бау, құйысқан, тартпа, айыл, тоқым, ішпек, терілік, көпшік, құранды ер тоқым және торсық пен құты. Тарихи, ата-бабалардан осы күнге жеткен жәдігер-ертоқым,

Ахмедия шаңырағында сақтаулы тұр. УАЗ автомашинасы, ТТ тапаншасы да орманшы қарамағында болған еді, бірақ ол қандай да қиын жағыдайларда да, адамға еш уақытта, еш кімге де қару кезеніп көрмеді. Кезінде Ахмедия осы көліктермен Қарағанды облысын ғана кезіп қойған жоқ, сонымен қатар, ол өз өмірінде бүкіл Қазықстанды молынан аралады, Фахрабат, Душанбе, Ташкент тәрізді қалалардың төңіректерін бір сыдырғы шарлады, барды білді, қымбатты қадірледі, көпті көрді, табиғат үні мен адамдар сөзінен барынша тәлім-ғибадат алды. Қазақ айтады ғой: «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра»-деп. Ахмедиядан сұрауға да, білуге де болады, себебі ол көп жасады да, көпті көрді де, үкілі домбырасы қолынан түскен емес, өзіндік өнері өрелі. Сол себептен, ел арасында Ахмедия Ақтай сері атанып кеткенін.

*Ахмедияның жасы алпыс бесте,
Бұрынғы, балалық шағы да есте.
Кіндік кесіп, асыр сала ойнаған,
Жаңажол белі сонау алыс төсте.
Жаңажолдан жетті Ақжарға,
Ақжарда кездесті адал жарға.
Тәңірінің жазғаны дөп келіп,
Шүкіршілік етті қолда барға.
Астындағы жорғасын баптады,
Ел-жұртының жоғын жоқтады.
Жас шағында ойланып-толғанып,
Орманшы мамандығына тоқтады.
Атқа қонып, тазы-төбет ертіп,
Желе-жортып, орман аралады.
Қоршаған ортаны зерттеп,
Тоғай тіршілігін саралады.
Домбыраны шертіп қойды,
Аралады әр қыр мен ойды.*

*Алыс-жақын жерде болып,
Қалдырмады еш бір тойды.
Қағазға нақыл сөзді жазып қойды,
Бұйра шашын сәл қайырып қойды.
Өнер туындыларын сан сұрыптап,
Өлең және жырды айырып қойды.
Кең далаға тағзы қарап алды,
Бұлбұлдың әсем әнін салды.
Арқа әсемдігіне мәз болып,
Ен тыныстап, жасап қалды.
Ахмедияның ордалы елі болды,
Табаны тиген киелі жері болды.
Ел-жұрты сыйлап, қадір тұтқан,
Ақтай аға, сегіз сала сері болды.*

Көпті көргеннен сұра дегендейін, Ақтай серіден адамдар не жөнінде, кім туралы білгісі келгендіктері жөнінде қысқаша тақырыптық анықтама-мәлімет: Мұрат Әуезов, Петр Свойк (Алматы. Төл әдебиет жөнінде); Жамбыл Омарұлы Артықбаев (Қарағанды. Бегілі тарихшы-этнограф.)-«Сарыарқа, Төлеубек биге ас берген жер»; Жеңіс Тілекеұлы (Алматы. Жазушы.)-«Ертіс бойы қазақтары шежіресі»; С.А.Білялов, Д.Б.Тебаев (Мәкеу-Қарағанды. КарГУ, тарих факультеті.)-«Бұқар жырау ауданы-мыңжылдықтар көрінісі»; Нығымет Бұқпанұлы Танашев (Алматы. Ғалым.)-«аңшылық өнер»; Боранқұлов Қанат Кеңесұлы (Алматы. ТОО «КазКООПТранс»-тың бас директоры)-«Сарыарқа және Керней руы»; Астана қаласынан келген жазушылар-«орталық қазақстанның этно-тарихи мұрағаттары», Шайхан Жандайев (Қарағанды. Журналист.)-«Сөзі мерген жан», Доктор Гонеш (Испаниядан Қазақстанға келген қонақ. Елінде бес поликлиникасы бар, медицина ғылымының докторы, бизнесмен, саяхатшы. Европа мен Африканың көптеген

мемлекеттерінде туристік сапарлармен болып қайтқан. Қасқыр, жолбарыс, піл т.б. аңдарды атқан. Қызылтауға тікұшақпен келіп, арқар атып қайтқан. Жанындағы нөкерлерімен бірге Қазақстан ғылым академиясынан жіберілген аудармашы, Аңсар есімді тамаша жігіт болған, Канададан келген қонақтар т.б.

X БӨЛІМ

Ғасырлық дос - Әл-Ғабдулсағат!

(немесе адамзатқа мың да бір ақ тілек)

Басқадан кем болмас үшін, біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға білік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті

Сол бір аққу армандарым-ай, құстай ұшқан... Қанатты тұлпар үстінде қалыптастым, текті қазақ болып...

Достықтың жалыны еш уақытта сөнбейді, арманның отын өшіруге ешкімнің де күші жетпейді, бақыттан бақытқа адал еңбектің нәтижесінде жете береміз, жете береміз. Осының бәрі де адамгершіліктің асқақ қасиеттерімен адамдардың ойы мен бойына сіңеді. Адамгершілік қасиеттер атадан ұрпаққа түрлі жолдармен жетеді. Ат тұяғын тай басар демекші, досты сүйіндіретін, дұшпанды күйіндіретін қасиет адамдарға қажет-ақ. Алға, алты Алаш елі!

Ерте-ертедегі ықылым замандарда бабаларымыз ұрпақтарына айтарын құм мен сазға саусағымен сызып әпсәтке, ал кейінірек ағаш пен тасқа қашап мың-мыңдаған жылдарға жазып қалдырған. Аталарымыз өлең мен жырларды жадында сақтай отырып, шежіре-тарихты, тәрбие-тәлімді дастандарды ел-жұрт алдында жырлап, таңды таңға жалғастырған. Әке-шешелеріміз сия-сауыт және құмырысқа бел қаламұшты қолданып, сарғайған қағаздарға жазу жазған. Біздер дәптерде жылтырап тұрсын деп қант қосылған сияға он бірінші қаламұшты матырып, дәптердің ақ қағаз беттеріне әріптерді тізбектеп, өзіміздің тырнақ алды шығармаларымызды шұбырттық. Жоғарғы сыныпқа келгенімізде шарикті қаламдар қолымызға тиді. Қазір гелді қалам да, көркем безендірілген кітап та, калькулятор да, компьютер де оқушыны еш таңдандыра алмайды. Жалпы орта білім беру жүйесінде білім берудің мазмұнын жаңарту, материалдық-техникалық базаны нығайту, инновациялық, ақпараттық білім беру технологияларын енгізу, мектеп желілерін кеңейту бойынша жұмыс жасауы ХХІ ғасыр талабы. Болашақта цифрлық форматты технология негізінде жазуға, сызуға, оқуға, шығармашылықпен айналысуға жаппай кірісеміз. Яғни, барлығы да электронды жүйеде болады-электрондық қалам, электрондық дәптер, электрондық күнделік, электрондық тақта, электрондық оқулық т.т. Бұрынғы ағаш қаламнан бүгінгі ғаламторлық жүйеге дейінгі даму жолы дегеніміз осы емес пе? Бұл дегеніміз, армандарға ұмтылу жолында, қарапайым жазу құралдарын жетілдірген үстіне жетілдіре түсіп, аса күрделі процестерді жүзеге асыратын технологиялар жүйесін ұтымды да тиімді меңгеруі барысында, ғалым-инженерлердің ғасырлар өлшеміндегі қажырлы да қайратты, шығармашылық жұмыстарының нәтижесінде жетуі. Мұның өзі ойдың өрлей өркендеуі, ата-бабалар санасының ұрпақтарға аманаттаған, ауыз толтырып

айтатындай том-том тілек-өсиеттері. Бұл дегеніміз, адамның биік мақсаттар мен мұраттарға ұмтылуы, талпынуы барысында туындап, жалпы білімнің, көп салалы ғылымның, озық үлгідегі ұлттық мәдениеттің тоғысуы нәтижесінде пайда болған жоғары технологиялардың сәтті шешімдерінің, қоғамға берген толағай табыстар топтамасы. Үйіңнен аттап та шықпай-ақ, интернет желісіне кіріп, керек деген сайтты ашып, қажетті мәтіндерді компьютеріңде теріп, бүтіндей ғаламмен еркін байланысқа түсесің. Бүкіләлемдік өркенниетке беретініңді бересің, алатыныңды аласың, ойыңдағы іс-шараларыңды жүзеге асырасың. Адамдар мен техникалардың бірлесе әрекеттесуі қоғамға зор пайдалы әсер коэффициентін береді, еңбек өнімділігін еселеп көтереді. Адам мен техниканың бірлескен күшін бейбіт мақсаттарда қолдансақ игі. Техника темірден құрастырылады, оның лүпілдеген жүрегі жоқ. Адам қаннан жаралған, оның жаны бар. Темірмен жарыса жүріп адамгершілік қасиеттерден айырылып қамайық. Техника тілін меңгерейік, адамның шыбын жанын еш бір байлықпенен теңгермейік!

Құстың күдіреті-қанатында, Қазақтың қасиеті-тілінде!

Қазақ ұлты үшін ана тілін үйреніп, тереңінен сусындап нәр алу ұлттық тәрбиенің негізі болуы тиіс. Тіл тағдыры-ел тағдыры екендігін қазақ халқы әуелі бастан-ақ ұққан. Қорқыт қобызын жырлатып, Асанқайғыға «жерұйықты» іздетуі елдігімізді жоғалтпай, жер бетінде өзіндік сипаты, қасиеті бар халық болып қалыпасуымызды мақсат етуден туса ерек.

«Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасак екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы.»

Дінмұхамед Қонаев

Кезінде Семізбұғының орта мектебін осы күнгі Бұқар жырау және Баянауыл аудандарының көптеген тұрғындары тәмәмдаған. Менің сыныптастарым Әмина, Баян, Төлеу, Тұрымтай, Бақтыбай, Саламат, Серік, Қина, Мәшкура, Бейсенбай, Камко, Құманғазы, Қуаныш, Ғабдулсағат т.б. сол есеп санатында. Ол уақыттағы оқушылардың тәртібі үлгілі, қақ-соқпен еш шаруасы жоқ, білім алуға құштар, армандары асқақ еді. Ауылдың үлкен-кішісін сыйлап, ата-аналарын құрметтеп, мұғалімдерін пір тұтатын. Бауырмалдық, сыйластық, бір-бірлеріне деген ілтипат пен кішіпейілдік қасиеттері көзге анық көрінетін. Түннің тас қараңғылығында қазақтың кез келген жерінен ауылдасты жаңылмай танымандай жағдай деуге тұрарлық. Семізбұғыдан тәрбиеленіп шыққан түлектердің бойында адамгершіліктің, парасат-пайымның дәні тереңінен тамырланған, жаныңызға шуақ себеді. Кіндік кескен жер, асыр салып ойнаған дос, сені тәрбиелеген ұстаз, Отанның оттай ыстық құшағы, әсте, ұмытыла ма? Әрине жоқ!

Ананың жылы алақаны! Балалық бал дәурен! Алтын ұя мектеп! Семізбұғының кен тауы! Семізбұғының тұз көлі! Төскейдегі ойын алаңы! Естен кетпес, сол көп достар!

Бізді дүниеге алып келген ата-анадан айналдым! Балалық бал дәренді сыйлаған ел-жұрттан айналдым! Ділімізді дінгектеген мектептен айналдым! Ой-санамызда тұғырланған кенді таудан айналдым! Өмір-өзенге нәр құйған ұзын бұлақтан айналдым! Ұрпақтарына ұлан-байтақ ел-жер қалдырған, жан-жақты білік-тәлім, сан-салалы салт-дәстүр қалдырған ата-бабаларды мақтан тұтамын, асқақ санаймын!

Жазғы каникул айларында Семізбұғы кенішінде жұмыс істедік, корунд тердік. Біздерге корунд өндіруді кенші ағаларымыз үйретті. Жұмысымыз таңертеңгі 8-де басталып, кешкі 5-те аяқталатын. Түс кезінде 2 сағат үзіліс. Өз табысымызбен кітап-қалам, киім-кешек, спорттық құрал-жабдықтар сатып алатынбыз. Түннің бір уағына дейін кітап оқып, білімімізді байытып, болашақ мамандыққа шама-шарқымызша дайындалатынбыз. Сіздер менің айтқандарыма иланады деп ойлаймын. Айтқаным да, келешекте айтарым да имандай шындық. Өтірік айтудан бір Алла өзі сақтасын.

Кешке таман Жөкеш, Сейіт, Бадауи деген аталарымыздан дойбы ойнауды, Батай, Қамила, Бәдәт, Індікаш әжелерімізден дастандық жыр айтуды үйрендік. Қанжығалы Бөгенбайдың немересі Саққұлақ шешен, Абылаханның шөбересі Шоқанның бойындағы қасиеттеріне ырза болып:

***Басшың-ақыл болсын,
Жетекшің-талап болсын,
Шолғының-ой болсын,
Жолдасың-кәсіп болсын,
Қорғаның-сабыр,
Қорғаушың-мінез болсын.***

деп бата берген екен. Саққұлақ шешеннің осы сынды батасын барша жас жеткіншектерге бағыштауымызға болады деп ойлаймын.

Математика пәнінен алған білімімізді қолданып спорт алаңын сыздық, онда жеңіл және ауыр атлетикамен, күрес және бокспен, баскебол және футболмен айналыстық. Көшелер арасында өзара спорттық жарыстар ұйымдастырып, оны тартысты өткізіп тұрдық. Кейін уақыт

көрсеткеніндей, жақсы ойнаған балалар оқуда да, еңбекте де өзгелерге қарағанда анағұрлым алда болды.

Кент қыздары тал шыбықтай иілген, жас қайындай жайқалған, қызыл гүлдей құлпырған, Сәкен бұлағындай мөлдір, Семізбұғы көліндей көрікті, ал ұлдары-терек тәрізді салмақты, қарағай тәрізді қайратты, жартас тәрізді жауырынды, қыр қары іспетті таза, Семізбұғы тауы іспетті тартымды еді. Ұстаздарымыз ағаш егу, үй салу, бала өсіру керектігін мектеп қабырғасында жүргенімізде-ақ, көзімізге шұқып айтпай-ақ, ерекше ілтипат-ықпалыстарымен, әр шәкіртінің сана-сезімі сандығына құя білді. Алдымызға мақсат қоюға және оған жету жолдарын таба білуге үйретті. Ұстаздарымыз әр шәкіртті сары алтындай сабырға, биік таудай талапқа, бас бармақтай баққа жету соқпағына түсірді. Мектеп іргесінде алғашқы жеңіс те, алғашқы табыс та, алғашқы махаббат та өз деңгейде болды. Мектептестер бірімізді математик, екіншімізді Колумб, үшіншімізді фәлсафашы... деп айдар тақты. Алғаш түсініп оқығанымыз М.Әуезовтың «Абай жолы» болса, осы күнге дейін басымызға жастап қойып, қайталай беретін кітаптарымыз Абай шығармалар жинағы. Тәрбиелік деңгейлеріміз мына сұрақ-жауаптардан ұшқын береді. Үлкеннің жолын кесу? Жоқ. Кішіге әлімжеттік жасау? Жоқ. Ата-анаға қарсы сөз айту? Жоқ. Біреуді балағаттау? Жоқ. Қиналғанды демеу? Иә. Үлкенге иіліп сәлем салу? Иә. Кішіге жөн сілтеу? Иә. Жабыққанға жәрдем жасау? Иә... Осынау сыныптастарым бүгінгі күні алпыстың сеңгірінен асып кетті, бақилық болғандары да жоқ емес. Сыныптастарымда қандай үміт, мақсат, мұрат, армандар болып еді? Осы іспетті сауалдарға жауап іздеп көрейін. Ол үшін бір сыныптасымның 60 жылдық өмір жолына көзімді жүгіртіп өтейін.

Сыныптастарға жалынды сәлем жолдаймын

Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршілік қамы, бірі – адамшылық қамы.

Мұхтар Әуезов

2010-ның 27 қарашасында, Керней ауылындағы шілдахана тойында, мектептен кейінгі елу жылдан соң сыныптасым Саламатпен төс қағыса сәлемдестім. Екеуміздің де есіміз шыққандай алабұртып, жан-тәніміз қалмай, сағыныш сезімімізбен қайыра-қайыра сүйісе-құшақтаса амандастық, өткен-кеткенді есімізге түсіріп, шүйіркелесе-шешіліп түрлі әңгіме тетіктерін ағыттық. Бірге оқыған сыныптастарымызды сұрастық, жастық шағымызға көз жүгірттік. Ол өзінің алты баласын менің алдыма кезекпе-кезек шақырып таныстырды, қуаныш сезімін еш бір жасыра алмадық. Сыныптасымның балаларының барлығын да кең құшағыма алып, беттерінен сүйіп, оларға сүйсінген кейіпте, бақыт бесігіне бөлендім. Бұл не деген тамаша! Бұл не деген керемет!... Сыныптас достарым осы күндері не істеп жатыр екен, деп ойға шомдым. Достарымды көргім келеді. Олардың бала-шағасын, тұрмыс-қарекетін, жай-жапсарларын білмекке құштарландым. Осы сәтте Қ.Мырзаның «Қайдасыңдар, достарым?» өлеңі менің ойыма түсті:

*Бірге тойлап, бірге өткізген,
Жалындаған жас шағын,
Талай қызық күнді өткізген,
Қайдасыңдар, достарым?...*

*Жүрсе-дағы қиыр шетте,
Досты ұмытқым келмейді.
Достық жалын бар жүректе,
Суымайды, сөнбейді!...*

Қандай керемет шумақтар?

Достарым жөнінде айта бергім келеді, айта бергім, айта бергім! Дастан қылып та, жыр қылып та, ән қылып та! Достықтың жалынын үрлеп те өшіру, тұншықтырып та сөндіру мүмкін емес! Достық-адамға, табиғатқа, жан-жануарларға көрсетілетін ізгі іс-әрекет, ішкі ыстық сезім. Досқа көрсетілетін міндеттерді өтеудің белгісі, орындаудың міндет-қаракеті. Сыныптас достар алдындағы бір-ер міндетімді орындау үшін сәл-пәл шегініс жасайын.

1966 жыл. Қазан айы. Күн күлімдеп тұр. Тау жақтан бал-жұпарлы самал жел есіп тұр. Семізбұғы кенті. Семізбұғы орта мектебінің әсем ғимраты мен мұндалап ұстаздар мен оқушыларды өзіне шақырғандай, еңсесі биік.

Баланың қандай адам болып қалыптасуы отбасындағы ата-анасы мен мектептегі ұстаздарына байланысты десек, ғұламалар ұстаздың ұлылығы төңірегінде көтеген өсиет сөздер қалдырған. Айталық, ұлы жазушы Л.Н.Толстой жақсы ұстазға мынандай сипаттама береді: «Өз ісіне сүйіспеншілігі бар мұғалім жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім шәкіртін әкесіндей, шешесіндей сүйетін болса, ол барлық кітаптарды оқыған, бірақ іске де, шәкірттеріне де сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен тәуір болмақ. Егер мұғалім өз бойында іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса-кемел ұстаз.» Сол дегендей, менің сөз еткелі отырған ұстазым Ғазиза Иманбаева да осы кемел ұстаздардың қатарында.

Күміс үнді қоңырау да сылдыр қақты. «Қазақ тілі мен әдебиет» кабинетінде Ғазиза мұғалім шәкірттерін жылы шырайлы кейіпте қарсы алды. Оқушылар орын-орындарына жайғасты. Ұстазымыз анадайдан көз тартады, ақ айдынды көлдегі аққу қаздай, сұлу адам! Сұңғақ бойына ақ костюм-юбкасы жарасып-ақ тұр. Шашы желке тұсына өріліп

жиылған. Бет әлпеті ақ қағазға сызып қойған ақ өлең хаттай. Көз қарасы, қырақты. Тіл орамы, орақты...

-Балалар, бүгінгі сабақта «Менің досым және оның болашақтағы тілек, мақсат, мұрат, армандары» өткен сабақтардың желісі бойынша шығарма жазасындар. Өткен сабақтарда талданған ұғымдар мәнісін және әдеби кітаптардан оқығандарыңды ой-електеріңнен сүзгілей, сұрыптай өткізіп алыңдар. Мүмкіндіктеріңше «арман алаңына» түсіндер, тақырыпты барынша аша түсіп, грамматикалық қателерді жібермей жазуға тырысындар. Жарай ма, оқушылар?!

-Жарайды, мұғалім!

Міне менің сол сабақта жазған шағын шығармам:

«Қазақ елінің тарихы. Бабаларымыздың жүріп өткен жолы. Аталарымыздан бізге жеткен салт-дәстүр. Салт-халықтың кәсіп, сенім, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын дәстүрдің бір түрі. Достық ұғымы атадан әкеге, әкеден балаға, баладан немереге қалай беріледі, қалайша адамға дариды? Ол адамға тарихи санамен, жаңа санамен келіп жетеді. Тарихи сана-тарихтың тереңінде, талай ғасырлар қойнауында пісіп-жетілген қарт сана. Жаңа сана-жаңа қоғамдық құрылымда, уақыт төрелігінде тұжырымдалып, адамдар арасында қалыптасатын балауса сана. Сана-тіршілік иесі ретіндегі адамның рухани белсенділігінің ең жоғарғы деңгейі. Бұл белсенділікке тән ерекшелік-шындық болмысты сезімдік және ойша бейнелер нысанында көрсету адамның өмірлік іс-әрекетінен бұрын болады және осы іс-әрекетке мақсатты лайықтылық сипатын береді. Әрі-бергі тарихқа ойымды жүгіртіп, зерделесем, мынау есіме келіп түседі: Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов арасындағы тарихи арпалыс заманындағы ер достық, Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов арасындағы ғасыр айырығындағы қазақ пен қырғыз жазушылары арасындағы өз достық. Тарихи

сана. Жаңа сана. Осының барлығы да «достық» ұғымымен тығыз байланысты. Жас кезінен бастап адамды тарихи сана ықпалында тәрбиелеу өзінің жемісін береді. Бірақ, қоғамдық құрылым өзгерген сайын, тарихи сана да дами түседі, оның жаңа сипаттары пайда болады. Сондықтан да өзіміздің тәуелсіз Қазақстан құрылымында «жаңа сана», «ұлттық сана» деген ұғымдар пайда болады. «Тегіміз-атадан, тіліміз-анадан» дейді атам қазақ.

Шынайы достық тектіліктен тарам алады. Тексізде жалған достықтан басқа ештеңе де болмайды. Шынайы достық текті мен текті арасында туындайды, пісіп жетіледі. Адамдар арасындағы достық қарым-қатынас сөйлесу арқылы, дидактасу арқылы өз бастауын алады. «Қарлығаш қанатымен су сепкеніндей» ұсақ тамшылардан үлкен достық өзінің нәрін алады, тамырын тереңге жібереді, жан-жағына жаяды. Айналаңа ойлана қараумен, татулықты ту ететіндей, өзіңе дос боларлықтай, ұнамды да ақылды адамды іздейсің. Балалық шағыңда достарың көп болады. Жасыңа жас қосылған сайын дос болғандар азайып, судың буланып кеткеніндей, соңында олар жоқ болып кетеді. Қиналғанда қол ұшын беретін нағыз досты табу қиындайды. Достарды былай жіктеп бөлуге болады:

1. қолдан мал тайғанша дос;
2. мұрыннан қан аққанша дос;
3. кеудеден жан шыққанша дос.

От басы, ошақ қасы-сыйластық пен достықтың бірінші мекені. Артында қайыры бар дос-ерекше тұрған, нағыз дос. Досқа көмектесу-дау-дамай атаулыны жақсылықпен аяқтау, сыйластықтың басты белгісі. Ұлы қасиет: жерге, елге, досқа деген махаббат. Жігіт болсаң шалқайғанға шалқай, еңкейгенге сен де еңкей, намысты қолдан берме, дәйексіз сөзге ерме. Нені айту, қалай айту? Бұл достық талабына мән мен мағына беру. Достығымыз мәнді де, сәнді де болуы үшін екі жақтан да сыйластыққа негізделген зор

адамгершілік қасиеттер легі қажет. Адам шынайы достықтан қуат алады, өмірге деген сүйіспеншілігі артады, алдынан шығып қалған қиындықтарды жеңіл тұрғыда жеңе біледі. Себебі, арқа сүйер тіреуі, тірегі, тілеушісі бар. Мұндайда, адалдық, мәрттік, қажыр-қайрат сынды адамгершілік қасиеттер, адам бойында артқан үстіне арта түседі, еселене береді. Достықтың ертеңгісі қандай болып қалары, әр түрлі адами қасиеттер тізбегі іспетті, уақыт таразысымен өте дәл өлшенеді. «Елу жылда ел жаңа» дейді ғой қазақта. Елу жылдан соң мектептегі достығымыз қандай дәрежеде болар екен? Бұған нарықтық экономика жүйесі қалай әсер етеді? Досқа сенім, досқа адалдық, досқа деген іңкәрлік пен сағыныш сезімдері өзінің байырғы күшінде қалар ма екен? Фәлсафалық көзқарас: бұрынғы сыныптастар арасындағы достыққа өзара бақталастық, алауыздық, көре алмаушылық тәрізді, теріс қылықтар салқыны тимейді деп ойлаймын. Біздер судан таза, сүттен ақ, қос қанатты періштедей, күнәсіз қалыпта қалсақ игі деймін. Адамның ар тазалығынан, ақ көңілінен, өр адамгершілігінен шынайы досыңды анадайдан танып, оны өзіңе қарай тартасың. Доссыз ғұмыр, толық қанды өмір болады деп есептемеймін. Қия бетке дейінгі дос емес, қияметке дейінгі досың болғанына не жетсін, шіркін?! Адам мен адам, ауыл мен ауыл, қала мен қала, ел мен ел, ұлт пен ұлт, мемлекет пен мемлекет арасындағы достық болуы жайлы, жақсы, сый-құрметке толы, бақытты өмір сүрудің кепілі. Бұл өзара сыйластықтың барлығы да бұлақтардан бастау алып, өзенге айналған су күдіреті іспетті жеке адамдар арасындағы достықтан әрі қарай кемелденіп, өзге де жалпы достық түрлеріне, халықтар арасындағы, жалпы адамзат арасындағы достыққа ұласады. Құдайға шүкір, соғыс, қақтығыс, араздық т.б. зұламаттарды біз көрген жоқпыз. Бақыт деген не? Бұл сауалға әр адам өз тұғырынан, өз биігінен жауап іздейді. Осы сауалға менің жауабым

мынандай: «Бақыт-жарық дүниеге адамның келуінде. Бақыт-тән мен рухтың үйлесімді сұлулығында. Бақыт-сөз бен кәсіп бостандығында. Бақыт-адамдар арасындағы өзара түсіністікте. Бақыт-адамдар арасындағы сыйластықта. Бақыт-қазақ елінің тәуелсіздігінде. Бақыт-шынайы негіздегі достықта!» Қиябетке дейінгі дос емес, қияметке дейінгі дос болайық, ағайын! Менің қияметке дейінгі досым Ғабдулсағат деп білемін. Себебі, адамгершіліктің асыл қасиеттерінің барлығы дерлік, Ғабанның бойынан айқын байқалады. Осынау достығымыздың беріктігін елу жылдық уақыт арасы дәлелдейді деп ойлаймын, қадірменді ұстазым, Ғазиза апай және сыйлы сыныптастар. Ал енді тақырыптың екінші бөліміне ойысайын.

Тілек-адамның бір іс-әрекетті, ой-тұжырымды жүзеге асырудағы ниеті. Адам тілегі арқылы алға қойған мақсатын іске асыруға жоспар құрып, әрекет-қимылға бағыт-бағдар алады. Тілек-бұл іс-әрекеттің бастау бұлағы. Ол кісіні қаракетке, ойға алған, алға қойған жоспарын іске асыруға бағыттаушы саналы әрекеттің ұйтқысы. Тілек көбіне-көп қариялардан болады. Ата-бабаның ұрпаққа тілегі. Әкешенің баласына деген тілегі. Бидің еліне тілегі. Елбасының халқына арнаған жолдауы да ізгі тілектен келіп туындайды. Немесе, керісінше елдің биге тілегі, халықтың Елбасына айтар тілегі. Сонымен, тілек адамды немесе халықты пайдалы іске жетелер бастама тәрізді.

Мақсат-алда орындалатын әрекет нәтижесінің айқын бейнесі. Адамның алдына қойған мақсаты әрдайым дәлелді себептерден, яғни, түрткілерден тұрады. Әрекет барысында түрткілер мен мақсат-міндеттер өзара байланысты, бір-бірімен алмасып, өзгеріске түсіп, дамып отырады. Кісі бір шаруаға тілектестік білдіген соң, оны іске асыру мәселесі санасына ұялайды, ой толғауына түседі, адамды іс-әрекетке итермелейді. Мәселені шешу үшін ол алдына мақсат қояды. Мақсатқа түрткі болған адамның шаруаны іске асырамын

деген тілегі. Алдына мақсат қою деген мәселені шешу жоспарына адамды алып келеді, ал бұл сені «мұрат» ұғымына әкеліп тірейді.

Мұрат-адамның өмірден өзіне өнеге іздеуінен, біреуді үлгі тұтып қастерлеуінен байқалатын қасиет. Мұрат-кісінің алдына қойған аса ардақты, ең асыл мақсаты. Мұратқа жету үшін, қолдан келетін әдіс-тәсілдің бәрін сарқа пайдаланып, оған күшті ерік-жігер мен қажыр-қайратты жолдас ету қажет. Дұрыс дүниетаным, айқын сенім, сөз бен істің нақты байланысы бар жерде ғана адамда мұрат қалыптасады. Мұрат-жақсыға жетуді арман етіп, сол үшін қимыл жасау. Жеке тұлғаның эстетикалық үлгі-өнегелік, ата-тектік, ғылыми негіздегі мұрат-мақсаттары болады. Миыңа жазылған жоспарды орындау ниетімен мазасызданасың, ізденіс әлемінен әріп теріп, ой-толғамның терең шыңырауына түсесің. Кәрі тарихқа үңілесің, ата-бабаларыңның өсиет-баталарын зерделейсің, айналанды аймалайсың, жан-жағыңа көз жүгіртесің, өнеге-тәлімді анықтап тұрып көргің келеді. Ізденісте жүресің, даналармен дидактасқың келеді, олардың өмір өрнегін өзінше, іштей ілімдеп зерттейсің, білім-ғылымның қыр-сырын сараптайсың, оны барынша ұғынуға тырысып бағасың. Ал бұл сені арманның шексіз-шетсіз кеңістігінде самғағандай әсер беріп, қос қанатыңды құлаштатып қақтырады. «Менің асыл арманым, саған қалай ғана жетемін?»,-деп өзіңе-өзің ақ періштедей сауалдың ең ұшқырын қоясың.

Арман-адамның болашаққа бағытталған қиялы. Жетсем деген мақсат-мұраттың орындалу барысын ойша елестету, көксеу. Іс-әрекетпен тікелей байланысып тұрмаған соң, оны шығармашылық қиялдың дайындық сатысы деуге болады. Болашаққа шексіз сену-адамның шындыққа сай армандай білетіндігінің белгісі. Көздеген мақсатқа жетуде тек осындай арман ғана адамға күш беріп, алға жетелейді. Егер кісі қозғалыс жасаудың орнына құрғақ қиялға түсіп, қалай

армандаса да, еш нәтижеге, еш уақытта жетпейді. Асыл арманың пайдалы әрекетке жетекші болып сені алға, шыңға талпындырғанда ғана тартымды, мәнді, жемісті болады. Уақыттың ұшқырлығын ұғынасың, асығыс арбауына шалынасың. Бұл өмірде көп дүниені тындырғың келеді. Ақ тұлпарды жаратып, арманның алыс жолына аттанасың. Сапарыңа ақ батаны ақ сақалды бабадан тілейсің, жаратқаннан ақ жол сұрайсың. Түтеген ақ боранды далада ақ тұлпарды желдіре келе жатып, жалғыздықтан жан-жағыңа жалтақтайсың. Жалғыздықтан жаман нәрсе жоқ деп ойлайсың да торығасың. Достың қадір-қасиетін түсінген үстіне түсесің. «Армандастар, құрдастар қайдасыңдар?» деген нақыл осыдан шықса керек. Әрбір сыныптасымның өз армандары болатын. Олардың барлығының аңсаған армандарына қанат бітті. Қиялдары іске асты, бірақ та арман деген таусылмайды екен. Арманда шек жоқ болып шықты. Сондықтан да әр-бір арманның өзінің ғана қанаты болады екен. Арман деген «аруға» ешкімді де, еш уақытта да жете алмайтын шығар. Бір арманға жетіп жатсақ, екінші арманымыз шығып жатады. «Армансыз адам қанатсыз күспен тең» демей ме қайран халқым? Сыныптастар, армандарымыз еш уақытта таусылмасын. Армандардан армандарға жете берейік. Біз жете алмаған армандар болса, ұрпақтарымыз жете берсін»

Алтыншы сабақ та мәресіне жетті. Күн биіктен төмен қарай құлдилауда. Семізбұғы көліне қарай бағыт алған майда-қоңыр жел оқушыларды еркелеткен сыңай танытып, олардың маңдайлары мен шаштарынан сипайды. Сыныптастар үйді-үйлеріне беттерін бұрып, топ-топтарымен жараса жүгірісіп, әңгіме-дүкенге құлақтарын қойысып, мез-мейрам көңіл-күйде, өзара жарасысып, мектеп ғимратынан алыстауда. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер!» демей ме қазақ. Оқушылардың бек-бөбек армандары жас балапандай, бал-балауса бақыттары

бас бармақтай. Хақ жаратқанымыз өзі нәсіп етсе, сыныптастарымыз бақыттың қандай биігінен көрінетінін ХХІ-і ғасырдың басында-ақ бағамдаймыз. Жоспарды жүзеге асыру соқпақтары есепсіз еңбекті және адам айтқысыз төзімділікті қажет етеді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші жоспарды орындау бірдің қолынан гөрі ұжымның жұмылу мен оңайырақ жүзеге асырылады. Ең берік, ең сенімді ұжым бақытқа ұмтылған жанұяда дамып, тыңғылықты қалыптасады. Тілектің ең зоры-аңсаған арманға жету. Аңсаған арманның орындалуы-бақытқа кенелу. Бақыт адал еңбектің нәтижесінде саған келіп тұрақтайды. Алақаныңа бақыт құсы қона қалса, онан айырылып қалып жүрме. Бақыт құсының басыңа келіп қонуы қиын, оның ұшып кетуі оп-оңай! «Бақыт құсы» шаңырағыңа, еліңе, жеріңе келіп қона қалса, «ақ арман құсын» ұстап қалуға ғұмыр ғасырыңда тырыса жармасып, аянбай еңбектеніп рух-жігеріңді жұмсап бақ.»

Қазақы мәнді шілдахана кеші, ұлттық қазақы нақыштарға толы болып, салиқалы да сәнді сипатта, мазұмынды да мәнді негізде мәресіне жетті. Аспан кеңістігіндегі қызыл ай допша домалауда. Қызылжардан ат терлетіп келген қонақтармен және осы өңірдің азаматтарымен қоштастым. Саламаттан дос сыныптастарыма сәлем жолдауым барысында М.Мақатаевтің мына өлең шумағы менің аузымнан шығып кетті:

*«...Дегейсің, болмашыға қамығып жүр,
Болмаса барлығы да табылып жүр.
Құлын-тайдай бірге өскен құрбыларың,
Дегейсің сағынып жүр, сағынып жүр...»*

Мұқағали ақынға мен ішімнен күбірлеп, былайша жауап бергендей күйде болдым:

*Көзіңе көрініп қалды ма менің тарыққаным,
Жаңалық іздеуден болмады бір жалыққаным.
Мал-мүлікімді қара базарға өткізіп жіберіп,
Кітабымды шығара алмай, бар қамыққаным.*

*Болмашы мұңымды айтып, ағымнан жарыламын,
Құлын-тайдай бірге өскен құрбыларды сағынамын.
Елімізде бірлік болып, достар аман-сау жүргенде,
Несіне қай-қайдағыларды жырлап, мен сарыламын.*

Сыныптасым мені ұзын арқан тартым қашықтыққа шығарып салған сәттен, достарыма жолдаған сәлемдемемді өзіменен бірге алып кетті. Екеуміз бір-бірімізге «Көріскенше күн жақсы, аман-саулықта, бақыттың құшағында жүздескенімізше» айтысып, қарама-қарсы бағыттарда бір-бірімізден ұзай бердік, алыстай бердік. Кейінірек, тура төрт апта өткен соң, Ботақара кентінен, партада бірге отырған сыныптас досымды жолықтырдым.

Жақын жүр, жұмбақ жан...

Ежелден ел тілегі – ер тірегі, Адал ұл ер болып туса – ел тірегі.

Бауыржан Момышұлы

Орта бойлы, мығым денелі, көзі нұрлы, санасы сырлы. Мұрны қырлы, қабағы жарлы, шашы қара, жолы дара. Жолдастыққа берік, көпшілікке серік, жеріне самал, қызметіне адал. Ел-жұртқа беделді, ойы-өрісі кемелді, бар есепті шекілдеуікше шаққан, бойтұмарды мойнына таққан. Ата дәстүріне жақын, қазақы болмысы айқын, кісілік көрегендігі бар, имандық түсінігі бар. Көк аспанды күмбездеген, ақ тұлпарды тізгіндеген, сөзі өрелі, өзі өнерлі.

Петербор қаласы төңірегінде Отан алдындағы әскери-азаматтық борышын аброймен өтеген. Қарағанды Мемлекеттік политехникалық институтын инженер-құрлысшы мамандығы бойынша 1981 жылы бітірген. Бұқар жырау ауданындағы Ботақара кентіндегі «Ақбеттау» қонақ үйінің және орталық моншаның иесі. Кітаптарды жинаған, тарихты зерделеген, ақын-жазушыларды пір тұтқан. Талай тайғақ та бұралаң жолдарды басынан кешкен. Қара ниетті кзәптармен арпалысқан. Өмір қиындықтарына мойымаған. Ақ жүрек қалауына жетудегі мақсат-мұраттарына табандылықпен тырысқан. Жеме-жемге келгенде, жеңістерге жетіп отырған. 45 жыл шаршамай-шалдықпай ел-жұртына арнап адал еңбек қылған. Сұлу Баянтау өлесіндегі «Жаяу Мұса» ауылының төл тумасы. Жеміс ағаштарымен қатарластыра Баянтаудың үш қарағайын отырғызған. Қос қабатты, сәулетті үй тұрғызған. Махаббат сырын айтуға қатты ұялатын. Өзін мадақтап-мақтағанды ұнатпайтын. Қарапайымдылығымен ерекшелеген. Қара ниеттілерге жақындамаған. Қолпаштаған қауымды еш бір қабылдамаған. Жар сүйіп, балапандарын жақсылық атаулыға баулып, немерелерін бағбанша баптап баққан. Жаратқанға жан-тәніменен құлшылық етіп, сол, Жаппар Аллаға тәубесін айтқан. Достарымен сырын бөліскен. Шынайы дос мәртебесін иеленген. «Малым жанымның, жаным арымның садағасы» деген фалсапалық мағынасы терең қағиданы өз өмірінде басты нысана етіп ұстаған қазақ халқы ұрпағына ұлттық тәлім-тәрбие беруді үнемі назардан тыс қалдырған емес. Өйткені, ұлт келешегі берілген саналы да сапалы тәрбиеге тікелей байланысты. Кім осы бір жайды басты назарда ұстаса, сол ғана Жаратқан иенің шапағына бөлене алады. Осынау жұмбақтап отырған, абзал да судай таза жанымыз кім болды екен? Блсеңіз айтып беріңіз. Бұл өзіміздің сыныптасымыз, адал досымыз, төрт құбыласы тең

тұлға, өлкеміздің ардақты да мәртебелі азаматы-
Ғабдулсағат (Қабыл) Мұхаммедәлімұлы Әлімов.

Ғабдулсағаттың асыл тегі

**Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала
қайдан шықсын?!**

Ахмет Байтұрсынұлы

Мық дәуірі, Алаша хан заманы. Сақ, Үйсін, Ғұн, Уыз хан заманы. Түрік (мықты) дәуірі. Қыпшақ, Қимақ дәуірі. Ноғайлы заманы. Қазақ хандығы дәуірі. Аблай хан дәуірі-қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. ХХІ-і ғасыр-Тәелсіз Қазақстан мемлекетінің өркендеп, қарқынды даму дәуірі.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген ата-бабаларымыз ағайын, қандастар арасындағы туыстық қарым-қатынасты берік сақтауға айырықша мән бергені белгілі, руын сұрап-білу арқылы әр азаматтың қай аймақтың тұрғыны екенін аңғару қиын есес. Жеті атаға дейін қыз алыспау да елді біртұтас ететін маңызды тетіктердің бірі. «Қазақтың арғы атасы-Алаш. Алаштан-Қазақ, одан Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деген үш бала туады» деп басталған аңыз әңгіменің дүниеге келуінің өзі бар қазақтың баласын бір кіндіктен өрбіген бір атаның баласы ретінде біріктіру секілді игі масаттан туындаса керек.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «қазақ» атауының қайдан шыққандығын қопара зерттеп, тарихтың мың жылына дейін тереңдедік. Көпшілігіміз «қарға тамырлы қазақпыз» деп, қазіргі қандастарымызға «ру-тайпаны» қазаққа ғана меншіктеп

алғандаймыз. Алайда түркі халықтарындағы ру-тайпа атауларын кездестіргенде туысқандығымыздың кездейсоқ

емес екендігін аңғарамыз. Халық ауыз әдебиетінің алтын қорынан орын алған «Алпамыс», «Көрұғыл», «Ләйлі-Мәжнүн» жырлары мен Қожанасыр хикаяларының түркі тілдес халықтарда да болуы, көптеген әдет-ғұрыптарымыздың, жалпы мәдени мұрамыздың ұқсастығы біздің түбіміздің бір екендігін айғақтай түседі.

Тіпті сонау VI-X ғасырлардағы түрік жұртының жоғары мәдениетінің, өзіндік дәстүрінің жарқын құжаты саналатын Күлтегіннің кешенді ескерткішінде қыпшақ, керей, найман, шекті, әлім, жетіру, арғын, адай, т.б. тайпалардың атауларының тас бетіне қашалғанын көне жазу түп нұсқадан оқи алатын түрколог тарихшы Қ.Сартқожаұлы «Ақжол» республикалық басылымының («Ақжол» №39, 26.09.03.) тілшісіне берген сұхбатында айтылады.

Бір сәт ауылға барып ағайындардың арасында аунап-кунап қайтуға, үлкендерге сәлем беріп, дүниеден өткендерге қол жайып бата қылуға уақыт табыла бермейді. Кейде осы бір жайларды ой елегінен өткізгенде, бүгінгі ауыл қазағы мен қала қазағының арасы жақындасқанның орнына суып бара жатқан тәрізді көрінеді. «Ат айналып қазығын табар» демекші, қасиетті атамекенге жыл аралатып бір соғып, үлкендерге бас иіп ақ батасын алу, аруақтарды құрметтеу-қазақ халқының ең басты ұлттық ерекшелігі. Уақытқа кінә артпай, игі дәстүрді жалғастыру ұпақтық парызымыз екенін ұмытпайық ағайын!

*Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жобадан.
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан.*

Бұқар жырау

Ел-жұртының атын асқақтататын ұлы адамдар болады. Олар: өнер иелері, жазушы-ақындар, білімдар ғалымдар,

кәсіби спортшылар. Сонымен қатар бар ғұмырын халқына арнаған, ұлтының бағына туған жандар болады. Бұл топтағылар алғашқыдан да жоғары тұрады. Есім хан, Қасым хан... және Елбасымыз Нұрсұлтан осы екінші топта.

Есім ханның ескі жолы! Қасым ханның қасқа жолы!
Нұрсұтанның нұрлы жолы!

Төрткүл дүниенің төрт бұрышын түгелдей билеп, әлемді аузына қаратқан түркі тектес елдердің түп атасы-ғұндар кейін көптеген ұлттардың құрамына еніп, мелекеттерінің өсіп-өркендеуіне негіз болғаны дүниежүзі тарихынан белгілі. «Атқа мініп садақ тартқан, қуыс үйді паналаған жұмыр басты жандар түгелімен бас иіп, тізе бүгуге тиісті» деп түсінген ғұн патшалары жаугершілікпен әлемді оңды-солды шарлаған. Айдынды көлдер, айбынды таулар, шалқыған дариялар мен сарқыраған өзендер- ғұндардың ат тұяғы жеткен жердің бәрінде аталып, біразы біздің заманымызға дейін келіп жеткен.

«Қазақ Совет энциклопедиясында» «Ғұндар түркі тайпаларының түп атасы екені қытай тарихында ашып айтылған. В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам т.б. ғалымдар да солай дейді. Олар ғұн мен оғыз екеуі бір ел деп дәлелдейді. Оған қарағанда Арғұндар ежелгі ғұндардан таралып, солардың атының этнонимі түрінде сақталғаны байқалады» делінеді «1-т., 451-бет). Негізінде дұрысы арғын емес, арғұн немесе арғы (ару) ғұн болу керек.

Жанарыстан орта жүз тарайды. Қазақтан Қодан, Қоданнан Алаш. Алаштың балалары: Сарыкелімбет, Қаракелімбет, Ақкелімбет. Қаракелімбеттен орта жүз. Қаракелімбеттің баласы Ақжолсопы, Ақжолсопыдан: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Тарақты.

Арғын атамызға келетін болсақ, одан туғандар: Алқожа, Дайырқожа, Өстісаба, Қытайби, Қотанби.

Қотанбиден Дайырқожа (Ақжол). Дайырқожадан Қарақожа. Қарақожадан Мейрамсопы.

Қотанбидің бәйбішесі Әрігүлден Мейрамсопы, тоқалы Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы, Имансопы, Момынсопылар туған.

Қотанбидің Момын деген әйелінен тараған тұқымдар: Атығай, Қарауыл, Қанжығалы (Толыбай), Тобықты, Бәсентиін ұрулары тараған.

Қотанби - Атығай, одан Баба, Бағыс, Бабасан, Сүйіндік, Бәйімбет, Қойлыатығай, Құдайберді, Құлансу, Ақкиік, Қара, Майлы, Балта.

Мәшһүр Жүсіп:

*...Бегендік, Шегендік және келдік,
Қуандық мырза, төртінші би Сүйіндік.
Үш жүздің баласы бас қосқанда,
Байлық, бақыт осыларда, һәм үлкендік...*

Сүйіндік би-Айдабол-Жанқозы-Төлебай-Еламан-Ботан-Мәстек абыз-Меңдібай-Әбәйділде-Байқожа-Мұхаммедәлім.

Абыз-өмірден көргені, санасына түйгені телегей-теңіз, болашақты болжағыш, білгір де данышпан, ақсақалды адам. Абыздар асатаяқ ұстап, қобызбен күй күйқылжытып, өмір туралы толғау айтып, жыр жырлаған. Мысалы: Қорқыт ата, Асан қайғы, Нысан абыз, Мәстек абыз...

Мәстек абыздың ата қонысы Далба тауының бауырайындағы Қарағайлы бұлақ, Мұрынтал өңірінде. Өз заманында ерекше қасиеттерімен елдің көзіне түскен Мәстек абыздың ғұмыры, қариялардың айтуынша, осынау тарихы тұнып тұрған өлкеде өткен. Мәстек абыздың зираты Мұрынтал ауылының ортасындағы көне қорымда. Мәстек

абызға арнап, ұрпағы Ермек қажы Мұхаммедәлімтегі «мәңгілік тас үй» тұрғызды, еңселі құлыптас қойды.

Мұхаммедәлімнен: Қанат, Ғадулсағат, Мұрат, Болат, Жанат, Қымбат, Бақыт.

Үлкеннен алған ақыл – арыңа қосқан нақыл.

Бекайдар би

Кей-кейде маған ғарыштан Қорқыт атаның қатты қобалжуы, оның қобызының «қоңыр үнді қаздай қиқулаған назы» құлағыма құйылатындай. Алыстан шаршап жеткен үн, бес күндік осынау жарық дүниенің қысқалығын кісілерге құлақ қағыс қылғандай. Еламан, Ботан, Мәстек абыз, Мендібай, Әбәйділде, Байқожа, Мұхаммедәлім-жеті ата. Осы жеті ата замандары қандай болды? Біздің қазіргі заманымыз қандай? Өзімізден кейінгі жеті ата заманы қандай болмақ? Менің ойымша бұл үш сауалға дөп басып жауап беру қиынның қиынындай. Мың күрмеу, мың байлау сұрақтарды дұрыс тарқату үшін Мәстек абыздай Алладан берілетін көріпкелдік қасиет қажет-ақ. Егер де жеті ата жүйесі 200-250 жыл мерзімінде бір ауысса, орта есеппен алғанда, 14 атаға жарты мың жыл, ал 28 ата үшін мың жыл шамасында уақыт керек деп топшылаймын. «50 жылда ел жаңа» деген сөз ата-бабаларымыздан бізге жеткен. 1000-ды 50-ге бөлсек 20 саны шығады. Сондықтан да, зерттеу-зерделеу нәтижесі бойынша, осынау аралықта, ұрпақтардың болмысы 20 мәрте спираль бойынша дамып отырады деген байлам шығады. Ұлт болмысының жалпы деңгейі бірде жоғарлап, өкінішке қарай, кей-кейде құлдырап, өзгеріске түсіп тұратындығы айғақталады. Тарихтағы 1000 жыл дегенім сол бір 5 күндік жарық дүниеге тең тәрізді.

Мұхаммедәлім қарияның бет бұдырларына көз тоқтата отырып, зерделеуімнен, мына ой шығады: атаның өмір

жолы тым ауыр болған. Ата ғұмырының қиын-қыстауын мысалдап келтірсем: күні жаздың маусым-шілде айларындағы қапырық ыстықтары-тер төктірген, ал түні қыстың желтоқсан-қаңтар айларындағы қақаған аяздары-қан түкірткен. Қазірге, осынау мамыражай заманымыз, түн ұйқыны төрт бөлумен, асқан төзімділікпен, өмір үшін арпалыспен, яғни, білектің күші, найзаның ұшымен, қан кешті соғыстардағы ата-бабаларымыздың ұлық жеңістермен бізге жеткен. Бабалаларынан қалған тарихи жәдігерлер-семсер мен қалқан Қабдулсағат шаңырағының қақ төрінде, қастерлі орында ілулі тұр. Елің мен жеріңді қорғау, Отаның үшін отқа түсу - ата-бабалардан ұрпақтарына аманат болып қалған. Мәстек абыз кезінде ел арасындағы билікке араласып, шешендігімен танымал болған айтулы тұлға. Сондықтан да Мәстек абыздың өмір-ғұмыры, халқы, елі үшін сіңірген еңбегі бүгінгі, келер ұрпақтарға үлгі болып қалары сөзсіз. Бүгінгі күні осы бабамыздың үлгі-өнегесін өзіне мақсат еткен ұрпақтары алтынның сынығындай, асылдың тұяғындай, судың мөлдіріндей көріп, абызды құрметтеп, қадір тұтуда.

Қанаттан: Баян, Ерлан, Нұрлан, Айжан, Балжан, Рымжан, Гүлбану, Сәния, Нұрзада, Рымгүл. Баяннан: Жазира, Назира, Әлібек. Нұрланнан: Гүлдана. Айжаннан: Серікболсын, Бұхар, Лауаш. Балжаннан: Қауаш, Балнұр. Рымжаннан: Досжан. Гүлбанудан: Санжар, Асар. Нұрзададан: Арай.

Ғабдулсағаттан: Ермек, Айдын, Әсем. Ермектен: Ноян, Бекарыс, Атығай. Әсемнен: Арман, Абылай. Айдыннан: Айсара.

Баламен бала болу – баланы сүйе білу

Бекайдар би

Қобыз зары алыстай түсіп, кенеттен кілт үзіліп кетті, естілмей қалды. Әп-сәтте, Секен Тұрыспектің күйлері бірінен соң бірі ағыл-тегіл төгілсін кеп, құйқылжысын кеп. Бірде, бұлақ тәрізді маңғаз ағады. Бірде, мөлдір тамшыдай діріл қағады. Жүрегіме нұр себеді. Көңіліме нәр береді. Қатты тебіреніп кеттім. Бөлмеме тездетіп жеттім. Сарыарқада ақ жауын жауып тұрғандайын, ерекше әсердемін. Көңілімде толқын тулағандайын, айырықша кейіптемін. Не істерімді білмей, жаутаң қағып, жан-жағымды көзіммен шолып шықтым. Айнаға қарап, иегімді саусақтарыммен сипадым. Айна алдындағы Атығайдың фотосуретіне көзім түсті. Ойланып қалдым. Бұл бала кімге ұқсайды деген сауал мені мазалайды. Кімнің бет-әлпетін елестетеді? Біртіндеп астыңғы фотоларды қарай бастадым. Қолыма Мұхаммедәлім ата суреті ілікті. Екі фотоны қатар қойып қарап тұрмын. Міне қызық, қандай ұқсастық, неткен сәйкестік? Шаш орайлары да, маңдай сызықтары да, мұрын пішіндері де, құлақ қалқандары да, ерін оймақтары да, қас иірімдері де, мейірімге толы көз жанарлары да, сондай-ақ, самай, шүйде, жалпы бет әлпеттері бір-бірінен аумайды, қалыптап құйып қойғандай, кереметтейін дәлдік. Бір ақ айырмашылық бар. Біріншісі-жап-жас бала, екіншісі-ақарлы-шақарлы қария. Яғни, балдай тәтті шөбере мен көненің көзі, қария. Зарлы заман, мұңлы наз, қыл қобыз үні. Нұрлы заман, көңілді саз, қос шекті домбыра үні. Маусым айының қапырық ыстығы. Қазан айының піскен жемісі. Қаңтар айының қақаған аязы. Наурыз айының ұлық мерекесі. Бірде жақсы, бірде жаман. Бірде мұң, бірде той. Кезек дүние. Бұл табиғаттың бұлжымас заңы. Адамдар да табиғаттың бір бөлігі. Бір ұрпақ зарлы заманда ғұмыр кешсе, ал екінші ұрпақ қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, мамыражай заманда өмір сүреді. Қазақ елі қилы-қилы замандарды басынан кешті, мың өлді, мың бір рет тірілді. Мамыражай заман, Қазақстанның тәуелсіздігі

өзінен-өзі, оп-оңай келе қалған жоқ. Ол білектің күшімен, найзаның ұшымен, жер үшін, жан үшін арпалыспен, ата-бабалардың қанкешті майдандарындағы байрақты жеңістерімен келіп, біздерге жеткен. Елі үшін, жері үшін шыбын жандарын аямаған, айтулы тұлғаларымызды еш уақытта да ұмытпауымыз керек. Мұндай тұлғалар халықтың арасынан әр уақытта да табылады. Ұрпақтар өнегені сол тұлғалардан алады, оларды мақтан тұтады. Қобыздың мұңын да, домбыраның сырын да қолымыздан келгенше түсінейік, санамыз жеткенше ұғынайық. Атығайымыз ұлық тұлғаларымызға ұқсасын. Жаратқан хақ тағаламыз Атығайға аталар ғұмырнамасындағы жақсылықтарын беріп, қиындықтарын бермесін. Өмір жолы жарқын да баянды болсын! Әрине, ХХІ ғасырдың үдемелі қарқынмен дамып бара жатқаны тәрізді, жастарымыздың да ғасыр көшінің алдыңғы легін бастап жүруі үшін ең бірінші көркем мінез бен терең білім, айнымас бірлік, таудай талап пен дарын керек екенін әрбір қазақ жастары түсініп жатса, еліміз алдына қойған игі мақсаттарына жетіп, ғасыр дамуының көшбасшысы болуы әбден мүмкін.

Мұраттан: Гүлнар, Әнуар, Данияр.

Болаттан: Жания, Әлия, Әсел, Үміт, Индира, Нұржан, Гүлжан, Кенжетай, Еркетай. Жниядан: Ерсұлтан.

Жанаттан: Қайрат, Бейбіт, Маржан, Қарақат, Мәдина, Ардақ, Шынаргүл. Қайраттан: Нұрлыгүл, Бәкір, Нұржан. Бейбіттен: Айнұр, Айгерім, Мәди. Маржаннан: Мерей. Қарақаттан: Диана, Айдана, Жәния. Мәдинадан: Динара, Дилара. Ардақтан: Айнара, Қазыбекби. Шынаргүлден: Әдемі.

Қымбаттан: Зарина.

Бақыттан: Гүлдана, Гүлсара, Сұлтан.

Адам айнасы – адам!

Махаббатты көңіл – таза өмір.

Гүлсара. Ердің махаббаты! Жерінің сымбаты! Елдің қымбаты! Махаббат ұғымына қысқаша тоқталып өтейін. Махаббат-бүкіл адамзатқа тән сезімнің ерекше қасиетке толы түрі. Ол кең мағынада қолданылатын ұғым. Оның негізгі көрініс беретін жерлері-әр пенденің Алланы сүюі, оған деген махаббаты. Бұл мұсылман дініндегі әр адамның негізгі парызы. Сондай-ақ баланың ата-анасына, адамның туған жеріне, Отанына, халқына деген махаббаты, еркек пен әйел арасындағы терең сезімді, ерекше махаббат, балаларына, немерелеріне деген сүйіспеншілік махаббаты т.б. Қозы мен Баян-ғашықтық дастаны, махаббат мақпалы. Махаббатты көңіл-тап-таза, кіршіксіз өмір. Адамдарда «алғашқы махаббат» деген де ұғым бар. Қай қыз болса дағы, сымбатты да сұлу келеді. Адамның сұлулық келбеті, әр уақытта, мен мұңдалап, көз жауһарын алып, кісіні өзіне ынтықтырып тұрады. Табиғи, өзіндік, таза сұлулыққа не жетсін, шіркін? Талай жерлерді араладым, көптеген көркем фильмдерді көрдім. Шет елдің кинолары, оның ішінде, Корей, Түрік, Америка, т.б. мемлекеттердің тарихи фильмдері. Кәрістердің иіліп сәлем салуы, түріктердің қос қолын ұсынып ыстық ілтипат көрсетуі, қазақтардың жүрек тұсына оң алақанын қойып, бас ие инабаттылық көрсету арқылы өзара амандық-саулық білісулері маған қатты ұнайды.

Адамдар арасындағы сыйластықты қалыптастыруға негізделген дәстүрдің бір түрі-сәлем беру, сәлем ету. Ертеде ат жалын тартып мініп ел ішіндегі қоғамдық істерге араласуға немесе үлкен бір маңызды шаруаны қолға алуға ниеттенген жастар үлкендерге арнайы барып сәлем беріп, батасын алған. Алыс жолдан келген жолаушы немесе сол елдің сырт аймақта тұратын адамы елге қыдырып келгенде ауыл ақсақалдарына, белгілі адамдарына әдейі іздеп келіп

сәлем беруі ел ішінде әлі де алтын арқауы үзілмей жалғасын тауып келе жатқан дәстүр. Кейде жөн білетін үлкендердің өзі барып сәлемдесетін де жол бар. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыс жастағы шал келіп сәлем береді» деген сөз де осыдан қалса керек-ті. Егер сәлем ер адамға қатысты айтылатын болса «сәлем берді» деп айтылады. Егер де, ер адамдардың өз араларында «Ассалаумағалейкум!» деп амандасқан жанға «Уағалейкумассалам» деп жауап қайырса қандай ғанибет болар еді?

Сәлемнің басқа да түрі бар. Мысалы, сыйлы ата, ене, қайнағаларына кездескенде келін иіліп сәлем қылады. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем ету керек. Мұндай сәттерде біреу «келіндеріңіз сәлем етіп жатыр» деп хабарлайды. Үлкендер оған риза болып батасын береді. Келіннің үлкендерге сәлем етуі әдептілік пен сыпайылықтың белгісі ретінде қабылданады. Сәлем әйел адамға қатысты болса «сәлем етті» дейді.

Адам баласынан жасыратын несі бар, табиғаттың заңы ғой, ер адам болған соң әдемілікке, нәзік жандылар сұлулығына айырықша мән-мағына бересің, қыз-келіншектерге анадайдан көз тастайсың. Жеме-жемге келгенде, менің ойымша, Жер бетіндегі ең сұлу қыздар ел ішінде, өзіміздің дәл жанымызда. Қазақ қыздары мен келіншектері жан сұлулығымен де, тән сұлулығымен де өзге ұлт өкілдерінен ерекшеленіп, жоғары тұрады. Көздің құрышын қандырады, ер адамды өзіне еріксіз құштар етеді. Ердің түн ұйқысына әсер етеді, оны армандарға жетелейді, шығармашылыққа шабыттандырады. Біржан сал мен ақын Сараның арасында осыншама ынтық сезім, өзара сүйіспеншілік болғаны қалың елге мәлім. Сара ақынның поэтикалық болмыс-бітімі: қазақ қыздарына тән нәзіктілік, көріктілік, әсемдік, сұлулық және парасаттылық. Сал мен ақын толғауларында асау өзен екпіні мен буырқанған дария серпіні, яғни, сөз сарасы мен ой данасы. Гүл және Сара! Екі

сөзді біріктірсеңіз-Гүлсара. Гүлдің жұпар исі. Гүлдің рең қанықтығы. Гүлдің нәзік құрылымы. Гүлдің жарыққа ұмтылысы. Түрлі-түсті гүлдердің адам баласын, оның жан-дүниесін баурап алар, жаулап алар сиқырлы күші... Осының бәрі, бәрі інкәрліктің ілгегі іспетті, адамды өзіне тәнті қылатын құдірет сыйы сияқты. Гүлсараның есімін әкешесі, ата-әжесі, туған-туыстары ақылдасып, қыр гүліндей құлпырған, Сара ақындай қылықты болсын деген ниетпен, ырымдап қойса керек-тін. Адам өз есімінің әсерінде қалыптасып дамиды деген сөз бекерден-бекер айтылмағанға ұқсайды. Гүлсараның өмір көкжиегінен жоғары адамгершіліктің спектірін анық байқауға болады. Гүлсараның тал бойындағы осынша асыл қасиеттерді жан досым Ғабдулсағат көрмеуі, сезінбеуі мүмкін бе? Әрине, жоқ! Бұл айдан анық, бояуы қанық ақиқат. Ғабдулсағат Гүлсараны ұнатты, оған көз салды, ғашық болды, махаббат оты маздап жанды. Бақыт құсын ұстап, оны жан-жар етіп алды. Қос аққудай жарасып, берік кереге тұрғызды, биік шаңырақ көтерді. Бала сүйді. Немере-жиендерге сүйсінді. Туған жерін, қалың елін қадірледі, құрметтеді. Еңбектерін ел еледі. Кәсіптері базарлы, қылықтары назарлы болды. Балаларына тәлім-тәрбиенің зорын, білім-ғылымның нарын берді. Балапандарын алтын ұясынан түлетіп, шар-тарапқа ұшырды. Қызын қияға, ұлдарын ұяларына сән-салтанатпен, қазақы салт-дәстүрмен қондырды. Бақыттың тал бесігінде тербелді. Осының барлығы да балдай тәтті махаббаттың тіл үйретін жеміс-жидектері тәрізді.

Ғабдулсағаттың жұбайы Гүлсара Кереку қаласының қызы. 1974 жылдан бастап есеп-қисап бойынша білікті маман. Ғашықтық филімдерді, көркем кітаптарды ұнатады. Біріккен Араб Эмиратында үш мәрте болған, Дубайдағы алтын үйді көрген, шаһардың «ертегі келбетіне» тәнті болған. Қайын атасы Мұхаммедәлім мен немересі Атығайдың бет әлпеттері мен ой өрістері сәйкестігін

мақтанышпен, әсерлі әңгімелейді. Гүлсараның ас әзірлей жүріп, Ғабдулсағат екеуміздің арамызда өрбіген әңгіменің сөз сарасын қалт жібермеу қабілеті мені қатты таңдандырды. Үй шаруасымен айналыса жүріп, қойған сауалдарыма табан асты жауап беруге үлгеруі, Гүлсараның жан-жақты білімді екенін аңғартты. Гүлсараның ерекшелігі адами қарапайымдығында және ұлт болмысына тән инабаттылығында. Гүлсараның адамгершілігі сүйсіндіреді. Адамгершілігі мол адам анадайдан көрінеді. Адам айнасы-адам!

«Баламды оқытуды жек көрмедім» деген Абай сөзін Ғабдулсағат пен Гүлсара өз мақсаттарының бастысы ретінде құп алды. Үш баласын «үйренсем, ұғынсам, ұлағатты адамдарға ұқсасам» дегендей үш ниетке тәлімдеді. Ермек, Айдын, Әсем, үшеуі де, орта мектепті ойдағыдай тәмәмдап, жақсы тәлім-тәрбие алып шықты.

Ғабдулсағат, тарту-таралғы ретінде, мына шумақтарымды сенің жанұяңа, кіршіксіз таза жүрегімнен арнаймын:

*Терең ойға түсіп тұра қалдым,
Басымды аспанға бұра қалдым.
Өзім де не болғанын түсінбей,
Ішімнен жоспар құра қалдым.*

*Биіктен жұлдызды көріп қалдым,
Сол жұлдыз жылуын сезіп қалдым.
Жоспарымды іске асырайын деп,
Дүние жүзін аралап, кезіп қалдым.*

*Домбырам күй ойнап қоя берді,
Арман-тілегім сазды күйге ерді.
Нәзік сезімдеріме бой алдырып,
Тау көлеңкесіндегі мұздар еріді.*

*Тау дегендерім керемет екен,
Жердің алтын қазығы іспетті.
Көктегі күн таңғажайып екен,
Елдің жарық жұлдызы іспетті.*

*Артта қалды-ау талай қыр,
Айтылмады зой талай сыр.
Өзіме-өзім сыймай жүрмін,
Төгейінші жүрегімнен жыр.*

*Сыныптастарым бармысың,
Басың ақбуырыл, қармысың.
Уақыт қырауынан құрылған,
Мұздай ызғарлы, жармысың.*

*Немерелерің жылытты ма,
Тәттілігімен сені ерітті ме?
Жаурай беретін ақ денеңді,
Наз еркелігімен сергітті ме?*

*Немерелер ыстық, күн шуағындай,
Таудың басындағы құзды жібітеді.
Немерелер ажарлы, ай қабағындай,
Жүрек түбіндегі көк мұзды ерітеді.*

*Асқақтаған қазақтың тауы қандай,
Сылдыраған бұлағы, бауы қандай?
Айдыны жарқыраған көлі қандай,
Жанға дауа бір жұтым суы қандай?*

*Көнеден келе жатқан Көктау,
Баян сұлу, әз тарихы Баянтау.
Қызылтаудан көз жүгіртсең,*

Анау көрінген Семізбұғытау.

*Семізбұғытауы оқыған жеріміз,
Білімнің дәнін шоқыған жеріміз.
Ұстаз, ата-ағалармен араласып,
Тәлім-тәрбиені тоқыған жеріміз.*

*Ой әсерінде болған жеріміз,
Ойнап-күліп қалған жеріміз.
Ең алғашқы махаббат оянып,
Қыздарға көз салған жеріміз.*

*Әселім, аппақ қайыңдай иілген,
Ел-жұрт сенің көркіңе сүсінген.
Қазақ қызының бар сұлулығын,
Бір көргенімде мен де түсінгем.*

*Қыздар ішінде жеке-дара,
Махаббатың еді, Гүлсара.
Дүниенің түрлі дүрбелеңі,
Жүрегіңе түсірмесін жара.*

*Ойландың, толғандың, Қабдулсағат,
Алға ұмтылдығың да, таппадың тағат.
Көз алдыңда тұратыны кітап-қалам,
Сол қолыңа жарасқаны алтын сағат.*

*Кешегі түні ерекше түс көрдім,
Түс көргенде керемет іс көрдім.
Қос қанатымды қаға қалықтап,
Сәулетті шаһар, көрініс көрдім.*

*Түсімде көргенім Дубай қаласы,
Сәулетті мың шаһар, арабта екен.*

*Өңімде көргенім Астана қаласы,
Дәулетті көп шаһар, қазақта екен.*

*Алыстағы ұлым, Ермегім қандай,
Гүл жайнаған, Гүлмирам қандай?
Ата-әженің алыстағы немерелері,
Ноян, Бекарыс, Атығайым қандай?*

*Ермегім, шуақ шашқан таңдай,
Гүлмирам, нұр сәулелі жандай.
Ноян, Бекарыс, Атығайларым,
Қазақ тарихындағы үш хандай.*

*Нояным болады, мың басы,
Өрге домалар, арман тасы.
Жаппар жаратқан қолдап,
Жүзге жетер гұмыр-жасы.*

*Бекарысым табар жарасым,
Нұр сұлтандай, бек арысым.
Елін басқарып, көш бастап,
Алар халқтың, көп алғысын.*

*Атығайым кетер қалықтап,
Білімнің әлеміне шарықтап.
Ақылымен жетер мұратқа,
Ғылым жүйрігін құрықтап.*

*Болмайсыңдар әке баласы,
Істеріңде болмаса шаласы.
Атақ-даңқтарың еселеніп,
Боласыңдар гой ел баласы.*

Компьютерді меңгеріп,

*Оң мен солды теңгеріп,
Ауыр жүктерді өңгеріп,
Аяқтарыңды нық басып.*

*Әке-шеше сөзін жөн көріп,
Баба баталарын мың теріп.
Қайда барсаң да сақ жүріп,
Алға баса беріңдер бел асып.*

*Көріп Ғабдулсағатымды нар болдым,
Көзімді салып Гүлсараға, қар болдым.
Алыс-жақын жерлерді аралай жүріп,
Халқтың заңғарлығынан, бар болдым.*

*Ғабдулсағатым, арқа сүйер дос,
Айтқан тілектерім кетпесін бос.
Құдіреті күшті хақ жар болып,
Әулетіңе әулет, бағыңа бақ қос.*

Баянаула – Дубай – Ботақара!

Ұлылықты сыйлағаның, Ұлылыққа бой ұрғаның!

Ермек. «Талаптыға нұр жауар», дейді қазақта. Ермек оқысам-тоқысам, білсем, ел зиялыларына ерсем деп талаптанды. Алдына биік мақсат-мұраттар қойды. Бұрындары Ермекті теледидардан көргенімде, қуанышым қойныма сыймай, «Ботақара» қайдасың деп, Ғабдулсағаттың бұрынғы тұрған үйіне, Кернейден әдейілеп, атымды терлетіп, ата-анасын құттықтауға келіп кеткенім бар. Ермектің Шешеннің президентімен кездескені де есімде. Ермек Плеханов атындағы Мәскеу экономикалық академиясын 1997 аяқтаған. Үш жылдан бері Ермек Дубай шаһарында жанұясымен бірге тұрып жатыр. Жұбайы

Гүлмира екеуі Араб Эмиратында қызметте. Сол Біріккен Араб Эмиратындағы саусақпен санарлық іскер қазақ азаматтарының бірі және бірегейі, кәсіпкер, Ермек Ғабдулсағатұлы. Орайы келіп тұрғанда Біріккен Араб Эмираты жөнінде бірер сөз айтып кетейін. Біріккен Араб Эмираты Парсы шығанағына кіріңкі, Аравия түбегінің солтүстік-шығыс тұсында орналасқан. Біріккен Араб Эмираты оңтүстік-батысында Сауд Аравиясымен, және де шығысында Оманмен шекаралас. Эмираттың солтүстік жағы Иранмен Парсы шығанағы арқылы, солтүстік-батысы 50 шақырым қашықтықтағы Катармен шектескен. Біріккен Араб Эмираты жерінің ауданы 83600 км² (200 аралдың аудандарын қосқанда). Жылдық орташа температура 25,40С. Құрғақ субтропикалық климат. Орташа жылдық жауын-шашын күндері-5. Демалуға ең қолайлы кез қазан-мамыр айлары аралығында, ауа жылулығы шамамен алғанда 180С мен 300С аралығында. Ақпан айында көбірек жаңбыр жаууы мүмкін. Жазда температура 500С дейін көтеріледі. Біріккен Араб Эмиратының ресіми тілі араб тілі, бірақ та ағылшын, хинди, урду, парсы тілері де қолданыста бар. Біріккен Араб Эмиратының астанасы Абу-Даби. Дубай шаһарындағы үйлер көбінесе 50-150 қабатты болып келеді., Бұл зәулім ғимараттардың биіктіктері 150-ден 450 метрге дейін болады деген тұжырым. Ел білімі, ғылымы, мәдениет, руханиат зорлығы мемлекттегі ғимараттар биіктігінен байқалатын тәрізді. Ермектің жанұя мүшелері қазақ, орыс, қытай, ағылшын, араб тілдерін меңгерген. Ғабдулсағаттың үш немесесі-Ноян, Бекарыс, Атығай Дубай қаласындағы бай-шейх балалары білім алатын мектепте дәріс алуда. Балалар білім мен тәрбиені сол оқу ордасында апта бойына жатып алады. Олар үйге жұма-сенбі күндері ғана оралады. Аравияда түрлі деңгейлі, сан қилы бағыттағы мектептер бар. Араб мемілекетінде жұма-сенбі демалыс күндері. Бұл елдегі мешіттерді былай қойғанда, кез келген қоғамдық

орындарда, мекеме ғимараттарында намазхана бар. Намаз уақыттарында елдің барлық азаматтары намаз оқиды. Ермек те, Ноян да, Бекарыс та, Атығай да бес уақыт намаздарын қаза қылмайды. Ермек өзі қажылық парызды екі мәрте (2004, 2010 жж) орындаған. Біздерге Араб елдерінен алар үлгі-өнеге баршылық. Біздің өңірде бисмилла, күпірлік, шүкіршілік, жақсы-жаман, обал-сауап, бата-тілек, әумиин... ұғымдарын түсініп-ұғынбайтын адамдар жеткілікті. Олар ана тілінен де, ислам дінінен де мақұрым. Бұл келешек ұрпақтарды жақсылыққа жеткізбейді. Дұрыс жол іздеп тапқанмыз жөн. Ең дұрыс бағыт-бағдар, ең абзал іс шариғат жолында, ислам дінінде: Құран кітабында, пайғамбар хадистерінде, мұсылмандық парыздарда. Қазақ елі ескеріп, сабақ алар діни іс-шаралар Ислам әлемінде жеткілікті. Иманды адамдардан иманды ел құралатыны дәлелді қажет етпейді. Имандылық адамгершіліктің биік шыңына ұқсайды. Қазақ еліне келсек. Талай ғасырлық қатпарлы тарихы, Ғұн-Түрік замандарынан бергі, 71 ханымыз бізге белгілі. 2010 жылы төрағалық еткен және 56 ел басшыларын саммитке жинаған, сонымен қатар, 2011 жылы төрағалық жасаған және 57 ел дінбасыларын ислам конференциясына жинаған біздің тәуелсіз Қазақстанымыз бар. Қазаққа келсек. Қазақ деп батып айта алмай жүрген Әл-Фараби мен Бейбарыс талай жерлерді аралаған, діни сауаттары ерен, ғылыми деңгейлері терең болған. Дамаскіде Бейбарыс мешіті осы уақытқа дейін діни қызмет атқарып келеді. Қазақ жеріне келсек. Ең бірінші Арыстанбаб, ал екінші Ахмед Иассауи немесе ең алдымен Шопан ата, онан соң Бекет ата еріксіз біздің есімізге бірде түседі. Маңғыстау өңірінде миллиондаған жыл бойы қалыптасқан Үстүрт ойпатында Бекет ата үш жерасты мешітін салдырған. Үңгірдегі тас мешіттердің пішіні киіз үй формасында. Бұл мешіттер мынандай үш қасиетке ие:

1. оқылған кұран сүрелері мешіттің барлық бөлмелерінде адамға біркелкі және ап-анық естіледі;
2. жағылған май шамдардың шырақтары күллі бөлмеде біркелкі, өшіп қалмай, жай ғана маздап жанады;
3. барлық бөлмелерде температура бірдей, бұл дегеніміз, жалпы жылу мөлшері тұрақты деген тұжырым.

Адамдар мешіттердің маңынан елік-арқарларды көрсе, жақсылыққа жорып, ырымға балайды. Себебі, ел Бекет ата рухы елік-арқарларда деп, кәдүмгідей сенеді. Ашықтық, ынтымақтастық, төзімділік, келісім және сенім қағидаттарына сүйенген мұсылман әлеміне, қазақтар, біздер де жатамыз ғой. Сондықтан да барлығымыз бірлікте болайық.

Барлықтың базары ма, адамгершіліктің назары ма, сарапқа салып көріңіз. Ермек Ботақара ауданының имамына тұрғын үй және жеңіл автокөлікті сыйлады. Бұл сыйды исламда «Атымтай жомарттық» деп уағыздайды. Ол сый халық арасында дін исламды тереңірек тамырландыруға деген талпыныстың бір ғана көрінісі. Адамгершілік иманнан басталады десек, бұл үлкен кісіліктің нұрлы бейнесі! Ермектей азаматтар халықының бағы үшін туған иманды жандар. Осының барлығы да еліміздің егемендігімен келген дүние, халықтың мәдени тұсынан да, рухани тұрғыдан да өсіп-өркендеуі, жетілген үстіне жетіле түсуі. Ой-сана мен іс-әрекет бостандығының нәтижесі. Ермектің жанұясы шет мемлекетте тұрса дағы олардың әрқайсысының жүректері қазақ елі, қазақ жері деп лүпіл қаға, дүрс-дүрс соғады. Туған халқын, түлеген топрағын аңсайды, сағынады. Бай болуға кәсіп керек. Нар болуға нәсіп керек. Адал еңбектенсек-бармыз, адал жүрсек-нармыз! Нар болайық! Қайда жүрсек те бар болайық!

Әсемім жаным!

Кісілік – ұлылықтың ұраны, Кішілік – сұлулықтың бұлағы!

Әсем Әсем дала! Әсем қала! Әсем бала! Айдай сұлу Әсем қыз, сен қандайсың? Әсем қызымызға Ғабдулсағат ақын К. Дәулетбаевтың сөзімен орайлас ой-сананы, қазақы болмысты бойына бойлатқанына кәміл сенемін. Ол «Қызым, саған айтамын» өлеңінде:

*«...Арайлы таңның жыры көп,
Жырды көп шашар нұры көп.
Тазалық болса кеудеңде
Даламның айтар сыры көп.
Уақытты босқа өткізбе
Шызарма мұны естен тек.
Айтпайды босқа әкең де
Уақыттың адам құлы деп...»*

Гәкку, Гәкку, Гәкку, қоңыр қазым! Керемет келбеттілікке, әсерлі әсемділікке, сарқылмас сұлулыққа не жетеді дейсіз? Қазақта қыз бала жібектей үлбіреген сезімінің, көктем басында құлпырған қызғалдақтың, теңдесі жоқ асқан сұлулықтың, жалпы әсем табиғаттың сымбатынан сыр күйін шерткендей. Қазақ әр кезде де қызын балапанша баптап, қолынан келгенінше еркелетіп, тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай, сәулелі сүйіспеншілікпен шаңырақтың төрінен орын берген. Ал қазақтың қақ төрінде әулеттің ақсақалы, елдің қадірлісі, алаштың ардақтысы, халқы сыйлаған сал-серілері отырған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қыз баланың қазақ болмысындағы орнын бағамдап байқаңыз. Менің түсінігімде қыз балаға еш баға жетпейді. Ол сондай қымбат. Шешеміз кезінде немересінің есімін «Қымбат» деп қойып еді. Не деген есім, не деген білімдарлық! Қыз балалар баға

жетпес қымбат болса игі! Кең арналы өзеннің мөлдір бұлақтардан бастау алатыны тәрізді, қыз инабаттылығы иіліп сәлем салудан бастау алады, ата-ененің тәлім-тәрбиесімен қоштау табады. Жанұядағы ұлдардың арасында жалғыз қыз бала болса, қыр гүлінің қырмызылығы онан сайын арта түседі. Ермек пен Айдынның ортасындағы Әсем бала ерекше болып көрінбей ме? Айтыңызшы! Әрине, ерекше әсем болып көрінеді!

Әсем Қарағанды мемлекеттік университетін қаржыгер мамандығы бойынша 2001 жылы бітіріп шықты. Осы күндері облысымыздың орталығындағы банкте мененжерлік қызмет атқарады. «Шешесіне қарап қызын ал, аяғын көріп асын іш» дегендейін, Гүлсарадай мейірбан анадан Әсем үлкен тәлім-тағылым алды, инабатты қыз болып бой жетті. Гүлсараның сөзінен байқағаным, күйеу баласы Аманды өз ұлдарынан еш бір кем санамайтындығы. Аман да кезінде көз қырағылығын танытып, тәрбиелі жар сүйді. Әсем мен Аман өздерінің аңсаған армандарына жетіп, жанұя бақытына кенеліп, Қарағанды қаласында Арман есімді ұлдарын құшақтарына алып, сән-салтанатта, аман-саулықта жүріп жатыр.

Отанды сүю – отбасынан басталады!

Ұлылықты сыйлағаның, Ұлықты болуың!

Айдын. Үміттен арманға..! Арманнан арманға..! Адамның арманы таусылған ба? Мына сөзімнің дәлелі ретінде айтарым, Ғабдулсағаттың жиенінің аты да Арман. Ноян, Бекарыс, Атығай, Арман есімдеріін Ғабдулсағат пен Гүлсара, әрине, бекерден-бекер балалар ұсыныстарын құптап, жайдан-жай қоя салған жоқ. Ойланып-толғанып қойған, бабалар құрметіне, жақсылық атаулыға, ұрпақтарының жарқын болашақтарын тілеп, ырымдап

қойған, алынар шынар биіктерге бағамдап қойған... Айдын! Мұхитта көз жетпейтін айдын бар. Мұхитта сөз жетпейтін айбын бар. Су бетінде айнадай айдын бар. Мұз үстінде жарқыраған айдын бар. Қазақтың асыл тегінде алмас-семсерлі айбын бар. Жайсаң заманның өзі де асқан ақыл айдынымен, ер-жүректік айбынымен келетіндігі сөзсіз. Келіп қана қоймай, пәтуалы елімізде, паналы жерімізде ол баянды да назарлы болуы бұлжымас заңдылық. Жаңа мыңжылдықта экономикада да, саясатта да, мәдениет пен спортта да әлемдік шексіз де шетсіз айдынды аяғымызбен нық басқанымыз айқын. «2030» атты, алға басуға елді бағыттар, нақты жоспарымыз бар. Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздық және Ынтымақтастық жөніндегі Ұйым саммитін абройлы өткізді, 2011 жылы Азияда спорттық ойындары мен Ислам конференциясын өткізуге тыңғылықты дайындалып жатыр. Бұл жаһандық кеңістіктегі айдынды да айбынды іс-шараларды логикалық-практикалық тұрғыларда еңсеру Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы да салмақты басшылығы мен көсемдік, кеменгерлік, көрегендік қасиетінің нәтижесінде жүзеге асты. Жанұя-шағын мемлекет. Жанұялардың әл-ауқаты сол мемлекеттің бай-дәулетін білдіреді. Мемлекетіміз бай болған сайын, оның жаһандық мәртебесі асқақтай түседі. Отбасындағы өзара түсіністік пен сүйіспеншілік үйдің көңіл-берекесін келтіреді. Жанұя бақыты адамдарды үй деңгейінен шығарып, ел ортасына шығарады. Кешегі үйдегі балалар елінің бүгінгі толық қанды азаматы болады. Отбасын сыйлаған жан Отанын сүйеді. Бұдан шығатыны: Отанды сүйю-отбасынан басталады. Әлі де болса, алдымызда жүрер, барар, асар асу-белестеріміз ұлан-ғайыр. Ғарыштың шетсіз де шексіз айдынанда АРДА ҚАЗАҚТЫҢ еркін қалықтауына АЛЛА ТАҒАЛА нәсіп етсін! Әумин!

«Ағайынды қоңыр қаз» деп Ермек пен Айдынды айта аламын. Бірі-аға, екіншісі-іні. Бірі-тұнғыш, екіншісі кенже.

Қазақта мынандай сөз де бар еді ғой: «Ағаның ізін іні басар.» Ағасына қарап Айдын да алға басып келеді. Айдын ата-бабалардың игі істерін жалғастырып, Ермектің ізін басып, 2010 жылы имандылық сапарымен Мекке шаһарына барып, мұсылманның бес парызының бірі, қажылық парызын өтеп қайтты.

Айдын Қарағанды политехникалық институтын жол-көлік инженері мамандығы бойынша 2004 жылы тәмәмдаған. Мамандығы бойынша Қарағанды қаласында қызмет атқаруда. Айдын Әсеммен 2005 жылы шаңырақ көтерді. Айсара есімді балапандары бар.

Айдын Ғабдулсағаттың кенже ұлы. «Кенже ұл-шаңырақ иесі» деген ұлағатты ұғым да ел ішінде кең тараған. Қазақта әр баланың өз орны, өз міндеті болады дегендей. «Қыз қияға ұшады, ұл ұяға қонады.» немесе «Ұлы бардың, өрісі кең» дегеннен шығады, Ғабдулсағат пен Гүлсараның кең өрісі, мол жемісі бар. Ол өріс, ол жеміс Қазақстан шеңберінен шығып кеткендігін жоғарыда баяндап кеттім. Мал-жандарыңызға өріс, бақшаларыңызға жеміс, байрақты бәсекелерде барлықтарыңызға жеңіс тілеймін!

Ғұмыр бойына іздей беремін ескі достарды да, жаңа достарды да. Шынайы достарды таба берсем көгілдір көңілім жай, рауандаған рухым бай. Достарды, жолдастарды іздеймін аймағымнан, елімнен, жер жаһаннан да, хакім Абайдың мына бір ғана шумағымен де:

***«Сол досты сая таппай іздеді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдас таппадым татулықтан.»***

Жолдасымыз болсын өзара татулық, сырласымыз болсын адал достық!

Тобықтай түйін

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

Мұхтар Ауезов

Міне, арайлап тағы да бір таңымыз атты. Дала тыптынық, жел жоқ. Аспан мөп-мөлдір, бұлт жоқ. Түрлі пішіндегі сымбаты келісті Ақшақарлар жалт-жұлт етіп, жерге жайымен қонуда. Ақ сақалды Аяз ата аяғының сықыры құлаққа естіледі. Ақ ата бетті шымшылап та қояды. Аяз ата әмірімен ауадағы су бөлшектері терезе шынысына өзінің ертегі оюларын өрнектеуде. Сырттағы температура - 320С. Қаңтарың 7 жұлдызы, 2011 жыл. Сіздерге жаңа жыл құт-береке әкелсін деп, жоғарыда айтқан ой-толғамдарымды түйіндейін.

Адамгершілік-адамдардың күнделікті қарым-қатынасына байланысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық өлшем. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кең пейілдік пен зор имандылық, өзгелердің мүддесі үшін жан қиярлық тәрізді жекелеген қасиеттерді қамтиды, сонымен қатар, кішіпейілдік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады. Адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, ізгілікті-рухани қажеттіліктің өрлі де өрелі нәтижесі. Адамгершілік туа бітті қасиет емес, ұлттық педагогиканың берер жемісі. Адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, ұдайы жаңаға ұмтылу, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, жоқ-жітік пен ауру-кемтарға, бала мен қартқа көмек жасаудың керектігін сезіну мен оны іске асыру негізінде қалыптасады. Исламның қағидаларына зер салып қарасақ, онда барынша адамгершілікті адам санасында орнықтыруға үндейді. Шынайы адамгершілік жеке тұлғалардың сапалы сана

бостандығының арқасында жүзеге асады. Қоғамдық дамудың жаңа сатысында, айталық, тәуелсіз Қазақстандай нарықтық қатынас жүйесіне қадам басқан тұсында сезінетініміз, бұрындары тарихта талай рет болғандай, адамгершілік талаптары жөніндегі түсінікте де, жаңғырулар болуы да заңды құбылыс. Адамгершілік қасиеттерді сақтау, оны дамыту адамның рухани тазаруымен ұштасады. Ұлттық болмыс негіздеріне сүйене отырып, қоғамымыздың ізгерлеуі барысында ғана кемелденген адамгершілік қасиеттерді адамның бойында, оның болмысында сақтап қалуға болады.

Одақ тұсында ұсынылған тарихымыз бен әдебиетіміз толық қандылықтан ада, орыс ыңғайлы, Мәскеу ықпалды болса дағы, қазақ балаларының рухы мен намысын тұншықтырып, олардың ұлттық саналарын түп тамырымен улап, оқушылардың қазақы, ұлттық болмысын тұғырынан тайдыра алмады. Сыныптастарым мектептен ұлтжанды болып шықты, өмірдің тепкісінен да ұлтжандылық сезімінен айырылмады. Сыныптастар әр уақытта өздеріне сын көздерімен қарады, ата-баба аманатына беріктік көрсетті. Олар, бойларын сенімді ұстап, «мен қазақпын» деп мақтанышпен де, шаттықпен де айта алды. Сыныптастарым қазақ болғандықтарын мақтан тұтуларымен қатар, намыспен абыройын осы, бүгінгі күнге дейін сақтап келеді. Бұл да адамгершіліктің мыңнан бір қыры. Ата-әже, әке-шеше, тәрбиешілер мен ұстаздар аманаттарына берік болып, адамгершілік қасиеттерін анық көрсетуде. «Аманат» ұғымы өсиет, тапсырма, міндет мағынасында қолданылады. Аманат негізінде сенім жатыр деуге де әбден болатын тәрізді. Сондықтан болар, аманатты мойнына алған адам оны орындап шыққанша, өзін қарыздар санайды. Берілген аманатты орындау-сенімді ақтау. Аманатқа қиянат жасау, мұсылман әлемінде күнә есебінде, сүйекке таңба түсіреді. Сол себепті-аманат адамның инабаттылығының, ар-

имандылығының көрсеткіші санатында. Үлкен адамдардың ұрпақтарына өсиеті біздер үшін аманат. Аманатты орындау-адамның намысына сын, қарыздық қиянаты. Қарыздар болған жаманның жаманы, өз замандастарының азғыны, ел-жұртының ұяты. Аманатты орындау аманаттаушының алдындағы ғана емес, Құдай, аруақтың алдындағы да күнәнің ең зоры. Халқымыз осылай түсінген, аманатты ант-су ішпей-ақ, хаттамай-ақ Құдай алдындағы, ар-ождан алдындағы міндет ретінде мүлтіксіз орындап келген. Біздерге үлкендерден берілген аманат: «Тәлім-тәрбиелі, ілім-білімді бол. Шаршап-шалдықпай адал да табанды еңбектен. Отан алдындағы борышыңды аброймен өте.» еді.

Қабдулсағат мың бір қыздың арасынан өзінің сүйіктісі Гүлсараны таңдап алды. Жұптары жарасып, шаңырақтырын көтерді. Ата-баба батасын Алла қабылдыққа жазып, ақарлы-шақарлы жанұя болды. Бала сүйіп, немере көріп бақытқа кенелді. Қабдулсағат пен Гүлсараның еңбектері жанып, жанұяда да, туыстар арасында да, жұмыс орнында да сый мен абыройға иеленді. Өзара сыйластыққа не жетсін? Қазақта «Сыйға сый, сыраға бал» демей ме? Сыйластықтарыңыз балдай тәтті бола беруіне бір Алла жар болсын.

Қабдулсағат пен Гүлсара балаларының арқасында, жаратқанның қолдауымен Бұқар жырау ауданының орталығынан еңселі де жайлы үй салды. Екі қабатты үлкен үй заманауи талаптарға сай тұрғызылды. Тазалық сақтайтын, ас дайындайтын, балалар ойнайтын, жұмыс істейтін, қонақ күтетін, дем алатын, намаз оқитын т.б. бөлмелер озық үлгідегі жиһаздармен және техникалармен жабдықталған. Қабдулсағаттың ерттегені шетелдің ақ жеңіл машина, Гүлсараның ыңғайында барынша компьютерленген тұрмыс жабдықтары. Аз уақыт ішінде интернетке қосылып кез келген ақпаратты ала аламыз, кез келген адамнан тілдесе аламыз. Техника заманы, ақпарат

заманы дегеніміз осы емес пе? Келешекте, тіптен ертегіге бергісіз қоғамда, біздің ұрпақтарымыз өмір сүретініне кәміл сенемін. Олар кез келген шаруаны, кез келген мәселені компьютердің көмегімен үйде отырып-ақ шеше береді. Қиналған сәтте «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген тұжырым есімізге түсетіні түсінікті. Мұхаммедәлімтегінің жанұясы аруақтарды ұмытпай, бейсенбі-жұма сайын есімдерін айтып, оларға арнайы дұғалар бағыштайды. Ата-бабаларының басына «үй» тұрғызып, құлыптас қойғандарын жоғарыда айттым. Алланы ұмытпайық. Аруақтарды ұмытпайық. Жаратқанға тәубе келтірейік. Өнегелі өткенсіз жарқын болашақтың жоқтығын жадымызда сақтайық, құрметті ағайын. Әрдайым, сәулетімізге әулетіміз, әулетімізге сәулетіміз жарассын!

Ғабдулсағат пен Гүлсара үш баласын мәпелеп өсірді, тәлім-тәрбиелерін олардан еш аяған жоқ. Өз қатарынан қалмасын, ел азаматы дәрежесіне жетсін деді. Екеуінің тілек-армандары, ата-әженің өсиет-баталары, ұстаздарының үкілі үміт-сенімдері зая кеткен жоқ. Балалар тән жағынан да, рух жағынан да таразының тепе-теңдігіндей болып, жарасым көкжиегіне шаршап-шалдықпай ұмтылып, ер жетті, азамат атанды. Семізбұғы мектебін бітіретін жылы біз Мәскеуде оқуды армандап едік. Мәскеуде оқу Ғабдулсағат екеумізге бұйырмады, ал біздің Ермегіміз сол арманға өзімен бірге бізді де жеткізгендей еді. Хакім Абай айтқандай Ғабдулсағатта «балапандарын оқытқанды жек көрмеді». Ермек те, Айдын да, Әсем де ел-жұрт сыйлаған, жоғары дәрежелі білімді бола тұра, рухани және кәсіби өрлеу үстінде, өсу үстінде. Үшеуі де өз алдарына отау тікті, балалы-шағалы болды. Өз намыстарын, жанұя намысын, Отан алдындағы намысын табанды түрде қорғауға қауқарлы. Ой-өрістері сергек, бір-бірлеріне серік. Татулық пен достық өзара туыстас ұғымдар. Ғабдулсағат-Гүлсарамен шынайы дос болсам, олардың балаларын өзімнің баламдай

көремін. Балаларымыз тату болса қандай жақсы? Ұл мен қыздарымыз өзара дос болса, бір ғанибет қой! Ел-жұрт татулығы жанұялардан бастау алады, өзен бастауын бұлақтардан алатыны тәрізді. Дүние жүзіне еліміз татулықтың үлгі-өнегесін көрсете білсін. Жер-жаһанда достарымыз көбейген үстіне көбейе түссін. Алдымызға мақсат қоя білейік, арманнан арманға жете берейік, жете берейік!

Ертеде екен ағаштарымыз тамырларын тереңге жіберіп, бұтақтарын құлаш-құлаш жайып, жапырақтарын күн нұры сүйген, мәуелі бәйтерекке айнала бастады. Кейінгі уақытта отырғызған шыбықтарымыз тамырланды, бойларын түзей түсті. Ғабдулсағат жаңа үйдің жанына үш шырша тұқымдас ағашты былтыр отырғызды. Шырша ағашы мәңгілік өмір түсінігі тәрізді. Қысы-жазы, ұзақ жылдар желісінде жасыл реңін сақтап, хош иісін айналаға шашып тұрғаны белгілі. Ғабдулсағаттың келешек жоспарында жеміс ағаштары мен жеміс түбірлерін егіп, үй ауласын бау-бақшаға айналдыру бар. Бау-бақша көктемде гүлдеп, жазда көлеңкелеп, күзде жеміс беріп, қыста қырауға бөленіп, күн ойнап, жалтырап тұрса несі жаман? Бұл өсімдіктің барлығы да жыл бойына улы, лас газдарды өз бойына тартып, оттегін мол бөліп шығарып, халыққа денсаулық кепілін береді. Әрбір үй маңы бау-бақшамен көмкеріліп, ауылдар мен қалаларды жалғайтын жолдардың бойы жасыл желекті болса, Ұлттық парктеріміз түрлі-түрлі ағаштар мен өсімдіктерге толса, қандай ғанибет. Әрбір адам жыл сайын ағаштар егіп, оларды баптап, өсіріп отырса, жер беті тоғайға айналып, ал шөл және шөлейтті жерлер шегінер еді. Жер-жаһанда жеті миллиард адам өмір сүруде. Олар жылына бір-екі ағаштан отырғызып тұрса, жылына орта есеппен жеті миллиард шыбық қосылады деп жобалауға болады. Он жылда ше? Мың жылда ше? Бұл айтарлықтай нәтиже ғой. Денсаулық кепілі таза ауада, қалал аста, адал

еңбекте және де өрттей ыстық махаббатта. Дендеріміз саулықта, ғұмырларымыз ұзақтықта, жан-тәніміз бақыт құшағында болсын деп бір-бірлерімізге тілейік, адамзат!

XXI ғасыр-ақпарат ғасыры. Сондықтан да, жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Олай болса, мектептегі білім беру ісі жаңа дәуір жетістіктерімен ілесе жүріп отыруы керек. Ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы интернет желісіне қосылған он-лайн жүйесінде білім беруге де, білім алуға да мол мүмкіндіктер бар. Он-лайн жүйесінде интерактивті тақтамен ашық сабақтар өткізу экология мәселелері және олардың өмірімізге әсері туралы ақпарат беру, оқушыларды еркін сөйлеуге машықтау, табиғатты қорғау, туған елін әспеттей отырып, өз туған жерін аялауға тәрбиелеу, олардың шығармашылық ой-өрісін қалыптастыруға оң ықпалын тигізеді.

Есім ханның ескі жолын, Қасым ханның қасқа жолын ата-бабалар атақ-даңқпен жүріп өтті. XXI-і ғасырда Қазақстан Нұрсұлтанның нұрлы жолына түсті. Халық толағай істерді бастап, толағай табыстарға жетті. Адам, жанұя, ел-жұрт, қазақ халқы бар! Ел бастар Елбасы бар! Елбасын құптар халық бар! Бірлігіміз бен тірлігіміз жарассын! Шаңырақ көтерілді, бала өсірілді, ағаш егілді, шаңырақ иесі болар Айдын бар! Бұл төрт құбыланың теңдігі емей немене? Халқымның «Төрт құбылаң тең болсын», -деп бата беруі осы болады.

Иншалла, қазір ұлттық тәлім-тәрбиені өскелең ұрпақ бойына сіңіру барысында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Аталы сөзге тоқтап, адамгершілік шеңберінен аспаған халқымыздың ұлдары мен қыздары үлкендердің алдынан ешқашан кесе-көлденең өтпеген. «Әке тұрып, ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без» деген даналық қағиданы құран сөзіндей жаттап өскен ұрпақ қашан да халқымыздың игі дәстүрлерін көзінің

қарашығындай сақтап, болашаққа саф алтындай таза күйінде келер ғасырларға алып барарына сенім мол.

Парасаттылыққа негізделген өміріміз сайранды, бақытымыз баянды болсын, қадірменді тілеулестерім! Ата-бабалар аманаттарын үлгілі адамгершілікпен, асқан парасаттылықпен, шексіз жауапкершілікпен жүзеге асыра берейік, арда қазақ!

Нар қобыз бен үкілі домыра ел мен жердің таңғажайып күйлерін ойнай берсін!

Отанымыз табыстан табысқа жетіп, халқымыз жеңіс-жетістіктерін тойлай берсін!

Оқу, кәсіп, білік, жұмысымыз бар. Биік рух, берік намыс, салиқалы саясатымыз бар. Қазақстанның толағай жетістіктері үшін мұнар таудай халқымызға, бүкіл әлем мойындаған, ұлт көшбасшысы, Нұрсұлтан Әбішұлына мың да бір рахмет!

Қазақ халқының ата салты мен мұсылмандық діні сабақтассын. Дініміз бен діліміз сабақтассын. Дініміз бен ғылымымыз қоян-қолтық сабақтассын. Жолымыз керуенді, ісіміз дәрменді, біліміміз пәрменді болсын. Қазақтың қасиетті жерін жайлаған шежірелі де ынтымақты халқымыз адамгершілік пен имандылық шеңберінен шықпай аман-саулықта, бақыт-байлықта болсын!

Посевной Арынұлы

Посевной Арынұлы Төлеубектегі 26.04.39. жылы Қарағанды облысы, Ворошилов ауданындағы Ақжар ауылында дүниеге келген. 1962 жылы Қарағанды мемлекеттік дәргерлік институтын «емдеуші дәрігер» мамандығы бойынша ойдағыдай аяқтап, «Пушкин» емханасына жұмысқа оналасқан. Бір жылдан кейін аудандық ауруханада хирург, ал 1967 жылдан, осы бүгінгі

күнге дейін, «Керней» ауруханасында абыройлы қызмет атқаруда.

Посевой Арынұлы жоғары санатты терапевт-дәрігер. Өзінің білім дәрежесін көтеру мақсатында мынандай айтулы қалаларда шығармашылық іс-сапарлармен болып қайтқан: Қарағанды, Алматы, Баку, Харьков, Новокузнецк (Шығыс емі, Тибет). 48 жыл ішінде ол дәрігерлер, медбике, техникалық қызметкерлерге деген ағалық қамқорлығын, адамгершілік тәлімін, кәсіби шеберлігін еш аяған емес. Ықшамдау тұсында ауылымыздың ауруханасын жапқызбай, сақтап қалған да осы Посевой ағамыз болатын.

Ақ халатты абзал жан «Керней» ауыруханасын басқарған уақытта ауыл-аймақ тұрғындарының денсаулығын сақтап, емдеуде ауыз толтырып, мақтанышпен айтарлықтай табыстарға қол жетіп отырды. Атап айтқанда: 20 жыл бойына аурухана бөлімшесі аудан төңірегінде бірінші орынды мығым ұстады, дәрігерлік ұжым 15 жыл облыстық денсаулық бөлімінің және облыс бойынша дәрігерлік кәсіподақтың Байрағын биік желбіетті, 1984 жылы Посевой Арынұлының портреті «Облыстық құрмет» тақтасына ілінді, ал 1977 жылы Кернейдің аурухана бөлімшесі Республика бойынша үшінші орынды жеңіп алды.

Жанұяның сақтаушысы да сәні, ұйтқысы да көркі, ұлағатты ұстаз-Злиха Қияшқызы Макеева. Злиха Қияшқызы 40 жылын мектепке берсе, 47 жылдық ғұмырын сүйікті жанұясына арнады. Посевой ағамызға тірек болып, балаларын қазақы негізде тәрбиелеуде, немерелеріне, ел-жұртына-үлгі-өнеге көрсетуде. Осының нәтижесінде, жанұя мүшелері жылдан-жылға еңбекте үлкен-үлкен табыстарға жетуде, Отанымыздың дамуына өзіндік үлестерін қосуда.

Посевой Арынұлы бүкіл төңірекке сыйлы, ел азаматы. Парасаты келісті, деңгейі жоғары жанұяның ұйтқысы, тірегі, ақылманы. Адам жанын бағалау, ауыру атаулымен

күресе білу қағидаттарын халықына ұғындырумен қатар, ол жан-дауалық қасиеттерді балаларының да саналарына кұйды: үлкені Гүлнар, Қарағанды Медакадемиясының көз кафедрасының меңгерушісі. ғылым кандидаты, доцент, жоғары санатты дәрігер; ортаншы Мәрияш, Қазбек би ауданындағы тамақ бөлімінде бірінші санатты дәрігер; кішісі Сәуле, Қарағанды Медакадемиясының тамақ-құлақ жүйелері кафедрасының меңгерушісі. ғылым кандидаты, доцент, жоғары санатты дәрігер.

Қазақ ССР қызыл крест қоғамының ХХІ съезінің, бірнеше дүркін жергілікті кеңестің делегаты және 5 жыл бойына ЦК ОКК КАЗ ССР-дің мүшесі болған. Мынандай Үкіметтік марапаттары бар: «Знак Почета», «За освоение целинных и залежных земель», «За доблестный труд», «Ветеран труда», «Победитель Соц. соревнования», «Денсаулық сақтау үздігі», «Отличник здравоохранения СССР», «Тыңға 50 жыл», көптеген марапат қағаздары. Халықымыз, Төлеубектегі Посевной Арынұлын, «Бұқар жырау ауданының құрметті азаматы» деген жоғары атаққа лайық деп санайды!

Посевной аға!

*Үстіңізге кигеніңіз аппақ киім,
Ақ періште келеме деп түйдім.
Ел-жұртына жаны ашыған,
Емші атаулыға басымды идім!
Міне, тағыда келді көктем,
Көк аспаннан күлімдеп Күн.
Құтты болсыншы туган күн,
Арманды тілектер қуған күн!
Жетпіске толды жасыңыз,
Жасыңызға жас қосыңыз.
Бақ-дулетіңіз асып-тасып,*

Жүздің қырынан да асыңыз!

Ақжар ауылының еркесі – ақылына көркі сай, Еркеш апай!

Бір әулеттің сыйлы адамы болса, оны сендер де сыйлаңдар!

Мұхаммед майғамбар

Бұл жарық дүниеде бар әлемді аузына қаратып, «Ау, әу!»... демейтін қазақ жоқ. Соның ішінде, «ау, әу!»... демейтін ауылдың ұлы мен қызы жоқ. Бәрі шетінен әнші-күйші десе болғандай. Мен үшін «әу» деген «мен мұндамын» дегенмен тең. Әрбір қазақ ауылында ата мен әже бар. Олар: «Біз мұндамыз» деп ауылға немере-шөберелерін елжірей сағына отырып шақырғандай. Маған «а» мен «у» әріптерінен «ауыл» ұғымы бастау алғандай әсер береді. Ауыл-қазақтың алтын бесігі, өнер-білім кеншісі. Ақ жаулықты анасы бар, ақ жалды жылқысы бар, ақ жарлы даласы бар ауылдар елімізде, Құдайға шүкір, баршылық. Қазақтың кең-байтақ көк жазиралы жерінде «Ақжар» аталатын ауылдар көптеп кездеседі. Қарағанды облысындағы, Бұқар жырау ауданында да сондай бір «Ақжар» аулы бар. Бұл ауылдың қара топырағы құнарлы, ақ жарды жағалай аққан бұлағы жазда құрақты, қыста мұзды болып келеді. Көптеген ауылдардың үйлері қаңырап босап қалып жатқанда, Ажар ауылында, аз да болса, жаңа үйлер тұрғызылуда. Үйлердің тұрғызылуы ауылдың болашағы бар дегенді меңзейді. Ауылдың көркейгені-қазақ елінің гүлдей құлпырғаны. Дүлдүлдердің көп шоғыры Ажар іспетті қазақы болмысты ауылдардан шыққан. Өзіміздің елдегі «Ақжар» атты ауылда ауылдастарының, балаларының, немере-шөберелерінің қызықтарын көріп, ел еркесі атанып, Еркеш апай, бақыт құшағына бөленіп, көңілі домбра

шегіндегі әсем сазды күй күдіретіндей құлпырып, жайдары мінезі өзіне жарасып, жұртшылыққа парасаттылық өнегесін көрсетіп, толық қанды жүріп жатыр.

Шетсіз де шексіз кеңістік. Табиғатта үздіксіз жүріп жатқан өзгеріс. Тоқтаусыз зымыраған уақыт. Бұл үш шама бізді қршаған ортадағы тіршілік атаулы таңқаларлық құбылыс. Әрбір ітің бастапқы кезеңі, орта шені, соңғы әрекеті бар екені адам санасында талас тудырмайды. Осы жарық дүниедегі тіршілік төңірегіндегі кез келген адамның алатын орны ерекше, өзгелерге еш ұқсамайтын, оның өзіне ғана тән қасиеттеріменен дараланады. Адам баласының бақытын, салыстырмалы түрде, үш бағамды негізде анықтауға болады деп, мен ойлаймын. Адамның жарық дүниеге келуі-бірінші бақыт. Адамның мұсылмандық жолмен жүруі-екінші бақыт. Адамның сыйлы қазақ болып туған жерінде толық қанды ғұмыр кешуі-үшінші бақыт. Адамның балауса шағы-пейіш бағында бейқам жүргеніне тең. Адамның оң-терісін ұғынған шағы-маза таппай, шаршап-шалдығуды білмей, кең далада ерсілі-қарсылы, олай-бұлай, тыным таппай, жүгіре жортқанына тең. Адамның қарттық шағы-ертегі кейіпкері қылығына тең. Адамға жаратқаннан берілетіні қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр. Осы шолақ ғұмырды сәнді де, мәнді де өткізу барша адамзаттың үкілі парызы. Туғанында адамның маңдайына хатталып жазылғаны оның өлшеулі өмірінде жүзеге асады. Адам пешенесіне тағыдырдың тарту-таралғысы кезектесіп келетін бір қуаныш пен бір қайғы болса керек. Маңдайға сызылғаннан еш құтылып кете алмайсың. Тумақ бар жерде өлмек бар. Өлген соң денең қара жер қойнына беріледі. Өлген адамның артында тірісінде сөйлеген сырлы сөзі, өрілген өрелі өнері, істеген ілімді ісі қалады. Ұрпақтан ұрпаққа дананың дараланған данышпандығы, ақынның асқақтата айтқаны, жазушының жосылта жазғаны, әншінің әуендеткен әні, күйшінің

күмбірлеткен күйі қалады. Ғұмырында өзінің соқпағын сақтағанның, өшпестей болып адами ақ жолы жалтырап, мен мұңдалап тұрады. Осынау жалған дүниеде сондайлық анық та арайлы із қалдырар адамдардың бірі, алтындай ардақты, күмістей салмақты, Еркеш апай!

Қазақта «Үй алдында төбең болса, ерттеп қойған атпен тең. Үй ішінде қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген қанатты сөз бар. Мұнысы күннен күнге қатары сиреп бара жатқан аға буынның өкілдері-қарттардың қазына екенін меңзегені. Ал олардың жүріп өткен жолы, өмірден көргені мен көңілге түйгені ұрпаққа үлгі-өнеге. Сондықтан да «өткенсіз бүгін мен болашақ жоқ» дейді. Осы қарттықты қарымды қалыптап, жетпіс жасты жақсы еңсерген Еркеш апай.

Уағыз айту туралы да кімді тыңдайтынымызды, жасты ма, кәріні ме, білмей қалатын уақыт аз емес. Жастар толқымалы, діни білімі әлі аз. Дінді бала жастан ұзақ жылдар үйрену, игеру керек. Дін санаға, қанға сіңу керек. Сондықтан, жастарға діни тәрбиені мектеп қабырғасынан бастап мықтап беру керек. Намаз жамандықтан сақтандырып, салауатты өмірге адамды бастайды.

Әкелерінен ертерек айырылған төрт баласын күнге де, желге де тигізбей тәрбиелеген Еркеш апай бес уақыт намазын қаза етіп көрген жоқ. Алладан дұға-тілектер сұрап, балалары мен ауылдастарына имандылық өнегесін көрсеткендей. Кімде-кім сыпайы әрі адал ниетпен Алланың және оның елшілерінің ілімімен жүріп, қалауын орындаса; кімде-кім адамдарды сүйіп, оларға жақсылық жасаса, кешірімді болса; кімде-кім адам өлтірмесе, ұрлық жасамаса, жалған куә болып, екі жүзденбесе; кімде-кім жауыздық пен қараңғылыққа қарсы болса; Кімде-кім Құдайға шын жүрегімен сенсе, сол адам нағыз иманды болып табылатындығын Еркеш апа ұрпақтар құлағына өзіндік ерекше парасаттылығымен құйып келеді.

Қаржас-бабас ішіндегі Төлеубектің бәйпішесі Жақиядан бес ұл туған: Арын, Үсейін, Құсайын, Адаш, Мұхиден. Мұхиденнен: Тәңірберген-Құдайберген (егіздер), Азамат. Бұрындары Мұхиден Керней ауылында дүкен ұстаған. Дүкенге келген адамдардың бетінен қайтармай, оларға сыпайылық танытқан-алдындағы асын, астындағы атын да елге беруге дайын тұрған, ақ көңіл, адал адам еді. «Бай баласымын» деп еш уақытта шіренбеген. Керней ауылында ұзақ жылдар бойына тұрған Жақия бәйпіше бір ғана бұлақтан су ішкен, сондықтан да ол бұлақты осы аймақтағы ел-жұрт «Бәйпіше бұлағы» деп атап кеткен. Осы іспетті әңгімелерді шежіре адам, Еркеш апайдың әкесі қаржас-алтынторыдан шыққан Сәлмен ата айтып отыратын-ты. Менің жақсы көріп, қатты сыйлайтын адамдарымның бірі Еркеш апай. Еркеш апай Мұхиденнің келіні, Құдайбергеннің жұбайы. Еркеш апайға қайын әжесі Жақиядан, қайын атасы Мұхиденнен адамгершіліктің мынандай асыл қасиеттері дарыған: ата-енені, үлкен-кішіні ілтипат көрсету, озық үлгідегі қазақы салт-сананы берік ұстану, имандылық жолды ұстану, сонымен қатар, ішкі-сыртқы адами жан-тән сұлулығы. Әдемі қартайуды да осы Еркеш апайдан анық көріуге болады. Бұл апайдың жүрек жылуы шөберелеріне де, немерелеріне де, балаларына да, халқына да жетеді дей аламын. Құдайберген аға мен Еркеш апа Күлзипа, Ербол, Гүлзия және Досбол сынды балаларына ұлттық ұлық тәлім-тәрбие беріп, бір-бір шаңырақ иесі қылып шығарды. Еркеш апай балаларына, ауылдастарына адамдар арасындағы ынтымақ пен ымырашылдықты бағалауға баулыды, бақыттың бастауы бірлікте екенін еліне бір адамдай ұғындырды. Халықтың қуаты бірлікте болатындығын, тәуелсіздік елге еркіндікті әкелетіндігін, еркіндік болғанда есті де, парасатты да, кемелді ақылға тоқтаған, елдікке сүйенген еркіндікті айтты. Бақыт туралы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз былай деген: «Адамның

өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Содан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек.» «Бақыт» ұғымын әр адам өзінше топшылайды. Бір адам үшін жаңа таңның атқаны бақыт. Екінші адам үшін жанұясының аман болғаны бақыт. Үшінші адам үшін олимпиада чемпионы атағын жеңіп алып, көк туымызды биік желбіретіп, еліміздің әнұранын әлем алдында тыңдатқаны бақыт... Ең үлкен бақыт егемен елде, ашық аспан астында, адал еңбек етіп, өзара түсіністікте өмір сүру. «Қайда барып қонасың» деп Бақыт құсынан бір қария сұраған екен. Сонда Бақыт құсы: «Ынтымағы мен бірлігі жарасқан елге барып қонамын» деп жауап берген екен. Бұлақ суы қандай таза болса, көңіл де мөлдір болсын. Құнарлы жер қандай берекелі болса, ашық қол да сондай жомарт болсын. Еркіндік елді өсіреді, еріксіздік үмітті өшіреді. Ақ көңіл бар жерде судай тасыған молшылық болады! Бейбітшіл елде жасампаздық болады. Жасампаз елде ұшқыр ой қанатын жаяды. Көгілдір көгінде қанатын кеңінен құлаштай жайған елде үкіленген үміт, асқақ арман болады. Қанатты арман бар жерде көл-дариядай толықсыған ақ көңілдің болары хақ. Сана еркіндігі бар, ата-баба дәстүрі кемел, мұсылмандық иманы кәміл, ұрпақтары қазақы тұрғыда тәләлім-тәрбие алған өлкеде жомарттық атаулыға әрқашанда даңғыл жол ашық. Еркеш апай ақ көңіл, жомарт жан! Еркештей апалар көп болса, ел еркіндігі асқақ болар еді! Еркін ел-тәуелсіз ел! Қазақстанның тәуелсіздігі тұғырлы болсын! Қазақ жеріне Бақыт құсы ұшып кліп, мәңгілікке қонсын!

Ыбыш

Қаржас-Бабас-Табылды-Самай-Шомақан-Саттыбай-
Дәрменбай.

Дәрменбайдан: Қадыкен, Айтжан, Сейітқали.

Қадыкеннен: Ыбырай, Қомыт, Ыбыш.

Ыбыштан: Санат, Мәрияш, Әсет, Қуаныш.

Санаттан: Әмина.

Мәрияштан: Елнұр, Лаура, Елхама.

Әсеттен: Рәзия.

Қуаныштан: Мәулет.

1968-1970 жылдары Мәскеу қаласы түбінде Отан алдындағы міндетін атқарған. 1966 жылдан шоферлік қызымет атқарған. Жолдастыққа берік, аузын ашса көмекейі көрінетін ақ көңіл, саудыраған азамат. Көңілін де, ағзасын да пәк ұстайды, кіршіксіз тазалықты жаны сүйеді. Қазақтың әні деген де алдындағы асын жерге қояды.

*Аққудың көз жасы суға тамғаны,
Әр көкіректің шерменге толғаны.
Бұлтсыз, мидай қайнаған жазда,
Шөлдегі көп шөптердің солғаны.*

*Қазақ боп туганыма мақтанамын,
Саз әуенімен сапарға аттанамын.
Ақ тұлпар желіменен жарысып,
Қазақ әндерін естіп шаттанамын.*

*Шаттанғанда делебем қозады,
Бір ойым көп ойымнан озады.
Айбынды ерттеп мінгенімде,
Әр сөзім тас қамалды бұзады.*

*Бұзғым келеді арамдықты,
Ту еткім келеді адалдықты.
Баба рухына басымды иіп,*

Өнеге тұтамын даналықты.

*Даналықты аламын Абайдан,
Көрсем дағы тепкі талайдан.
Ел үшін отқа да суға да түсем,
Намыс дарып хан Абылайдан.*

*Рух иірімі төгіледі Иассауиден,
Азаны арылтады зілді күйден.
Жабырқаған жүзің алабұртып,
От жылуын табасың ақ үйден.*

*Ақ үй дегенім қазақтың шаңырағы,
Қазақтың жерінің киелі топырағы.*

*Сыр түйіні ақиқат,
Ақиқат, шындық көпке ортақ.
Ілияс Жансүгіров*

Кемел қажы Жүністегі

**«Түгел алғың келсе өмір ырысын,
Таза болсын сөзің, ойың, жұмысың»,- деп Жүсіп Баласұғын жырлағандай, діни сенім, ой тазалығы, сөз тазалығына жетелесе, ғылым-таным, оқу, іздену, өзін-өзі шыңдау арқылы жұмыс ілгері жүреді. «Таза адам деп - үсті-басының тазалығын ғана емес, ар-ұятының тазалығын айтады»,- деген екен Ғабит Мүсірепов.**

Кемел қажы Жүністегі 1939 жылы 27 қаңтарда Қарағанды облысы, Шет ауданында дүниесігін ашқан. 1971 жылы Қарағанды педагогикалық институтын бітірген. 1967-1984 жылдар аралығында мектепте мұғалім. 1984-1992 жылдары аудандық оқу бөлімінде, «Білім» қоғамында,

жергілікті мұражайда қызмет еткен. 1992 жылдан 2005 жылға дейін аудандық «Заман» газетінде редактор болған.

«Дос көңілі», «Көне хикая», «Құба белдер» трилогиясының, «Көксеңгірдің тасында», «Соңғы абыз», «Көксеу», «Шырағдан», «Ұлы пайғамбар және ұрпақтары» прозалық кітаптардың, «Тар заман» драмалық шығармасының және көптеген публицистикалық, этнографиялық мақалаларының авторы. Жазушы Кәмел Жүністегінің есімі қалың оқырманға кеңінен таныс. XX ғасырдың 60-шы жылдары жасырын ЕСЕП (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясын ұйымдастырып, жастық шағын саяси лагерьде өткізген қаламгердің аты Ақсу-Аюлы кентінің Ы.Алтынсарин атындағы мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиет сыныбына берілген.

Қарағанды облысындағы Шет ауданының орталығы, Ақсу-Аюлы кентінде, 20.08.09. күні, күн батқан соң, Ұлытау сапарынан келе жатқан Кәмел қажы Жүністегін ұзақ күтіп, асқан шыдамдылық танытып, бір көріп дауысын есту арманымен жолықтырдым. Ол жолдан шаршап келгенін сездірмей мені жылы шыраймен қарсы алып, әңгімесін айта отырып, мынандай сөздер жазылған фото суреттерді маған сыйлады: «Ұлытау. Едіге тауы. Едіге батырдың мүрдесінің бүгінгі жағыдайы». Алла жазса, жазушының он төртінші кітабы жарық көреді. Едіге мәселесі бойынша Қазақстанның Мәдениет және Ақпарат Министірі, Мұхтар Құлмұхамедпен 45 минут бойына, Астана қаласында сөйлескені жөнінде айтты. Ер Едіге туралы мақала «Түкістан» және «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарық көретіндігі жөнінде құлағдар етті.

*Қаншама кең болса да аспан асты,
Бірліктің басталған жер бастамасы.
Көктөбе жер ортасы - осы Ұлытау,
Қазақтың болған бір кез астанасы.*

*Жоқ ешкім бірлік туын құлата алған,
Тау емес, қалған мұра бұл атамнан.
Үш Жүздің бауырында басын қосып,
Көктөбе содан бері Ұлы атанған.*

Зұлмат заманның зары – қара орман қазағымның қасіреті

Елін сүйген ерлер

*«Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары-көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.*

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын.
Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін.»*

XX ғасыр ғұламасы, Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

1937-і репрессия жылдары 3770 миллион адам, соның ішінде 22 мың қазақтың оқыған, зиялыларына үкімет тарапынан нақақтан-нақақ жала жабылып, қуғын-сүргінге ұшырады, оның 70 мыңы ату жазасына кесілді.

Қазақстанға белгілі қаламгер, кезінде «Елін Сүйген Ерлер Партиясының» («ЕСЕП») белді мүшесі болған, Кеңес Үкіметі тұсында саяси қуғын-сүргінді көзімен көріп мойнымен көтерген Кәмел Жүністегі ағаймен бұрындары танысып, бірнеше мәрте жүздесе отырып, әгіме-дүкен кілттерін ағытысып, ғибратты тәлім-тағылым алып жүрген

шәкіртімін. Шет өңіріне белгілі азаматтар, туып-өскен өлке, жан-жануарлар жөнінде қызғылықты да әсерлі жазылған шығармаларын мүмкіндігімше ел-жұрт арасына таратудамын. «Орталық Қазақстан» газетіне шыққан тарихи-этнографиялық статьяларды қызыға оқимын. Олардың ішінен алғашқылардың бірі болып көзге түсетіні Кәмекеңнің тереңнен тербей, төл тарихқа үңіле отырып жазғандары. 31.05.12. №88-89 (21296) Орталықтағы Жанат Жаңқанұлының «Саяннан саяқ құрлы сая таппай..» атты толғанысы өзіме қатты әсер берді, жүрегіме отансүйгіштіктің нұр-сәулесін құйды, қазаққа деген сүйіспеншілігімді бұрынғыдан да арттыра түсті. Қаламың ұшқыр болсын, шығармашылық табыстарға жете бер, Жанат! Осы жылғы кездескенімізде Кәмекең «Мөрші» кітабын мына мәтінде қолтаңбалап маған тарту етті: «Мақсұтхан! Көңілдегінің бәрі көнеден қалған соз. Сол ескі үлгі ұрпақты алға жетелесін. 24.02.12.» Бұл мен үшін баға жетпес сый-құрмет деп білемін. Автордың қолынан алған кітаптан артық сыйлық болар ма?

Кім кінәлі?

Көңілді күпті етер, жүректі түкті етер сауалдар мені мазалай береді. Кім? Неге? Қалай? Аштықтан қырылғандардың, жазықсыз атылғандардың рухтары тынши ала ма? Ерке даланың құралайы, кәне, сен айтшы, бұл өзі қалай болғаны? Бауырға деген сағыныштан теңселемін, ел-жұртым, түсірмеші осы сөзім үшін еңсеңді. Ғақ Тағала жеткізбесін жаман хабар. Зиялылардың бар малы білімі еді, оларға сегіз таспалы қамшы соққылары тиді. Темір торға қамап, бастарына бәле-жаланы үйді. Қазақтай қайсар халық қайда? Болмайықшы біздер тары ұнтағы тәрізді майда. Ірілік жарасады біздерге. Мен қарамаймын ездерге. Адамдар табылса игі, ата тарихымыздағы ақтандықтарды

іздерге. Сұрақтарды қойдым сіздерге? Арыстар жерленген жер қайда? Жоғын іздеген ер қайда? Қанша адам қыршынынан қиылды? Істің ақ-қарасын кімдер анықтап, дәлелдейді? Кезінде малдарды есепке алса дағы, аштан өлгендер мен атылғандарды ешкім тізімдеген жоқ, оларды үкімет қаперіне ілуге де жарамады. Орағытқан озбырлық кімнен келді? Осыларды ойға алсаң қисапсыз қатты қапаланасың. Сол себепті қолыма қаламымды алып, кейбіреулердің ар-намысты оятар деген мақсатпен, ақ паракқа ой-толғанысымды түсірдім. Қазақтың тағдыры дегенде қабырғаларым сөгіледі, жанарымнан ыстық жас төгіледі. Қазақтың қайғы-қасіреті есіме түскенде қызыл қаным қапаланып қайнайды. Жандайшаптар малды алды, аяғымыздан шалды. Жан алғыштар арыстарымызды атып салды. Көзі байланған адамды атуға адамның батылы қалайша барады? Осы сәтті ой-електен өткізіп байқаңызшы. Ататын адамдар, атылатын адамдар қандай психо-физикалық жағыдайларды бастарынан кешеді? Мен мұны түсінбей-ақ қойдым, ой-санама еш сыймайды. Қойларымызды қайда апарып қоздатты? Талай боздақтарымызды итжеккендегі абақтыларға тоғытты. Тірілердің абройын аяқ асты қылып, жанашыры жоқ күнәһар тәрізді оларға зілді-боқтық сөздерді естіртті, ұрып-соғып есенгіретті, адами жан-дүниелерін өксітті.

«Қазақты сырттан тиген жау ала алмайды, айтқанға сенгіштігін пайдаланып, оларды іштен құрту қажет» деген саясатты компартия белсенділері ұтымды пайдаланды. Мұсылманда, оның ішінде қазақта құрбандыққа мал шалушы еді. Қызыл жендеттер құрбандыққа қазақтарды құлатты. Большевиктердің адамгершілік этикетіне сыймайтын, сайқалдық әрекеттеріне жұдырықтай жүрегім қан жылайды, селт етер ақ сезімімді секем үрейі жайлайды. Ананың бауыр еті баласынан айырылуы, баланың асыл анасынан айырылуы қандай өкінішті, айтыңызшы. Елдің

боздақтарынан айырылуы, боздақтардың елінен итжеккенге айдалуы, орны толмас трагедия, бүтіндей ұлттың өлшеусіз қасіреті.

2012 жылы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге 75 жыл, ал аштық-нәубетке 80 жыл толып отыр. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Осынау қиянат пен қиямет күнін еске алып, әрбір ұрпақтың сана-зердесіне тарихи шындық тағылымының тәрбиелік мән-мағынасын құя білу, оны жұртқа ұғындыра түсіндіру, әрбір Отаным деген тәлімгердің, барша салиқалы аға буын санатындағылардың борышы. 1930 – 1950 жылдар аралығында, Кеңес Үкіметінде 3800000 адам шамасында, қылмыскер ретінде жазаға тартылған. 1932 – 1937 жылдардың арғы – бергі түйткілді тұстары қазақ халқының жадынанда мәңгілікке сақталғаны абзал. Бұл жылдары 25 мыңнан астам интеллегенция өкілдері атылды. 1930 жылдары орта есеппен 4,5 миллион азаматымыздан айырылды. Сталиндік зұлымдықтан жалпы қазақтың 80% жойылды. Өліп қалған ана емшегіне жармасқан бейкүнә сәби. Ата-ана алдында көздері шүңірейіп, қабырғалары сидіған, көз жасын көл ғып жылаған, тамақты тойып ішпеген, періште балалар. Ұзын сонар сүрлеу соқпақ жолдардың бойында жер жастанып, көмусіз, қаусап-қуарған, шашылып жатқан адамдардың сүйектері... Мұндай сұмдық көріністерді ой-зердеңізге түсіру, көз елегіңізден өткізу қандай қиын, ағайын! Осынау жан түршігерлік көрініс атам қазақтың өткен ғасырда басынан кешкен қасіреті, қара жер бетіне қанішерлердің қанды қолдарымен қағылған қатал қатыгездіктің қара қазығы. Бұл уақыт кесіндісі қалың қазақ үшін азалы да қаралы мұңылы күндер, мазасыз өткен қараңғы түндер, жұрттың тәні мен жанын жегідей жеген жалмауыз аждаһа, ел ішіне нақақтан нақақ жіберілген жалған жала, жалпақ жұрттың шеккен жапасы, қызыл империяның солақай саясатының запранды

зұлымдығы, қазақ ұлтының намыстын таптаған тоталитаризм, Голощекиндік геноцит, Сталиндік репрессия.

Мал – жан аман ба?

Қазақтар өзара амандық-саулықты мал-жаннан бастап сұрайды. Бұл дегені өмір ұзақтығының өлшемі, қазақы болмыстың белгісі, мәдениеттіліктің бастапқы көрінісі. Қазаққа малсыз жан сақтау қайдан болсын? Мал қазақ үшін мінсе көлік, ішсе сусын, жесе тамақ, кесе киім... Голощекиндік геноцит қазақты малынан айырды. Малынан айырылған елге тамақ қайдан келеді? Кез келген ауылдың бас көтерер ақсақалдары, әр рудың салиқалы сөз түйіндер абыздары, елдің дуалы ауыз даналары, қазақты ұлы жорыққа бастар айтулы билері, айбынды батырлары, ақылгөй хандары болған. Бергі уақыттарда бір сырлы сегіз қырлы, сан салалы өнерге бейім, оқыған-тоқығандары мол, түрлі ғылым салаларын меңгерген, азаматтарымыз қара орман қазағымыздың арасынан шығып, көгілдір аспандағы жарық жұлдыздардай жарқырап, көптің көзіне көшбасшылық қасиеттерімен көріне бастады. Олар арғы тарихқа үңілді, беріде өткен белестерді бағамдады, барар болашаққа ой-сәулелерін тастады. Ұлт зиялыларының басты мақсаты – дүние жүзі қауымдастығындағы қазақ халқының алатын қоғамдық-саяси межесі еді. Өзгелерге қарағанда оқ бойы озық көзқарасты оғландар сүт бетіндегі қаймақ іспетті, ерекше құнарлы, елге берері қомақты, көрнекті көсемдер еді. Сталиндік репрессия қазақты қаймағынан айырды. Ұлт зиялыларынан айырылған халыққа рухани нәр қайдан келеді? Мал дегенім – тән азығы, ішіп-жер тамақ түрлері. Қаймақ дегенім – жан азығы, білімді-ғылымды тау тұлғалы азаматтар. Ұстараның жүзіндей өткір де ұшқыр заманда не болмайды, кім не істемейді? Басымыздан ащы да, тұщы да, сан қилы

дәурендер өтті. Әркім өз мұратына өзінше жетті. Біріншісі, заман зобалаңына қасқия қарап, әділетсіздікке қарсы тұрды. Екіншісі, қаңбақша қалбалақтап, не істерін білмей, жел айдаған жаққа ауды. Үшіншісі, бас сауғалар сая таба алмай, сайын далада аштықтан ісініп, жер жастанды. Төртіншісі, жалған жалаға ұшырап, темір тордың арғы жағынан бірақ шықты... Қаншама бейкүнә жан межелі жерлеріне жете алмай, шетсіз сайын далада имандарын айтуға шамалары жетпей, жантәсілім етіп, жер қойнына берілмей, көрінген тұста қалып жатты. Қазақтың қай өлкесіне барсаң дағы Қорқыттың көріне айналған уақыт еді бұл. Алтыалаш елі зар илеп қалды. Осылайша қазақтың кең даласынан қасіретті сол күндер өтті. О, шіркін, фәни заман! О, шіркін, жалған дүние-ай! Құлық-сұмдық адамдарды анадайдан айналып өтсін. Мұнарлы таудың басында ақ шынар өсіп шығар, үзілген өмірден қаралы күн жоқ шығар? Қазақ жерінде, қазақ елінде жаңа трагедияны болдырмау үшін бастан өткен зұламат заманды естен шығармау керек, қадірменді ел-жұртым!

Желтоқсан желі жадымызда

Осындайда 1986 жылғы желтоқсан уақиғасы еріксіз еске түседі. Сол кездегі жастар қозғалысының бел ортасында Керней ауылының тұрғыны Даиров Боташ Серікбайұлы да болған. Қарағанды Мемлекеттік университетінің бірінші курсында оқып жүрген балғын студентті жастар толғанысын ұйымдастырушы ретінде оқудан шығарып, қудалауға салған. Сол бір қалыптасқан құрылымды өзгертуге ықпалы тиген ауыспалы заман дүмпуінің құрбаны болған жастар адасып далада қалып қоймай, өз болашағын өздері жасап алды. 2002 жылы «саяси қуғын-сүргінге ұшыраған» ақтаңдақ атанып, сот шешімімен ақталып шыққан Боташ Серікбайұлы қазіргі таңда ауылымыздағы

Девианттық мінез-құлықты жастар үшін арнаулы кәсіптік мектеп директорының оқу-өндіріс жөнінен орынбасары қызметінде жұмыс жасап жүр. Алдындағы оқушыларына берер тәрбиесі алдымен ұлттық құндылықтырға, отансүйгіштікке негізделуде.

Кернейдегі аза күні

2012 жылғы 4 маусымындағы Қазақстан Республикасы Президентінің өкіміне орай 2012 жылдың 5 маусымында Алматы облысындағы «Арқанкерген» Қазақстан-Қытай шекара бекетінде шейіт болған шекарашылардың қайғылы қазасына орай Керней ауылында боздақтарға арналып аза тұту күні өтті. Жауыз сырттан келді ме, іштен шықты ма? Жау қайдан шықса да жауыздығын жасайды. «Сақтықта қорлық жоқ» деген еді ғой бұрынғылар. Қайда жүрсек те сақ болайық. Нақақтан нақақ кісі өлтіру кешірімсіз күнә. Күнәһардың күні қараңғы. Күнәһарды қайткенде тауып, оның тиесілі жазасын берген абзал. Күнәһар адам – имансыз адам. Отанды сүю иманнан екендігін еш уақытта да ұмытпайық. Қанішерлер отансыздықтың зардабын өлі-өлгендерінше тартулары тиіс. Мұң-дастаным, қара қобызым аңырады, күй-дастаным, қара домбырам күңіренді. Қазақ қазақ болғалы халқымыздың басынан өткен мұндай қайғы-қасіретті күндерде есеп жоқ. Аза күні Керней ауылының көгін қара бұлт торлап, найзағай аспан бетін тілгілеп, күн шатырлап, жай түскен қарт бәйтерек құлап, нөсерлі жауыннан өзен болып аққан су боздақтарынан айырылған табиғат ананың күңірене жылап, көз жасын көл еткендейін әсер берді. Келешекте ел-жұртымызды осы іспетті мұңлы да апатты оқиғалардан бір Алла өзі сақтасын. Аштықтың ауыр алапаты, Сталиндік асыра сілтеушілік, шекара бекетіндегі қаза қазақ халқы үшін үлкен сабақ. Үлкен сабақтан үлкен ғибрат ала білейік қадірменді отандастар! Трагедия

қайталанбау үшін қателіктен дұрыс қортынды жасау керек. Қазаққа қайғы ортақ. Қаза ұлттық қасірет. Қазақты реніш пен қуаныш біріктіреді. Ынтымақ-бірлігіміз жарассын. Ренішіміз азайып, қуанышымыз молайсын. Көңіл айтылса, қайғы азаяды. Қазалы, азалы отбасыларына Керней ауылы тұрғындары атынан көңіл айтамыз. Керней ауылының әкімі Назар Қабылтайұлы Мағзұмовтың қолдауымен, девианттық арнаулы кәсіптік мектеп директорының оқу-өндіріс жөнінен орынбасары Боташ Серікбайұлы мен Керней орта мектебінің мұғалімі Жәнібек Қанағатұлының ұйымдастыруымен «Аштық трагедиясы», «Сталиндік репрессия» сондай-ақ «Арқанкерген шейіттерін» еске алу күндеріне арналып өткізілген аяқдопдоп додасында девианттық арнаулы кәсіптік мектеп ұжымының футболшылары тамаша ойын өрнегін көрсетіп және табандылық танытып, ауыспалы кубокті жеңіп алды.

Ұзын сөздің қысқасы

*Кенесарыдай ер қайда?
Сарыарқадай жер қайда?
Жырға қосшы қазағым,
Жүк көтерер нар қайда?*

*Алатаудай асқақ едік,
Сары даладай кең едік.
Құрыққа қалай іліндік,
Нән жүйрікке тең едік.*

*О, дүние, қайда асығып барасың?
О, адамдар, бір-біріңе қарасыңдар!
Қандайда мәселені дұрыс шешіп,
Көк байрақ астында жарасыңдар!*

*Бақытты күндерді көрерміз,
Бойды сергек ұстап тұрармыз.
Әнұран әуенін шарықтатып,
Сауық-сайранды да құрармыз.*

Осы уақытта Қазақстанда шамамен 4 миллион бала бар, олардың 12 мыңы ата-ана қамқорлығынан тыс қалғандар, 10 мыңы қараусыз жүргендер. Әрбір жас өренге ғасырлар тереңінен алынатын тағлымды тәрбие ауадай қажет. Өткенді таразыламай алға баса алмаймыз. Геноцит, өз қылығыңмен бүтін халықты қанға бөктірдің. Қазаққа бағытталған алдау-арбауды еш уақытта да болдырмағанымыз игі. Жүректеріміз Отан деп соқсын! Ел-жұртымыз амандықта болып, рух-жігеріміз асқақтай берсін!

Аққұс

Сырттан тазыларды ертедегі бабаларымыз осыдан төрт мың жыл бұрындары қолдарына үйретіп ұстаған, өздерінің бір қазынасына балаған. Кәмекеңнің Тайбас атты құмай тазысы кезінде үш қасқырды бірдей алған ит еді. Тайбастың тұқымы Барыс деген ит үшті-күйлі жоғалып кетті. ЕрементAUDYң аққасқа тазысы жөнінде Кәмекеңнен естіген бір үзік сырды әңгімелейін. Аққасқа тазының аты - Аққұс.

-Көршіде қара торпақтай, еркін жүретін қара төбет иті болатын. Байлауда тұратын қараала тазыма жақын келіп, арс-арс етіп ызасына қайра-қайра тие беретін. Кешкісін есіктің алдында таза ауа жұтып, дем алып отыр едім, көршінің әлгі иті жетіп еліп, тазымның шабына тиіп, қоймай-қоймай үре баерсін кеп. Ызаға әбден булыққан итім шынжырының осал жерін үздіп кетті білем, қос алып өзара айқаса кетті. Бірін бірі кезек лақтырысып, біріне-бірі дес бермей, қан-жоса күйге түсіп, тістерін батыра-батыра арпалысты, айырғаныма көнбеді. Әліден соң қараторпақ

тазы тісінен сытылып шығып, қиралаңдап қаша жөнелді. Қараала тазы табан астында қараторпақты қуып жетіп, домалата умаждап, мойнынан алып, оны сілкіп-сілкіп, анадайға лақтырып жіберді. Төбет ит қыңсылап сол жерінде жатып қалды. Тазы ештеме болмағандай сыңай танытып, босадым ба, босамадым ба дегендей күй көрсетіп, өз жөніне кете барсын. Қарапорпақ төбет ит бір жетіден соң өліп қалды.

-Бір жексенбіде тайншадай қараала тазым ізім-қайым жоғалды. Іздемеген жеріміз қалған жоқ. Ойды да, қырды да шарладық, еш таппадық. Қараала тазы жазғы-қысқы сал атты серуенге шығуға әбден төселген, қоянды қағуға да, түлкіні торлауға да, қасқырды алуға да машықтанған әккі ит еді.

-Бізден 40-50 шақырым ара-қашықтағы Қызылқой аулына намазға барған едім, үй ауласында олай-бұлай бұлғаңдап жүрген ақ тазы көзіме оттай басылды. Ақ тазы маған қатты ұнады, бірақ-та дұға болғансоң ит жөнінде сөз қозғай алмай, сол үйде қобалжып отырдым. Үйге қайтып оралған соң әлгі ит ойыма анда-санда орала берді, әлсін-әлсін мазасызданатын қалыпқа да жеттім. Кейініректе Қызылқойға қайтадан барып, ақ тазыны атан түйені қалап алғандай рәсіме сұрап алып келдім. Ұзын құлақтан естимін, бұл тазы Қорғалжын жағынан болса керек? Ақ тазыға «Аққұс» деген атты бердім.

Бұл ақ тазыға «Аққұс» деген атауды Кәмекем неге бергенін мен сұрамадым. Әліде, сұңқар құстай ұшқыр, әліде, ақ кептердей ақ көңілдің жаршысы, әліде, аққу қаздай ақ махаббаттың белгісі болсын дегені ме екен...? Халықта «Құмай тазы жұмыртқадан жаратылған» деген сөз бар ғой. Сондықтан да бұл тазыны Кәмекем Аққұс деп атаған шығар, кім білсін?

XI БӨЛІМ

Рухани жаңғыру – Туған жер.

Сәкен сейфуллиннің туғанына 125 жыл.

САРЫАДЫРДАҒЫ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(Сегіз бөлімді мәтін бір-бірімен тығыз байланысты оқиғаларды қамтиды)

Қазақтың от-жалынды жазушысы, алатаудай асқақты ақыны, ұлттық әдебиетімізді қалыптастырушының бірі, дарынды драматург, ұлағатты ұстаз, зерделі зерттеуші, Қазақстан Журналистер одағын алғаш рет құрушы. Қырғыз (қазақ) АКСР Халық Комиссарлар кеңесінің алғашқы төрағасы, Коммунистік (большевиктік) партияның көрнекті мүшесі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сталиндік саяси репрессияның құрбаны.

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин Ақмола облысы Ақмола уезіндегі Жезқазған өңірінде Қарашілік қыстағында (қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданында) 1894 жылы қазанның 15-інде дүниеге келген.

I Өтебай мырза

Кедей баба екі әйел алған. Бәйбішеден: Өтебай, Дүйсен, Шәкір. Тоқалдан: Баянды, Баяс. Өтебай және одан тараған ұрпақтар жөнінде халық арасында жүрген тарихи әңгімелер осы уақытқа дейін ел жадында сақтаулы. Мысалы. Қанжығалы Ералы шешен бір сөзінде былай дейді: «Қаржас, оның ішінде Алтынторы ұрпағы, Өтебай деген құдамыз бар. Өтебай Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі Саққұлақ бимен құда. Үш әйелінен он бір ұл және

бірнеше қыз балалар туған. Ұлдардың әрқайсысы бір-бір ауыл болған».

Күз айы. Айнала құлпыра түскен, әсем де көрікті табиғат. Ағаштардағы алтын түсті жапырақтар күнмен шағылысып, көздің жауын алады. Сулы-нулы жер. Аққу ұшып, қаз қоған көл. Тал түс. Аспаннан күн «күлімдеп» тұр. Адамдардың көңілі шуақты, айнала жап-жарық. Жарық жарықтыққа не жетсін? Жарық адам жанын жадыратады, сезімін зор бақытқа бөлейді. Шіркін-ай! Қарымды тұлпар қуғыншыға жеткізбейді, қуғанға жетеді. Нағыз тұлпар – ер қанаты. Салт атты жүргіншілер желе-жортып келе жатыр. Ә, дегенше, болған жоқ, аттардың аяқ алыстары ширай түсіп, құлақтары тікенектене қалды, осқырына дем алып, қобалжи тыпыршиды. Ат үстіндегілер де секем алып, елеңдеп, жан-жақтарына көз жүгірте бастады...

Сәл-пәл жүрген соң, қалың Қаржас елінің билер кеңесінен қайтып келе жатқан арқаның жақсы-жайсаңдары, ен далада бытырай қаптап, бейқам жайылып жүрген қалың жылқының үстінен түсті.

Ақсақалдар жылқышылардан: «Бұл жылқы кімдікі? Иесі кім?» деп сұрайды.

-Руы Қаржас. Алтынторының Өтебайынікі.

-Бізді Өтебайдың ауылына ертіп апарыңыздар.

-Кідіре тұрыңыздар, бір ту биені ұстайық.

-Ол ту биені қайтесіздер?

-Бұрындары Өтекең бізге: «Жылқылық жолаушы жолықса – жылқы, қойлық қонақ кездесе – қой ала келіңдер» деп ескертіп қойған-тын. Сол себепті, бай бізді қайрадан жылқыға жібермес үшін, сіздерге арнап бір ту биені апарғанмыз жөн болар...

Ауылға тақай бере, ақ шағаладай жарқыраған, еңсесі биік, ақшаңқай үйге ат басын треу ниетімен, дәрет алып, «Ұзын бұлақ» басында жуынып-шайынып, өз-зімізге келіп, бие сауынындай уақыт дем алып, қонақ күтіп алушыларға:

«Енді бізді бауырымыз Өтебайға баста» деген ишрат білдірдік.

Құдайы қонақтарды Өтебай бар сый-салтанатымен, зор ізет-ілтипатымен қарсы алады. Күрестің көрігі қызды. Айтыс ақындары арқаланды. Ән мен күйден шашу шашылды. Құлақ құрышын қандырар әңгіме әпсанасы әріден қозғалды. Ту биелік кәде, атан түйелік кәдеге ұласты. Қонақ кәде соңында ақсақалдардың ең беделдісі Өтебайдың өзінің еліне оралуын, бауырмалдық терең тебіреніспен өтінді. Құрдасы Сакқұлақ бидің көңілін қалдырмау мақсатында, туыстарының бұл қолқа салуына Өтебай жұмған аузын ашпады, терең ойға шомды, іштей тынды. Оның өзегінде лаулаған ой мәйегі мынау еді: Қазақта бүйрек, өкпе, бауыр, жүрек, қан... деген сөздер бар. Бұл сөздердің мәнісі терең тамырлы. Туыстарымда дос-жарандары түгілі қас-дұшпандарына да еш өкпелері жоқ. Ал, мен болсам үндемедім. Мұным қалай? Олардың бүйректері бұрылып, бауырлары езіліп, жүректері сыздап, мені өз еліме шақырып тұр. Емешектері үзіліп тұр. Мені туған жерім-ай! Мені туған елім-ай! Енді қайтейін? Туысқандарым қандай қаншыл едің? Елім, жерім мені сағынады екен-ау? «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегеннің мәнісі, мергеннің жебесіндей болып, менің шөл даладай маңдайыма қадалды. Аузымды да аша алмай қалдым-ау. Амалым жоқ. Ерлік рух-намысым, елдік қажыр-қайратым қайда? Қайран халқым не дейді? Мұным қалай?...» деп іші өршелене жанып өртенді, шыбын жаны шегірткедей шырылдады.

Жеті күн қадірменді қонақ болып, әбден тыныққаннан кейін, елге қайтар уақыттары таянғанда ақсақалдар жуып-тазартылған өздерінің киімдерін киіп, бай үйі ауыстырып берген киімдерді иесіне қайыруға ыңғай білдіргенде, күтуші бұл әрекетті кілт тоқтатты. «Бұларыңыз қалай» дегенде?

Мәйек болып жүрген жігіт: «Бай – бермес болар, берсе – қайтып алмас болар!» - деп жауап қайырды.

Қазақ ішінде «жұрт аузы жетеу, ел құлағы елу» деген үкілі сөз бар ғой, қонақтар Өтебайға ризашылықтарын білдіріп, байдың қолы ашық, дана адам екендігін аңызға бергісіз сөздің тереңіне түсіріп, құлпырта құбылтып, жұрттың құлағына жеткізе құйып, ел-жұрттың арасына жайып жіберген-тін. Ақсақалдар Шорманға барып, Қанжығалы елінде Қаржастан тараған, өзіміздің бауырымыз, Өтебай деген мырза тұратындығынан хабардар етеді. Содан, Шорман би қара суды теріс ағызатын, көріпкел адамды қанжығалы еліне жіберіп, Далба тауының етегінен жайлау мен қыстауға жер бөліп, елге Өтебайды көшіртіп алады. Бұқар жырау ауданындағы Бұқар жырау ауылының бұрынғы қыстауы бүгінгі күнге дейін Өтебайұлы Тінәлі атымен аталады. Ал Бұқар жырау бабаның жерленген және үш жүздің бірлігін білдіретін, үш тұғырлы кесенесі тұрғызылған жер Өтебайдың балалары Тінәлі-Тінібек қыстауларының қақ ортасын ала орналасқан. Сол маңдағы биіктігі мың метір шамасындағы шоқы «Тінәлі» төбесі деп аталады. Есентай Тінібекұлы өз заманында он алты жыл болыс болған сыйлы тұлға. Соған қарағанда Өтебай балалары Тінәлі мен Тінібектер де өз ортасында осал азаматтар болмаған. Тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйінін Біржан сал мен Сара қыздың айтысындағы мына бір шумақпен тәмамдайын:

***Тінәлі, Тінібегім жұрттан асқан,
Байлығы өз елінде құп жарасқан.
Сімтібай алып қара, екі қосым,
Соқырдың сораңынан әрең асқан.***

«Сәулімді» мен сәулем деген жалпы атау ғой деп түсініп, көзге түскен бір ару болған-ау, әлде қиялынан

шығарған біреу болар деп жүретінмін. Олай емес екен, өзінің өмірдегі аты-жөнімен, қайғы-қасіретімен әдіптелген Сәулім Балабайдың ерке кенже қызы болыпты. Оның үстіне домбыра тартып, ән айтатын өнері болған соң Сәкеннің көңілін аударғаны рас та ышын көрінеді. Оны әуелі «Тар жол, тайғақ кешу» бетінен мөлдіретіп суреттеуінен бір аңғарсақ, екіншіден, қызды азан шақырып қойған атымен атауының өзі Сәкен шыншылдығын, өтірік айта білмейтіндігін растай түседі ғой. Оның үстіне іште кеткен арман-мұң да лебі де желпи ескендей.

II Сәулім сұлу

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданында Сарыадыр деген шұрайлы жер бар. Сәкен Сейфуллин қуғын-сүргінде жүргенінде Сарыадырда үш айдың шамасы болған. Сәкен Сәуліммен сол Сарыадыр қыстағында жолығады. Сәулім, Балабайдың бетінен қақпай, еркелетіп өсірген кенже қызытын. Сәулімнің мінезі көркіне сай, ән шырқап, домбыра шерткен. Нәзік сезімді, сүйкімді қыз Сәкенге қатты ұнайды, оның махаббат сезімін селт еткізеді. Сәулімде Сәкенге «Кет әрмен» болмаған. Екеуі аз уақыт ішінде сөз байласып та үлгерген. Сәкеннің нағашысы Мұқай жастардың шешімін Балабайға жеткізгенде «Қайдағы бір қаңғырып жүрген біреуге қызымды қор қыла алмаймын! Аман-сауында өз елін тапсын!», - деген соң Сәкен мен Сәулімнің жолдары екі айырылып, бір арнада тоғыспайды. Сәкен кетіп, Сәулім құса жұтып, ақ арман жетегінде Сарыадыр қыстағында қала береді. Кешіктірмей Сәулім қызды Балабай жат жерге ұзатып жібереді. Жарасымын таппаған тірілік қорлықпен өтіп, ол перзентті болғаннан соң да еш басылмайды. Кейін Сәулім, көңілі қалаған, Бақтияр сынды жігіт ағасына, кәмпеске уақыты қызып тұрған тұста, тұрмысқа шығып кетеді. Бақтиярдан бір ұл, бір қыз көріп, жұрт қатарлы өмір

сүріп жатқанда, Ұлы Отан соғысы басталады. Бақтияр соғыста болмаған, ауыл тірілігімен майдандағы жауынгерлерге жәрдемін тигізген. Сәулім басына түскен түрлі-түрлі қайғыдан жылай-жылай су қараңғы болып қалады. Соған қарамастан, ол екі баласын, көзінің ағы мен қарасын – Бибіжамал мен Ғалымтайды, тағыдырдың тәлкегіне мойымай, қиындық қаһарына қарсы тұрып, ер жеткізді, ел қатарына қосты, бір-бір сәулетті де бақ-дәулетті шаңырақ иесі етті. Ғалымтайдың ақарлы да шақарлы жанұясына қысқаша ғана тоқталып өтейін. Ғалымтай үй салды, бала тәрбиеледі, ағаш өсірді...

Ғалымтай мен Бибіжамалдың он төрт атасын тізбектеп өтейін: Арғын, Мейрамсопы, Қаржас, Ерім, Алтынторы, Мәмбетей, Жандос, Тасболат, Кедей - Өтебай – Тінәлі – Балта – Мақат – Бақтияр.

III Ғалымтай

Ғалымтайдан: Нүркен, Қожа, Нұрхан. Нүркеннен: Ернар, Әсет.

*«Арғыннан әрі барсаң адасасың,
Мен жетпес көп дүниеден шатасасың.
Ол кезде сенде жоқсың, менде жоқпын,
Несіне осынау шежіреге таласасың?»* деп Мәшһүржүсіп Көпейұлы Қазанқапқа айтқан екен.

Бақтиярұлы Ғалымтай 1941 жылы Қызылтаудың бурайында өмірге келген. 1958 жылы мектепті бітірген. 1968 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын тәмәмдап, 47 жыл ұстаздық қызмет атқарған. «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», тағы да басқа көптеген үкіметтік марапаттардың иегері. Үміткер мектебінде жылыжай салып, онда қысы-жазы түрлі өсімдіктер өсіріп,

ұсақ жануарларды күткен. Оқушылардың тіршілік атаулыға деген қызығушылықтарын арттырған. Екі жыл заңды демалысына шықпай, 1000 түп ағаш отырғызып, мектеп маңын жасыл желекке бөлеген. Ұстаздықтың ұстамы ретінде, Ғалымтай көп ізденіп, ойдан да, қырдан да мәлімет-деректерді жинап, «Қаржас – алтынторы шежіресі» атты кітабтын жазып, оқырман қауымға ұсынған.

Сұңғақ бойлы, терең ойлы, қалың қасты, жанары жылы, қыр мұрынды, жіңішке ерінді, қызыққа да шыжыққа да толы тарихи әңгімесі мол, «жоқ» деп айтуды білмейтін, ашық қол, айналасындағы адамдарға деген тәләм-тағылымдық қасиеттері ұлан-ғайыр, шәкірттеріне ұстаз, еліне ұста, жігіттің төресі, замандасым, ақылдасым – Ғалымтай ұстаз. Ғалымтай ағаймен дидактасып сөйлесу өте сүйкімді, әңгімелесе отырып рақатқа батасың, мың бір жасап қаласың. Ол кісінің оқиғаны суреттеп, дерек келтірудегі сөз өрнектеу мәнері адам жанын жадыратып, сол уақиғаның бел ортасында сіз өзіңіз жүргендей әсерге түсіреді.

*Қызылтау таудың төресі,
Омпасынан түсіп жатқан паңдай.
Күн сәулесін елге бұрып,
Күншуақтап қызара атқан таңдай.*

*Қызылтау айдарынан желі ескен,
Сай-салаларында еркелеп елік өскен.
Жарық дүниенің есігін кең ашып,
Нәресте Ғалымтай, кіндігін кескен.*

*«Арманға жетпей қоймаймын» деді,
Аталар шежіресін толғаймын деді.
Ғалымтай ел-жұртты сөге тартып,
Бабалар аманатын қозғаймын деді.*

*Алтынторы – алтын сандық,
Басымыздан өтті, талай-талай хандық.
Қазақта тарихты білу бақыт,
Шежіре-кітапты алып ,қатты қуандық.*

Дәмет жеңгей ақ көңілімен, ақ пйілімен, ақ ниетімен ерекшеленеді. Дәмет Үміткер ауылында 38 жыл акушерлік қызмет атқарған. Көптеген балалардың кіндік шешесі.

Ғалымтай мен Дәмет бес баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, олардың жоғары білім алуларына жағыдай жасап, қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырған бақытты жандар.

Балалары:

Нүркен – Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы департементінде бөлім бастығы.

Гүлден – Е.Букетов атындағы коледжде компьютерден сабақ береді.

Сәуле – Қазбек би ауданында бас бухгалтер.

Гүлмира – КарГУ-де экономист.

Нүргүл – ағылшын-орыс мектебінде ұстаз.

Немерелері:

Ернар Нүркенұлы – Қарағанды облыстық әкімдігінде «экономика, инвестиция» бөлімінде бас маман.

Әсет – «Сарыарқа» компаниясында экономист.

Әсел Нүркенқызы – КарГУ-дің студенті.

Айида – Қарағанды экономика коледжінің студенті.

Диляра – екінші сынып оқушысы.

Омарұлы, Тоғайбай қажы Құлманұлы, Сануар, Сара Айсанова, Бақтиярова Бибіжамал, Ақын, Жасұлан Есентаев, Бекешов Дулат, Астана қаласы. Сәкен Сейфуллиннің ескерткіші алдында солдан оңға қарай тұрғандар: Әжелер 3, Нәзігүл Төлеуқызы, Мәукен Бақтияров Ғалымтай, Айсанова

Алтын, Мейрамгүл Төлеуқызы, Бақтиярова Дәмет, Нәзігүл Амантайқызы, Әжелер 2, Айсанов Айткен. /Астана қаласы, Сәкен Сейфуллин ескерткіші алдында./

IV Балабайұлы Әбіжіктің батылдығы

Күн шығыстан бастап тізбектегенде Сарыадыр айналасын мына төбелер мен жадағай таулар тізбегі қоршап жатыр: Қу, Қарқаралы, Балабай, Қарағайтау, Кардон, Кернейтау, Дөңқол, Сарытау, Қызылтау, Далба, үлкен Семізбұғы, кіші Семізбұғы. Сарыадырдың суы мол, шөбі шүйгін, мал-жайға таптырмайтын, шұрайлы жер болатын. Сарыадырда биіктігі бір метірден асатын сасыр деген шөп көптеп өсетін. Бұл уақытта Сарыадырдың суы да, шөбі де, жері де сұйылған тәрізді. Суы азайғанға, нуы құлдырағанға, шөбі селдірегенге, жері құнарсызданғанға ұқсайды.

1914 жылдың жаз айында Сарыадырға ат-көліктерімен, мұздай қаруланған, бала-шағалы, шошқа-торайлы 200-дей орыстардың көші келіп, ат шалдыруға, дем алуға тоқтайды. Мұжықтардың мінгі-жегін аттарын бармташылар бөле-жарып, бір түнде айдап кетеді. Орыстар: «Жылқыларды сендер ұрладыңдар», деп Сарыадыр маңындағы қазақтарға қоқан-лоқы көрсетеді. Ат құйрығынан қыл қиып алады да, қолдарын артына қайырып, бас бармақтарын айқастыра қылмен шанди матап, арба дөңгелегіне 5-6 ер азаматты матап-байлап тастайды. Мұны естіген 300-дей қандастар Сарыадырға жиналады. Қаракесектен аудармашы тілмашты алдыртып, мұжықтарға: «Біз жылқыларды ұрлаған жоқпыз. Барымташылар түзден келген. Байлаудағы адамдарымызды болсатыңдар.» дегенді қазақтар орыстарға әрең дегенде түсіндіреді. Мұжықтар қазақтарға мынаны шарт етіп қояды: «Жылқыларды үш күн ішінде тауып әкелулеріңе мұрсат береміз. Үш күн ішінде жылқыларды қолымызға

тигізбесеңдер жасыңды да, кәріңді де аямаймыз. Барлығыңды да қырып тастаймыз!...»

Ағалы-інілі Өсербай мен Жәмшит және Ақкекіл мен Қысқаштар Сарыадыр төңірегінен бұрындары барымталап жылқы айдап кетіп жүрген. Ағалы-інілі төртеу басқарған барымташылар шымқай ақ-боз аттарды мінген 25 ұры. Аттары әккі, қарулары сай, өздері мал айдауға тәнті, нағыз дегенбай, баукеспе ұрылар. Астындағы аттары жүз шақырым жолға қиналмайтын, шаршау-шалдығу дегенді білмейтін, беліне түскен жүкті місе тұтпайтын, құбажал жылқылардың нар төрелері. Зор денелі ұрылардың жылпостығы, айлакерлігі, ұзақ жолға төзімділігі талай адамға үлгі боларлықтай. Олар анау-мынау қуғыншыларға дес бермейтін, қаһарлы барымташылар болатығұн.

Барымташыларды қайткен күнде, асығыс арада табу керек. Көзге анадайдан жылқы қуғандар шалынды. Нияз жақ беттен, алыс жоннан, оларға көмекке келе жатқан бір топ барымташылар байқалды. Барымташылар қуғыншыларды көріп, жүрістерін үдете түсті. Көптің ішінде 25-30 жастағы, орыстардың жылқысын кім ұрлағанын білетін, Төлебай да бар екен. Төлебай қуғыншылардың барымташылар соңына түскенін әлде қашан жеткізіп үлгерген екен. Ақыштарға қуғыншы шалдар да келіп қосылды. Қуғыншылардың ойы Сарыадырдан Керней, Қушоқы, Қаракөл бағытында жылқыны қыспалап айдап бара жатқан барымташыларды Ниязға, қолдан келгенше, таятпай тоқтату. Нияз жеріне оларды (кеңес үкіметі кезіндегі Осакаровка ауданындағы Тельман совхозы) жеткізбей тоқтату қажет. Ұрылар Ниязға өтсе, қуғыншыларда қауқар қалмайды, өлді деген сөз.

Түзден келген жау ізін кесуге Ақыш (Аймағанбет қажының үлкен ұлы, менің бабам), Әбіжік, Қарабайлар-барлығы жеті жігіт, Сарыадырдан шығады. Ақыштардан кешікпей дұғаларын оқып, ат бетін құбылаға бұрып, жоқ

іздеуге 10-15 ақсақал қонысады. Әбіжікте 12 таспалы, таспа ортасы қорғасындалған «дұр» қамшы. Әбіжіктерге Ақыш былай деді:

-Еш қобалжымаңдар. Мен сендердің арттарыңнан бақылай отырып, біріңе де жау сойылдарын бірде-бір дарытпаймын. Барымташыларға жетіп тигенде барынша батыл қимылдаңдар. Қамшы таспасын жау тақымына доп тигізіңдер. Тақымға тиген қорғасынды таспа адамның жанды жеріне дарыған дұр соққымен пара-пар. Жаны кеткен адамнан күш-қуат қашады, қарсыластар сасады. Қауқарсыз адамдарды малша қайырып, өз дегенімізді істейміз. Жауға дәу жұдырықтай жұмыла, топ жылқыны айналдыра жуас желіспен тиейік. Ал жігіттер, алға!» Әбіжік Ақыштың сөзін құптап:

-Алға жігіттер!, деп барымташылардың бір шетінен жас-кәрілерді бастап, жауға тиді. Іс-әрекетті бақылау мақсатында, мылтықтарын асынған қос орыс, өз қараларын жұрттан жасырып, іздеушілердің соңынан бір елі де қалмауға тырысып-ақ бақты. Ақырында қуғыншылар барымташыларды тұтқындап, ұрланған аттарды түгелімен Сарыадырға айдап келді. Ақсақалдар кеңесіп, ұрланған әр малға екі бастан төлетті. Толықтай өзара бітімге келулеріне екі айға жуық уақыт жұмсалды.

Қуғыншылар барымташыларды қолға түсірген соң олардың қатын-баласын елінен алып келіп, 40 күн бойына қолдарында ұстады. Осы 40 күн ішінде, қатын-балаға еш кінәсі жоқ екенін білген Әбіжік, оларға ешкімнің де қолдарының ұшын да тидірген жоқ. Бұдан, ел-жұрт басына қиын-қыстау сәт туғандағы Әбіжіктей аталарымыздың елдік, ерлік іс-әрекеттерінің куәсі болғандаймыз. Мінекей, Әбіжік атамызға байланысты көп тарихтың ішіндегі бір ғана оқиға.

V Балсарының батылдығы Сәкен Сарыадырда!

Құраманың бастығы Момынтай ат-шапан беріп: «Егер де Сәкенге (Сейфуллин) байланысты түрмеге түспеймін десең, жыраққа қашып кет», - дейді. 1930 жылы Құрамадан Әбіжік Омбыға қашып кетеді.

Арғыннан келіп тарайтын Әбіжіктің ата тегі: Бабас, Сарғалдақ, Жарылғап, Балабай, Абдрахман (Әбіжік). Әбіжіктің үш әйелі болған:

Жанқозыдан шыққан Қасқабастың қызы Минә. Бұл екеуі 16 жасында шаңырақ көтерген. Минә Қасен-Құсан есімді егіз балалы болып, кешікпей өзі дүниеден қайтқан. Минә Сарадырда жерленген.

Немере балдұзы Мәкен Жүнісқызынан туған балалар: Үкібай, Нәби. Мәкен үшінші баладан қайтыс болды. Сарыадырда жерленген.

Қыпшақ Балсарыдан: Сағиролла, Сәби, Жақсылық, Темірғали, Жетпіс, Таупық, Айтқұл. Айтқұл үш жасында Ешмағамбеттің көзі тиіп қайтыс болған. Әбіжік Балсарыдан 20 жасқа үлкен. 11 құрсақ көтерген.

1927-30 жылдары Арқада алапат аштық жылдары кезінде, Балсары көп көштің біріне ілесіп, азып-тозып, әрең дегенде Омбы қаласына жетеді. Сол замандағы қазақ баласының басында болған қиындықтарды қайырсыздықты, жетімдікті, жоқтықты, жалаңаштықты, аштықты, аштықтан ісініп өлгендерді, адамдардың адамның етін жегендерді, бәрін-бәрін де өз көзімен көрген, көре жүріп жабырқаған, қиналған. Бір үйдің «отымен кіріп, күлімен шығып» жүргенінде, біреу Балсарының қалтасына ешкімге білдіртпей, төрт бүктелген қағазды салып кетеді. Балсары сауат ашпаған, «қарыпты әріп деп танымайды». Қалада адамды тонау мақсатында, кісі өлтіру дерегі тіркелген. Айыптыны іздеушілер Балсарының төс қалтасынан жаңағы қағазды тауып алады да, оны абақтыға апарып, қамап тастайды. Бағлан баланың басына қиындық үстіне қиындық

қосылады, бірақ та ол еш мойымайды, жігерленген үстіне жігерлене түседі. Титімдейінен еркек шора болып өскен. Бет әлпеті де, шаш қойысы да, мінез-құлқы да, киім киісі де ер балаша. Қамаудағы бір топ адамдар қара қапастан құтылу амалын, абақтыдан қалайда қашу қаракетіне кіріседі. Олар қарауылдың жұмыс істеу кестесін қадағалайды, түрменің тәуліктік тәртібін мүмкіндіктерінше зерттейді, осал тұстарына зер салады, қарақта тұрғанды ұйқы қысып, маужырайтын уақытын анықтайды. Бостандыққа шығуға жан-жақты дайындалады, қапастан қашып шығу жоспарын құрады. Берілетін аз тамақты үнемдей, үзіп-жара тырнақтап, кепкен нан тілімдерін жасырын түрде жинай береді. Онтайлы сәт түсіп, таңсәріде төрт адам түрмеден қашып шығады. Түнгі сағат төрттер шамасында, төрт адам төрт бағытты ұстанып, дорбаларын қолдарына алып, дымдарын білдірмей, биік те тығыздала өскен қалың шөпке судай сіңіп, «қалың қамыс қайдасың» деп, кете барады. «Іздестіру тоқтады-ау» дегенде, Балсары Омбыдағы «Қаржас» ауылының шет жағындағы үйген жасырын түрде келіп кіреді. Мұны Әбіжік анадайдан байқап қалады, байқап қалады да ол әйел бала екенін бірден сезеді. Баланы тамақтандырып, өзіне-өзін келтіртеді, жөн сұрасады. Осылайша, ойда жоқта, бір Алланың жазуымен, Әбіжік жан жарымен қауышады. Сірә «тағыдырдың сыйы» деген осы болар.

Құтпанұлы Иманжүсіп Қыпшақтан тараған ұрпақ. Құтпан мен Жәментік бірге туған, ағалы-інілі. Жәментіктен Өмірбай. Өмірбайдың жалғыз қызы-Балсары. Сондықтан да, Иманжүсіп пен Балсары аталас, жақын туыстар екені түсінікті.

VI Иманжүсіп пен Балуаншолақ

Иманжүсіп дегенде Қараөтел жәрмеңкесінде болған мына жәйіт еріксіз ойға оралады. Бірде Иманжүсіп жәрмеңкені аралап келе жатқанында жетектегі аты кілт тоқтай қалады. Артына аңтарыла қараса, ат құрығын бір адам тарта ұстап тұр екен.

-Япырмай, бұл кім болды екен? Деген сауал аяқ асты Иманжүсіпті мазалайды. Ол көзін тоқтатып қараса, ат құйрығын оң қолымен ұстап тұрған Балуаншолақ екен. Қазақта бірін біріне айдап салу тәрізді құйтырқы сөз орны бар ғой. Иманжүсіп пен Балуаншолақты қоршап алған қазақтар екеуін күрестіріп, қызыққа батқылары келеді. Олар: «Күресіңдер, күресіңдер, күресіңдер...», - деп, екеуін қолпаштауын қоймай қояды. Сонда Балуаншолақ Иманжүсіпке: «Халық сұрап тұр ғой, олардың сөзін жерге тастамайық. Біздің жас аралығымыз үлкен, сондықтан да белдеспей-ақ қояйық. Менің мойныма саусақтарыңды байлап қикындыр. Егер де мені қикындыра алсаң, сенің жеңгенің. Егер де мені қикындыра алмасаң, сенің жеңілгенің. Осы айтқаныма кесісесің бе, Иманжүсіп?». «Халықтың сұрауынан ұлық тілек бола ма? Қазақ әр уақытта да сөге тоқтаған. Мен де қазақтың бір баласымын. Айтқаныңызға құлдық. Шартыңызға келісемін, Балуан аға!», - деген екен өр мінезді Иманжүсіп. Қос қолдап Иманжүсіп Балуаншолақтың мойнын қапсыра қысады. Қанша күштеп ол қысқанымен балуан еш сыр бермейді, елге қарап, қасқиып тұра береді. Браз уақыттан соң Балуаншолақ жұтынып қалғанында Иманжүсіптің саусақтары ашылып кетеді. Балуаншолақтың елді бағалауында, ал Иманжүсіптің үлкеннің сөзін қабыл алуында, ой жүгіртіп қарасаңыз, қазақы ұлттық мәдениеттің ұлы ұшқыны жатыр. Сондағы Иманжүсіптің байқағаны, Балуаншолақтың мойны адам баласы таң қаларлықтай, қисапсыз жуан екен. Ірі балуандықтың, һас батырлықтың,

қисапсыз қаһармандықтың бас белгісі жуан мойында жатса керек деп мен де қатты ойланып қалдым!

VII Сәдуақас – қалың қазақтың Сәкені!

Сәкеннің кіндік қаны тамған жері, бала болып ойнап-күлген өрі Жаңаарқаның алтын тақты төріндей. Сәкеннің көрік-келбеті көктемде ерекше құлпырған, Көкшетаудың көңіл-күйді көкке шарықтатар жыр-әуенінің назындай. Сәкеннің ән-поэмалары, жыр-дастандары самалды желі жібектей есілген, Сарыарқаның құлақ құрышын қандыра бұлбұлдары мен сандуғаштарының салтанатты сазындай.

*Аспандағы жұлдыздардай жарқыраған аталар,
Ерекше ақылға ұста ойларын қалдырған саналар.
Ұрпақтар қандай істеріменен ақтай алар екен,
Ақ сүтіңізді ақ жаулықты, пейілдері кең аналар?*

*Осы жалған дүниеден өткен таудай тұлғалар,
Ілім, білім, ғылым көкжиектері дария, даналар.
Скиф, Сақ, Ғұн, Түрік, Алты Алаш, Арда Қазақ,
Бабалардан жеткен, қабыл болсын ақ баталар!*

1919 жыл... Жаз айының басы. Сәкен Сейфуллин Семізбұғының толықсыған көлін көріп, таудың табиғатын тамашалап, бой жазып қайтайын деп ақ боз атын ерттеп мініп, Сарыадырдан күнгей тұсқа бетін түзеді. Аспан қарақошқыл бұлтты, шығыс тұстан ескен өткір жел Сәкеннің бетін тілгілегендей, жан жарасын қозғағандай мінез байқатты. Бүгінгі күннің қытымыр болатындығынан табиғаттың қатқыл қабағы хабардардар еткендіктен, ақын ертеректе анасы сырып берген желеткесін иғына іле салғанын. Толқын-толқын боп жалт-жұлт еткен қара шашына бет әлпеті асқан сұлулықтың жеті реңді бояуын беріп, сұңғақ

бойына киген киімінің үлгісі жарасып, ақын келбетін онан сайын көріктендіре түскен. Міне, көз алдымызда тән сұлулығы да, жан сұлулығы да, таң шапағындай, арайлап нұрын шашып тұр. Табиғи таза, көз жауын алар сұлулыққа не жетсін, шіркін! Қисапсыз сұлулық әлемін баға жетпес әсем суреттей бояулап, ауызбен айтып жеткізуге сөздің алтын қоры жетер ме екен, ә? Сәкенді тәтті де тартымды тілмен суреттеп болмас! Ол қазақ жігіті мен жігіттерінің сұлулық символы болып, шексіз ғасырлар ұзынында қала бермек. Сәкен, адамзаттың көріктісі, кезінде ай мен күндей жарқыраған, Қор қызы іспетті талай сұлу қыз-келіншектерді таң-тамаша қалдырып, олардың түн ұйқысын төрт бөліп, өзіне көзсіз ғашық еткен, таңдайларын қақтыра тамсандырған тау-тұлға.

Алтын Күннен төгілген шұғылалы сәуле көз аштырмайды, көк шөптегі таңғы шық түн қоңызы тәрізді, кез келген жапырақ бетінде жұлдыздай жарқырайды. Аспанда арқан бойына ілінген бозторғайлар кезектесе шырылдасып, қанаттарын безек қақтыра қағып, әлденеге көңілдерін көтергісі келгендей, құстар әнін, өздерінің әуезге толы әуендерін әуелетеді. Тұлпардың аяқ алысы ширақ, жүрісі жайлы, желісі ұлпа қардай жұмсақ. Ақ боз ат бірде жүрдек аяңға басады, бірде тымық су айдынындағы қайықша қалықтап барып, желе-жортуға ауысып, сері жігітті ән-саз әлемі бесігінде тербетіп, тебіреністі күй-толғауға кеңістігіне терең тоғытқандай болып, жан сезімнің сәулесін сүйкімді сергітеді. Сарыарқаның көз жауын алар мың құбылған көріністері, құлақ құрышын қандырап тылсым-сазды үні ақынды арман-қиял қанатында қалықтатып, шабыттың қол жетпес көкжиегіне алып ұшып, ән әлеміне әкеткендей боп, көк майсалы өлкеден көл айдынына, одан әрі қарай тау арасына қарай қол бұлғап шақырғандай. Сәкен Семізбұғы тауының ең биік жотасына көтеріліп, терең күрсіне демін ішіне тартып, айналасын көз

қиығымен ерсілі-қарсылы шолумен болды, түпсіз зерде тұңғиығына да батты, ала-сапран дауылды көңіл-күйге де түсті, асқақ тебіреніске де бой алдырып өтті, тіптен бүтін ғұмырын, тайғақ кешуін қас қағым сәтте-ақ ой елегінен өткізіп үлгергендей қалыпта қалғандай. Семізбұғы көлінің шипалы суна шомылып, жұпар иісті кілемдей құлпырған құрағына аунап-қунаған сәтте сұңғақ бойы мен асқақ ойын туған жері мен еліне деген сүйіспеншілік, гүл шоқты сағыныш сезімі бір сәтке билеп кеткендей. Уақыт сонша тезімен өтіп бара жатқандай. Дөңгеленген күн ұясына қыпқызыл болып батып барады. Әні-міне дегенінше кең дала түн көпесіне тұмшалана бастады. Тау бөктерлерінде жалғыз жүргенінде желмен жарысқан желмая сынды сужорға, жас жүректердің сыр ақтарысқан уәделі тұстағы сұмбіл шашты қыз, жаз жайлауын жайлаған ел-жұрт көңіліңді елендетіп, судай толқыған жан тебіреністегі жас жүрегінді баурап алады, көңілдің шу асауын матап тастайды. Ақынның зерде кеңістігіндегі «Тар жол, тайғақ кешу» сүрлем-соқпақтары осынау сары даланың адырларында рет-ретімен дестеленді: Қарашілік, Қызылжар, Омбы, Татарка, Славгород, Кереку, Баянауыл, Далба, Қызылтау, Семізбұғы, Сарыадыр, Қарқаралы, Нілді, Ақадыр, Тағылы, Бұғылы, Ортау, Иманақ...

Таңсәріде бір бүйірінен қарағаныңда Семізбұғы тауы жусап жатқан күйлі бұғыдан аумайды. Семізбұғының маңғаз тауына шыққанында Бұғылы-Тағылыдай егіз таудағы айықпас жара дертіне шұраған, мұң тереңіне батқан, ұзын кірпіктері көздің жасына малынған, өлім аузында жатқан семіз бұғының қарақаттай мөлдіреген, аянышқа толы қос жанары Сәкеннің жадында ұмытылмастай қатты сақталып қалғандығы сондай, оның жан дүниесін тақыл-тақыл дүр сілкіндіріп, күпті жүрегінде найзағай оттарын дүркін-дүркін ойнатып қояды. Қиналған бұғының жанар тұңғиығынан мөлдіреп түскен ыстық жас

тамшылары ақынның асқар тау шыңындағы шынар гүліндей үлбіреген, нәп-нәзік сезім пернелерін басып-басып жіберіп, бойындағы алпыс екі тамырлар бастауларын бусанта келіп, оның әр-бір сағасын буырқантып барып, сай-сүйегін сырқырататын. Міне көл айдынындағы аққу қаздың әсерлі әуені мен буын биі сері құлағына шалынып, көзіне ілінгенді. Сыңарынан айырылған аққу қаздың мұңылы әні де, оққа ұшқан семіз бұғының көз жасы да періште кейіпті жанды, ырқына көндірмей, қасірет аралына бірге апарып түсіргендей. Осыншама мың құбылған, жалған дүние-ай. Кей сәттерде сол жаралы жапан жануарларының өмір үшін арпалысы ақынның көз алдына келеді. Өзінің де осыған ұқсас жан айғайы, басынан кешкен, азабы бір пендеге жетерлік дүние ғой. Ұмытылмас күндерінің елесі ағзасын оспақтай тілімдеп, болаттай берік намысын онан сайын шындай түсіп, мұқалмас рух рауандарын көк күмбезіне шарықтата асқақтатып, құлағына әсем саз толқындары құйылып, көкірегінен әсерге толы әннің мөлдір бұлағы сынды қайра-қайра төгіліп, айнала төңірекке арнасынан асқан әуен ырғақтары телегей теңіз болып, Домалақ ананың даналық шашуындай шашылды. Тіршілігінде адам баласы қилы-қилы заманды, жағдайларды басынан өткеріп, жарық дүние-кербезді көзімен көріп, өмірдің атан түйелік, қисапсыз ауыр жүгін білеуленген иғымен, жұмырланған мойнымен көтереді. Мамыражай, тебіреніске толы тіршілік тартуын да, сүрлеу соқпақтың сергелдеңін де асығып аптықпай тізгіндеп, тапқырлық-табандылықтың сәкілерінен де сүрінбей шаршамай өтіп, өр мінезді жігіт сұлтаны тағдыр тәлкегін де асқан байсалдылықпен, еңсесін тік ұстап, қасқия тұрып қарсы ала білді. Сәкеннің ғұмырнама кеңістігінде тау мен дала кербезі бұғылар да, аспан мен көлдің еркесі аққулар да, нақақтан-нақақ жазаланған, темір торға тоғытылған, зәредей де кінәсі жоқ жандар да талай мәрте кездескен-тін.

XII Тау ішінде түнделетіп ...

Ғарыштан жұлдыздар жымың қағып, бейне бір аспан шырақтарындай жалт-жұлт етеді. Адамның ғұмыры қасқағым сәтте өте шығатындай, жүріс екпінінің ыстық лебі түннің тастай қараңғылығын тіліп-жара, жуықта ғана Балабай ақсақал сыйлаған дойыр қамшысымен тұлпарын қақпайлай кеп, жорға жүріске түсіріп, әуен ырғағында тербетіліп, дүрсіл қаққан жүрегі бұлқынып барып, тастай қараңғы даланы күңірентіп, ақын қайрадан әндете жөнелді:

*Мен келем тау ішінде түнделетіп,
Аймақты күңірентіп өлеңдетіп,
Астымда ақ боз атым сылаң қағып,
Жалтақтап құлақтарын елеңдетіп...*

Түн ауа Сәкен Сарыадыр жеріне ат табанын тіреді. Қараңғылық қапасында кірпік айқастыра алмаған Балабай ақсақал Сәдуақасты кең құшағын жая, қуаныш сезімінде, көңілді кейіпке келіп, тұлпардан қошаметпен түсіріп алды. Балабай-Сәдуақас арасындағы диалог былайша өрбіді.

- Кешіктің ғой?

- Уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалыппын.

- Семізбұғы қалай екен?

- Жер жаннатын іздеген жұртқа таптырмайтын мекен, құтты жұмақ тәрізді. Жерінің асты да үсті де тұнып тұрған, сарқылмас байлық па екен деп ойлаймын. Семізбұғының биігінен қарағанымда солтүстіктен - Көкшетау, шығыстан - Тарбағатай, оңтүстіктен – Қу-Қарқаралы, батыстан - Бұғылы-Тағылы таулары көрінгендей әсерге түстім.

Сол сәтте, жұлып алғандай, Балабай ақсақал былай дегені: «Мына Сәдуақас кіндік қаны тамған сұңқар-белін, туып-өскен тұлпар-елін сағынған екен. Оның таяудағы

мұраты Жаңарқаның киелі жерін басу, туған елімен қауышу, кірпіш қазының, сары қымыздың дәмін тату. Елдігімізді, өрлігімізді көрсетіп, оның осы арман-тілегінің орндалуына бір адамдай ат салысайық, ағайын!» деді жиналып қалған қыстақ маңындағы атқа мінерлеріне. Бұл ұсынысты Ақыш бастаған топ та құптады. «Ақ боз ат бабына келген соң, бір Аллаға сыйынып, «Қарашілік қайдасың?» деп, жолға шыға беруіңе әбден болады. Ақыш өзінің алдындағы салт аттыларға сойыл-шоқпарды тигізбейді. Осы Ақыш бастаған жігіттер өзінді туған ауылына, туған еліңе серіктесе жүріп, жеткізіп салады. Сәдуақасжан, саған өмір ұзынында таусылмас бақ-дәулет, жортқаныңда сәтті сапар тілеймін» деп, Балабай ағынан жарылып, таңсәріде-ақ ақынға ақ батасын беріп те үлгерді. Бұл зұлматты заман, дүрбеленді дәуір, зар зұлымды құбылыс қазақ халқы үшін күн-түн арасында ұйқтамайтын, түннің тыныштығы тұмандана бұзылған, ұзақ күннің қанды қарбаласы торыға созылған, қақтығыстарға толы, заманның қаракеті болса керек!?

*Рүстем-дастан жсырым болды,
Ішіме жасырған алуан түрлі сырым болды.
Жарық дүниеге екі мәрте келіп,
Ақ боз атпен жортқанымда жолым болды.*

*«Қайран да қайран қазағым» деп,
Қияметі-қайымына төзді азап вагонының.
Сәкен жоғары лауазымда болып,
Келешегін ойлады ана-қарындас, аға-інінің.*

*Тас-түрмеге де түстіңіз зой,
Қызылдарды құптап жақтасаңыз да.
Қасқая қарап тұрдыңыз зой,
Аязды бораннан жаурап қатсаңыз да.*

*Асқан қаталдықпен, Сталин тіл қатты зой,
Олай-бұлай адымдап, Кремльдегі бөлмесінде.
Жендеттер қаруларын сізге кезеп атты зой,
Қызыл империяның қызыл қанды тұрмесінде.*

*Сәкендей тау тұлға бірақ рет туады,
Атой салып, қазақтың ұлан-ғайыр даласында!
Ескерткіші халықына қарап тұрады,
Қазақтың астанасы, салтанатты қаласынды!*

Бүгінгі күні Семізбұғы тауының оңтүстік-шығысында Сәкеннің үңгірі, бұлағы, көлі «Мен мұндалап» тұр. Оныншы сыныпты тәмамдайтын 1967 жылы, осынау «Сәкен көліне» біржолата кетіп қала жаздағаным бар. Сол сұм ажалдың арандай ашылған қанды аузынан сыныптасым Дүкенбаев Қинаят мені өлім өтінен арашалап қалған-тын. Сол жолы өлімнің қармағына мықтап ілінгенімде, бұл эссе-әңгімем ақ қағаздың беттеріне дестеленбес еді. Халқы үшін, жұрты үшін абройлы қызымет жасаған, ақ пейілді ел азаматына жарық дүниеден өткенімше қарыздармын. Полиция ардагері, полковник Қинаят Сүлейменұлы Қарағанды қаласында тұрады. Қинаят досыма шексіз алғыс-ризалығымды жолдаймын!

Ақөре

Жиырма жасқа жеткен соң, бүкіл Сарыадыр төңірегіне Әбіжіктің (шын аты Абдрахман) есімі мәшһүр болып, белдескенді бүктіреді, тірескенді тізерлетеді, алысқаны абройдан айырылады. Біліктілігімен қатар жүректілігімен маңайдағы жұртқа Әбіжік аты кең жайылады. Ел арасындағы егестерді көрсе-өткір сөзімен, көнбесе күш-қайратымен бітістіреді. Әбіжік Арғын ішіндегі қаржас-

қаракесек тарихынан, елдің бұрынғы тұлғалы адамдарының мән-жайынан ұзақ сыр шертетін. Ел-жұртына қамқор болған ерлер турасындағы естелік сөздері Жетпіске Әбіжіктен жетіп дарыған. Әбіжіктен Жетпіске жеткен шежіре сөздердің мазмұны аса мәнділігімен ерекшеленеді. Бес Мейрам ұрпақтарынан өрбіген жыр шежіре тарихта хатталып қалған тұлғалы бабаларымызға тамаша сипаттамалар келтіріледі.

Жетпіс 1949 жылы 24 қыркүйекте Ағыжар ауылында дүниесі ашқан. Сартау мектебінен 8 жылдық білім алған соң, оқуға деген зеректігін көрсетіп, Қарқаралы техникумынан зоотехник мамандығын алған. 14 жасынан бастап 40 жыл бойына түрлі салада еңбек еткен. Туристік жолдамамен Қара теңіздің жағалауына барып қайтқан. Әкесі Әбіжіктің «Тәңір жарылқасын» деген батасын алғаннан кейін Жетпістің жадында құран сүрелері жатталып қалды.

Жетпістің әңгіме-дастандары сәнді, ой-толғамдары мәнді, үлкен-кішіге, ел-жұртына берер баталары барынша фалсапалы, құндасаң баға жетпес, атан түйелік, ата сөздер.

Жетпістің үйінің маңы шыбын тайғандай, айна тәрізді тап-таза. Қоршау ішіне бұйра жапырақты картоп сабақтары самалды желмен тербеледі. Қоршаудың бергі қапталында жеміс-жидектің неше атасы қанық түстерге боялып, жарыса-жайқала бой түзей өскен. Үй іші жиһаздары орын-орындарында, мұнтаздай таза, күн сәулелесінен жарқырап, алтын реңге шомылғандай, жалт-жұлт етіп, жеті түс биін билегендей, ақ көңіліңе ойнақы да көңілді саз әсерін сыйлайды. Ас үйде дәмді тағамдарды, оның ішінде, мамыр айындағы, тоқтығы толықсыған, бесті қымыздың хош исі мұрын жарғандай, тәбетіңді тебірентеді. Мұның бәрі де өзіңе Гүлмәкеннің гүл шуақы, нұр сәулелі, қазақы қонақжайлылық мінезінің айғағындай әсерін береді. Ақ

жаулықты ананың күнделікті адал да көзге көріне бермейтін орасан зор еңбегінің, титімдей ғана көрінісі.

Жетпіс, осы күндері, Сарадыр маңындағы Ақөре ауылында, үлкен жанұяның ұйтқысы болып, немерелерін тәрбиелеп, бақыт құшағында тұрып жатыр. Жұбайы Гүлмәкен Қанжығалыдан шыққан. Жетпіс пен Гүлмәкен жетім қалған жеті баланы асырап алған-төрт ұл, үш қыз. Шолпан, Айгүл, Нұркамал, Рүстем, Ермек, Ербол, Дамир, Есенжолдар-бақытты жанұяның мақтанышы. Бұл күндері Жетпіс пен Гүлмәкеннің балалары ұлан-байтақ қазақ жерінің түкпір-түкпірінде, түрлі-түрлі мамандықтарды ойдағыдай меңгеріп, сан қилы қызымет салаларында табысты қазымет қылуда. Бірі тракторист, бірі журналист, бірі экономист іспетті, мамандықтардың қыр-сырынна қанығып, саяси-қоғамдық жұмыстардың алуан-алуан салаларын мүмкіндіктерінше қамтыған. Жүректерінде орныққан имандылық, жоғары адами қайеттер, ерен еңбекқорлықтың арқасында, Олар Отанымыздың беделді-беделді азаматтары бола білуде. Есенжол мен Дамир Ақөреде, Шолпан мен Ербол Теміртауда, Айгүл мен Нұркамал Қарағандыда, Ермек Астанада.

Жақында Есенжолдың тұңғыш баласы дүниеге келіп, Жетпіс немерелі болды. Нәрестенің есімін атас Нұрқасым қойды. Мұндағы нұр-қазақ елі егемендігінің 20 жылдығына, ал қасым-Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толуына орайланып мәтінделген.

Бақаттымын деп айту күпірлік. Бақытқа жету-шексіз жол. Шексіздік еш уақытта да жеткізбейді. Сонда да бақытқа қол созып, оған ұмтыла беру керек. Бақыт деген-адам санасында туындайтын ұлы мұрат, аңсаған арман. Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Қанатсыз құс болуның өлгені. Адамның арманының болмауы, тірі жан ғана болғаны, немесе оның тірідей өлгені. Бақыт адамның ойлау

деңгейі мен сана терңдігіне байланысты үлкен дүние. Басқаша айтқанда, менің ойымша, бақыт дегенім бір қайғы мен екінші қайғының арасындағы санаулы уақыттар тізбегі. Үлкен қайғыға душар болсаң, кешегі қайғылы деп жүрген күнің бақытты болып байқалады. Немесе, қуаныш қанатында бір бақаттан екінші бақытқа, екінші бақыттан үшінші бақытқа, жалпы, бақыттан бақытқа жету. Дегенмен, Илья Эренбург өзін жер бетіндегі ең бақытсыз адам сезінген. Ал әлемде Эренбургтей атақты жазушы жоқ. Сондықтан да, шын мәнінде, «Бақыт құсы» адамның басына мәңгілікке қонбайтын болғаны ғой! Басқаша топшыласам: бақыт деген-оты өшпеген отбасы. Жанұя-кіші мемлекет. Жанұялар мықты болса, мемлекетіміз те мерейлі болады. Отан-отбасынан басталады. Отбасы бақытты болса, Отанымыз да нұрлы болады. Отанымыздың нұлы болғаны, жарқын болашақтың кепілі. Мемлекетіміздің мерейлі болғаны, Жаратқаннан мейірімнің жер мен елге төгілгені. Мейірім нұрының жер шарына құйылғаны, адамзаттың басына «бақыт құсының» мәңгілікке қонғаны.

ХІІІ БӨЛІМ

Абайдың арманы-қазақ күресін Олимпиадалық деңгейде асқақтату

Қазақ күресі-ата-бабаларымыздың төл өнері, ұрпақтарды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің қайнар көзі, қазақ халқына ұлы мұра болып қалған тарихи тартуы, баға жетпес, өте қымбат, Алланың біздерге берген салиқалы да сындарлы сыйы!

*Жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау,
өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік.
Халық даналығы*

Батырлық ақ білекте емес, жұдырықтай-ақ жүректе!

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Тағдырымның тәлкегіне көнемін,
Елімнің жарқын болашағына сенемін!*

ҚОБЛАНДЫ батырдың он бірінші ұрпағы: ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСОВ

*Сұрасаң арғы атам ұзын Қыпшақ,
Тәңірім беріп еді өлшеусіз бақ.
Шын бабам Қара Қыпшақ Қобыланды,
Тең келер біздей ерге қандай қазақ?!*

*Сұрасаң Қажымұқан менің атым,
Болады алтыбас қыпшақ менің затым.
Кешегі Ташкент қала циркінде,
Көтердім елу бес пұт кірдің тасын.*

*Атандым Қажымұқан бала жастан,
Ішінде жиырма төрт патша болдым астам.
Ташкентте қырық төрт палуан ұстасқанда,
Бәрін де жеңіп едім бір шалмастан.*

Қажымұқанның ата-тегі

Тоқтарбай, Қобыланды, Терлікбай, Ойбас, Ұзын,
Алтыбас, Қарыс, Жоламан, Санай, Шәді, Ернақ, Мұңайтпас,
Қажымұқан.

Қажымұқанның тұлға өлшемдері

Қажымұқанның 75 жасындағы дене бітімі, тұлға өлшемдері: Қажымұқанның таза салмағы-174 кг, бойы-195 см (өзінің айтуы бойынша күресіп жүрген кезіндегі салмағы 215 кг, бойы 200 см болған). Төбелігінен беліне дейін-77 см, белінен аяғына дейін-118 см, кеудесі-146 см, кіндік тұсы-173 см, жуан қара санының қалыңдығы-71 см, сан жілігінің ұзындығы (жамбастан тізеге дейін)-65 см, балтыр аумағы-49 см. Балтырының ұзындығы-58 см, табаны-35 см, аяқ киімі шамамен 54-өлшем болған. Шалбарының белдігі-220 см, жауырынының жалпақтығы-60 см, қолтық етінің қалыңдығы-50 см, жатқанда-60 см, саусақ басынан білекке дейін-25 см, ортаңғы саусақтың ұзындығы-14 см, саусағының жуандығы-10 см, білек жуандығы-27,5 см, самайы-9 см, жақ ұзындығы-24 см, мұрын ұзындығы-7 см, құлақтың айналасы-10 см, үстіңгі еріннің ұзындығы-10 см, бас аумағы-65 см.

Бұл өлшемді Қажымұқанның өмірін зерттеушілердің бірі, ғалым Әулетбек Қоңыратбаев 1946 жылы палуанның үйіне арнайы барып, қонақ болып жатқанда жазып алған.

**«ҚАЗАҚ КҮРЕСТІ» олимпиада деңгейіне көтеретін,
АЛТЫ АЛАШТЫҢ ұлағатты ұрпақтарының бірегейі,
АБАЙ ҚҰРМАШҰЛЫ болуына, бір АЛЛА нәсіптесін!**

Қажымұқан бабамыздың асыл қасиеттері келер ұрпақтар бойына дарысын деп төмендегі жыр-шумақтарымды Абай ініме арнаймын:

*Қәне кел, Абай, телефоныңды ал,
Сен, менің сөзіме назарыңды сал!
Жүрек жырымды ептеп тербейін,
Бар ед бағалы ойларым, дәмі бал!*

Тарлан тарихқа белгілі Сақ пен Ғұн,

*Сарыарқа жерін мекен еткен Арғын,
Кәрі-жастан дүниеге келген Қаржас,
Беріден біздің бабмыз болады Бабас.*

*Құрмаш-Сарқыт ардақты ата-анаң,
Отанға қызымет қылсын ой-санаң.
Ақыл-парасаты сан ұрнаққа өнеге,
Халқыңда бар, ақылгөй көп данаң.*

*Арман деген арғұмақтар шауып келеді,
Шексіз жақсылықтарды тауып келеді.
Шабыты тулап, уақытты қуып келеді,
Сарыарқа саясынан өлең туып келеді.*

*Сен адам, өзге де адам, көзге адам көп,
Естимін соның бәрін де сөзге алаң боп,
Әр күнді арманым деп қарсы аламын,
Жанымды, бірақ, жақсы қозғаған жоқ.*

*Осыған ұқсас жандар кездеседі,
Тереңсіз, бірақ, суды тез кешеді...
Жазира жаз мінез жақсы тапсам,
Көңілім жүдеп елден безбес еді.*

*Елесі кеп тұрғанда балалық шақтың,
Ішінде жүргендеймін, мәуелі бақтың.
Халқыңа деген ыстық ықыласыңмен,
Сен, Абай, жыр шумақ отын жақтың.*

*Гүл терген даладағы кез,
Алыстап-ақ кетіп барасың.
Наздана қалған ерке көз,
Сұлу еді сондағы қарасың.*

*Бір өзгеріс болады жас шағымда,
Өмір деген өтеді-ау қас қағымда.
Тоқырап аспан-жердің арасында,
Отырып қалсам сол тас тағымда.*

*Жасымнан жыр теңізін жағаладым,
Арнасын жақсылықтың сағаладым.
Көктен түсіп, кетесің жерге батып,
Үлкендерге құрмет етіп, ағаладым.*

*Жырлайын байыбымен келгенше шамам,
Жаралғаны он сегіз мыңнан, бүтін ғалам.
Көк аспан, қара жер, ай-күн, ауа және су,
Жаратты мұның бәрін де өзі хақ тағалам.*

*Туған жер, балдан тәтті жастық шағым,
Жайнаған гүл, кең дала, ойнаған сағым.
Жүректің өзіне махаббатты егіпсің зой,
Ұлы Отанымнан басталады болашағым.*

*Жазиралы жанарым,
Көк аспанға қарады.
Қара көз шынарым,
Сәні қашып барады.*

*Алдымнан көрінді Абайдың өзі,
Бұл, Мақсұтханның көрген көзі.
Қазақ күрес туралы сөйлегенде,
Кетпейді көкейімнен әрбір сөзі.*

*Абай күресетін жасында еді,
Құрдас балалар, қасында еді.
Жастарды бақылап отырған,
Мақсұтхан шың басында еді.*

*Тас-түйнек түйілген,
Ай қыр асып барады.
Жас қайыңша иілген,
Күйім тасып барады.*

*Сарыарқа, жан өтпес нуың қайда,
Түнде шық, азандағы буың қайда?
Нажағай жарқырап, нөсер құйған,
Жеті түс кемпірқосақ, туың қайда?*

*Көк майса, құлпырған шөбің қайда,
Ағып жатқан бұлқ жоқ, асты майда?
Қызғылт қызғалдақ, мол бүлдірген,
Балауса бал дәмді бар ма осы сайда?*

*Көп бұлт күркіреген күнің қайда,
Жондағы қойларым, жүнің қайда?
Жылқыға жал, қойға қом қонған,
Далаға хош иіс берер гүлің қайда?*

*Өтеді өмір өр екпінді ағынымен,
Құйынның ырқына бағынып ем.
Тезінен таяп қалған алпыс үшім,
Жайлауыма жайдың жасыл клем.*

*Зуылда, зуылда сен тоқтама,
Алдыңнан көрінеді биік асу.
Асасың әр түрлі қырлардан,
Астыңда болады, көлік асау.*

*Жұма күні уақытым болған еді асығысты,
Неге екенін білмеймін, жүрек алып ұшты.
Әп-сәтте қос көлік зулап кеп соқтығысты,*

Екі жүргізуші бірін-бірі құшақтап, құшты.

*Ақ арманыңды аспанға ұмтылт,
Қайғы да, мұң да қазір-ақ ұмыт.
Ұшқыр ұстам, қажырлы қайрат,
Еш уақытта да сөнбесін ақ үміт.*

*Мұндай махаббат болады екен,
Ерекше оқиға есте қалады екен.
Ел азаматының мақсат-мұраты,
Ұлт арманына жол салады екен.*

*Көңіл-көктем көгілдір гүлін жарған,
Бойма сыймай барады кернеп арман.
Жырға қосқым келеді, әнге қосқым,
Жаңа өмірді шабытпен от шарпыған.*

*Өмірге деген түсінігім қанық,
Үлесім бар алатын одан анық.
Адамдар келіңдер бір көрейік,
Алыпты қадірлеп, біз жүрейік.*

*Көңіл-көктемі көгілдір гүлін шашқан,
Бойыма сыймай барады-ау көп арман.
Бәрімізге ортақ қой жеңістің бақыты,
Көрінері бар Қажсмұқанның сарқыты.*

*Алыс арман жеткенше зарықтырып,
Көп тілегім алдымды жарық қылып:
«Айналайын, абай бол», дедім мен,
Ақбелден оны шығарып сап тұрып.*

*Алыс кеттім өзіңнен туған жерім,
Ұмытылар ма сонда төккен терім.*

*Боз кілемде жанталасып күрескен,
Қайда жүр екен Абайдай есіл ерім?*

*Құрағыңның сыбдыры құлағымда,
Судың сусылдаған үні бұлағында.
Асыр салып бірге өскен құрбылар,
Бал дәуреннің қызығы тұрағында.*

*Ғұмырымда сүріндім, құладым да,
Өмірден таяқты жеп, жыладым да.
Байрақты бәсекелерде жеңіс тілеп,
Шың төбесінде тұрып сұрадым да.*

*Жүректен шықты жан дүрсілі,
Құлаққа естілді сағат тықылы.
Оң қапталдан төреші ысқырды,
Балуандар бірін-бірі тықсырды.*

*Арыстандай атылып, күш салды,
Алып қарсыластары қапы қалды.
Күресте Абайдың абыройы асып,
Чемпиондық атақты жеңіп алды.*

*Арқаның жері алтын тағым еді,
Ауасы толқындатқан сағым еді.
Бабалардан жеткен күрес өнері,
Уысыма келіп қонған бағым еді.*

*Сен жылдам болсаң, озып көр,
Егер мықты болсаң, созып көр.
Түйе палуандарға қарсы тұрар,
Күшті болсаң, бәрін соғып көр.*

Қойгелді баба өмірден өткен,

*Жекпе-жекте жеңіске жеткен.
Қажымұқан қуатын танытып,
Сан палуанды жығып кеткен.*

*Қыста суық, жазда жылы,
Арқада бар Ақбел ауылы.
Балуандары белдескенде,
Ерге тән екпінді дауылы.*

*Қалып қойғандай өмір көшінен,
Мұз құлап зәулім шың басынан.
Абай дүние есігін ашқан сәттен,
Күш алған Ақбелдің ақ төсінен.*

*Абай құрдастарынан ірі еді,
Өзгеден жылпос, еті тірі еді.
Бойына қуаты тарамдалған,
Күрес деп туғанның бірі еді.*

*Қайыржан басқарып мектепті,
«Қазақ күрес» бөлімін ашыпты.
Балалар жайыменен жүрменгі,
Жабағы жүгіртіп, асық атыпты.*

*Көңіл-көктем көгілдір гүлін жарған,
Бойма сыймай барады кернеп арман.
Жырға қосқым келеді, әнге қосқым,
Жаңа өмірді шабытпен от шарпыған.*

*Өмірге деген түсінігім қанық,
Үлесім бар алатын одан анық.
Адамдар келіңдер бір көрейік,
Алыпты қадірлеп, біз жүрейік.*

*Көңіл-көктемi көгiлдiр гүлiн шашқан,
Бойыма сыймай барады-ау көп арман.
Бәрiмiзге ортақ қой жеңiстiң бақыты,
Көрiнерi бар Қажмұқанның сарқыты.*

*Арман деген аргұмаққа мiндiң сен,
Жолға шығарып салып тұмын мен.
Мақсат айқын, болашақ та жарқын,
Байрақты жарыстарда бәрiн де жең.*

*Алыс арман жеткенше зарықтырып,
Көп тiлегiм алдымды жарық қылып:
«Айналайын, абай бол», дедiм мен,
Ақбелден оны шығарып сап тұрып.*

*Алыс кеттiм өзiңнен туған жерiм,
Ұмытылар ма сонда төккен терiм.
Боз кiлемде жанталасып күрескен,
Қайда жүр екен Абайдай есiл ерiм?*

*Құрағыңның сыбдыры құлағымда,
Судың сусылдаған үнi бұлағында.
Асыр салып бiрге өскен құрбылар,
Бал дәуреннiң қызығы тұрағында.*

*Ғұмырымда сүрiндiм, құладым да,
Өмiрден таяқты жеп, жыладым да.
Байрақты бәсекелерде жеңiс тiлеп,
Шың төбесiнде тұрып сұрадым да.*

*Жүректен шықты жан дүрсiлi,
Құлаққа естiлдi сағат тықылы.
Оң қапталдан төрешi ысқырды,
Балуандар бiрiн-бiрi тықсырды.*

*Арыстандай атылып, күш салды,
Алып қарсыластары қапы қалды.
Күресте Абайдың абыройы асып,
Чемпиондық атақты жеңіп алды.*

*Балалық дәурен өтіп кетті,
Абайды әскерге алып кетті.
Самбо күресіне ден қойып,
Даңқ соқпағын салып кетті.*

*Қазақ күресі отын жарқыратып,
Барлық қарсыласын тықсыртты.
Қазақ күресі тәсілін асқақтатып,
Чемпиондық абройын асыртты.*

*Қоржыны алтынга толып,
Қолтаңба қойды сәлемге.
Балуандар палуан болып,
Есімі мәшһүр бар әлемге.*

*Заманым өтіп барады,
Күн мен ай жанталасқан.
Абайым кетіп барады,
Көп ойлары тайталасқан.*

*Жарыстың сымбат-көрікі бар,
Күресте айла-тәсіл нарқы бар.
Жекпе-жекте жеңіске жетуде,
Ата-баба рухының нарқы бар.*

*Күресте асыл зат рух керек,
Қайыспайтын қайрат керек.
Намысты қолдан бермейтін,*

Ақыл-ой мен парасат керек.

*Олимпияда-ойындардың төресі,
Бейбіт өмірдің базарлы берекесі.
Төрт жылда әлем бір тойлайтын,
Халықтар достығының мерекесі.*

*Қазақта түйе палун күресі бар,
Тарихта ақ пен қара тіресі бар.
Алысуға атойлап кеп шыққан,
Палуанға өзі тартар кіресі бар.*

*Қазақ күресі Олимпта қатар құрса,
Түйе палуан көк туын ұстап тұрса.
Қазаққа бұдан асқан бақыт бар ма,
Әлем ұлт өнеріне мойынын бұрса?*

*Бұлшық еттерін ойнатып,
Қос жанарын жайнатқан.
Қарсы келген палуанның,
Ыза-зығырын қайнатқан.*

*Абайды тұғырлардан көрсем,
Хәкім Абайды көргендеймін.
Ұлытау шыңдарында жүрсем,
Ұлылар елінде жүргендеймін.*

*Тау тұлға. Берік рух. Мәрт кісі.
Қашанда қалың қазақ сүйіктісі.
Қазақ күреске үн қосқан, Абай,
Салауатты өр өмірдің ұйтқысы.*

*Балауса ағаштан өсті мәуелі терек,
Адамдарға аброй мен бірлік керек.*

*Білім, ғылым, спортты байрақтап,
Жүретігұн тұлғалар болсын зерек.*

*Арқаның мықтысы едің көптен озған,
Асқақты армандарға қолыңды созған.
Жүлделі додаларда, жолбарысша кеп,
Боз клемге шыққанда делебең қозған.*

*Аралап сарыарқаны жарыс өткіздің,
Қыруар қаржыны жұртқа жеткіздің.
Қазақ күресті биік шыңға шығарып,
Елге жеңістің ақ бақытын күткіздің.*

*Ер боласың антты ақтаған,
Әр уақыт ел сені жақтаған.
Бір Аллаға тәубе дегейсің,
Дүлей күштерден сақтаған.*

*Уақытта асығып, түнді қуады,
Қара түн кетеді, ақ күн туады.
Ақ жарқырап, қара құлдырап,
Ағынды су көңіл кірін жуады.*

*Әне, тағыда келді шуақты көктем,
Өзен тасып, құрсау мұзын сөккен.
Жақсы-жаманды жырлап тұрмын,
Күн шуағында, көк нұрын төккен.*

*Күтемін арайлы ақ таңдарды,
Артымда бұралаң жол қалды.
Сүйемін мәңгі зор жүрекпен,
Сағына білген бар жандарды.*

Көлімде жүзіп жүрген аққу,

*Сен, өз жұртыңа бөтенбісің?
Сірә, жағымсыз естіп қаңқу,
Бір де көрінбестен кетемсің?*

*Айналамыз жасыл шөп, хош иісті,
Самал жел қытықтап маған тиісті.
Мәңгілік сүйіспеншіліктің белгісі,
Айна көл бетінде қос аққу сүйісті.*

*Бақыттың бағына жол тартайық,
Иығымызға жауапты іс артайық.
Темір тұлпармен көп жортайық,
Ой-түйінді, біз пісіріп қортайық.*

*Адасып кетпейік, бақыт бағы жолында,
Хақтан жеткен кітап тұрғанда қолыңда.
Келер замандарды барынша топшылап,
Сілтеп қал қолыңды, абройың барыңда.*

*Аман бол қайда жүрсең, азаматым,
Шықпасын тіршілікте жаман атың.
Сапарыңа ақ жол тілеп тұрдым да,
Жетсін дедім жеріне жазған хатың.*

*Келер ұрпақтарыма айтамын мен аманат,
Ұлы Абайдың сөзі бүкіл адамзатқа өсиет.
Олимп төріне, қазақ күресті шарықтатар,
Осы Абайымызда да бар гажайып қасиет.*

*Хакім Абайымызды десе Гималай,
Бекерден-бекерге айтылмаған жай.
Қазақ өнерін бар елге мойындатса,
Бұл Абай болар еді тау Тарбағатай.*

*Қамыққанда еліңді есіңе алып жүр,
Жаныңда жан достарың толып жүр!
Қазақ күрес рухын әлемге танытып,
Халқыңның тау тұлғасы болып жүр!*

*Самаурын тұрса қайнап,
Жас келін жүрсе жайнап.
Балқытып, бойды билер,
Саз әуені сылқым ойнап.*

Ақ арман қанатына қондырған ару Астана

*Абай, болған соң өзімнің есімім,
Хәкім Абайға ұқсған еді пішімім.
Ел-жұртыма, туған-туыстарыма,
Сұлулықты айту болды шешімім.*

*Алтын жүзікті, маржан алқалы,
Жібектейін үлбіреген, қалқалы.
Бармысыздар қыз-келіншектер,
Елді шақырдым тойға торқалы?!*

*Жүрегімнің қалауына бағындым,
Өзім де асылынан алқа тағындым.
Тұла бойым, бауыр етім елжіреп,
Туыс, дос-жарандарды сағындым.*

*Көк аспанның жұлдыздарына қарадым,
Жер-жаһанды жаяулап жүріп араладым.
Көк теңіздің толқынын көруге жарадым,
Шыңырау тереңіне үңіліп ой сараладым.*

*Құлдиладым да терең құзға,
Маңдайымды соқтым мұзға.*

*Қазақтың жерін көп шарлап,
Ғашық болдым айдай қызға.*

*Барладым қазақтың қалаларын,
Ертіп елдің спортшы ағаларын.
Астанадан таптым сұлу қызды,
Аспандатып арулар бағаларын.*

*Сарыарқаның самал желі есіп тұрғанда,
Тау шыңының сары гүліндей байқалған.
Сарыарқаның әуені тебіреніп тұрғанда,
Кең даланың ақ қайыңындай жайқалған.*

*Ақ Аудамды іздедім көп жыл,
Ақ арманым еді зой менің бұл.
Үміттің отын жаққан ақ құсым,
Өзімнің қос қолыма қонды біл.*

*Аппақ денесі, ақ қардай.
Пәктігі бар-ды, ақ ардай.
Жерден, көктен тапқан,
Сүйіктім сен, ақ нардай.*

*Жаным Аида, сен, бір қарадың маған,
Мен ұрлана, мың мәрте қарадым саған.
Мен, сүйсінемін, ақ сәулелі сымбатыңа,
Балаймын өзіңді өмірдің ең қымбатына.*

*Жүрек етімнен бергенім бір үзік,
Саусағыңа кигіздім алтын жүзік.
Біз бақыттың құшағына бөленіп,
Мөлдір айдынында бірге жүздік.*

Самал жел теңіз суын тербейді,

*Толқынды толқын қуып, өрлейді.
Күн сәулесі су бетінде дірілдеп,
Қайығымыздың есктері терлейді.*

*Қайықтың ескектерін өзім есемін,
Теңіздің суын екіге жарып өтемін.
Асыл армандарға жақындай түсіп,
Жүректің қос жұмбағын шешемін.*

*Қара жерге дән боп себілемін,
Қара ниетті істерден түңілемін.
Табиғат көркемдігін жырлап,
Арудың сұлулығына үңілемін.*

*Бірде, мен кең дүниеге сыймаймын,
Ойларға малынып өзімді қинаймын.
Асыл арманның қос қанатын қағып,
Бар жұрттың асылдарын жинаймын.*

*Сұлулыққа сүйсіне асқақтаймын,
Қуатыма зор қуат қосқандаймын.
Көңілім көктің кеңістігін кернеп,
Асқар тау биігінен асқандаймын.*

*Сұлулық ләззатына тоймаймын,
Құсыма қол созуды қоймаймын.
Егер мен болсам тұмарлы қазақ,
Елге жар салып той тойлаймын.*

*Мен болсам тұмарлы қазақ,
Жаппар Аллаға сыйғаным.
Мен болсам жомарт азамат,
Барымды елге сыйлағаным.*

*Тілер едім халқыма ауызбірлік,
Бақ-дәулетті таусылмас тірілік!
Еркіндіктің көк туын көтерген,
Ер-тұлғаларға тілер едім ірілік!*

*Күннің шуақты сәулесін қастерлейік,
Сұлу қыз сымбатын көрмей кетпейік!
Ғақ Аллаһтың көркемдігін мадақтап,
Имандылықтың жолын кесіп өтпейік!*

Мәрттік пен жомарттық үшін жер басып жүрген азамат, экономист, кәсіпкер, қазақ өнерінің, оның ішінде, қазақ күресінің жанашыры Абай Құрманшұлы батыр бабаға бас иіп құрмет көрсетті, ақ пейілімен тағызым етті.

«Қазақ күресті» Қазақстанда білім берудің мемлекеттік бағдарламасына енгізіп, оқу орындарында оқытса, әр-бір қазақтың рухы мен намысы асқақтаған үстіне асқақтай түсер еді!

ТӨЛ КҮРЕСІМІЗ ҚАҚ ТӨРГЕ КӨТЕРІЛДІ

Астана төрінде осымен үшінші рет Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының ұйымдастыруымен қазақ күресінен әлем чемпионаты мен күрестен V дүниежүзілік ойындар өтті. (2010 жыл)

Халықаралық күрес қауымдастығы (FILA) мен Туризм және спорт министрлігінің, жекелеген компаниялардың қолдауымен өткен әлемдік бәсекеге жер жүзінің 39 елінен 200-ден астам балуандар қатысып, екі күн бойы «Дәулет» спорт кешенінде төселген бозклемде бақ сынасты.

Аталмыш әлем чемпионаты бұған дейін 2006 жылы Алматыда, одан кейін 2008 жылы Ресейдің Ор қаласында

өткені белгілі. Сол кездегі бәсекелерге де осыншама елдің өкілдері қатысқан болатын. Бірақ, биылғы чемпионаттың бір ерекшелігі, ол ХКҚ-ның аясында өткізілді. Естеріңізге сала кетсек, осы жолғы жарысты Халықаралық күрес қауымдастығының өз қамқорлығына алуы қазақ күресінің Мәскеуде FILA мен оның Олимпиада бағдарламасына енгізілген күрес түрлері бойынша комитетінің құрамына мүше болуына байланысты жасалды.

Биылғы бәсеке осы кезге дейін өткен екі әлем, алты Азия және Еуропа чемпионаты сияқты қызықты да тартысты өтті. Онда жеті салмақтың екеуінен басқаларының бәрінде қазақ балуандары әлем чемпионы атанды. Атап айтсақ, 54 килода Дархан Өрікбаев, Бауыржан Тәліп (60 кг.), Бақтыбай Қисықов (74 кг.), Саят Шәмшиев (82 кг.), Шалқар Жоламанов (90 кг.) құрмет тұғырының биік сатысынан көрінсе, Олжас Ісләмбеков (60 кг.) пен Бақыт Көлбай (90 кг.) кіміс медальді, Бауыржан Райысов (54 кг.), Нұрболат Ыстыбаев (60 кг.), Қуаныш Мұратов (66 кг.), Асылбек Әлкей (74 кг.), Мұхит Тұрсынов (82 кг.), Нұрзат Бегасылов (90 кг.) қола жүлдені қанағат тұтты. Ал чемпионаттың түйе балуаны атағына Айбек Нұғыманов ие болды. Ол шешуші белдесуде ресейлік Исмаил Русовты тізе бүктірді. Осы жарыста шетелдік балуандар ішінде бес жүлденің біреуіне дарынды моңғол спортшысы Суниясурен Муракша (66 кг.) ие болса, екіншісін латвиялық Виктор Резко (90 кг. жоғары) жеңіп алды. Жалпы, биылғы бәсекеде еуропалықтардың қазақ балуандарына лайықты қарсылық көсетуге тырысқанын айту керек. Мысалы, екі голландиялық балуанның бір чемпионатта екі күміс жүлдені жеңіп алуы бұған дейінгі өткен жарыстарда болған емес. Әдетте өзіміздің немесе ресейлік балуандар мен монғол спортшылары екінші орыннан тыс қалмауға тырысатын еді. Ал бұл жолы неміс Холгер Доринг (82 кг.) пен Берн Бахман (90 кг.), голландиялық Демел Шуль (66 кг.) мен Денис Мейер

74 кг.) өз салмақтарында бет қаратпады. Сонымен бірге Бул Лорбис (74 кг., Австралия), Саша Денанью (90 кг., Того), Денисас Соколас (90 кг. жоғары, Литва), өзбек балуаны Әлім Равшанов (66 кг.) пен Ботиро Ходжаев (90 кг.), Қырғызстан өкілдері Шыңғыс Шалбаев (82 кг.), Санжар Османәлиев (60 кг.), Мадияр Нұрқалықұлы (54 кг.) қола медальді жеңіп алды. Осы чемпионатта Ресей құрамасы бір күміс жүлдені қанағат тұтты. 2008 жылы Ор қаласында өткен әлем чемпионатында төрт жүлдеге ие болған Ресей үшін бұл жалғыз күміс медаль өте төменгі көрсеткіш болғаны сөзсіз. Оны Ресейге 54 кг. салмақтағы Асылжан Имантәжінов әперді. Сөйтіп, ол екі рет әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Бұдан басқа әлем чемпионаты аясында V дүниежүзілік ойындар өтіп, «Алыш» белбеу күресі, граплинг пен панкратионнан алғаш рет жарыстар ұсынылды. Ұлттық күрес түрлері бойынша Украина, Тәжікстан, Ресейдің Якутия мен Ханты-Манси аумақтарынан келген өкілдер өз өнерлерін ортаға салды. Ал биылғы бәсекенің ең басты оқиғасы-Халықаралық күрес түрлері қауымдастығының президенті Рафаэль Мартинеттидің құрметті қонақ ретінде сөз сөйлеп, Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының президенті Серік Төкеевке төл спорт түрінің аталмыш қауымдастықтың құрамының мүшесі болғанын растайтын сертификатты табыс етуі болды.

Жарыс кезінде табыс ету рәсімі өткен соң, Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының осы қуанышына әлем чемпионатына құрметті қонақ ретінде арнайы келген еркін күрестен үш дүркін әлем чемпионы Александр Медведь, атақты балуандар Әбілсейіт Айханов, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов, Аманжол Бұғыбаев, Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Дархан Мыңбай, Туризм және спорт министрлігі Спорт істері жөніндегі комитетінің төрағасы

Елсияр Қанағатов ортақ екендіктерін айтып, өз ойларымен бөлісті. Сөйтіп, қазақ күресі тұңғыш рет халықаралық құжатты қалтасына басты. Осы орайда FILA президенті Мартинетти мырзаның жарыс басталар алдында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің қабылдауында болып, «Достық» орденімен марапатталғанын да атап өткен жөн.

Сонымен бірге биылғы бәсекеде Халықаралық күрес қауымдастығы өз кезегінде Монғолиядағы атақты балуан Бақыт Ойнайұлы мен қазақ күресінің дамуына еңбек етіп жүрген Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының президенті Серік Төкеев, белгілі мамандар, ұстаздар Діқанбай Биткөзов пен Марат Жақытты, Азия федерациясының президенті Ырзақұл Нұртаев пен оның вице-президенті Айдархан Қабдоллаұлын, Еуропа федерациясының президенті Омархан Алтын мен Қызылорда облыстық Дене тәрбиесі және спорт басқармасының бастығы Садық Мұстапаевты FILA-ның құрметті ордені және төс белгілерімен марапаттаса, СТВ телеарнасының жүргізушісі, белгілі спорт журналисі Ақын Ордабайұлының БАҚ өкілдерінің арасында тұңғыш рет Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының төл күресімізді дамытуға зор үлес қосқаны үшін арнайы орденіне ие болғанын да атап өту орынды деп білемін.

Дерек

Алға, Азиада! Жаса Қазақстан!

Ақ азиада аламаны қазақтың айбынын асырып, абройын асқақтатты

Байтақ даламызға, ауыл мен қаламызға, барша жамағат халқымызға сүйіншілеп «ақсарбас!» айтар күн бүгін. Қазақ елі осыдан бес жыл бұрын өз мойнына мәртебелі міндет

етіп алған тағы бір үлкен сыннан абройымен өтті. Жеті күн бойы Астана мен Алматыдағы аламан додасының дүбіріне әлем жұртшылығы құлақ түрген VII Қысқы Азия ойындары өзінің мәресіне жетті. Жай мәре емес, еліміздің айдыны мен айбынын асырған, сәні мен салтанатын асқақтатқан, дүйім дүниеге жұмылған жұдырықтай ынтымақ-бірлігі мен күш-қуатын танытқан мерейлі мәре дер едік біз оны. Толайым табыстармен түйінделген Азиаданың жабылу салтанатына Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің зайыбы Сара Алпысқызымен бірге келіп қатысуы, біздің елімізге осынау аса ауқымды әлемдік жарысты өткізуге қаншалықты зор мән-маңыз бергендігін тағы бір айғақтағандай.

Биылғы Азиаданың басты жаңалығы-Қазақстан құрамасының жеңіп алған 32 алтын медалі. Қысқы ойындарда Жапония құрамасы 1986 жылы Саппорода өткен жарыста өз еншісіне 29 алтын жүлдені сыйлап, осы кезге дейін ешкімге Азиаданың осыншама медалін жеңіп алуға мүмкіндік бермей келген болатын.

Қысқы Азиада кезінде Астанадағы «Алау коньки тебу» стадионында Азияның 9 рекорды жаңартылды. Бұл жерде өткен жарыстарға екі Олимпиада чемпионы мен бес Олимпиада жүлдегерлері қатысты.

Азиаданың жаңалығы болып шаңғымен тұғырдан секіруші Евгений Левкин, конькиші Денис Кузин, фристайлдан ұлттық құрама, шорт-трек командасы мен допты хоккейден еліміздің бас командасы атанды.

Қысқы Азиадада Ольга Новикова, Михаил Сорокин, Алексей Полтаранин Азиаданың төрт дүркін чемпионы атанса, Юлия Галышева, Николай Чеботько, Людмила Федотова, Дмитрий Кошкин, Дмитрий Бармашов, Оксана Яцкая, Елена Коломина, Елена Хрусталева мен Дмитрий Бабенко бірнеше дүркін жүлдегер атанды.

VII Қысқы Азия ойындарының қортынды кестесі

№	Елдер	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Қазақстан	32	21	17	70
2	Жапония	13	24	17	54
3	Оңтүстік Корея	13	12	13	38
4	Қытай	11	10	14	35
5	Моңғолия	0	1	4	5
6	Иран	0	1	2	3
7	Қырғызстан	0	0	1	1

Осылайша 7-ші Қысқы Азияда ойындарында күш-қуаттарын ғана емес, халқымыздың намысын да бәйгеге салып, мәреге аброймен келген спортшыларға Елбасы:

-Командалық есептегі және медальдар саны бойынша мұндай жарқын да үздік жеңіс бізде бұған дейін болған емес. Бұл қазақстандық спорттың нағыз салтанаты! Бұл біздің еліміздің салтанаты! Барша еліміз біздің атлеттерімізге жанкүйер болды. Қазақстандықтармен бірге мен де біздің спортшыларымыз үшін алаңдадым. Сан рет шырқалған мемлекеттік әнұранымыздың жеңісті әуенімен еліміз болып бірге толқыдық. Біздің бәріміз де жеңісті күттік, үмітіміз ақталып, табысқа қол жеткіздік., деді Елбасы спортшыларға.

XIII БӨЛІМ

Қортынды

Қоғам діннен, имандылықтан алшақтаса, рухани азғындық басталады. Рухани азғындау қоғамның, ұлттың іштей ыдырауына, артынан жойылуына алып баратын негізгі фактордың бірі.

Қорта айтқанда, Баянтау, Қарқаратау, Қызылтау және тағы да басқа өңірлерінің көнеден бастап осы уақытқа дейінгі тарихын, елі мен жерін, мәдениеті мен білімін сөз етіп баяндадым. Кітап мазмұнына дәйекті болу үшін осынау өңірлерге байланысты тарихи ізденістерімді нақтылы тарихи деректердің негізінде, бергі уақытқа дейін зерделенген тарихи фактілерді дәлелге келтірдім.

Қазақ ұлты өзінің сан ғасырларға жалғасқан тарихи жолында қуанышты күндерін де, қайғылы сәттерін де басынан өткерді. Сондықтан да біздің халық «мың өліп, мың тірілген» халық. Қазақтың соңғы жүз елу жылғы тарихы аса қасіретті болды. Патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты қазақты ұлт ретінде тарих сахнасынан жоюды мақсат тұтты. Бұл мәселенің мән-жайы патшалық Ресей өкіметінің жүзеге асырған бірнеше реформалары мен қабылдаған заңдарын саралаудан анық байқалады. Қазақ халқының өзінің тілі мен дінінен, жері мен салтынан, дәстүрлі мәдениетінен айырылуына мүдделі болды. Мүдделі ғана болып отырған жоқ, қазақты шоқындыру мақсатындағы амалдарын жүзеге асырмақшы болған. Тек қазақ билерінің ақылдасуынан туындаған дана шешімдері өз кезінде қазақтың дін тұтастығын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы түрде біз тарихтан отарлау саясатының екі түрлі өзара ерекше үлгілерін сөз етуіміз керек. Ол, біріншіден, патшалы Ресей тұсындағы отаршылдық саясат және, екіншіден, большевиктік, кеңестік коммунистік Ресейдің отаршылдық саясаты...

Діни секталардың жетегінде кеткен жастар еліміздің заңын құметтемейді, әскерге бармайды, қолына қару алып отанын қорғамайды, салтымыз мен мәдениетімізге атүсті қарайтын болады. Сол себепті жастарымызды имандылыққа, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дініміз исламға баулысақ, түрлі жат ағымдардың жетегіне кетпейтін болады. Сонымен қатар

иманды жас отанын, елін, жерін сүйетін, салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін берік ұстайтын болады. Өйткені, Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Отанды сүю иманнан», - деген. Мәселен, Еуропа елдерінде мектеп қабырғасынан, яғни 4-5 сыныптан бастап өз елінің ресми дінін арнай пән ретінде оқытады. Өз дінін жастайынан санасына сіңірген баланы қандай секта болмасын арбай алмасы анық. Сол себепті ол елге сектанттар барғанымен бос қайтатындықтан, Еуропа бұл мәселеде өзге елдерге бізге дін бостандығы бар деп жар салады. Біздер де осылай айта алуымыз үшін 12 жылдық мектептер мен жоғары оқу орындарында «Ислам діні» сабақтарын үзбей жүргізуіміз керек.

Көк байрағы биіктеп желбіреген, әнұраны аспандап шарықтаған, ұлтымыздың тілі өз тұғырына көтерілген қазақ елі болдық. Достық, мейірбандық, парасаттылықтың, адамгершіліктің діні-Ислам дінінің мәртебесі еркіндік алған қазақ елінің-тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік жағдайы толық, рухани еркін азаматтарымыз, иншалла мәңгілік болғай. Ең бастысы, алдымен, кең даламызға үлкен өркениет әкелген Исламның тарихымен, құран сөздерімен, имандылық шарттарымен кітаптың беташар тарауы өз беттерін айқара ашады. «Міне, ІХ ғасырдан бастап, күні бүгінге дейін ең басты бағдарымыз - ҚҰРАН КӘРІМ. Одан кейінгі арқа тұтарымыз Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадис-шарифтері. Содан кейінгі бағдаршамымыз Әбу Ханифа бабамыз көрсеткен «мәзһаб» және халқымыздың шарифатқа қайшы келмейтін өнегелі әдет-ғұрыптарымыз»- дейді Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі («Ислам және заман» кітабы, 121-б.). Жас мемлекетіміздің егемендігінің баянды болуы үшін маңызды шарттарының бірі-діні. Дін-халықты ұйытатын, біріктіретін бірден-бір сенімді қағидат екендігі «Бақыт құсы» кітабының өнбойында кеңінен баяндалады.

«Құс жолы» атты бірінші кітабымда жеті саны және басқа да жайыттар жөнінде бір сыдырғы айтып өткен болатынымын. Қолыңыздағы кітап сол бірінші кітаптың заңды жалғасы. Бұл кітапта да «жеті ата» мәселесіне байланысты ойларға айтарлықтай орын берілген. Тектілік дегеннің өзі де адамның генетикалық ерекшелігі арқылы көзге көрінеді, іс-әрекет барысында байқалады, адамдардың арасындағы өзіндік, ізгілікті болмыстарымен айғақталады. Бұрындары шалғай өңірде ақсақал адамдармен кезігіп қалсаң, оларға қос қолыңды ұсына иіліп, сәлем бересің. Ақсақалдар сәлемінді алысымен-ақ, ең алдымен, сенің ата-тегіңді сұрайды. Мылалы, Арғынмын десең болды, ол сенің үрім-бұтағыңды таратып, асыл тегіңді тармақ-тармағымен, тізбектей тарата жөнелсін. Қай жерден екеніңді ешбір қиналмай-ақ тәтпіштей айтып, әсерлі әңгімесін ширатсын. Бүгіндері осы тәрізді сауал қойып, өзі жаубын айтатын ақсақалдарды төңіректен іздеп табудың өзі қиындаған сыңайда. Ал жеті атасы жөнінде жастардан сұрай қалсаң, мардымды жауапы естуің не ғайбыл. Бұл жақсы ма, әліде жаман ба? Қалай ойлайсыз? Әрине, өте жаман! Шын мәнісінде өзінің ата-тегін текті адам ғана біле алатын шығар деп ойлайтындаймын. Тексіз адам тесік, не айтсаң да оны ұға алмайды. Айтқаның оң құлағынан кіріп, сол жақ құлағынан ағып кетеді. Есінде ештеме де қалмайды. Бұл ұлттық болмыстың тоқырауының бір ғана белгісі. Қайдан шыққаныңды, қайдан келгеніңді, қайда бара жатқаныңды түсіндіру, қазақ халқында «шежіре» деп айтылады. «Шежіре» тарих ғылымының бір үлкен тармағы. Ата тегіңді бір кісідей білу, өзінді-өзің танудың басты белгісі, қазақ тарихын ұғынудағы алғы шарт іспетті. Төл тарихыңа тақыл-тақыл үңіліп, оған мән беріп, аса құрметпен қарап, адамдармен тең дәрежеде сөйлесе білетіндей жағыдайда болғанға не жетсін, шіркін. «Руыңды, тегіңді білме» деу қазақ халқына жасалған қиянатпен тең, көне тарихыңнан

қаранды алыстат, ұлық бәйтеректің түп тамырыңды үз деген сөзге ұқсайды. Ата тегіңді білу-есепті де, жағрапияны да, адам баласының даму сатыларын бағдарлау, сонымен қатар, жалпы тарихта да айтарлықтай орын алады. «Тек» ұғымына зер салып, оның көне негізін ұғынып, зерделеу-адамның есте сақтау қабілетін дамытумен пара-пар, кісілік келбетті көрнекі суреттеумен тепе-тең. Тектілігіңді тұғырландыра түс, қазақ халқының тектілігі мызғымас қалыпта тұрсын, қадірменді ағайын.

Қазақ тарихы үнемі сыртқы жаудан қорғау тарихы болып табылады. В. Николаев деген бір автор өзінің «Судьба Казахстана в размышлениях обыкновенного казахстанца» деген мақаласында: «Все начинается с истории. История народа, по моему пониманию-это вечный бой с завоевателями... Монгольское нашествие (XIII в.) обрушило на Казахстан (хотя он так тогда не назывался) первый и самый страшный удар... На казахов нападали все соседи, кроме русских. Ни один народ в мире не выдерживал столь длительной, многовековой и столь разрушительной атаки соседних племен и государств. И только огромные просторы родной земли да кочевое скотоводство спасли народ от полного покорения и истребления. В этих жестоких природно-исторических условиях складывался весь культурно-хозяйственный уклад народа» Николаев В. Судьба Казахстана в размышлениях обыкновенного казахстанца. Казахстанская правда, 1995, №48.

Мына физикалық шамаларға қысқаша тоқталып өтейін: кеңістік, қозғалыс, уақыт. Кеңістік икс, игрік және зета әріптерімен анықталатын, үш өлшемді шексіз шама. Бір дененің екінші денеге байланысты орнын ауыстыруын қозғалысқа балаймыз. Ал уақытқа келсек, ол қайра қайтып, бастапқы мәніне оралмайтын, ерекше физикалық шама. Уақыт іс-әрекеттің дұрыс-бұрыстығын анықтайтын «әділ

биге» ұқсайды. Жүзеге асырған қылықтарымыздың ақ-қарасын «уақыт би» анықтайды, әділ шешімін айтады. Жансыз денені алсақта, жанды денені алсақта барлығы да кеңістік, қозғалыс және уақыт тәрізді үш өлшемде, біздің сана-сезімімізге байланыссыз, шын мәнінде бар дүние. Жоқан бар жасалмайды. Бардан бар жасалады. Жарық дүниедегі көптеген құрылымдардың ішінде адам баласының ойып тұрып алатын айшықты орны, оның сана-сезімімен ерекшеленеді, айырықша сипатқа иелігімен тірі жанның көзіне көрінеді, сезім мүшесіне сезіледі. Сондықтан да адам адамдың асыл қасиеттерін дамытқан үстіне дамытып, оған берілген өмірдің жай, бостан босқа өтпеуін қадағалауы керек. Осы біздің заманымызға дейінгі уақытта көптеген мыңжылдықтар, талай ғасырлар өтті. Бағзы заман кісілері мен қазіргі заман кісілерінің қамтыған кеңістік де, қозғалыс жылдамдығын да, уақыт тиімділігін де еш салыстыруға келмейді. Менің зерделеуімше, бұл физикалық шамалардың кеңдігі де, жылдамдығы да, ұтқырлығы да, орта есеппен алғанда, мыңдаған есе артты.

Заңғар тауды, айдын көлді, құлпырған даланы түсімде көретіндеймін. Желдің сазды гуілі, судың сұлу сыңғыры, тастың құпия сыбыры құлағыма кезекпе кезек еститіндеймін. Жарық жұлдыздың сәулесін, туған жердің жылуын, нәзік жүректің лүпілін сезетіндеймін. Желдің екпіні, оттың қуаты, таудың биіктігі, барлығы да, таңқаларлық, таңғажайып табиғат құбылыстары. Бұл әсерлі құбылыстарды оқырмандар көре де, ести де, сезе де алса деген армандамын.

Қазақ тілінің белсенді жанашыр-күрескері ретінде, екі кітабымда да мына ойды тасқа таңба басқандай қылып жаздым, қазақ тіліне қарсылармен арпалыстым, жан-тәнімді салып айттым. Бүгінгі қоғамдық сана мен азаматтық парыздың сарапқа түсіп, сыналатын сәттерінің бірі ұлт тілдерінің тағыдырына байланысты болып отыр. Өйткені,

өзінің ана тілін өмір-тіршілігінің қайнар көзі, барша болмысы мен болашағының кепілі деп санайтын әрбір халық оның әлденеден қағажу көріп, кінәратқа ұшырауына, қоғамдық тынысы тарылып, болашағы бұлдырай бастауына немқұрайлы қарай алмайды. Сол сияқты «көйлектің көктігімен, қарынның тоқтығымен» өлшенбейтін тілдің қадір-қасиетін әлімсақтан бері ту етіп көтеріп, тіл тағдырын ел тағыдырына балаған, оны пір тұтып келген қазақ халқының ана тілінің ел аман, жұрт тынышта мүшкіл халге душар болуы қабырғаға қатты бататыны белгілі. Ешбір халық, ұлыс этникалық топ көзінің тірісінде, тіпті ақырғы адамы қалғанша ана тілінен бас тартып, жойылып кетуіне жол берген емес. Сан миллиондаған адам сөйлейтін тілмен қатар жер бетінде екі-ақ адам сөйлейтін тілдің өмір сүруі оның өміршеңдігінен болар. Ал он миллионнан астам халық сөйлейтін қазақ тілінің ел-жұртқа аян болып отырған бүгінгі жағыдайы-оның көкейкестілігі.

Кітапта отбасы мәселесі кеңінен қамтылған. Жас баланың қалыптасуы отбасынан өз бастауын алады. Баланың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады. Отбасы-адам баласының құтты мекені, туған ұясы. Сондықтан да ол адамның алтын шаңырағы. Ата-ана үшін бала, оның тағдыры өте қымбат. Бала әр үйдің ғана қуанышы мен үміті ғана емес, сонымен қатар, еліміздің жарқын болашағы. Отбасында ата-ананың атқаратын ролі зор. Яғни, өз ұрпағын ата-ана қалай тәрбиелесе, ертеңгі күні балалары өз жемісін дәл солай қылып қайтарады. Балаға сөз ұқаннан бастап-ақ үлкенді сыйлауды, өзінен кейінгі кішіге көмек көрсетуді, туған жерін, елін сүюді, Отанын қорғауды құлағына құйып, түсіндіре беру қажет. Отбасындағы мейірім мен жылу бала үшін кеңістіктегі ауадай қажет. Сонда ғана ол үшін отбасы ыстық та қымбат, құтты орынға айналмақ.

Келер ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында тәрбиенің мына негізгі қағидаттарын ескерген жөн. Келкер ұрпақты дені сау, икемді әрі ширақ етіп, дәлдік пен мергендікке, ақылдылыққа, еңбек сүйгіштікке, имандылыққа, көркем мінезге тәрбиелеу үшін ұшы-қиырсыз кең даланың тәжрибесін жинақтай отырып, «Тіршіліктің тұтқасы-табиғат»-деп ұққан қазақ халқы. Әсем табиғат салауатты өмір салтына керек. Бұл мәселелер кітаптың спортқа арналған тарауында кеңінен қамтылған.

Өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін табиғат ананың сыбағалы сыйы. Жарық дүниеге келудің өзі зор бақыт. Жарық дүние есігін ашу, бірінші бақыт. Уайым-қайғысы жоқ, әке-шеше, ата-әже бауырындағы шақ, екінші бақыт. Жар сүйіп, шаңырақ көтеру, үшінші бақыт. Ордалы үй болып, бала мен немере көру, төртінші бақыт. Азамат болып, қалыптасып-туыстарына, ел-жұртына пайда тигізу, бесінші бақыт. Тұлғалық дәрежеге көтеріліп, өзіңнен асып түсер шәкірттерді тәрбиелеу, алтыншы бақыт. Отан үшін сіңірген адал еңбегіңнің жемісін көру, жетінші бақыт. Осынау жеті бақытты тұла бойыңа, өр ойыңа, сана әлеміңе сыйғыза алсаң, өмірде табыстарға жете берсең, басқаша айтқанда, «бақыт құсының» сенің алақаныңа ұшып келіп қонғаны. Бұл бақыттардың бақыты, сан салалы өнер (ән, күй, жыр, айтыс, спорт т.б.) сыйыстарында жеңістерге жеткен үстіне жетіп, Мемлекетіңнің әнұранын шырқатып, көк байрағын өзгелерден биіктеу көтере желбірету. Баянды бақыт құсы әр адамның басына Сәкен Сейфулинше айтқанда «тар жол, тайғақ кешумен» кліп қонады. Басыңа қонған «бақыт құсын» ұстап қалу қиынның қиыны. Болмысымыздан қазақтың иісі мұңкіп, Отанымыздың даңқы асқақтап, ұлы көшіміз ілгері жылжи берсін, құрметті оқырман қауым. Қазақ елінде, қазақ жерінде «бақыт құсы» мәңгілікке тұрақтасын!

Тәкаппар дүние қазақты таныды, Қазақстанды мойындады десек, әлбетте, мұның ең бірінші жарқын көрінісі еліміздің Еуропа төрінің төбе биі ретінде бір жыл бойы билік айтуы болғаны анық. Сол мәртебелі төрағалықтың алтын тәжіндей Астана Саммиті ел беделін одан әрі шарықтатты, көңілімізді ту биікке қалықтатты, мемлекеттік тұғырымыздың беріктігі мен тұрақтылығына дүниежүзілік қоғамдастықтың көзін кәміл жеткізе түсті, салиқалы һәм сарабдал саяси ұстанымымыздың дәйектілігі мен мәйектілігіне халықаралық саясат серкелерінің сенімін шегелей түсті. Жамалымыз жайнаған сол Саммиттен кейін тура екі ай өткенде, міне, Қазақстан жұлдызы әлем көгінен, шырқау биіктен тағы да жарқырап көрінді. «Той тойға ұлассын» деп қазақ атамыз айтқандай, Астана Саммитінің қонақжай қазақ жерінде тұңғыш рет жалау желбіреткен Азиадаға жалғасуы және сабақты ине сәтімен келіп, таиаша өткізілуі бір жағынан жақсы ырымға баланса, екіншіден, мұның өзі еліміздің қазіргі шақта қандай да болмасын жаһандық ауқымдағы алқалы жиынды алқынбай, жоғары деңгейде атқарып шығуға қабілет-қарымы да, қуат-күдіреті де, зиялылық өресі де молынан жететінін дүйім дүниеге дәлелдеп, айқын көрсетіп берді.

Құдайға шүкір, бүгінгі таңда қазақ жұрты ояну жағыдайында. Мынау еңбек ұлттың тарихи санасы мен мемлекеттік санасының өсе түсуіне ықпал етеді деп сенемін.

Қазіргі қазақтың тәуелсіз, азат ел болатыны туралы, ЮНЕСКО тарапынан 100 жылдық мерейтойы аталып өткен, қазақтың әйгілі ғалымы, академик Әлкей Марғұлан сенімді болып кеткен екен. Демек, қылышынан қан тамған уақыттағы Кеңес өкіметінің бет-бейнесін көрген Әлкей Марғұлан да басынан өткерген ауыртпашылықтарына қарамастан болашаққа нық сеніммен қарай білген. Өйткені

ол тамыры тереңге кеткен қазақ халқының тағылымды тарихы мен рауанды рухани болмысын білген.

Түрлі-түсті тарихи мәндерге ие суреттер арқылы сан қилы табиғи құбылыстар, әр заманда өмір сүрген кісілердің портреттері, жеке, бір тарауда берілген. Түрлі-түсті фотолардан туған жердің сұлулығын, көне тарихтың тағылымын, өнегелі тұлғалардың болмысын, ой-електеріңізден сұрыптай да, саралай да өткізіп, өткен-кеткенге шолу жасап, қызықты да тартымды тарихи деректер мен мәлеметтерді осы кітаптан табуға болады деп, сеніммен айтамын. Фотолар ұрпақтар сабақтастығын көркемдік негізде бейнелеп, барша адамзат дамуы эволюциясы мен революциясы жөнінде көрнекі мағлұматтарды береді.

XIV ФОТОШЕЖІРЕ



Сәуле (қызы), Күлкен (жұбайы), Жанна (қызы), Бағдат (балдұзы), Баян Көкенұлы (1985)



Астана қаласы. Сәкен Сейфуллиннің ескерткіші алдында солдан оңға қарай тұрғандар: Әжелер 3, Нәзігүл Төлеуқызы, Мәукен Омарұлы, Тоғайбай қажы Құлманұлы, Сануар, Сара Айсанова, Бақтиярова Бибітай, Ақын, Жасұлан Есентаев, Бекешов Дулат, Бақтияров Ғалымтай, Айсанова Алтын, Мейрамгүл Төлеуқызы, Бақтиярова Дәмет, Нәзігүл Амантайқызы, Әжелер 2, Айсанов Айткен.



Кенді Семізбұғының бір топ белсенділері (1926-1975 жылдар)

Дерек: Семізбұғы кенші 1926 жылы ашылып, 1975 жылы жабылған. Семізбұғы тауынан корунд атты асыл тас өндірілген. Корунд Кеншін басқарған азаматтардың кейбірі: Көшегулов Дүйсенбай, Ысқақов Мұхамедия (Мина), Асмағанбетов Төлеш т.б. Бисекеев Қиналбек, Түсіпов Шәкір, Шукеев Ауқали, Махметов Құсайын, Қосшығұлов Дүйкен, Өзденев Шәмен, Суханқұлов Армия, Мұқышев Басара, Махметов Әбілғани, Қошығұлов Сәрген, Жалақов Дәукен т.б. осы кен өндіру ісінің еңбек озаттары.

Бірінші қатарда отырғандар (солдан оңға қарай): *Ботбаев Зікір, Қалиақпаров Салқау, Қосшығұлов Дүйсенбай, Орынбаев Тайлақ*; екінші қатардағылар: *Әлжапаров Әбузар, Балғожин Мешел, Байзақов Мұқыш, Өзденев Шәмен, Дабылов Тишбек, Бисекеев Омарбек, Бисекеев Қиналбек*; үшінші қатардағылар: *Реденков Павел Иванович (инженер), Шәйкенов Қабыжан, Алпатов Василий Семенович (кенің директоры), Тлубаев Серік (Семізбұғы кенінің төрағасы), Ермишкин Васили Василевич, Шибаяев Ғұбайдолла (рабкооптың төрағасы), Берікбаев Самат (есепші).*



Ақыш Тирмизи (1904-1974)



Түсіптегі Таяқбай



Тілеубаев Серік (1922-1998)



Ғабдулсағат – Гүлсара 2010



Абай Құрмашұлы

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- «История села Керней», Күлпаш Қықымова. Керней, 2002
- «История Сибирского ханства», «О книге А. Дж. Тойнби «Цивилизация перед судом истории» применительно к Казахстану», «Некоторые вопросы новой истории Казахстана»-Калибек Даниялов, Алматы-2003.
- «История Алаш»-Калибек Даниялов, Алматы-2006.
- «Өмірдің бел-белестері», Бахытжан Айдарханов. Алматы 2008, бет 8-11
- Ауыз әдебиеті, Бисенбеков Ақтай, Боқаев Сейдіғалым, Танашев Құрмет (Ауыл ақсақалдары). Түркістаннан келген қобызшы қыз Ақерке Тәжібаева.
- «Материалы по Киргизскому землепользованию», ДГЗИ, Воронеж, 1908, стр 14
- «Атаулар сыры» Керімбаев Есенкелді. Алматы, «Қазақстан» 1984, бет 36-41
- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы «Философия және психология» секциясы Қазақ халқының философиялық мұрасы. 19 – том. Астана: Аударма, 2006. – 536 бет.
- «Казахская национальная одежда», К.Матжан. «Аруна», бет 2-10
- «Аудан ардақтылары», Астана: Фолиант, 2008.-197 бет
- «Айгөлек» журналы №8, 2009 жыл.
- «Сарыарқа саңлақтары», Қарағанды 2007.-316б.
- «Орталық Қазақстан» газеті, «Ұлытау-ұлттың ұясы», Мағзұмбек Машайықұлы.
- «Читаем, учимся, играем», № 11, Москва-2009.
- «Абылайхан», Болатбек Нәсіров. Алматы-Новосибирск, 2005.
- «Кочевники», Ильяс Есенберлин, Алматы, 2005.
- «О новой истории Казахстана», Калибек Данияров. Алматы-2004.
- «История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945», том 4. Военное издательство Министерства Обороны Союза ССР. Москва 1964.
- «Тарихи тұлғалар», Алматы кітап баспасы 2008.
- «Қазақтың мақал-мәтелдері», «Көшпенділер» баспасы, 2006.
- «Тактика войны», Москва. 1989. Ефимов.
- «Қазақ портреттерінің тарихы», Алматы кітап баспасы 2008.
- «Жалпы биология», Алматы «Атамұра» 2009.
- Мұражайлар мұрағаттары, 2000-2009.
- Бұқар жырау аудандық «Сарыарқа» газеті.
- Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы «Атамұра» 2008.
- «Жұлдыздар отбасы» журналы, №3 тамыз 2010 жыл. «Аңыз адам»-Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар.
- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2011 ж.
- «Егемен Қазақстан» газеті, №39-40 (26442), 08.02.2011. «Заман өзгергенде біз де өгеруіміз керек» (Н.Назарбаев)

Материалы киргизскому землепользованию. 4 Павлодарский уездъ. Томъ IV-й. Воронежъ. Типо-литография В.И. Изаева, Большая Дворянская улица, д.д-ра Столль. 1903.

Ботакаринский узел. Караганда 2010. Попов Ю.Г.

Көне Көктал, байырғы Баянаула байтағының тарихы. М.Алпысбес, Т.Аршабек, Е.Хасен, Е.Кейкі. Астана 2005.

Қазақ тарихының әліппесі. Мұхтар Мағауин. 09.04.11.

МАЗМҰНЫ

Өмір-дерек 3

Толқынын көңіл жеткізе алған өлеңмен -----6

I Пендешілік -----7

II Сәлем салу -----13

III Шынайы мұсылман -----20

IV Бақыт деген оты өшпеген отбас -----24

V Қазақтың қазақ атануы -----27

VI Өткен қайтып оралмайды-----30

VII Алынторым алтын сандығым -----35

VIII Мұғалімім мақтанышым! -----82

IX Ақтай сері -----111

X Ғасырлық дос - Әл-Ғабдулсағат -----128

XI Сарыадыр -----195

XII Абайдың арманы – Қазақ күресін Олимпиадалық деңгейде асқақта --

-----213

XIII Қортынды -----240

XIV Фотошежіре -----249

Қолданылған әдебиеттер -----250

Мазмұны -----252

АҚЫШ МАҚСҰТХАН ТИРМИЗИҰЛЫ

«Аққу арман»

Қазақстан, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Керней ауылы

Телефон: үй - 51-6-47; мобильді - 87759900137

Таралымы 150 дана


ҚАРАҒАНДЫ

2012



М. АҚЫШ

АҚҚУ АРМАН



Мақсұтхан АҚЫШ 1948 жылы Қарағанды обылыс Бұқар жырау ауданының Семізбұғы кенішінде дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтының түлегі, физик. «Құс жолы», «Бақыт құсы», «Кернейдің әулие бұлағы» сынды бірқатар танымдық кітаптардың авторы. Халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атындағы мұшайраның жүлдегері.

